

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘӨЖ 811.512.122

Қолжазба құқығында

БИСЕНҒАЛИ АҚМАРАЛ ЗИНОЛ-ҒАБДЕНҚЫЗЫ

**Қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың
лингво-когнитивтік даму жүйесі
(газет лексикасы (1995-2015 жж.) негізінде)**

6D021200 - Түркітану

Философия ғылымдарының докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
ф.ғ. д., профессор Қ.Ө. Есенова

Шетелдік ғылыми жетекші:
PhD, профессор Суер Екер

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2021

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
КІРІСПЕ	5
1 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ЛЕКСИКАСЫ ДАМУЫНЫҢ НЕОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ.....	12
1.1 Қазақ лексикасының жаңару үдерісіне тарихи-әлеуметтік жағдаят пен терминжасамның ықпалы.....	12
1.2 «Жаңа қолданыс» және «неологизм» ұғымдарының қазақ тіл білімінде зерттелуі	21
1.3 Неологизм терминінің Ресей және Еуропа тіл білімінде зерттелуі.....	25
1.4 Жаңа қолданыстардың неографиялық тұрғыдан зерттелуі.....	33
1.5 Түрік лексикасының жаңаруына ықпал еткен экстралингвистикалық факторлар.....	37
1.5.1 Түрік тілінің даму тарихындағы реформалау үдерісі.....	44
1.5.2 Түркиядағы қазіргі тілдік жағдаят.....	52
2 ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЖАҢА ҚОЛДАНЫСТАРДЫҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК НЕГІЗДЕРІ.....	60
2.1 Тіл мен таным сабақтастығы – когнитивтік парадигма өзегі.....	60
2.2 Тілдегі жаңару үдерісінің когнитивтік негіздері.....	69
2.3 Жаңа атаулардың ономазиологиялық сипаты.....	81
2.4 Жаңа қолданыстардың танымдық дәйегі – уәжділік.....	89
2.5 Жаһандану заманындағы қазақ және түрік әлемі тілдік бейнесінің антропоэзектік сипаты.....	102
3 ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК МЕДИАБЕЙНЕСІНДЕГІ ЖАҢА АТАУЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ.....	111
3.1 Танымдық-ақпараттық құрал ретіндегі жаңа қолданыстардың қазақ баспасөзіндегі көріністері.....	111
3.2 Танымдық-ақпараттық құрал ретіндегі жаңа қолданыстардың түрік баспасөзіндегі көріністері.....	120
3.3 Ғалам медиабейнесіндегі жаңа қолданыстардың прагматикалық және кумулятивтік қызметі.....	124
3.4 Газет мәтініндегі жаңа қолданыстар мазмұнында сақталған ұлттық код....	134
ҚОРЫТЫНДЫ.....	148
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	151
ҚОСЫМША А Қазақша-түрікше сөзтізбе.....	166
ҚОСЫМША Ә Түрікше-қазақша сөзтізбе.....	176

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

Антропоөзектік бағыт – тілді адам болмысымен бірлікте зерттеу.

Ассоциативті өріс – танымдық үдерісте белгіленуші құбылыстарды ұғымдық, заттық және функционалдық ұқсастығына қарай мазмұн ортақтығында біріккен тілдік бірліктер жиынтығы.

Әлемнің тілдік бейнесі – өмір шындығының нақты ақиқат құбылыстарының санадағы, адам танымындағы, ұғымындағы тіл арқылы жасалған бейнесі. Тілді этноспен, оның ой-санасымен, дүниетанымымен, парасатылығымен, ұлттық мәдениетімен байланыстыра зерттеу арқылы дүниенің тілдік бейнесі анықталады.

Әлеуетті сөздер – тілдік қолданыста бар, бірақ әлі тұрақты бекітілмеген сөздер, олар тілде бар сөздердің өнімді сөзжасамдық үлгілерімен жасалуы мүмкін. Тіл астарынан шығып, қажет болған жағдайда кез келген уақытта тілдік қолданысқа енуі мүмкін. Бұлардың кейбіреуі уақыт өте келе әдеттегі сөзге айналады.

Балама сөздер – екінші бір атау орнына жүретін, оған тең, барабар, сай келетін атау. Сырттан енген термин не жаңа аталымды ұлт тілінде ашып бере алатын сөз.

Жаһандану – жаңа, жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі.

Жаңа қолданыс – тілдің өз әлеуеті негізінде ғылыми-техникалық, мәдени т.б. даму мен заман, қоғам жаңғыруына байланысты пайда болатын жаңа заттар мен құбылыстардың, жаңа танымдық ақпарат пен ұғымдардың атауын білдіретін жаңа сөз немесе сөз тіркесі.

Инновация (жаңартпалар) – қалыптасқан ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесіне сай ескіні өңдеп, жаңғырту.

Когнитивті лингвистика – тілдің танымдық табиғи болмысын тіл білімінің жаңа бағыттарының бірі ретіндегі антропоцентристік парадигма аясында зерттейтін ғылым.

Кумулятивтік қызмет – тілдің ғасырлар бойы қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жинап, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде жеткізуші және халықтың көп жылғы тәжірибесі негізінде жинақталған ақпаратты беруші құрал ретіндегі қызметі.

Қоғамдық-әлеуметтік орта – қоғамдағы адамдардың қарым-қатынастары негізінде қалыптасып, тіршілік ету, даму және іс-әрекеттеріне қажет қоғамдық (материалдық және рухани) жағдайларын қамтитын қоршаған әлеуметтік әлем.

Лингвомәдени аспект – тіл біліміндегі антропоөзектік парадигма шеңберінде тілді *тіл-мәдениет* сабақтастығына сәйкес зерттеу.

Лингвомәдени код – сөздің тіл мен мәдениет сабақтастығы астарланған мазмұны.

Неография – неологизмдерді лексикографиялық сипаттау теориясы мен тәжірибесі туралы ғылым.

Неолексема – неологизм болып табылатын лексема.

Неологизм – ғылым мен техника дамуына байланысты қоғамдағы саяси, мәдени, экономикалық салаларда қалыптасқан жаңа ұғымдардың атаулары ретіндегі сөздер мен сөз тіркестері.

Неология – неологизмдер туралы ғылым саласы.

Неосемема – сөздің жаңа мағынасы.

Номинация – тіл бірліктерінің атқаратын атауыштық қызметі.

Окказионализмдер (тосын сөздер) – белгілі бір жағдайға байланысты жеке автор қолданысында пайда болатын, тілдік нормаға, сөздіктерге кіру қабілеті шектеулі, контекст қалауына қарай қызмет атқаратын сөздер.

Ономасиология – тілдегі атауыш сөздердің тілден тыс заттың аталу себебін, аталу мен белгілену уәжін зерттейтін лексикологияның бір саласы.

Прагматика – тілдік бірліктің қандай мақсатта қолданылғанын, не айтпақ болғандығын қарастырады. Прагматика міндеті – тікелей адресатқа ықпал етуге бағытталған тілдік қатынас коммуникациясын қолдану заңдылықтарын реттеу.

Семантикалық неологизм – сөзбе-сөз аудару арқылы төл сөзге қосылған жаңа мағына.

Семасиология – сөз мағынасын, мағына өзгерісін зерттейтін ғылым.

Тілдік әлеует – сөз мазмұнында ашылатын мүмкіншіліктері, күш-қуаты, мағыналық реңктері.

Тілдік балама – тілдік құралды тең мағынада, тең функцияда толық алмастыра алатын толық әлеуетке ие, тұрақты, екітілді лексикографиялық сөздіктерде норма ретінде ұсынылатын сөз тіркесі.

Тілдік жағдаят – белгілі бір этникалық бірлестіктегі немесе көптілді әкімшілік-аумақтағы тілдік қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға сай қалыптасатын коммуникативтік ахуал. Тілдік жағдаят – қоғамдағы түрлі әлеуметтік жіктердің белгілі бір қоғамдық-тілдік тәжірибесінен шығатын шынайы құбылыс.

Тілдік реформа – тілдік жүйеде қалыптасқан құрылымды сақтай отырып, қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға сай жаңғыру үдерістерін жүзеге асыру.

Уәжділік – сөзжасам үдерісі барысында сүйенетін семантикалық негіз. Семантикалық уәжділікте белгілі бір атау мағынасы екінші бір атау мағынасымен өзара байланысты болады.

Ұлттық код – ең алдымен, тілде, сосын салт-дәстүрлерде ұлттық мәдениетті айқындап, елдің ұлт ретіндегі біртұтастығын, бүтіндігін сипаттайтын арқау ретінде тілде астарланған, соның нәтижесінде мәдени архетиптердің тілдік бейнесінде сақталған этнотаңба.

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы

Жаһандану дәуіріндегі саяси-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдениаралық қарқынды байланыстар нәтижесінде қазақ және түрік тілдерінің лексикалық құрамының даму үдерісі де сандық та, сапалық та жаңа деңгейге көтерілді.

Еліміздің егемендік алуы мен қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуына сәйкес танымдық негізге сүйенген тілдің қоғамдық қызметінің қолданыс аясын кеңейтуге, қазақ сөзінің терең мазмұнында астарланған сөз әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін тілді зерттеудің жаңа бағыттары да қалыптасып, дамуда. Осыған орай, тәуелсіздік заманындағы интеграциялық даму үдерісі тілдік санаға да өзгерістер әкеліп, тілдің кешенді қоғамдық қызметін жандандыра түсті.

Осы тұрғыдан арнайы лексикалық бірлік болып саналатын қарапайым сөздің терминге айналуына қарағанда жаңа ұғымды таңбалау үшін тіл мен таным тоғысуы нәтижесінде қалыптасатын жаңа атау барынша күрделі бейнені білдіреді.

Қазіргі заман ағымына сәйкес күнделікті қолданыс барысында қазақ сөзінің қоғамдық-әлеуметтік белсенділігі жаңа сөз жасау әлеуетінің жан-жақты қырларының ашылу үрдісін күшейтіп, сөздің жалпы қолданыс саласынан жаңа ұғымды атауға көшу әрекетін қалыптастыруда. Бұл үдеріс тілдің даму қарқынына сай түлеп, жаңғыруы арқылы қалыптасқан жаңа атаулардың қолданыс барысында сұрыпталып, сарапталуын ерекше тілдік таңба ретінде танымдық негізде қарастыру қажеттілігін айқындады.

Соған сәйкес қазақ тіл білімінде сөзді жаңа тілтанымдық үлгіде қарастырудың когнитивтік астарларын ашуға арналған зерттеулер жүргізіле бастады. Мысалы, жаңа атаулардың белгілі бір салаға ену (бекітілу) мезетіндегі ойлау әрекеті үдерістері когнитивтік жүйемен сабақтастырылып, когнитивтік терминтаным бағыты қалыптаса бастады.

Осы жүйеде жаңа ұғымдардың аталымдық үдерісін анықтаудың да негізін қазақ тіліндегі жаңа атаулар мен жаңа қолданыстар мазмұнындағы танымдық-ақпараттық сипат құрайтыны байқалады. Соның нәтижесінде тілді тұтынушы санасымен сабақтастырудың жаңа қолданыстар болмысын тануға да тікелей қатысы бар екені айқындалып отыр.

Осындай жаңару // әлеуметтену үдерісін ертерек кезеңде басынан өткерген түрік тілімен салыстырғанда қазақ тілінің қазіргі таңдағы мемлекеттік мәртебесіне сәйкес әлеуметтік, жұмсалымдық, қоғамдық, коммуникативтік қызметінің ерекше өзектелу үрдісі, өрісінің кеңеюі, негізінен, тәуелсіздік кезеңде дәстүрлі қазақ сөзі негізінде қалыптасуы жаңартылған (семантикалық), жаңадан жасалған (сөзжасамдық) баламалары арқылы жүзеге асуда.

Бұл кешенді қызметті анықтауда зерттеуші ұстанатын және тіл иесімен бірге ой-танымын байлайтын қазығы – оның бүкіл рухани қазынасын жинақтап сақтайтын ұлттық тіл деректерін халық тарихымен, мәдениетімен, ой

танымымен, жан ілімімен бірлікте қарайтын қазіргі тіл білімінің антропоэзектік бағыты.

Тілдің коммуникативтік мәніне орай адам өзін қоршаған шындықты, сан алуан құбылыстарды санада қабылдап қана қоймай, оны өңдеп, қорытып, оған баға береді, ақпаратты санада жаңа сапада қайта жаңғыртып, күнделікті тәжірибеде қолданады. Соның нәтижесінде көрсетілген әрекеттердің тұтас көрінісі ретінде тіл арқылы жасалған әлемнің тілдік бейнесі қазақ тіл білімінде лингвокогнитивтік тұрғыдан жан-жақты қарастырылуда.

Осы қағидаға сәйкес, жаңа ұғым мен таным кеңеюіне байланысты көбінесе газет лексикасында туатын жаңа қолданыстарды да адамның табиғи динамикалық танымына белгілі деңгейде өлшем бола алатын когнитивтік құрылым ретінде арнайы қарастыру аса маңызды.

Бұл арада субъектінің жаңа ұғымды қабылдауы, танымы және атау қажеттілігінен туындайтын практикалық әрекеті мен аялық білімімен байланысы адам санасында әлемнің ғылыми бейнесі жасалған түсінік ретінде анықталады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Диссертациялық жұмыс қазақ және түрік баспасөзінде белгілі бір уақыт аралығында (1995-2015 жж.) жарияланған жаңа қолданыстардың тілде орнығу // орнықтау, кей жағдайларда терминге ұласу үдерістерін өзара салыстырып, лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттеуге арналған.

Осы кезеңде жаңа ақпараттық технологиялардың даму заңдылықтарының үстемдік етуі және ақпарат алмасудың интегративтік салаларының пайда болуы, қоғамдағы рухани-әлеуметтік сілкіністер қоғамның түрлі салаларында жаңа атаулардың (сөздердің) кең өріске шығуына ықпал етіп, мемлекеттік мүдде тұрғысынан талап етілетін қоғамдық қажеттілікке айналды. Осыған байланысты жаңа атау мен термин арасындағы шекаралық орынға сөздің мағыналық құрылысының өзгеріске ұшырайтын жері ретінде назар аударылады.

Сондықтан жалпы қолданыстағы лексикалық бірлікті арнайы лексикалық бірлікке (терминге) ұластыратын ойлау әрекетінің үдерістерін зерттеу, жоғарыда көрсеткеніміздей, когнитивтік терминтанымның өзекті міндеттерінің бірі, жеке зерттеу нысаны. Жалпы алғанда, өзінің антропоэзектік бағытына сай бұл тектес зерттеулер тілдік құрылымды тереңдеп қарастыру үшін тілді тек өз ішінде емес, тілден тыс, ақиқат шындықпен тығыз байланыста қарауды талап етеді. Өйткені жаңа лексикалық бірлік ретінде жаңа қолданыстар болмысын танымдық негізде арнайы қарастыруды мақсат еткен бұл жұмыстың өзектілігін айқындауда тақырыпқа сай тілдік бірліктердің коммуникативтік-прагматикалық сипатын оның семасиологиялық, ономазиологиялық, когнитивтік қырларымен сабақтастықта зерттеудің мәні ерекше.

Біздің жұмысымыздың өзегі – қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстарды лингвокогнитивтік талдау мен салыстыруда олардың ономазиологиялық негізін уәжтанумен байланыста зерттеу.

Қоғамдық-әлеуметтік қызметке, ғылыми-танымдық ақпаратқа сай қолданыста қалыптасатын жаңа ұғым атауы адам санасында тілдік мәліметтер арқылы когнитивтік үдерістерге жол ашып, танымдық жүйеге еніп, білімді басқа біреуге жеткізу үшін оны жаңа сөз түрінде таңбалайды. Осыған байланысты

адамның ойлау әрекетін жаңа атау жасау үдерісіндегі когнитивтік басым үлгі деп анықтауға болады. Осылайша тіл арқылы дүниені бейнелеудегі адам танымының концептуалдық рөліне сәйкес атау берудің басым үлгілері үнемі алмасып отырады. Сондықтан қазіргі заманғы жаңа атауларды қалыптастырып, түсіндірудің когнитивтік үлгілерін анықтау – қазіргі тіл білімінің заманауи деңгейіне сәйкес аса өзекті мәселе.

Зерттеу жұмысының нысаны. Қазақстан және Түркия баспасөзінде белсенді қолданылған қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-тарихи және экономика салаларындағы жаңа қолданыстар.

Зерттеу жұмысының пәні. Қазақ және түрік баспасөзінде қолданылған жаңа қолданыстардың лингвокогнитивтік аспектісі.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты – қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың лингвокогнитивтік даму жүйесін жан-жақты зерттеу.

Диссертация мақсатына сәйкес зерттеу жұмысында мынадай **міндеттер** алға қойылды:

- қазақ және түрік тілдеріндегі жаңару үдерісін тарихи-әлеуметтік және қазіргі тілдік жағдаятпен сабақтастыра сипаттау (*тіл~қоғам, тіл~мәдениет, тіл~ғылым // техника, тіл~бизнес, тіл~экономика, тіл~жаһандану, тіл~дін (имандылық)* т.б. контексінде);

- қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылып жүрген «жаңа қолданыс» және «неологизм» ұғымдарының анықтамаларын салыстырып, ерекшеліктерін көрсету;

- Ресей және Еуропа ғалымдарының неологиялық және неографиялық еңбектеріне ғылыми-сипаттамалық талдау беру;

- түрік тіліндегі жаңа қолданыстардың қалыптасуына ықпал еткен экстралингвистикалық факторларды түрік тілінің дамуының тарихи кезеңдері мен саяси реформалық сипатымен сабақтастырып, сипаттау;

- жаңа атау үдерісіндегі ономазиологиялық жүйенің лингвокогнитивтік уәжділігін айқындау;

- жаңа қолданыстардың антропоөзектік сипаты мен ұлттық кодын қазақ, түрік баспасөзіндегі метафоралық және фразеологиялық тілдік бейнесі негізінде ашу;

- қазақ және түрік медиабейнесіндегі жаңа қолданыстардың прагматикалық және кумулятивтік қызметін зерттеу.

Диссертациялық зерттеудің дереккөзі ретінде 1995-2015 жылдар аралығындағы қазақ және түрік мерзімді баспасөзі, атап айтқанда: «Егемен Қазақстан», «Жас алаш», «Айқын», «Алматы ақшамы», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» және «Hürriyet», «Milliyet», «Sabah», «Vatan», «Zaman», «Қазақстан-Zaman» газеттері қарастырылды.

Талдау **материалы** ретінде қарастырылған мәтіндерден 688 тілдік бірлік алынды (351 – қазақша, 337 – түрікше).

Сонымен қатар қазақ, орыс және түрік тілдеріндегі лексикографиялық еңбектердің деректері пайдаланылды: «Қазақ лексикасындағы жаңа

қолданыстар» (1985, 1990), «Жаңа атаулар: Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» (1992), «Қысқаша когнитивтік терминдер сөздігі» (2002), 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (2006-2011), «Толковый словарь русского языка начала XXI века. Актуальная лексика» (2006), «Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика» (2006), «Саяси түсіндірме сөздік» (2007), «Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі» (2007), «Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық» (2008), 1 томдық «Қазақ сөздігі» (2013), т.б.; түрік сөздіктері: “Ауактору Terimleri Sözlüğü” (1974), “TDK, Türkçede Batı Kökenli Kelimeler Sözlüğü” (2007), “Açıklamalı Yeni Kelimeler Sözlüğü”, “TDK, Derleme Sözlüğü” (2008), “TDK, Tarama Sözlüğü” (2009), 8 Cilt, «XIII. yüzyıldan beri Türkiye Türkçesiyle yazılmış kitaplardan toplanan tanıklarıyla tarama sözlüğü» (2009), “TDK, Büyük Türkçe Sözlük” (2011), Tek Cilt, т.б.

Зерттеу әдістері мен тәсілдері. Диссертациялық жұмыстың мақсат-міндеттеріне сәйкес синхрондық тұрғыдан салыстырмалы, тарихи-салыстырмалы, контрастивтік, когнитивтік интерпретация әдістері қолданылып, жинақталған тілдік бірліктерді жүйелеу, топтау, концептуалдық, мәнмәтіндік талдау тәсілдері пайдаланылды.

Зерттеудің әдістанымдық негіздері. Жаңа сөзжасам мәселесі мен оның когнитивтік аспектісіне қатысты: Н.М. Шанский, А.А. Уфимцева, Т.В. Попова, Н.З. Котелова, В.И. Заботкина, С.И. Тогоева, А. Вежбицкая, В.Н. Телия, Е.С. Кубрякова т.б. ресейлік ғалымдардың тұжырымдары жұмыста ғылыми-әдістемелік тұрғыдан пайдаланылды.

Жаңа ұғымды атауға байланысты жаңа қолданыс мәселелелерінің қазақ тіл білімінде талқылануы мен ұлттық сипаттағы жаңа сөздердің когнитивтік аспектілерінің қалыптасуына үлес қосқан: Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Ө. Айтбайұлы, Б. Қалиұлы, Н. Уәли, А. Алдашева, Қ. Қадырқұловтың т.б. және когнитивистика саласына қатысты қазақстандық ғалымдар: Г.Г. Гиздатов, Э.Д. Сулейменова, Ш. Жарқынбекова, С. Ақаев, Қ. Айдарбек, Э. Оразалиева, С. Исақова, Н. Аитова т.б. еңбектерінің ғылыми тұжырымдары жан-жақты қарастырылды.

Газет лексикасының қоғамдық-әлеуметтік қызметінің тарихи даму барысын арнайы зерттеген: Б. Әбілқасымов, С. Исаев, Б. Момынова, Ш. Мәжітаева, Қ. Есенова, Ж. Ибраева т.б. ғалымдардың зерттеулері де жұмыста тиімді пайдаланылды.

Түрік тілінің терминологиялық қорының қалыптасу, реттелу мәселесі: В. Brendemoen, R. Dankoff, G.L. Lewis, Ahmet Besim Atalay, Mehmet Fuat Köprülü, Zeki Velidi Togan, Ahmet Caferoğlu, Reşit Rahmeti Arat, Hasan Tahsin Banguoğlu, Vecihe Hatipoğlu Kılıçoğlu, Hasan Eren, Zeynep Korkmaz, Osman Nedim Tuna, Muharrem Ergin, Talat Tekin, Doğan Naci Aksan, Emin Özdemir, Necmettin Nacieminoğlu, Şinasi Tekin, Berke Vardar, Mustafa Canpolat, Tuncer Gülensoy, Hamza Zülfikar, Ahmet Bican Ercilasun, Ahmet Topaloğlu, Süer Eker т.б. түркиялық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде қамтылған.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың лингвокогнитивтік даму жүйесін зерттеу барысында жасалған тұжырымдар мен нәтижелер санадағы жаңару мен тілдегі жаңа

сөзжасам үдерісін жете тануға септігін тигізіп, лексикология, семасиология, терминжасам, лингвокогнитология, ономасиология салаларына да өзіндік деңгейде үлес қосады.

Жұмыстағы жаңа қолданыстардың түркі тілдеріне ортақ ассимиляциялану мүмкіндігінің сарапталуы, сондай-ақ қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың қалыптасу ерекшеліктері мен қағидаттарын лингвокогнитивтік тұрғыдан салыстырмалы түрде талдауға талпыныс осы мәселенің түркітанудағы ғылыми негізін жетілдіре түседі.

Қазіргі егеменді қазақ мемлекетінің мәртебесіне сәйкес оның дүниежүзілік аренадағы саяси, экономикалық, мәдениетаралық коммуникациядағы сұранысына сай дүниенің тілдік бейнесінің нақты ұлттық белгілерінің тілдік парадигмасын кеңейту – өзекті мәселе.

Бұл, атап айтқанда, ұлттық сананың жаңа қырларын ашып, тілдің елтанымдық мәнін айқындайтын заманауи тілдік таңбаны дамытуды қажет етеді.

Бұл, өз кезегінде, біріншіден, тіл мен таным сабақтастығын дәлелдеуді жаңа нақты дәйектік деңгейге көтереді. Екіншіден, әлеуметтік сипаттағы қазіргі қазақ қоғамының рухани-мәдени, ғылыми-экономикалық т.б. өзекті мәселелерімен үндесіп, нақты қоғамдық сұраныстарды қанағаттандырады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы. Қоғамдағы мемлекеттік тіл қызметі мен тілдік жағдаяттың айқын көрінісі болып табылатын баспасөз тілінің лингвокогнитивтік аспектісіне мән беру қазіргі қоғамдағы тілдік қолданыс прагматикасына қатысты диссертацияның практикалық маңызын айқындайды: рухани-әлеуметтік жаңғыртуларға сай тілді жаңа деңгейге көтеретін ежелден қалыптасқан ұлттық таным мен ой-өрістің мәнін заманауи мемлекеттік мүддеге ұластыру; қоғамның түрлі саласындағы кәсіби сөздік қордың жаһандану үлгісін зерттеу; оны тіл иесі санасымен байланыстырып, біріздендіру; төл ғылыми тілде сөйлету т.б.

Зерттеу нәтижесі ретінде берілген қазақша-түрікше және түрікше-қазақша сөзтізбе материалдарын күнделікті қоғамдық-әлеуметтік қолданыс тәжірибесін кеңейтуде, түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор мен қазақ тілінің ұлттық корпусын түзуде, түркі тілдерінің салыстырмалы, терминологиялық, лингвомәдени т.б. сөздіктерін құрастыру барысында қолдануға болады.

Зерттеу барысында қарастырылған тілдік деректер мен соған қатысты жасалған тұжырым-түйіндер қазақ тіл білімінің лексикография, неология, неография т.б. салаларын жетілдіріп, қалыптастыруға өзіндік үлес қоса алады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- алғаш рет қазақ және түрік тілдерінің ішкі әлеуетіне сүйеніп жасалған, жаңару үдерісі нәтижесінде қалыптасқан жаңа қолданыстар өзара салыстырылды;

- алғаш рет белгілі бір кезеңдегі (1995-2015 жж.) қазақ және түрік баспасөзінен жинақталған жаңа қолданыстардың лингвокогнитивтік негіздері салыстырылып, зерттелді;

- алғаш рет жаңа атаулардың санадағы жаңару үдерісімен байланысы қазақ және түрік тілдеріндегі газет мәтіндерін қазіргі тілдік-әлеуметтік жағдаятқа сай

тіл-қоғам, тіл-мәдениет, тіл-ғылым // техника, тіл-бизнес, тіл-экономика, тіл-жаһандану, тіл-дін (имандылық) сабақтастығында талдау арқылы ашылды;

- жаңа қолданыстардың екі ел лексикасына қабылдануына ықпал еткен экстралингвистикалық факторлар көрсетілді;

- қазақ және түрік баспасөзінде шеттілдік баламаларды қолдану үрдісі жаһандану заманының антропоэзектік сипаты ретінде дәйектелді;

- қазақ және түрік медиабейнесіндегі танымдық-ақпараттық құрал ретіндегі жаңа қолданыстарда ұлттық кодтың сақталу белгілері, кумулятивтік, прагматикалық сипаты ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан алғаш рет талданды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- қазақ және түрік тілдеріндегі жаңару үдерісі тарихи-әлеуметтік және қазіргі тілдік жағдаятпен сабақтастыра сипатталды (*тіл-қоғам, тіл-мәдениет, тіл-ғылым // техника, тіл-бизнес, тіл-экономика, тіл-жаһандану, тіл-дін* т.б. контексінде);

- қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылып жүрген «жаңа қолданыс» және «неологизм» ұғымдарының анықтамалары салыстырылып, ерекшеліктері көрсетілді;

- Ресей және Еуропа ғалымдарының неологиялық және неографиялық еңбектеріне ғылыми-сипаттамалық талдау берілді;

- түрік тіліндегі жаңа қолданыстардың қалыптасуына ықпал еткен экстралингвистикалық факторлар түрік тілі дамуының тарихи кезеңдері мен саяси реформалық сипатымен сабақтастырылып, сипатталды;

- жаңа атау үдерісіндегі ономасиологиялық жүйенің лингвокогнитивтік уәжділігі айқындалды;

- жаңа қолданыстардың антропоэзектік сипаты мен ұлттық коды қазақ, түрік баспасөзіндегі метафоралық және фразеологиялық тілдік бейнесі негізінде ашылды;

- қазақ және түрік медиабейнесіндегі жаңа қолданыстардың прагматикалық және кумулятивтік қызметі зерттелді.

Зерттеудің жариялануы мен мақұлдануы. Зерттеу жұмысының басты нәтижелері 11 ғылыми мақалада жарияланды: Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 2 мақала, шетелдік халықаралық конференциялар жинағында 2 мақала, отандық халықаралық конференциялар жинағында 1 мақала, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒСБК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 4 мақала, «Тілтаным» журналында 1 мақала, «Международный журнал экспериментального образования» журналында (Ресей Федерациясы) 1 мақала жарияланды:

- Қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың тілдік сәйкестілігі // Тілтаным. – Алматы, 2015. – №3. – Б. 146-149.

- Қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі терминдену үдерісінің сипаты // «Академик Ө.Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция (Алматы, 2016). – Б. 110-114.

- Жаңа қолданыстардың қалыптасуындағы БАҚ-тың мәні (қазақ және түрік баспасөз деректері бойынша) // ҚазҰУ Хабаршысы, филология сериясы. – Алматы, 2016. – №2/2, 160 том. – Б. 70-73.

- Языковые соответствия новообразований в казахском и турецком языках // XIV Международная научно-практическая конференция «ОБРАЗОВАНИЕ: Традиции и инновации» (Прага, Чешская Республика, 27 апреля, 2017). – С. 33-37.

- Процесс терминообразования в казахском и турецком языках // Международный журнал экспериментального образования (Российская Академия естествознания). – Москва, 2017. – №6. – С. 96-99.

- Қазақ-түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың қалыптасуындағы БАҚ-тың қызметі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Алматы, 2017. – № 6 (50). – Б. 48-50.

- Жаңа қолданыстардың ономазиологиялық сипатының танымдық уәжділігі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Алматы, 2017. – №6 (50). – Б. 51-53.

- Concept of «Love» in English and Kazakh fairy tales / Aikanat Demeuova, Kalbike Yessenova, Zhanalik Baltabaeva // Astra Salvensis. – 2017, year V. – №10. – P. 219-228.

- Қазақ баспасөзіндегі діни терминдердің лингво-когнитивтік сипаты // I Uluslararası Avrasya çalışmaları sempozyumu. Avrasya'da Türkiyat ve Şarkiyat çalışmaları (İstanbul, 4-6 Temmuz, 2018). – İstanbul: Demavend Yayınları, 2018. – S. 21-29.

- Research of new words in the Kazakh and Turkish languages according to cognitive paradigm // ҚазҰУ Хабаршысы, филология сериясы. – Алматы, 2018, № 4 (172). – P. 54-62.

- Phraseological Expressions in the Turkic Language: Comparative Analysis / Nuraisha Bekeyeva, Zhamal Mankeyeva, Bibaisha İ. Nurdauletova // International Journal of Society, Culture and Language. – October, 2021. – Vol. 9, İss.2. – P. 29-40.

Сонымен қатар, Lap Lambert Academic Publishing (Германия) халықаралық баспа үйінде 1 монография жарияланды:

- Новые словоупотребления в казахском и турецком медиапространстве (по материалам казахстанской и турецкой прессы в период 1995-2015 гг.). – Düsseldorf: LAP LAMBERT Academic Publishing, 2017. – 119 с.

Диссертация құрылымы. Диссертация кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, 6 кесте және 1 суреттен тұрады.

Зерттеу соңында берілген қосымшаларда осы жұмыста қарастырылған жаңа қолданыстардың қазақша-түрікше және түрікше-қазақша сөзтізбесі берілді.

1 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ЛЕКСИКАСЫ ДАМУЫНЫҢ НЕОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

1.1 Қазақ лексикасының жаңару үдерісіне тарихи-әлеуметтік жағдаят пен терминжасамның ықпалы

Жаңа қолданыстар ұғымының терминжасам үдерісімен тікелей қатысы оларды ұлттық терминжасам тарихымен сабақтастықта зерттеуді қажет етеді.

Әрқашан даму үстіндегі тілдік жүйенің ең қозғалмалы, өзгермелі бөлігі – лексика. Қазіргі жаһандану және ғылыми-техникалық қарқынды даму дәуірінде лексиканың бірі бөлігі ретінде жаңа атаулар тілімізге күн сайын көптеп еніп, тілде жаңа сөзжасам, терминжасам үдерістерінің күшеюіне түрткі болуда.

Осымен байланысты бұл бағыттың қарқынды бастау көзі – алғашқы қазақ терминологиясының ХХ ғасыр басында, атап айтсақ, ерекше қарқынмен дамыған 1910-1930 жылдар. Осы кезеңде алғашқы ғылыми нышанды мақалалар мен оқулықтар жарық көрді, сөздіктер шығарылды, басқа тілдерден аудармалар жасала бастады. Яғни, қазақ лексикасын жаңа функционалдық сапалық деңгейге көтерген қазіргі қазақ сөзінің тұтас жүйе ретінде қалыптасуы осы кезеңде басталды.

Қазақ терминжасамының қалыптасу, даму тарихын зерттеген еңбегінде академик Ө. Айтбайұлы бірінші кезеңді А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов т.б. тұлғалардың тіліміздің бар байлығын сарқа пайдалану бағытын ұстанған кезеңі деп көрсетеді.

Екінші кезең – (30-40 жж.). Кириллицаға негізделген халықаралық терминдер мен орысша атауларды тілімізге түпнұсқалық қалпында қабылдау кезеңі.

Үшінші кезең – (40-50 жж.). Лексиканы интернационалдандыру, орыстандыру бағыты жалғасқан кезең.

Төртінші кезең – (50-70 жж.). Қазақ зиялыларының соғыстан кейінгі жылдары еңсе көтеріп, газет, журналдарда қазақ мәдениеті мәселелері көтеріліп, көптеген халықаралық терминдердің қазақша баламалары жасала бастаған кезең.

Бесінші кезең – (70-90 жж.). Тоқырау жылдарынан кейінгі қайта құру мен тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттік тіліміз бен қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуына ықпал еткен жаңа кезең» [1, б. 36].

ХХ ғасырдың 10-30-жылдарының екінші жартысында жарық көрген: А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Х. Досмұхамедұлы, Е. Омарұлы, М. Әуезов, Ж. Күдерин, М. Дулатұлы, М. Жұмабайұлы, Ж. Аймауытұлы, Н. Төрекұлұлы, К. Кемеңгерұлы, Т. Шонанұлы, Ғ. Қараш т.б. алғашқы ұлт зиялыларының еңбектері қазақ тілінде ғылым тілі мен терминологиясының қалыптасуының бастау көзі болды.

Бұлардың арасынан қазіргі қазақ терминжасамының арқауын құрайтын негізгі қисын ретінде ұстанылатын Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі жүйелі сипат, ұлттық болмыс, ғылыми қисын және нақты дәйектілік қазіргі Ахметтану ілімінің өзегін анықтайды.

Мемлекеттік тіл мәртебесіндегі қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметі мен қолданыс өрісін кеңейтетін терминологияның қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқан Ахмет Байтұрсынұлы қазіргі қазақ руханияты санасында «бірегей тұлға», «рухани көсем» деп бағалануда. Басқаша айтқанда, А. Байтұрсынұлы – қазақ терминдік жүйесін қалыптастырудың негізін салушы ғана емес, тіл тұтынушысы санасына сүйеніп, қазақ сөзінің әлеуетін мейлінше пайдаланып, қазақ лексикасын байытқан жаңа үдеріс басында тұрған ерекше ұлттық тілдік тұлға.

Мұның жарқын көрінісі – ғалымның «Оқу құралы» және «Тіл-құрал» оқулықтарындағы, қазақ тілі қазынасына сүйеніп ұсынған, осы кезге дейін қолданылып жүрген мына терминдер: *бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, жалаң сөйлем, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, жақша, сызықша, буын* т.б.

Демек, сәтті жаңа қолданыс болсын, терминнің сәтті табылған төл тілдік баламасы болсын, танымдық тірегі – ана тілінің өз мүмкіншілігін сарқа пайдалану, танымдық болмысына сүйену. Шын мәнінде, үлкен талғампаздық пен тілді шеберлікпен пайдалана білуді қажет ететін жаңа ұғымдарға ат қою, жаңа сөз жасау – өте күрделі жұмыс.

А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің құрылымдық жүйесіндегі сөзжасам тәсілдерін анықтап қана қоймай, ол тәсілдерді терминжасамда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсетті. Оған қазық болған – ғалымның бойындағы ана тілінің төл болмысы мен тіл иесінің танымдық сабақтастығы.

А. Байтұрсыновтың 1926 жылы Бакуде өткен Бүкілодақтық түркологтардың алғашқы съезінің материалдарымен қазақ жұртшылығын таныстыру мақсатымен жазған «Түрікшілер құрылтайы» атты мақаласында [2], қазақ терминологиясын қалыптастыруда қазақ тілінің өз мүмкіншілігін толық пайдалану және интернационалдық терминдерді қолдану тәсілдері кеңінен сөз етілді.

Қазақ тіл біліміндегі алғашқы терминтанушылардың бірі, тілші-ғалым, профессор Қ. Жұбановтың: «Қазақ сөзінің табиғатына сәйкес келмейтін шет сөздер – біріншіден, олардың бойындағы біздің тілге жат дыбыстар керекті дыбыстармен алмастырылады; екіншіден, олардың суффикстері қазақша суффикстермен алмастырылады; үшіншіден, қосарлы дыбыстардың бірі алынып тасталады; төртіншіден, қазақ тіліне тән емес қосымшалар қазақша айтылу ыңғайына көшіріледі» [3, б. 48] деген қағидасынан оның А. Байтұрсынұлы пікірлерімен байланыстылығын көреміз.

Бұл қағида 1924 жылдың маусымында Орынбор қаласында «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің I съезінде» бекітілген ұлттық терминологияны қалыптастырудың алғашқы қағидаттарында көрініс тапқаны белгілі.

Сонымен қатар қазіргі тілдегі салалық терминологияны қалыптастыруға байланысты Қ. Жұбановтың жалпы редакциясымен жарық көрген «Қазақ тілінің терминдері» (Қызылорда, 1936) атты сөздігінің орнын ерекше атап өткен жөн.

Сол кезең зиялыларының пән атауларын қолдануда ұлт тілінің ішкі заңдылықтарына көп көңіл бөлгендігін Н. Төреқұловтың «Жат сөздер туралы» деген мақаласындағы: «Қазақ тіліне кіретін жат сөз болса, қазақтың тымағын киіп, жалпақ сөзі болып кірсін» [4, б. 38] деп жазған пікірі де айқын көрсетеді.

Осы тұжырымды қазақтың төл сөздерін медицина саласына енгізуге нақты үлес қосқан Х. Досмұхамедовтің журнал бетінде жарияланған мақалаларында айтқан: «Кірме сөздер, әсіресе, орыс тілі арқылы енген сөздерді қолдануда ана тілінің ішкі дыбыстық заңын сақтап айтылуы дұрыс, кірме сөздер тілімізге тән сингармонизм заңына лайықтап алынсын» деген қағидасы да дәлелдейді [5].

Ғалым көрсеткен кезеңде заман ағымы салдарынан қазақ тіліндегі төл сөздерден терминденіп жасалған жаңа атаулар, кеңестік кезеңде тілдік қолданыстан шығып, архаизмдер қатарына ауысқан.

Сол атаулар қазіргі ана тілінің мемлекеттік қызметіне сәйкес қазіргі қоғамда қайта жаңғырған: *кеңес* (совет), *төраға* (председатель), *таңба* (герб), *мөр* (печать), *құқұқ* (право), *төңкеріс* (революция), *сарап* (экспертиза), *дәріс* (лекция), *құрылтай* (съезд), *жарнама* (реклама), *бірлестік* (объединение) т.б. [5].

А. Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялылары ұсынған жаңа атаулар сол заманның өзінде тек қазақ тілі үшін ғана емес, басқа да түркітілдес елдермен ортақ терминологиялық қор құрып, сол арқылы түркі әлемінің мәдени және рухани байланыстарының күшейе түсуін бағдарлаған.

Бұл ой-пікірлер 1924 жылдың маусымында Орынбор қаласында өткен «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің I съезі» мен 1926 жылы Бакуде өткен «Түрікшілердің I-ші құрылтайында» т.б. шараларда алғаш рет айтылып, алаш зиялыларының биік ой-өрісі мен жан-жақты білім парасатын көрсетті.

А. Байтұрсынұлы қазақ тіліне енген шетел кірме сөздеріне қарағанда, көп жағдайда, таным-түсінігі ортақ түркі халықтарының сөздік қорын пайдалану маңыздылығына тоқтала келіп: «Егер қазақ тілінде қажетті пән сөздері болмаса, оларды қазақ тіліне туысқан тілдерден алу керек. Бұл мынадай оймен жасалады: 1) туысқан тілдердің көптеген сөздері формасы жағынан ұқсамаса да, түбірлері ортақ, сәйкесінше олар түсінуге де, естуге де оңай және туыс емес елдің сөзі секілді айтқанда бөтен болып көрінбейді; 2) түркі халықтары өзара тұрақты қатынаста, сол себепті ортақ түбірі болмаса да бір тілдің көптеген сөздері өзге тілдің өкілі үшін таныс болуы мүмкін» – деген болатын [1, б. 31].

Демек, А. Байтұрсынұлы жаңа сөзжасам үдерісінде «ана тілінің өз мүмкіншілігін сарқа пайдалану» қағидасын ұстануда тек қазақ тілі өрісімен ғана шектелмей, оның түп тамырын тереңмен ұластырып, түркітану кеңістігіне жалғастыруды көздеген. Жылдар бойы үзіліп қалған осы үрдіс қазіргі қоғамдық сана мен мемлекеттік тіл мәртебесіне сәйкес қайта жаңғыруда.

Олай болса, осындай мәдени-танымдық негізге сүйенген игі істер мен зерттеу үрдісінің жалғастығы қазіргі замандағы түркі тамырластығын тануға, өрісін әрі қарай кеңейтуге септігін тигізіп, қазақ-түрік сөзжасамын зерттеуге бағытталған осы тектес жұмыстардың өзектілігін анықтайды деп ойлаймыз.

Сондықтан, «Қазақ терминологиясының негізін салған А. Байтұрсынұлының термин жасаудағы өнегелік үлгісі күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ. Әсіресе, тілдің бар қатпар-қыртысын, бар амал-тәсілін сарқа пайдалана білуде А. Байтұрсынұлы үлгісі – таптырмайтын үлгі» [1, б. 36]. Бұл үлгі, сайып келгенде, жаңа сөзжасам сүйенетін танымдық қазық.

Қазіргі баспасөзде жаңа сөздер қолданысын жаңа ұғымға сай жаңғыртып, шеттілдік терминдердің қазақша баламасын табу ісін нақты түрде жүзеге асыру үшін академик Ә.Т. Қайдар бастаған тілші-ғалымдар «қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану» деген қағидасын ұстанып, жалғастыруда.

Қазіргі қазақ тілінде соны нақты дәйектейтін тілдік көріністердің бірі – жаңа қолданыстар. Олар мемлекеттік мәртебеге ие болған кезеңнен бастап ана тілінің жан-жақты қоғамдық қызметін жүзеге асыруға байланысты өзекті мәселе аясында ерекше белсенді үрдіске айналды. Бұл маңызды істің негізгі өзегі қазақ термин жүйесін қалыптастыру мен қоғамдағы қарқынды танымдық-әлеуметтік ақпаратты тілде таңбалау ісімен қатар жүретін жаңа сөзжасам және терминдену үдерісін байланыстыруда екенін тілдің күнделікті қоғамдық-әлеуметтік тәжірибесі көрсетіп отыр [6, Б. 110-114].

Сондықтан академик Ә. Қайдардың «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» (1993) атты еңбегі – ана тілінің төл болмысы мен өзіндік ішкі әлеуетіне сүйенген қағидасының жаңа замандағы қазақ тілінің белсенді қолданысына сай ғылыми дәйектеу негізі. Олай болса, қазіргі егемен елдің мемлекеттік мәртебедегі тілінің кешенді қызметі рухани-әлеуметтік құрал ретінде танылса, төл сөздер бойындағы әлеуетті тиімді пайдалану негізінде қалыптасатын төл терминдер мен жаңа қолданыстардың танымдық негізін қазіргі күннің қоғамдық-әлеуметтік жағдаятына сай ашу – аса маңызды. Қазіргі таңдағы мемлекеттік тіл қызметін күшейтуге қатысты маңызды бұл еңбектің мазмұнынан алаш зиялыларының тұжырымдамаларымен тарихи сабақтастықты көреміз.

Жоғарыда көрсеткеніміздей, «салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану» қағидасы – ана тілі әлеуетін тиімді пайдаланудың бүгінгі таңдағы заңды жалғастығы [7, б. 15].

Ал, «жалпыға бірдей халықаралық терминдерді де қабылдауға болады. Алайда мұндай термин қазақ тілінің табиғатына тән заңдылықтарды бойына сіңіріп, тілімізге өзгере енуі тиіс. Шетел сөздерін енгізу үшін олар тіліміздің дыбысталу ерекшелігін қабылдауы керек» деген жоғарыда айтылып өткен профессор Қ. Жұбановтың қағидасы академик Ә. Қайдардың «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» еңбегінде жаңғырып былайша тұжырымдалады: «Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау» [7, б. 15].

Қазіргі қазақ тіл білімінде тілдің сөзжасамдық даму барысы мен терминжасам мәселесін зерттеуші ғалымдардың пікірінше, қазақ тілінің өз

әлеуетін тиімді пайдалану нәтижесінде тіліміздің тазалығы барынша сақталып қалған.

Сайып келгенде, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов сынды ұлт зиялыларының терминжасам үдерісіндегі ұстанымдарының негізгі арқауы – уәжділігі ұлттық танымға сүйенген, қоғамдық, кәсіби, әлеуметтік мүдде талаптарына сай, тілдің табиғи жүйесін бұзбайтын талаптар. Соның нәтижесінде қоғамның сан алуан салаларында коммуникативтік қызмет атқаратын терминдерде де халықтың ақыл-ойы, рухы, білім аясын жаңа сапада өсіру мұраты да іске аспақ.

Осымен байланысты оның тіл, дін табиғатын анықтаудың негізі ретінде тілді тұтынушы танымымен тығыз байланысты когнитивтік аспектіде зерттеудің мәні ерекше. Қазақ тіл білімінде бұл бағыттағы: Қ. Айдарбек, С. Ақаев пен М. Қожаеваның еңбектері атап өтерлік.

Осы зерттеулерде терминжасамның когнитивтік негізі, біріншіден, тіл туралы фондық мәліметтерге негізделген білім аясына, екіншіден, тілдің коммуникативтік болмысы мен ономазиологиялық сипатына сай тіл тұтынушының қолдану (сөйлеу), қабылдау әрекетінің көрінісі. Себебі адамның бұрын өзі қолданбай, естімеген сөздерін түсінуі, тілдік санаға әсер етуінің сырт көзге байқалмайтын, бірақ терең танымдық, құрылымдық деңгейлерде жаңғыруымен байланысты. Демек, жаңа сөзжасам (терминжасам) – сөз тудыру үдерісінде тіл мен тіл иесі арасындағы байланыстың іске қосылып, жаңа сөздің бұрынғы сөздермен жалғасуының нәтижесі.

Байқап отырғанымыздай, терминжасам және жаңа сөзжасам мәселелерінің тектестігі дау туғызбайды. Бірақ олардың өзіндік ерекшелігін жоққа шығаруға болмайды. Нақты айтқанда, терминология қазақ тіл білімінде өзіндік зерттеу нысанын айқындап, өрісін кеңейтіп, негізінен, пән атаулары ретінде қалыптасқан тілдік деректерді зерттейтін жеке салаға айналғаны белгілі.

Ал, жаңа қолданыстар мәселесінің, біздің ойымызша, тіл біліміндегі сөзжасам саласы шегінен тыс айқындалатын тұстары да бар. Біріншіден, қазіргі шындыққа сай қоғамдағы жаңа ұғымдар мен қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге сай қалыптасқан рухани-танымдық ақпарат атаулары, жаңа ұғымның тілдік бейнесін таңбалауға деген қоғам талабы мен мемлекеттік мүддеден туындайды.

Екіншіден, қазіргі таңдағы «рухани жаңғыру» бағдарына сай жаңа қолданыстар жасалымы таза лингвистикалық сөзжасамдық тәсілдерге емес, негізінен, қазақ сөзінің танымдық тамырына сүйенеді.

Ал, қазіргі таңдағы қазақ қоғамының барлық саласында сөздік қазынаның жанданып, жаңғыруына ықпал еткен өзекті фактор – тәуелсіз еліміздегі ана тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы. Осыған байланысты туындайтын қоғамдағы жаңа тың саяси-идеологиялық ұстанымдар, заманауи экономикалық қатынастар, жаңа әкімшілік құрылымдық жаңа ұғым атауларын қажет етуі де заңды құбылыс. Ал, «тіл – өмірдің айнасы, шындықтың көрсеткіші» десек, лексика – тілдің ең өзгерімпаз саласы әрі қоғамдағы танымдық-ақпараттық өзгерістердің «тіркеушісі» деп анықталады. Осы қызметті жүзеге асыру барысында тиімді қолданылатын төл тілдік қазынаны зерделеу қоғамда ұлттық

сана тұғырын тіл арқылы күшейтіп, мемлекетіміздің мәдени-рухани тәуелсіздігін нығайтуды қамтамасыз ететіні сөзсіз.

Сондықтан қазіргі қоғамның саяси-әлеуметтік қарым-қатынас аясында адресатқа ықпал ететін жаңа қолданыстарды, окказионализмдерді т.б. *тіл~қоғам, тіл~саясат, тіл~жаһандану* т.б. сабақтастығында қарастыру олардың когнитивті-семантикалық континуумындағы тілдің саяси коммуникативтік қызметін дәйектейді [8], [9]. Сонымен қатар бұл екі мәселенің (терминжасам және жаңа сөзжасам) ортақ, түйісетін тұстары да белгілі.

Мысалы, А. Байтұрсынұлы заманында да жаңа сөздерді жасауда қай тілді негізге алу керек және бұрынғы терминдерді қалай сараптап, пайдалануға болады т.б. мәселелерге қатысты ізденістерде түрлі талас-пікірлердің болғаны белгілі. Зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми мұраны зерделеу барысында ғасыр басындағы жаңа сөзжасам үдерісінің алғашқы кезеңінде орыс тілі арқылы енген халықаралық терминдерге толы тілдің өзіндік қорын кеңірек қамтып, олардың қазақша баламасын ұсыну, сол арқылы ана тіліміздің сөздік қазынасын байытуға бағытталған үрдістің осы кезеңде күшейгенін және бұл әрекетке қазақ тілінің сөз байлығы мен қолданыстық тіл икемділігі негіз болғанын көреміз.

Бірақ мамандар бұл мәселеде екі нәрсеге ерекше назар аударды: бірі – күні кешеге дейін орысшасын жұмсап келген, бірақ қазақша толық баламасы бар немесе табуға болатын сөздер, екіншісі – баламасын табу мүмкін емес, тіпті қажет емес сөздер.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, өз бастауын өткен ғасырдың бас кезінен алып, қазіргі қазақ тіліне жалғасқан терминдер мен жаңа ұғым атауларының көбі қашанда қоғамдық-әлеуметтік, саяси-экономикалық, мәдени-рухани кодтық жадты жаңғырту ықпалының нәтижесі деп қараймыз (Кесте 1).

Кесте 1 – Қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстарды қалыптастыратын экстралингвистикалық факторлар

Қазақ тілі	Экстра лингвистикалық факторлар	Түрік тілі
А. Байтұрсынұлы	ұлттық тұлға	Ататүрік
	Еуроодақ мүшелігі	anapara (капитал), dolaşım (айналым), kurgulama (құрылымдау), sayman (қазынашы), denetçi (аудитор), veritaban (дерекқор), dilekçe (петиция) т.б.

1 – кестенің жалғасы

1	2	3
Елбасы, егемендік, әнұран, елтаңба, оралман т.б.	саяси өзгерістер	sağcı (оңшыл), solcu (солшыл), halk oylaması (референдум), seçmen (сайлаушы) т.б.
нарық, кеден, көтерме сауда, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, ықпалшара т.б.	экономикалық	yatırım (инвестиция), dışalım (импорт), dışsatım (экспорт), Ticaret Odası (сауда палатасы) т.б.
ақылды үй, ғарышкер, тінтуір, пернетақта, таратқыш т.б.	ғылыми- техникалық даму	bilgisayar (компьютер), yapay zeka (жасанды интеллект), bellek (жад), duyarga (антенна), telsiz (рация) т.б.
мәңгүрт, көкек ана, жатырын жалға беретін ана т.б.	қоғамдық- әлеуметтік	göçmenler (босқындар), güvenoyu (сенім вотумы), taşıyıcı anne (суррогат ана) т.б.
жаһандану, мәмілегер, келісім-шарт, кедендік одақ т.б.	интеграция	küreselleşme (жаһандану), genelge (меморандум), arabulucu (бітімгер), gümrük birliği (кедендік одақ) т.б.
ұнтаспа, мұрағат, жәдігер, тұсаукесер т.б.	мәдени	çok satan (бестселлер), yaуımcı (баспагер), yazar-yönetmen (режиссер), dizi (телехикая) т.б.
жанұя, пайыз, сазгер, күйсандық т.б.	беделді тұлғаның аузынан шығуы	çapulcu (бүлікші), subay (офицер), beşgen (бесбұрыш), ikizkenar (теңбүйірлі) т.б.

Кестеде қазақ тіліндегі жаңа қолданыстарды қалыптастыратын экстралингвистикалық факторларды түрік тілімен салыстыра беріп отырмыз.

Бірақ жоғарыда тізілген сөздердің барлығы бірдей әрі қарай термин болып, әдеби тіл нормасына еніп кетті деу қиын. Сол кезеңде олар жаңа ұғым атауы немесе қазақша баламасы ретінде сол қоғамда жаңа қолданыс ретінде қабылданды. Өйткені «Сөздердің жаңа лексикалық бірліктер ретінде тілге енуі

үшін әдеби норманың өлшем-межелеріне (критерийлеріне) сай келуін күту керек болады, яғни бұларды көпшіліктің дұрыс деп тануы, нормативтік сөздіктерге тіркелуі, жарыспалылықтан арылуы қажет» [10, б. 117].

Академик Р. Сыздықтың пікірінше: «Егер қазақ сөзі немесе жасанды жаңа тұлға сол терминдік ұғымды толық бере алатын болса, бұл – өте дұрыс амал. Ал бірақ шет тілдік атаулардың ішінде негізі интернационалдық қор ретінде көптеген тілдерге ортақ, түп-тамыры латын, грек, индоевропа тілдері болып келетін сөздерге қазақша балама іздеу әрекеті әрдайым сәтті шыға бермейді» [11, б. 226].

Сондықтан академик Р. Сыздық, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, жаңа атаулардың сөзжасамдық үдерісінде спонтанды емес, жүйелі сипатта, яғни сөзжасамдық жүйенің тілдің ішкі заңдылығына сүйенудің маңыздылығына тіл иесі танымына сай назар аударып, жаңа сөздерді жасаудың семантикалық тәсіліне ерекше мән береді: «Бастысы, кейбір ұқсас, бірақ айқын семантикалық дербестігі бар ұғымдарды айырып атау қажет. Әрине, бұдан қайтқан күнде де бір сөзбен бірнеше ұғымды, тіпті терминделетін ұғымды атауға мүлде болмайды деген қағида әзір туа қоймайды. Бірақ, қай тілде болмасын, жаңа сөздердің басқа тілдерден енуі, немесе өз қазынасынан жасалуы осы қажеттіліктің күннен-күнге күшейіп келе жатқанының да белгісі тәрізді» [11, б. 228].

Біздің ойымызша, осы саланың білгірі академик Р. Сыздықтың осы күрделі мәселенің мәнін түсінуге көмектесетін тілтанымдық тұжырымдық талдаулары жаңа сөз жасаудың лексико-грамматикалық тәсілі мен ұғымның танымдық тұтастығын көрсетеді: «Осы тектес мысалдар «жаңа тұлға», «жаңа сөз» жасаудың қажеттілігі көбінесе күнделікті өмір қажеттілігінен туындайтынын көрсетеді. Ол сөздердің қолданысқа еніп, қалыптасуы жеке, кездейсоқ емес, тілдің белгілі бір лексика-грамматикалық тәсілдер жүйесіне сәйкес жүзеге асатыны байқалады» [11, б. 185].

Таратып айтар болсақ, когнитивтік негіз дегеніміз қоғамдық-әлеуметтік қажеттіліктен туған жаңа ұғымның тілдік санада бейнеленіп, бұрынғы ұғыммен байланысы және жіктелуі. Осы әрекеттің тілдің коммуникативтік қызметіне сай ұласуы жаңа атаулардың тиімді әлеуметтік қызметінен, түсініктілігінен көрініп, тілдік құралдар арқылы (сөзжасамдық жүйенің таңдап, талғап жалғануы) таңбаланады.

Академик Р. Сыздықтың жоғарыда көрсетілген әдістемелік нұсқасын, біздің ойымызша, қазақ терминжасамының келесі, бесінші кезеңіндегі (тәуелсіздік кезең – белсенді терминжасам), қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі жаңа қолданыстар жүйесін түсіндіруде де үлгі етуге болады. Ғалым 90-шы жылдарда «Ана тілі» газетінде шыққан мақалаларында «депутатты *бек*, кандидатты – *үміткер*, парламентті – *құрылтай*, президентті – тек қана *елбасы*, министрді – *уәзір*, *нәзір*, конституцияны – тек қана *Ата заң*, дивизияны – *уән*, корпусты – *түмен* деп қазақша атау керек» сияқты пікірлердің айтылып, бұл іспеттес қазақша баламалардың кейбіреулерінің ішінара қолданылып жүргеніне (мысалы, «Ана тілі» мен «Қазақ елі» газеттері «редактор» сөзін – *сарашы*, «Рауан» баспасы

мен кейбір газеттер «класс» сөзін – *сынып* деп қолданып жүргеніне) назар аударады.

Сонымен қатар академик Р. Сыздық «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» (2009) атты еңбегінде таза ғылыми терминдерді былай қойғанда, «көпшілік қолды» әлеуметтік, саяси, экономикалық салалардағы атаулардың да біразын сол күйінде қолданудың объективті себептерін нақты көрсетеді [11, б. 227]. Ғалымның ойынша, жоғарыда көрсетілген белгілерге сай жасанды тұлға қазақ тілінде сөз мағынасын толық бере алмайтын болса, онда шет тілдік терминді қазақшаға аудармауға болады: *маргарин, рентген, бомба, робот, шприц, наркоз* т.б. Бұл ойдың қазіргі таңдағы қолданыс тәжірибесіне де тікелей қатысы бар екенін көріп отырмыз.

Ал, 90-жылдардың қоғамдық-экономикалық өмір шындығына сай белсенді қолданылған *приватизация* сөзінің «өндіріс орындарын, тұрғын үйлерді т.б. мемлекет меншігінен алып, жеке меншікке беру» деген мағынасын қазақтың *жекешелендіру* сөзі бере алатындықтан, бұл сөз түсінікті, тілдік санада бұрыннан бар ұғыммен сабақтасқан, қазақша термин болып шыққаны туралы пікірі де көп нәрсені түсінуге көмектеседі.

Бұған ғалым көбіне нақты зат, бұйым атауларын, сондай-ақ кәсіп, мамандық иелері атауларын дәлел ретінде келтіреді: *ұшақ, әуежай, мекенжай, күнпарақ, төраға, белгітас, жолақы, шәкіртақы, төлқұжат, төсбелгі, сазгер, аспаз, мәмілегер* т.б.

Осы бағыттағы зерттеулерде анықталғандай, тілімізде әбден қалыптасқан *оттегі, өсімдік, өнеркәсіп* т.б. сөздер де, бүгінгі қолданыста әбден орныққан *бағдарлама, зейнетақы* т.б. да тіл қолданысындағы түсініктілік, қолайлылық қағидасына сәйкес келеді. Тілде жасанды жаңа сөз шамадан тыс көбейіп кетсе, әрі түсініктілігі қамтамасыз етілмей ұсынылса, сәтсіз қолданыс ретінде көпшілік наразылығын туғызатыны күнделікті тәжірибеден байқалады.

Дегенмен «ғылыми терминология мен кейбір саяси-әлеуметтік, адамзаттық өркениетке ортақ мазмұнды сөздердің халықаралық қордан алынғандарының бәрін бірдей қазақшалап, қайтадан жасаудың реті бар ма?» деген мәселе қоғамда әлі күнге дейін талқылануда. Осыған байланысты мұндай ұғымдардың халықаралық тұлғаларының орнына жасанды сөздерді ұсынып, төл тұлғамен шектеліп қалсақ, бұл жағдай «жаһандану заманында әлемдік білім-ғылымнан оқшаулануға алып келуі мүмкін» деген пікірлер де айтылады.

Сондықтан қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне сай әлеуметтік-қоғамдық қызметін жандандыратын лексиканың өзекті саласының бірі терминология және онымен сабақтас жаңа қолданыстар проблемасы – жан-жақты талдап, жіктеп, қарастырып, жасалу принциптерін нақты түрде айқындап белгілеуді қажет ететін күрделі мәселе. Соның барысында қазақшалау, баламасын жасау, фоно-морфологиялық интерференция т.б. мәселелер жаңа қолданыс проблемасымен сабақтас қарастырылады.

Қазіргі қоғамдағы номинативтік белсенділіктің басым көпшілігі адам қызметінің әлеуметтік, интеграциялық, ғылыми-техникалық және мәдени салаларымен тығыз байланысты. Осыны ескере отырып, тіл ғылымы дамуының

қазіргі жаңа кезеңінде олардың функционалдық мәнін ашу мен интралингвистикалық және әлеуметтік-мәдени мазмұнын жан-жақты зерделеу қажеттілігі барған сайын айқын көрініп отыр.

Бұл тәсіл өзектілігі, әлемдік қоғамдастықтағы жаһандық ақпараттандыру жүйесіндегі интеграциялану үдерісі мен жеделдету сипатын түсіндіретін мәдениет жаһандануына байланысты айқынырақ көрінуде. Сондықтан, қазіргі тілімізде ғылыми ұғымдардың жаңа сөзбен айтылған коммуникативтік қызметі, оның тілдік көрінісінің лексикалық жүйе орталығымен байланыс сипаты тіл тұтынушысы танымымен сабақтасады: *босаралық* (лингв. сөздердің бөлек жазылуын көрсететін графикалық таңба), *ғалам // әлем // дүние, жағдаят, хикаят, мәтін, қағида, үрдіс, үдеріс, шаршытоп* т.б.

Жаңа лексикалық бірліктерді зерттеудің танымдық аспектілері әлемнің лингвистикалық және мәдени бейнесінің өзара әрекеттесу жолдарын анықтау және лингвомәдениаралық коммуникацияны жүзеге асыру үшін неологизмдерді тұжырымдамалық талдауға көмектеседі. Осыған байланысты диссертациялық зерттеу барысында неологиядағы лингвомәденитанымдық тұрғыдан қарауға бағытталған еңбектерге назар аударылды. Оларда неологизмдер *тіл~мәдениет, тіл~ұлт* сабақтастығы негізіндегі тілдік даму «айнасы» іспетті қоғамдағы жаңару үдерісінің құралы ретінде қарастырылады да, тілдік санада мәдениет пен адам қызметінің тілдік бейнесі қалыптасады.

Осы жағдай экономикалық салада қазақ тілінде де салалық сөздіктер арқылы жаңа номинативті парадигмалардың пайда болуына әкелді: *оңтайландыру, өсім, түсім, нарық, кеден, сырқат кәсіпорындар, қазыналық кәсіпорын, кешенді сауықтыру, ірі кәсіпкер, шағын бизнес, көтерме сауда, бөлшек сауда, жаппай сатылым, өсімпұл, жарналық қор, үстемақы, төлемақы, құнсыздану, бәссауда, алып-сатарлық, мердігер* т.б.

1.2 «Жаңа қолданыс» және «неологизм» ұғымдарының қазақ тіл білімінде зерттелуі

Зерттеу нысанына орай жұмыста «жаңа қолданыс» пен «неологизм» ұғымдарын өзара салыстырып, айырмашылықтарын көрсетіп, соның негізінде «жаңа қолданыс» ұғымының анықтамасын беруге тырыстық. Қазақ тіл білімінде «жаңа қолданыс» пен «неологизм» ұғымдары мағыналас, ұқсас ұғымдар ретінде көбінесе қатар қарастырылады.

Осыған орай «жаңа қолданыс» анықтамасына қатысты Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Ш. Сарыбаев, Ө. Айтбаев, А. Алдашева, Қ. Қадырқұлов т.б. зерттеушілердің пікір айырмашылықтары байқалады.

Мысалы, А. Алдашеваның «Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа қолданыстар» (1992) тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында жаңа қолданыстарға мынадай анықтама беріледі: «Неологизмді, окказионалды сөздерді, жеке авторлық сөздерді, потенциалды сөздердің бәрін біріктіріп, «лексикалық жаңа қолданыстар» дейміз [12].

Бұл сабақтастықты академик Р. Сыздық пен академик Ә. Қайдар да атап көрсетеді: «Олар (жаңа қолданыстар – А. Б.) – бүгінгі таңда күнделікті баспасөз

бетінде, радио мен телехабарларда, ғылыми әдебиетте, тіпті көркем әдебиетте де пайда болып, қолданылып жатқан соны сөздер, тосын тіркестер немесе жаңа мағынада жұмсалып отырған байырғы сөздер» [13, б. 4].

Сондықтан жаңа қолданыстардың сонылық сипатымен қатар қалыптасу үстіндегі және коммуникативтік-ақпараттық (прагматикалық) қызметі негізінде анықталатын терминдік әлеуетіне мән беріледі.

Ә. Қайдар жаңа қолданыстарды: «Бұрын бар сөздер негізінде жасалатын лексика-семантикалық және аналитикалық комбинациялар» ретінде санайды [7, б. 121].

Бұл тұжырымын дәлелдеу үшін ғалым жаңа сөз ұғымына ерекше назар аударып, ойын былайша өрбітеді: «Тіл байлығының тағы бір қайнар бұлағы – «жаңа сөз» жасау, сөздерді жаңа мағынада қолдану. Бұл тәсіл – тіл байытудың ең бір құнарлы да қуатты көзі. Жанды организмдегі миллиондап өліп, миллиондап жаңаланып жататын клеткалар секілді тіл де дәл осындай дамылсыз жаңаруда күй кешеді. Бірақ тілдің бір ерекшелігі – шын мағынадағы «жаңа сөздің» жасалуы тіл қорында сирек кездесетін құбылыс. Мәселен, мен өз басым кейінгі жүз жыл ішінде, айталық, қазақ тілінде дүниеге келген, өте сирек, бұрын-соңды болмаған «су жаңа» төл түбірді атай алмаймын. Өйткені ол болмыста жоқ. Қазақ тіліндегі бір жарым мыңдай бір буынды төл түбір сөздеріміздің төркіні тым алыста, мыңдаған жылдар қойнауында жатыр. Ал сіздер мен біздердің күнде айтып жүрген «жаңа сөздеріміз» шын мәнісіндегі жаңа сөздер емес, тіліміздегі байырғы түбірлерден сөз жасау модельдері негізінде пайда болған туынды дүниелер. Олар дүниеге тіл қажетін өтеу үшін келген, оларды біз өзіміз тілімізде әбден қалыптасқан дәстүрлі тәсілдер арқылы жасадық. Түбір ескі, тәсіл ескі, бірақ сөз жаңа, өйткені ол жаңа ұғым, мағынаға ие болды» [7, б. 122].

Осыған үндес академик Р. Сыздықтың мына пікірі «жаңа қолданыс» ұғымына берген анықтаманы толықтыра түседі: «Әдетте, жаңа сөз дегеніміз – тілде бұрыннан бар сөздердің (түбірлердің) жұрнақ, жалғау, бір-бірімен қосақталу (бірігу, кірігу, жұптасу), тіркесу, қысқарып барып бірігу (аббревиатура), мағына ауыстыру сияқты амалдардың бірі арқылы құбылған түрлері. Бірақ олар естіліп барып, өшіп кететін дыбыс жаңғырықтары емес, материалдық дүниелер – тіл единицалары, яғни белгілі бір ұғымды білдіретін дербес сөздер (және тіркестер), сөздік қазынаны молайтатын, тілдің ілгері даму процесін көрсететін бағалы дүниеліктер» [10, б. 121].

Қазақ неологиясы мен неографиясы мәселелерін өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап зерделеген академик Р. Сыздық кейінгі еңбектерінде «жаңа қолданыстар» / «жаңа атаулар» / «тілдегі жаңалықтар» / «тілдік жаңалықтар» / «лингвистикалық жаңа бірліктер» / «тілдегі жаңа лексикалық бірліктер» / «жаңа сөздер» дегендерді синонимдес мағынада ұсынған.

Ал осы мәселені арнайы зерттеген профессор А.М. Алдашева «жаңа қолданыстар» және «лексикалық жаңалықтар» деген терминдерді қатар қолданады. Осымен байланысты «неологизм», «жаңа сөз», «жаңа қолданыс», «терминдер», «окказионал сөздер», «әлеуетті сөздер» т.б. аталымдардың айқын

жіктеліп, бірізді қолданысқа түспеуін ғалым А. Алдашева тұжырымдарына сүйеніп, түсіндіруге болады: «Алайда қазақ тілтанымы өркендеп дамыған 1970-1990 жылдар аралығында осы мәселе тікелей сөз болатын ғылыми зерттеулердің өзінде ғалымдардың пікір-тұжырымдары бір-бірімен қиюласа қоймайтындығы байқалады. Әсіресе жалпытілдік (общеупотребительный) неологизм деген баға берілетін сөздерді қалай ажырату, тану әдістері мен межелері мейлінше айқындала қоймады...» [14, б. 3].

Ғалым атап көрсеткендей, сол кезеңдерде жаңа сөздер тіл тарихы, лексикография, лексикология салаларының аспектілерінде ішінара ғана аталып өтілгендіктен бұл заңды құбылыс еді. Шын мәнінде, «Тіл айналымына қатар түскен, бір мезгілде «дүниеге келген» ескі жаңа сөздің біріне әдеби тіл қызметіне қажетті, тіл фактісі бола алатын лексема деп, ал екіншісіне бірқолданымдық, сөз фактісі деп ен тағу – оңай жүзеге аса қоймайтын шаруа» [14, б. 3].

Сондықтан зерттеуші А. Алдаш «неологизм» мен «окказионалды сөз», «терминдер» қатарына жататын лексикалық «жаңалықтардың» аражігін ажырататын мәселелер қатарында «потенциалды сөз» (қажеттілік туған жағдайда қолданысқа түсуге әзір тұратын сөздер тобы) ұғымына да анықтама береді.

Ғалымның пікірінше, қазіргі таңда қарқынды еніп жатқан терминдер мен терминдік тіркестердің дені неологизм аясында танылады: «Мемтерминком тарапынан ұсынылып, бекітілген терминдерді (олардың кейбірі бекітілгенімен, нормалану және қалыптану дәрежесіне көтеріле алмайды: *зияпат, алғытөлем* терминдері ұсынылып бекітілген, алайда норма дәрежесінде – *банкет, аванс*); жазба коммуникацияда, ресми-әскери стильде жиі қолданысқа түскен жаңа атауларды (*жаһандану, галамтор, әуежай, сынып, өсімдікжай*); авторы белгілі бірқолданыстарды (окказионализмнің кейбірі нормаға айналады: *мұражай* (Ш. Уәлихановтың *музей* терминінің орнына ұсынған эквиваленті); қазақ тілінің сөзжасам заңдылығына қайшы жасалған, мағынасы белгілі бір заттың, ұғымның, құбылыстың ұғымдық ақпаратына сәйкес келмейтін жаңа сөздерді; өзге тілдерден енген терминдік аталымдарды (*имиджмейкер, менеджер*) камтиды» [14, б. 3]. Себебі, «терминдер мейлінше сұрыптаудан өтіп барып жасалатындықтан, олар тез нормаланады, қолданыс аясына тез сіңіседі, сөйтіп тіл (язык) фактісіне айналады.» [14, б. 4].

Жоғарыда көрсетілгендей, жаңа қолданыстардың қалыптасу, даму деңгейіне қатысты белгілі бір тілдік тұлғалар жасаған окказионал сөздер мен әлеуетті (потенциалды) сөздердің де мәні ерекше. Жаңа қолданыстарды танымдық аспектіде қарастырған осы тектес жұмыстарда тілдің рухани-әлеуметтік қызметіне сай жаңғырған, тосындық сипатта жасалған сөздердің көбі тіл тұтынушысы мен тілдік тұлға санасында үндессе, ол кең өрісті қолданысқа ұласады деп санаймыз.

Сонымен, профессор А. Алдашева жаңа қолданыстарды онымен қатар қолданылатын өзге лексикалық единицалардан ажыратып, әрқайсысының ұғымдық мәнін жіктеудің екі түрлі межесін атап көрсетеді: жаңа қолданыстың пайда болған мерзімін анықтау; қолданылған өрісін белгілеу.

Тіл қорының ішкі даму заңына сүйеніп, осылайша жаңалануы оны әрекетке келтіріп отыратын қозғаушы күш ретіндегі қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени жағдайлар, яғни күн сайын туындап жатқан жаңа ұғым, жаңа зат, құбылыстарды игеру қажеттілігімен байланысты.

Осыған байланысты профессор А. Алдаш зерттеуінде жаңа қолданыстардың бір-бірімен өзара байланысты тілге сәйкестілігін анықтаған 3 қағидасы негізінде қазақ-түрік жаңа қолданыстары салыстырылды:

1. Өзектілік-қажеттілік принципі

- қазақша: *жарғы, ақпарат, мемлекеттік кеңес* т.б.;

- түрікше: *tüzük, bilgi, danıştay* т.б.

2. Сәйкестілік принципі

- қазақша: *отбасы / әулет / жанұя* т.б.;

- түрікше: *tarafat/ hayran / spor hastası* т.б.

3. Эстетикалық принцип

- қазақша: *салғыласу* → *пікірталас, аларман* → *сатып алушы* т.б.;

- түрікше: *kitapçık* → *broşür* (брошюра), *yarım* → *prodüksiyon* (өндіріс) т.б.

[15, Б. 33-34].

Тіліміздегі жаңа атаулар мәселесін арнайы зерттеген ғалымдардың бірі – Қ. Қадырқұлов неологизмдерді «жаңа сөз» және «жаңа сөз қолданыстар» деп екі топқа бөледі: «Бұндағы «жаңа сөздер» дегеніміз – жаңа мазмұн мен жаңа формада тілімізге басқа тілден өзгеріссіз не дыбыстық өзгерістерге ұшырап енген сөздер. «Жаңа сөз қолданыстар» дегеніміз – жаңа мазмұны мен ескі формада немесе ескі мазмұн мен жаңа формада, басқа тілден енген сөздердің жаңаша қолданысқа түсуі» – дейді [16, б. 23].

Ғалымның жаңа сөздердің (яғни неологизмдердің – А. Б.) жаңа қолданыстардан айырмашылықтарын жіктеп көрсеткен қағидасы зерттеу жұмысының әдістанымдық негізі ретінде пайдаланылды:

1. «Жаңа сөздер» мазмұны мен формасы жағынан бір-біріне сай жаңа тұлғада келеді. Қабылдаушы тілдің заңдылығына мойынсұнбайды. «Жаңа қолданыс» – тілдің ішкі заңдылығынан туындайтын құбылыс. Тілдік амал-тәсілдерді қолдану арқылы өзімізде бар сөздерді «жаңа сөздердің» орнына қою – «жаңа қолданыс» үдерісі.

2. «Жаңа сөздердің» варианттары болмайды. «Жаңа қолданыстар» «жаңа сөздің баламасы» ретінде тілімізге енгенше бірнеше нұсқада ұсынылып, соңында біреуі ғана әдеби тілге енеді (*ықшамаудан – шағын аудан – мөлтек аудан* т.б.).

3. «Жаңа сөздердің» жасалу жолдары болмайды, олар тілге дайын күйде келеді. Осы күнге дейін зерттеу еңбектерінде ұсынылып келе жатқан әдістер – «жаңа сөздің» емес, «жаңа сөз қолданыстардың» жасалу жолдары [17, б. 130].

Ғалымның пікірінше, жаңа қолданыстың тілімізде пайда болу үдерісі тіл заңдылығына сүйеніп, тіл тазалығы мен таным сабақтастығын сақтау мүддесін көздейді. Демек, жаңа қолданыс дегеніміз – жаңа ұғымға байланысты санада жаңғырып, тілдің өз әлеуетінен, қазақ тілінің төл түбірлері мен жұрнақтарынан жасалған жаңа сөз немесе сөз тіркесі.

Ал неологизм дегеніміз – тілімізге орыс немесе шет тілдік формамен еш өзгеріссіз тікелей енген жаңа сөз немесе сөз тіркесі. Яғни жоғарыда зерттеуші Қ. Қадырқұлов айтып отырған жаңа сөздер – неологизмдер.

Көріп отырғанымыздай, неологизм мен жаңа қолданыс терминдері бір-біріне жақын болып көрінгенмен, екеуінің бір-бірінен айырмашылығы көп. Екеуінің арасындағы айырмашылықтар қолданыстағы мысалдардан айқын көрінеді. Мысалы, қазақ тілінде: *террорист* – неологизм, *лаңкес* – жаңа қолданыс; *презентация* – неологизм, *тұсаукесер* – жаңа қолданыс; *акция* – неологизм, *жарна қағазы* – жаңа қолданыс; *коронавирус* – неологизм, *тэжтажал* – жаңа қолданыс т.б.

Түрік тілінде: *bestseller* (бестселлер) – неологизм, *çok satan* – жаңа қолданыс; *trend* (тренд) – неологизм, *eğilim* – жаңа қолданыс; *marketing* (маркетинг) – неологизм, *pazarlama* – жаңа қолданыс, *selfie* (селфи) – неологизм, *özçekim* – жаңа қолданыс т.б.

1.3 Неологизм терминінің Ресей және Еуропа тіл білімінде зерттелуі

Жаһандану заманының компьютерлендіру, ақпараттандыру секілді маңызды факторлары әсерінен жаңа сөздер саны көбейіп, олар тілдің белсенді сөздік қорына кіреді және жалпы қолданыстағы сөздер қорын толықтырады.

Орыс және шетел тіл білімінде мұндай сөздер неологизм деп аталады және тіл тұтынушылары жаңалығын сезінгенше, бұлар неологизм болып қала береді.

«Неологизм» – (гр. «неос» – жаңа, «логос» – сөз) – қоғамдағы саяси, мәдени, экономикалық қатынастардың, ғылым мен техника дамуына байланысты тілге енген жаңа сөздер мен сөз тіркестері, фразеологиялық оралымдар [18, б. 291].

«Неология» ұғымы (француз тілінде – «neologie») Францияда 1758 ж. пайда болды. Лингвистикада неологизмдерді зерттеу ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында басталып, лексикологияда неология саласы қалыптаса бастады.

Ресей ғалымдары лексиканы «неологиялық лексика» және «терминологиялық лексика» деп жіктейді. Осыған орай, неологиялық бірліктердің, неологизмдердің арқауы – сөздің жаңа денотатты не ұғымды белгілеуде формалды не семантикалық жаңаруы. Орыс тілі лексикологиясы мен лексикографиясындағы зерттеулер барысында неологизм құбылысының тілдік мәнін ашатын көптеген еңбектер мен ғылыми тұжырымдар жасалды.

Неология саласының теориялық негіздері мынадай Ресей ғалымдарының еңбектерінде тұжырымдалған: А.А. Брагина, Р.А. Будагов, Е.В. Розен, Н.И. Фельдман, Г.О. Винокур, В.Г. Гак, Ю.С. Сорокин, Н.З. Котелова т.б.

Орыс лексикограф-ғалымы О.С. Ахманова «Словарь лингвистических терминов» атты еңбегінде неологизм ұғымын жан-жақты қарастырып, мынадай толық анықтама береді: «1. Слово или оборот, созданные (возникшие) для обозначения нового (прежде неизвестного) предмета или для выражения нового понятия. 2. Новое слово или выражение, не получившее прав гражданства в общенародном языке и потому воспринимающееся как принадлежащее к особому, нередко сниженному стилю речи. Слово, включение которого в данный

жанр литературного произведения является новшеством; слово, общепринятое в повседневном языке, но не употреблявшееся прежде в художественной литературе. Неологизм (т.е. окказионализм – А. Б.), созданный данным автором данного литературного произведения и обычно не имеющий широкого распространения» [19, б. 253].

Ал, неолог-ғалым М.А. Рященконың пікірінше, «неологизм» терминінің анықтамасын сипаттайтын негізгі белгілер мынадай:

1. жаңалық басты мән болып саналатын стилистік категория;
2. жаңа реалийді бейнелеу;
3. сөздіктерде көрсетілмеген сөздер [20, Б. 121-123].

Ал ХХІ ғасырда жарық көрген «Қазіргі орыс тілінің лексикологиясында» Н.М. Шанский неологизмдерді: «Жаңа зат пен құбылысты таңбалау үшін қоғамдық қажеттілік ықпалымен пайда болған, тіл тұтынушылары санасында «жаңа» деп қабылданған, бірақ әдеби тілге ене қоймаған жаңа лексикалық туындылар» деп анықтайды [21, б. 15].

Неологизм ұғымын анықтауға және жалпы тіл біліміндегі лексикологияға қатысты, өткен ғасырдың 60-шы жылдарындағы еңбектерде, екі түрлі пікір байқалады: біріншісі – қазіргі ағылшын тілі лексикологиясына қатысты И.В. Арнольд көрсеткен, бұрыннан қалыптасқан сөзжасамдық модельдерге сәйкес жасалған, бірақ жаңа ұғым, зат, құбылыс, ғылым саласын т.б. бейнелейтін жаңа қолданыстар. Мысалы: *реактор, биологиялық соғыс* т.б. [22, б. 308].

Екіншісі – И.Р. Гальперин көрсеткен белгілі ұғымды білдіру үшін тілде бар сөздерге синоним болатын, бірақ мағынасына коннотаттық сипатты семантикалық, стилистикалық реңктер қосылған сөздер [23, б. 63]. Бұл пікірлерден байқап отырғанымыздай, тілде пайда болған кез келген жаңа сөз неологизм деп саналады.

Ресей ғалымдарының «жаңа сөз» деген ұғымға мән беріп (фонологиялық, морфологиялық, лексикалық, семантикалық, фразеологиялық, визуалды неологизмдер), оған қатысты «окказионал сөздер», «жаңа сөз қолданыстар», «семантикалық инновациялар» («лексикадағы жаңарулар»), «әлеуетті сөздер» т.б. деп жіктеп, топтап, талдаған зерттеулері (ономасиологиялық (И.О. Торопцева т.б.), психолингвистикалық (С.И. Тогоева т.б.), денотативті (Д.Э. Розенталь, М.А. Теленкова т.б.), құрылымдық (Н.З. Котелова т.б.), тарихи (Н.З. Котелова т.б.), лексикографиялық, лингвомәдени (Т.А. Гуральник т.б.) теориялар) бұл мәселенің жан-жақты ашылып, танылуына көмектеседі.

Осы тұрғыдан ол қазақ тіл білімінде де осындай жүйелі зерттеу саласын қалыптастыруға үлгі боларлық.

Жоғарыда көрсетілген О.С. Ахманованың сөздігіндегі неологизмге берілген екінші анықтама, біздің ойымызша, осы окказионализмдерге қатысты.

Осы арада аралық ұғым ретінде «окказионализм» термині назар аударады. Бұл тақырыпта көптеген ғылыми еңбектер жазылғанына қарамастан (А.Г. Лыков, В.В. Лопатин, Р.Ю. Намитокова, Э. Ханпира, Н.И. Фельдман т.б.), окказионализмдерге қатысты бірыңғай, көпшілік қабылдаған теория әлі де жоқ [24, б. 17]. Көптеген ғалымдар неологизмдерді тілдік факт мәртебесінде қарайды

да, ал окказионализмдерді сөйлеу фактілеріне жатқызады және оның неологизмдер қатарына өту үдерісі оңай емес екенін айтады.

«Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» оның өнімсіз модель негізінде жасалып, белгілі бір мәнмәтінде қолданылатыны» атап көрсетілген [25, б. 331].

Р.Ю. Намитокова окказионализмдерді неологизм ұғымымен теңестірмейді, оны авторлық сөзжасаммен байланыстырады [26, б. 12].

Ал А.В. Калинин, керісінше, орыс тілі лексикасын зерттеу барысында окказионал (тосын) сөздерді неологизмдер қатарына қосады [27, б. 13].

В.В. Лопатин [28] мен А.Г. Лыков [29] та осы пікірді қолдап, неологизмдерді окказионалдық құбылыс деп көрсетеді.

Ал Д.Э. Розенталь мен М.А. Теленкова өз еңбектерінде оларды әлеуетті (потенциальные) және тосын (окказионал) сөздер деп көрсетеді [30, б. 20].

Біздің ойымызша, біріншісі – тілде қалыптасқан сөзжасамдық модельдер үлгісімен жасалған, бірақ сөзқолданыстық нормаларға сай бекімеген тілдік бірліктер. Ал, окказионал (тосын) сөздер – нақты мәнмәтіндік жағдайда деривацияның өнімсіз модельдері арқылы жасалған.

Неология саласындағы ғалымдардың дені өз тұжырымдарында П. Жильбердің: «Жаңарудың сапасына қарай функционалды критерийлерді ескере отырып, морфологиялық тәсілмен жасалған жаңа сөздердің бәрін бірдей неологизмдер қатарына жатқызуға болмайды. Себебі неология теориясына сай оның перифериялық (шеткері) аймағы болады. Олар авторлық қолданысқа қатысты окказионализмдер. Ал қолданыс аясына сәйкес кеңейген, ия көнерген сөздер сөздіктерде неологизмдер деп белгіленуі тиіс» деген пікірін келтіреді [31].

Сонымен, окказионализмдерден басқа әлеуетті сөздер де бар. Г.О. Винокур, А.И. Смирницкий, Е.А. Земская т.б. ғалымдар «әлеуетті сөздер» (потенциальные слова) деп тілде бұрыннан бар өнімді сөзжасамдық модельдерге ұқсастырылып жасалған, бірақ сөз қолданыстық нормаларға сай бекімеген тілдік бірліктерді атайды.

Дегенмен ғылыми қолданыста кең таралғаны – «неологизм» термині. Ал, неологизм терминінің пайда болуы ертеден басталғанын жоғарыда атап көрсеттік.

Орыс тіл білімінде неология құбылысының мәнін ашуға байланысты бірнеше лингвистикалық және ғылыми-әдіснамалық тұжырымдар лексикология және лексикография теориясына қатысты Н.З. Котелова еңбектерінде берілген [32, б. 21]. Н.З. Котелованың ғылыми тұжырымдарын одан әрі кеңітіп, жалғастырған Т.В. Попова «Русская неология и неография» (2005 ж.) атты еңбегінде неологизмдерді мынадай жүйеде топтайды: стилистикалық, психолингвистикалық, лексикографиялық, денотаттық, құрылымдық, нақты, тарихи-деректік [24].

Қазіргі заманғы лингвистикада неологизмдерді ажыратудың табиғаты мен критерийлері туралы біржақты пікір жоқ. Әдетте, жаңа сөздердің пайда

болуының экстралингвистикалық және тілдік жүйедегі интралингвистикалық себептері айқындалады.

Көптеген ғалымдар неологизмнің негізгі белгісі ретінде «жаңаша таңбалауды» (Е. Knowles, J. Elliott, J. Ayto, Н.З. Котелова, Н.С. Никитченко, В.И. Заботкина, А.А. Брагина, Н.М. Шанский т.б.) атайды.

А.А. Уфимцеваның: «Часто появление новых слов связано с возникновением новых ассоциаций, хотя понятие остается тем же самым, так как язык вообще, лексика в особенности, выполняя свою основную функцию как средство общения, перестраивается, дифференцируется и уточняется с тем, чтобы более адекватно отразить, воспроизвести и закрепить новые понятия в соответствующих словах и выражениях» деген пікірі жаңа сөздердің қалыптасуын тіл иесі танымымен байланыстырады [33, б. 221].

Неологизмдердің тілдің белсенді сөздік қорына кірмейтіндігін И.С. Торопцев олардың маңызды белгісі ретінде санайды [34, б. 22].

Сөздерді неологизмдер қатарына жатқызудың шартты және тарихи сипаты Ю.Н. Караулов еңбегінде атап көрсетіледі [35, б. 11].

Жоғарыда келтірілген неологизмдердің, яғни жаңа сөздердің анықтамасына қатысты көрсетілген белгілердің ешқайсысын да жоққа шығаруға болмайды. Соның ішінде Ю.Н. Карауловтың пікірі ерекше назар аударады.

Еуропалық, әсіресе ағылшын ғалымдарының неологиялық тұжырымдамаларында да, жоғарыда атап көрсетілгендей, «сөздіктерде көрсетілмеген» деген белгіге қатысты пікір кең тараған.

Дегенмен, француз лексикографтары неологизм қатарына сөздіктерде бар, бірақ мағыналары өзгерген, немесе мағыналары кеңейген сөздерді де жатқызып, оларды «семантикалық неологизмдер» деп атайды. Демек, лексикография теориясына сәйкес неологизмдер сөздікте белгіленеді.

Бірақ бұл арада мына жағдай ескерілуі тиіс: біріншіден, уақыт аспектісіне қатысты – объективті себеп, екіншіден, белгілі бір елдегі лексикографиялық қызмет деңгейіне қатысты – субъективті себеп. Осыған байланысты жаңа сөздік (лексемалық) әлеуетті сөздердің бәрі бірдей сөздікке кірмейді.

Мысалы, қазақ қоғамында күнделікті қолданыста белсенді сипаттағы жаңа сөздердің көбі лексикографиялық тұрғыдан таңбаланбаған. Ал денотаттық теорияға сәйкес, көпшілік ғалымдардың пікірінше, неологизм – жаңа құбылысты (денотатты) немесе ұғымды белгілейтін сөз. Олай болса, бұл теорияның кемшілігі – оның неологизмдердің пайда болуының ішкі заңдылықтарын ескермеуінде.

Ресейлік зерттеуші Н.А. Лаврованың пікірінше, ол заңдылықтардың, неологиялық контаминанттардың стилистикалық және семантикалық ерекшеліктері мынада: тіл тұтынушылардың экспрессияға, атау үнемділігіне, ұқсастыруға ұмтылысы т.б. [36, б. 22].

Демек, Ресей ғалымдарының пікірінше, жоғарыда көрсетілген тұжырымдардың ішінде тиімдісі – шартты түрде «неологизмнің нақты-тарихи теориясы» деп аталатын Н.З. Котелованың тұжырымы. Ол, сайып келгенде, неологизм анықтамасының негізін құрайтын «жаңалық» ұғымы «уақыт» пен

«тілдік кеңістік» тұрғысынан қарастырылғанда ғана неологизмнің дәл мәні ашылатынын көрсетеді. Ресейлік неолог-ғалымның бұл тұжырымы осы саладағы шетел мамандарының пікірімен үндеседі.

Жаңа қолданыстардың жаңалық сипатын көптеген орыс және шетел ғалымдары спонтандық, контекстік аспектіде қарастырады (Е.В. Сенько [37], А. Рей [38] т.б.).

Неміс тіліндегі неологизмдерді Е.В. Розен тілді дамытушы жаңа лексикалық бірліктер ретінде санайды: «Неологизмами называются всякие вновь организованные в языке слова в течение всего времени пока они отмечаются как новые в языковом сознании носителей языка. Неологизмами, следовательно, называются все слова на начальном этапе их существования в языке, т.е. на том этапе, когда недавнее время появления слова, его новизна и отражение этих моментов в сознании носителей языка являются релевантными» [39, б. 53].

Қазіргі уақытта неологизмдердің дені – форма мен мағына жағынан жаңа және жаңа әлеуметтік-мәдени маңызы бар жаңа сөздер.

Л. Гилбер жаңа тіл бірліктерін құруға әсер ететін мынадай факторларды көрсетеді:

1. деноминативтік (жаңа нысанды тағайындау қажеттілігі);
2. стилистикалық (экспрессивті сөйлеу қажеттілігі);
3. тілдік жүйенің қысымы, яғни бұрыннан қолданыста бар модельдер негізінде ықтимал сөздерді қалыптастыру қажеттілігі.

Семантикалық салада олар жалпыланған бес тақырыптық топқа бөлінеді:

1. әлеуметтік және күнделікті өмірге қатысты;
2. компьютерлік технологиялар және әлеуметтік желілердегі;
3. әлеуметтік-экономикалық салаға қатысты;
4. әлеуметтік-саяси лексикаға қатысты;
5. адамдарды және олардың қажеттіліктерін, психикалық қасиеттерін, көзқарастары мен нанымдарын, стилін және т.б. сипаттайтын антропоэзектік сипаттама номинациясына қатысты [40, Б. 54-72].

Көріп отырғанымыздай, ғалымдардың көпшілігі неологизм түсінігінің басты белгісі ретінде жаңалықты көрсетеді. Басқаша айтқанда, неологизмдер – бұл тіл дамуында белгілі бір дәуірде қолданатын ұрпақ үшін жаңа сөздер.

Осыған орай, М. Тереза Кабре «Terminology: Theory, Methods and Applications» (1999) атты еңбегінде неологизмдерді танудың төрт критерийін атайды:

1. диахрондық өлшем – неологизмді заманауи тілдік мәтіндерде кездесетін, бірақ бұған дейін сол тілдің бірлігі болмаған сөздер;
2. лексикографиялық критерий – белгілі тілдің нормативті сөздіктерінде жоқ сөз неологизм болады;
3. жүйелі ресми немесе семантикалық тұрақсыздық критерийі, семантикалық, морфологиялық, фонетикалық немесе графикалық тұрақсыздықпен сипатталатын сөздер неологизмдер;
4. психологиялық: жаңалығын тіл иелері сезінетін сөз неологизмге жатады. Сонымен қатар неологизмдердің мынадай түрлерін көрсетеді:

1. неологизмдер – кірме сөздер (кірме сөздер, варваризмдер, ксенизмдер, калька сөздер);
2. морфологиялық (аффикстік) неологизмдер;
3. сөз біріктіру арқылы құрылған неологизмдер;
4. конверсияланған неологизмдер, қысқартулар [41].

Мысалы, неологизмдерде бейнеленген американдық өмір үлгісіне концептуалды талдау жүргізген Ресей ғалымы Т.А. Гуральниктің пікірінше, неологизмдерді жіктеудің әртүрлі параметрлері тілдік жүйеде жаңа лексикалық бірліктердің перифериялық мәртебесін анықтайды.

Жаңа сөздердің пайда болу себептеріне, сондай-ақ сөйлеу жоспары мен мазмұн жоспарының өзара әрекеттесу сипатына қарай, яғни кейбір неологизм топтары тілде сақталып қалудың жоғары деңгейіне ие болады. Себебі, семантикалық неологизмдер мен трансонимдер тілдің лексикалық жүйесінің шеткі жағында пайда болған сәттен бастап, лингвистикалық жүйе орталығымен лексика-парадигматикалық қарым-қатынаста болады [42].

Тверь университетінің профессоры С.И. Тогоеваның психолингвистикалық теориясына сәйкес неологизм тіл тұтынушысының жеке сөйлеу тәжірибесінде бұрын кездеспеген тілдік бірлік ретінде анықталады. Бұл жерде неологизм жаңалығының субъективті, индивидтік (жеке) сипатына мән беріледі [43, б. 17].

Бұл теорияны ұстанушы ғалымдар неологизмдер қазіргі сөздіктерде көрсетілмеген сөздер деп санайды. Осыған байланысты жаңа лексикалық бірліктерді сипаттауда қазіргі лингвистика мен қазақ тіл білімінде де, мазмұны жағынан бір-біріне жақын бірнеше термин қатар қолданылады: «неологизмдер», «инновациялар» («жаңартпалар»), «жаңа қолданыстар» т.б.

Дегенмен, орыс тіл білімінде бұл терминдер барынша жіктеліп қарастырылады. Мысалы «инновациялар» («жаңартпалар») тіл жүйесінің барлық деңгейлеріндегі жаңа құбылыстарды анықтауда қолданылса [44, б. 18], жаңа қолданыстар әртүрлі деңгейлердегі кез келген жаңартпаларды ғана емес, сонымен бірге тілде қалыптасқан сөзжасамдық модельдер бойынша жасалған жаңа номинативтік бірліктерді (неологизмдерді) де қамтиды [24].

В.И. Куликова өзінің зерттеулерінде «трансформация» деген терминді тілде бұрыннан бар мағынаны жаңа формада беретін жаңа атауларға қатысты қолданады. Яғни, әдеби тілде бұрыннан бар, бірақ жаңа мағынаға ие болған неологизмдерді «семантикалық жаңартпалар» деп анықтайды [45].

Сонымен, неологизмдерді психолингвистика тұрғысынан зерттеген – ресейлік ғалым С.И. Тогоева [46]; лингвомәдениеттану тұрғысынан – С.Г. Тер-Минасова [47]; әлеуметтік лингвистика тұрғысынан – жоғарыда аталған Т.А. Гуральник т.б.

Дегенмен неологизмдерді *тіл-таным* сабақтастығы тұрғысынан кешенді түрде зерттеу өзектілігі бұл мәселенің болашақ бағдарын көрсетеді. Бұл пікірімізді Ресейлік неолог-ғалым А.А. Брагинаның неологияның негізгі мәселелерін көрсеткен мына пікірі айқындай түседі:

- жаңа сөздерді және олардың мағыналарын тану жолдарын анықтау;

- қоғамның прагматикалық қажеттілігіне сай олардың пайда болуына әсер еткен факторларға талдау жасау;

- жаңа сөздердің қолданылу шегі мен құрылу модельдерін зерттеу;

- олардың әлеуметтік-кәсіби, жас ерекшелігіне сай не т.б. топтарда қабылдануы не қабылданбауына қатысты ұстанымдарды саралау [48, б. 6].

Неология ілімінің ғылыми-әдістемелік базасын анықтаған: Н.З. Котелова, А.А. Брагина, Л.Б. Гацалова, Е.А. Жданов, В.И. Заботкина, Т.В. Попова т.б. ғалымдардың еңбектерінде жасалған тұжырымдарға сәйкес неологизмдерге қатысты мынадай тілдік бірліктердің түрлері көрсетіледі:

Неолексемалар – өзге тілден енген жаңа сөздер не жаңа құрылымдар:

- қазақ тілінде: *менеджер, планшет, имидж, метро, тамагочи, сингл, селфи, бомж, файл, рейтинг, инновация* т.б.;

- түрік тілінде: *menajer* (менеджер), *tablet* (планшет), *imaj* (имидж), *metro* (метро), *tamagoçi* (тамагочи), *single* (сингл), *selfie* (селфи), *devalüasyon* (құнсыздану), *kurye* (шабарман), *sponsor* (демеуші) т.б.

Неофраземалар – жаңа идиомалық семантикаға ие болған жаңа тұрақты сөз тіркестері мен фразеологизмдер:

- қазақ тілінде: *Атымтай жомарт, көкек ана, құрсақ ана, көкек әке, қара жұма* т.б.;

- түрік тілінде: *taşıyıcı anne* (құрсақ ана), *Kara Cuma* (қара жұма), *trafik canavarı* (жол ережелерін бұзушы) т.б.

Неосемемалар – архаизмдер мен фразеологизмдердің жаңа мағыналары.

Мысалы: *экология* терминінің «тірі организмдердің тіршілік ортасымен арақатынасын зерттейтін биологияның саласы» деген тура мағынасына қосымша «тазалық, дұрыстық, үндестік, тазалыққа қамқорлық» деген ұғым өзектеліп, таным өрісіміздің кеңеюін бейнелейтін *рух экологиясы, тіл экологиясы, мәдениет экологиясы* т.б. жаңа тіркестер туды.

Түрік тілінде *çevre* сөзін осыған мысалға келтіруге болады. *Çevre* көне сөзі «жақын», «маңай» деген мағынаны білдірген. Қазіргі түрік лексикасында бұл сөз «орта», «сфера», «шеткі аймақ», «айнала» деген мағыналарға балама ретінде өте белсенді қолданылып жүр.

Бірақ соңғы кездері бұл сөз ағылшынша «environment» (қоршаған орта) терминінің баламасы ретінде ұсынылып, кең қолданыс тапты:

Мысалы: *Aynı zamanda Türkmen doğalgazının fizibilitesini de hazırlayan PLE danışmanlık firmasının Bakü-Ceyhan ile ilgili hazırladığı raporda çevre konuları geniş bir yer tutuyor* (Hürriyet, 03.03.1998). *Fabrika atıkları nedeniyle çevreye büyük zararı var* (Zaman, 21.04.1996). *Cem Bıçak, dünyada artan çevre kirliliği ve dönemsel olarak ortaya çıkan domuz gribi gibi salgın hastalıklar göz önüne alındığında, toplumsal hijyenin önemini daha da arttığını belirtti* (Milliyet, 26.12.2013).

Сондай-ақ, қазір өзекті болып отырған «экология» терминіне балама ретінде осы сөзден жасалған *çevre bilimi* сөзі көпшілік көңілінен шықты:

Мысалы: *Jeologlar ve çevre bilimi uzmanları, Dünya'nın yeni buzul çağına 1500 yıl sonra gireceğini tahmin ediyor* (Vatan, 10.01.2012). *ABD'nin Texas*

eyaletinde bulunan Huston-Tillotson Üniversitesi'nde çevre bilimi Profesörü Jeff Wilson, ilginç bir projeye başlamaya hazırlanıyor (Sabah, 10.07.2014). *Çocuklar, saat 12.00'de başlayacak şenlik için alanda kurulacak 30 farklı stantla, su dünyasını, böcekleri, evrimsel gelişimi, hücre biyolojisini, çevrebilimi konularını yakından tanıyacak* (Hürriyet, 02.06.2015).

Көрсетілген тілдік бірліктердің осындай жаңалану дәрежесіне байланысты неологизмдер екі түрге ажыратылып қарастырылуда:

1. «Абсолютті неологизмдер». Бұл түріне ғалымдар нақты сипаттамалы анықтама бере алмай, оның тілде бұрыннан бар // жоқтығымен шектеледі: *массмедиа, диджей, маклер, импичмент* т.б.

2. «Қатыстық неологизмдер». Бұрыннан бар тіл бірліктерінің қызметіне қатысты өзектеліп, жаңаланған түрлері. Кейде олар ауызекі тілден, диалектілік не кәсіби лексикадан да ауысып жатады: *кеден, ауқым, шабарман* т.б.

Сол сияқты неологизмдер «сөзжасамдық» және «лексикалық неологизмдер» деп те ажыратылады. Сөзжасамдық неологияда белгілі формалар мен жаңа мазмұнның «қаптама» үлгісін беретін тілде бар модельдер арқылы жасалған жаңа сөздер сөзжасамдық неологизмдер деп қарастырылады. Олар, негізінен, жаңа ұғымдарды белгілеуге қызмет ететін ғылыми және техникалық терминдер.

Ал лексикалық неологияда неологизмдер «денотативтік» (басқаша айтқанда деноминативтік, когнитивтік) және «стилистикалық» болып екіге жіктеледі. Стилистикалық неологизмдер көбіне тілде поэтикалық функция атқарады, оқушының назарын аударады, қосымша реңк береді. Сондықтан олар әдебиетшілер тарапынан белсенді түрде қолданылады.

Қазіргі заманда неологизмдердің пайда болуының негізгі себебі ғылым мен техниканың қарқынды дамуы, олардың бұқаралық ақпарат құралдары, ғаламтор және адам қызметінің барлық салаларын қамтитыны белгілі.

Ал, лингвистикалық талап тұрғысынан неологизмдерді жаңадан пайда болған лексикалық бірлік деп түсінуге болады, сонымен қатар бұл сөздерді мүлдем жаңа мән беретін синонимдер деп те қарауға болады.

Осыған байланысты неологияда неологизмдер жасалуының мынадай тәсілдері анықталған: сөзжасамдық, конверсия, қысқарту, бірігу т.б. Солардың ішінде, неологиялық үдерісте ең өнімдісі – сөзжасамдық тәсіл болып табылады.

Неология теориясы бойынша неологизмдердің пайда болуының екі түрі бар:

1. бұрын-соңды тілде болмаған жаңа ұғымдардың пайда болуына байланысты: *мультимедия, нанотехнология, сканер, ноутбук, электромобиль, смартфон* т.б.;

2. бұрыннан тілде бар атауларды жаңартып, ескіні жаңғыртып, жаңаша мән беріп, түрлендіріп қолдану жолымен пайда болады: *мұражай, әуежай, ұшақ, сынып, пайыз, құн* т.б. [12].

Ал түрік тіл біліміндегі ғылыми-зерттеу жұмыстары, біздің байқауымызша, көбінесе ХХ ғасырдың басында, не орта тұсында жарық көрген француз, неміс және ағылшын ғалымдарының еңбектеріне сүйенеді, солардың

қазір классикалық болып саналатын еңбектерін негізге алады: Karl Gustaf Andresen, Arsène Darmesteter, Friedrich Kluge, Ferdinand de Saussure, Jean Deny, Sir Gerard Clauson, Jost Trier, Kaare Grønbech, Georges Matoré, Andre Martinet, Stephen Ullmann, Andreas Tietze, William Francis Mackey, Gerhard Doerfer, Joe E. Pierce, Uriel Weinreich, Norbert Boretzky, Peter Kühn, Franz Munsa, H.W. Brands т.б.

Түрік тіл біліміндегі неология мәселелерін зерттеген ғалымдар мыналар: Hasan Tahsin Banguoğlu [49], Zeynep Korkmaz [50], Doğan Aksan [51], [52], Özcan Başkan [53], Berke Vardar [54], Ömer Demircan [55], Hamza Zülfikar [56], Kamile İmer [57], Şükrü Halûk Akalın [58, Б. 3-29], Süer Eker [59], Nalan Büyükkantarcioglu [60], Muhsin Karas [61, Б. 145-155], Sevgi Özel [62], Neşe Emecan [63], Günay Karaağaç [64] т.б.

Түрік лингвистері тілге енген неологизмдерді «yeni kelime» (жаңа сөз – Z. Korkmaz), «yeni öge» (жаңа элемент – K. İmer т.б. ғалымдар) және «yenicilik» (жаңашылдық – G. Karaağaç) деп атайды [58, б. 15].

Демек, неологизмдердің лингвистикалық мәртебесін айқындауға бағытталған ішкі және сыртқы неология мен қолданбалы зерттеулер саласындағы теориялық зерттеулер негізінде неологизмді әлеуметтік-тарихи санатқа жатқызуға болады. Ол «уақыт», «кеңістік», «қозғалыс» (әрекет) сияқты үш негізгі санат негізінде жаңару тұжырымдамасының көп жақты салыстырмалық ұғымын қалыптастырады.

Неологизмдердің әлеуметтік-мәдени мәні уақытша өзекті, психолингвистикалық және әлеуметтік маңыздылығының өлшемі т.б. критерийлері арқылы анықталып, лексикографиялық дәйектермен бекітіледі [65]. Шынында да, қоғамның ғылыми-техникалық, экономикалық өміріндегі өзгерістер мен жаңалықтар, мәдени-әлеуметтік өміріндегі жылдам өзгеретін басымдықтар – тілдегі жаңа атаулардың пайда болуының индикаторлары, номенклатурасы.

1.4 Жаңа қолданыстардың неографиялық тұрғыдан зерттелуі

XXI ғасыр басында лингвистиканың жаңа саласы қалыптасты. Ол – неологияның бір бөлімі ретінде қарастырылып, неологизмдердің лексикографиялық сипаттамасын дамытуға бағытталған неография.

Өркениетті елдерде қазіргі қоғамдағы жаңа ұғымдарды таңбалауға қатысты жаңа атаулар мен жаңа қолданыстарды жүйелі түрде түгендеп, қағазға түсіріп, арнайы сөздіктер арқылы түзу дәстүрі – қоғамдық-ғылыми талапқа сай қажеттілік.

Функционалды-семантикалық тұрғыдан іштей жаңғырып, жетілген тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметінің кеңеюін таңбалайтын жаңа сөздер мен жаңа қолданыстарды мерзімді түрде жинақтап, кітап етіп шығару дәстүрі, атап айтқанда, Түркия мен Ресейде қалыптасты.

Бұл тектес кешенді жұмыс, 1985 жылдан бері қазақ тіл білімінде де атқарылып, «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» деп аталатын жинақтың үш басылымы (1985, 1990 [66], 1992 [67] жж.) жарияланды.

2006 жылдан бастап жарық көрген 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» [68] көптеген жаңа қолданыстардың берілуі бұл мәселе түйінін толық шеше алмайтынын тілдік тәжірибе көрсетіп отыр. Сондықтан жаңа қолданыстарды арнайы жинақтаған лексикографиялық еңбектердің жаңа сапада жалғасын табуы қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге сай қызметін жүзеге асыруға өз септігін тигізеді. Бұл жинаққа енген сөздер мен сөз тіркестерінің барлығы бірдей ресми қабылданған, дайын атау-термин деп қарауға болмаса да, тілдегі қарқынды, жанды үдерістің сол кезеңдегі бір көрінісі деуге болады. Ондағы қолданыстардың біразы тілімізде солай қалыптасып, сөз байлығын толықтырса, енді бір тобы тіл талабынан шыға алмай, күндердің-күнінде өзінен-өзі қолданыстан шығып қалғаны да тіл қолданысы тәжірибесінде көрініс тауып отыр. Мысалы: *қалтафон, мүлікбасы, аспансерік, қаражатшы, өнернама, ауданышық, жүрісші, зәузатқор, аларман, салғыласу, бек, қылтима, шаптырма, іскі, өтіл* т.б.

Сондықтан академик Ә.Қайдар сөз байлығының сандық көрсеткішін ғана емес, сапалық сипатын анықтайтын мағына ауқымына, мағыналық реңктер алуандығына, көп мағыналылығына қарап анықтап, қазіргі таңда күн сайын қолданысқа кіріп жатқан жаңа атауларды да түгендеп, түзу маңыздылығын көрсетеді.

Кеңестік заманда шыққан 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» [69] қамтылған тілдік бірліктердің қатарында *тіл-қоғам, тіл-мәдениет* т.б. сабақтастығындағы жаңа қолданыстарға тиісті назар аударылмаса, жоғарыда көрсетілгендей, тәуелсіздік кезеңінде құрастырылған 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» белгі (метка) қойылып, жаңа қолданыстың біразы енді: *көшбасшы, пернетақта, ұлықтау, билік, сұрып, сыйақы, сынып, оралман, тілашар, көгілдірлер* т.б.

Ал түрік тіліндегі біртіндеп қолданыстан шығып қалған жаңа қолданыстар мыналар: *tükel* (түгел), *tin* (рух), *bayık* (айқын), *ökmen* (сот), *uçar* (хабар), *ege* (қамқоршы), *anmaç* (естелік), *arsuulusal* (халықаралық), *yeğinlik* (қызмет), *türüm* (құру), *saylav* (депутат), *yaltıraklı* (нұрлы), *cusun* (ру, тек), *sakman* (күзет), *nerse* (тақырып), *sorak* (мәселе), *ülec* (бөлік), *çoğay* (максимум), *betik* (парақ), *aytaç* (шешен), *aytaң* (сұхбаттас), *çemdes* (ұқсас), *ilbay* (губернатор) т.б. [70, б. 36].

Қазіргі тілдік қолданыстағы жаңа сөздердің стильдік қабаттарын, замандастарымыздың тілдік санасын қалыптастырудағы жаңа лексика ықпалын пайымдау үшін Ресей ғалымдары «Толковый словарь русского языка начала XXI века. Актуальная лексика» (2006) деген сөздікті құрастырған. Оның тілдік деректері қазіргі қоғамдық-әлеуметтік өзекті ұғымдарды атайды:

Агроөнеркәсіптік кешен (агропромышленный комплекс) – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын күрделі өнеркәсіптік құрылым;

Жаһандық дағдарыс (глобальный кризис) – дүние жүзін қамтитын экономикалық қиыншылық;

Азық-түлік қауіпсіздігі (продовольственная безопасность) – азық-түліктің жеткілікті болуын қамтамасыз ету;

Экономиканы индустрияландыру (индустриализация экономика) – экономиканы техника жетістіктерімен жарақтандыру;

Экономиканы әртараптандыру (диверсификация экономика) – экономиканы түрлі бағыттарда дамыту;

Модернизациялау (модернизация) – жаңарту, қазіргі заманға сай жабдықтау;

Бюджет қаржысы (бюджетные средства) – мемлекет пен әр түрлі мекемелердің белгілі бір мерзімге бөлінген қаржысы;

Жобалық-сметалық құжаттар (проектно-сметная документация) – белгілі бір жобаның нобайы мен қаржылық мөлшері қарастырылатын құжаттар;

Ұжымдық шарт (коллективный договор) – ұжым мүшелері мен жұмыс берушілер арасында жасалатын еңбек шарты;

Меморандум – белгілі бір мәселе бойынша баяндау жазбасы, қызмет анықтамасы;

Технология – белгілі бір нәтижеге жету жолындағы мақсатты әрекеттер жүйесі;

Формация – қоғам дамуындағы белгілі бір кезең;

Инжиниринг – маман-кеңесшілердің кәсіпорындар құру, өнімдер шығару, жобалар жазу мәселелерін талдап, әзірлеу жөніндегі қызметінің аясы;

IT-технология – ақпараттық (компьютерлік) технология;

Нанотехнология – заттарға атомдық және молекулалық деңгейде күрделі амалдар жасау технологиясы;

Логистика – тауардың өндірушіден бөлшек саудаға өту үдерісіндегі материалдық және ақпараттық ағынды басқару теориясы мен практикасы;

Инновациялық кластер (инновационный кластер) – өзара байланысты және белгілі бір уақыт аралығы мен экономикалық кеңістіктегі жаңа өнімдер мен технологиялардың тұтас жүйесі;

Технопарк – жоғары технологиялар саласындағы қызметтерді жүзеге асыруға арналған кешен [71].

Көріп отырғанымыздай, орыс тіл білімінде лексикологияның бір саласы ретіндегі неологизмдер туралы ғылым – неология ілімі мен неография сабақтас даму үстінде.

Неография жаңа сөздерді тіркеп қана қоймай, олардың пайда болуы мен қалыптасуын, тілдің қызметтік аспектісі тұрғысынан жүйеленуін де толық зерттеуді талап етеді: А.А. Брагина [72], Н.З. Котелова [73], В.В. Лопатин [28], Т.В. Попова [24], С.И. Тогоева [74] т.б.

Қазақ тіл біліміндегі (Ш. Сарыбаев, А. Алдашева т.б.) жаңа қолданыстар сөздігі мен анықтамалықтарында қазіргі қазақ тілінің жаңа лексикасын тіркеу қағидаттары мен әдістері қазіргі қазақ тілінің сөздік қорын дамыту динамикасын ашып қана қоймай, сонымен қатар жаңа номинацияның лингвистикалық және мәдени аспектілерін зерттеуге мүмкіндік береді, жаңа сөздердің ғылыми әлеуетін де көрсетеді. Бұл болашақта жаңа лексиканың этимологиялық, парадигматикалық, синтагматикалық және эпидигматикалық байланыстарын

ғана емес, сондай-ақ заманауи қазақ қоғамы тұжырымдамасының бөлігі болып табылатын негізгі түсініктер мазмұнын ашуға мүмкіндік береді.

Ал, Түркияда ұлттық тілді сақтап қалу шаралары әлдеқашан ерте басталған. Ататүріктің қатаң қадағалауымен 1928 жылы басталып, бүкіл елді қамтыған «Тіл төңкерісі» кезінде атқарылған көптеген шаралар тілдік қазынадағы рухани сөздерді ашып, түсіндіріп, жаңғыртуға бағытталды. Атап айтқанда, 1932 жылы «Түрік тілін қадағалау қоғамының» бірінші құрылтайында қабылданған бірінші қаулыға сәйкес ел аузындағы және көне кітаптардағы түрік тілінің бай сөздік қазынасын жинап, жарыққа шығару науқаны қызу түрде басталды.

Осылайша ел аузынан мақал-мәтел, нақыл сөз, ертегі, күлкілі әңгіме, аңыз, жұмбақ, халық әндері, махаббат дастандары, сопылық әдебиет, сондай-ақ салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар т.б. ауызша және жазбаша үлгілер жинастырылып, шамамен 160 ескі сөздік пен жазбаша туынды зерттелді.

Осының нәтижесінде 1943–1957 жылдар арасында Өмер Асым Аксой мен Дехри Дилчин басшылығымен төрт томдық «XIII. Asırdan Günümüze Kadar Kitaplardan Toplanmış Tanıklarıyla Tarama Sözlüğü» (XIII ғасырдан бергі жазбаша туындылардан жинақталған құрама сөздік) жарыққа шықты. Бұл сөздікке XIII–XIX ғасырлар арасында жазылған 160 жазбаша туындыдан жинақталған сөздер кірді [75, б. 144].

Кейінірек «Түрік тілі қоғамы» бұл сөздікті қайта өңдеп, толықтырып, оған тағы 67 шығарма қосып, жаңадан жазып шықты. 1963–1972 жылдар арасында бұл сөздіктің 6 томы жарық көрді [76, б. 227].

Осы тектес ауқымды зерттеу жұмыстары нәтижесінде көне түркі жазба туындыларынан мұқият іріктеліп, жинастырылып, заманауи түрік лексикасына енгізіліп, қолданыста жүрген көне түркі сөздері мыналар: *anayol* (көлік желісі, торап), *armağan* (сыйлық), *aydın* (зиялы), *katıksız* (таза), *kavram* (түсінік), *olağan* (кәдімгі, әдеттегі), *olgun* (жетілген), *onarmak* (жөндеу), *örnek* (мысал, үлгі), *pekışmek* (нығаю), *sayı* (сан), *tiiketmek* (тұтыну), *ağ* (жүйе), *alkış* (қол шапалақтау), *amaç* (мақсат), *bardak* (стақан), *cankurtaran* (құтқарушы), *cüce* (қортық), *dönek* (суайт), *ertelemek* (кейінге қалдыру), *gider* (шығын), *kayıtlı* (тіркелген), *kılık* (сырт пішін), *konaklamak* (қону), *konuşmak* (сөйлеу), *ortaç* (есімше), *ou vermek* (дауыс беру), *öğrenmek* (білім алу), *önermek* (ұсыну), *sağlamak* (қамтамасыз ету), *saldırmak* (шабуылдау), *sav* (дауа), *soygun* (тонау), *şen* (шаттық), *tabanca* (тапанша), *tapulamak* (иелік қағазын алу), *terlik* (тәпішке), *tutkun* (құмар), *zevzek* (өсекші), *fistik* (сұлу әйел), *gıcık* (қырсық), *göç* (көші-қон) т.б.

Ататүрік бастамасын жалғастырған Ұлттық білім беру министрлігі «Түрік тілі қоғамымен» тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп, 1937 ж. алғаш рет филологиялық бағыттағы терминологиялық сөздік жарық көрді. Сонымен бірге осы кезеңде түрік тілінде математика, физика, химия, биология секілді ғылым салаларына қатысты қазіргі мектеп жүйесінің оқыту тәжірибесінде белсенді қолданылатын терминдер жасалды.

Осылайша 40-шы жылдардың басында сөз тудыру тәсілдерін кеңінен қолдану нәтижесінде түрік тілі лексикасын толықтырып, жаңартқан ауқымды

жаңа сөздер қоры жинақталды. Олар «Түрік тілі қоғамы» тарапынан алғаш рет 1945 жылы шығарылған, кейін 10 рет (1955, 1959, 1966, 1969, 1974, 1983, 1988, 1998, 2005 жж.) қайта өңделіп, түзетіліп, толықтырылып басылған «Türkçe sözlük» (Түрік тілі сөздігіне) кірді. Сол арқылы оған жүйелі түрде жаңа сөздер мен терминдер енгізіліп, тілге сіңбеген жаңа қолданыстар мен диалектизмдер шығарылып отырды. Сөздіктің соңғы, 11-ші саны 2011 жылы жарық көрді. Соңғы сөздікке жалпы саны 122423 сөз кірді [77, Б. 11-22].

Жоғарыда көрсетілген «Түрік тілі сөздігінен» басқа да Түркияда көптеген терминологиялық, фразеологиялық, диалектологиялық, әмбебап т.б. арнайы сөздіктер басылып шықты [78, Б. 140-174]. Жалпы, Түркияда, 1937-1959 жж. арасында түрлі салаға қатысты 42 терминологиялық сөздік жарық көрді [79, Б. 41-57].

1.5 Түрік лексикасының жаңаруына ықпал еткен экстралингвистикалық факторлар

Қазіргі қазақ тіліндегідей, түрік тіліндегі жаңа қолданыстардың қалыптасу тарихы мен табиғатын жалпы түрік тілінің даму тарихымен тығыз байланыста қарастыру қазіргі заманға сай даму бағытын қажет етеді.

Түрік зерттеушісі М. Кахраман түрік тілі лексикасының терминдену үдерістерін «Түрік терминологиясы және классикалық кезең» атты мақаласында 5 кезеңге бөліп қарастырады. Бұл жерде түрік тілі терминологиясының тарихи даму үрдісі былайша көрініс табады:

1. 1100 – 1839 жж.: Классикалық кезең;
2. 1839 – 1876 жж.: Танзимат кезеңі;
3. 1878 – 1908 жж.: I Конституциялық басқару кезеңі;
4. 1908 – 1927 жж.: II Конституциялық басқару кезеңі;
5. 1923 – 2000 жж.: Ұлттық терминология кезеңі [80, б. 146].

Классикалық кезең. Бұл кезең қазіргі түрік тілі оғыз-селжұқ тайпалары тілдерінің ұзақ ғасырлық даму үдерісі негізінде қалыптасқан селжұқ және Осман мемлекеттері кезеңіндегі терминологияны сипаттайды.

XIV ғасырда империяға айналған Осман мемлекетінің X-XI ғасырларда Орта Азиядан Анатолия түбегіне келген оғыз-селжұқ тайпаларынан құралғаны тарихтан белгілі. XV-XVI ғасырларда өз дамуының шыңына жеткен Осман түрік империясының айқын белгісі – осы мемлекетте қалыптасқан түрік халқы мен түрік тілінің қалыптаса бастауы.

Тарихи-генетикалық жағынан агглютинативті түрік тіліне өз дамуының ұзақ тарихында ерекше ықпал еткен: флективті араб тілі мен аналитикалық парсы тілі.

Орта ғасырлық Еуропадағы латын тілі секілді мұсылман халықтары үшін дін, ғылым және мәдениет тілі ретінде қызмет еткен араб тілі VIII-X ғасырларда Африка мен Азияның үлкен бөлігіне шапқыншылық жасап, жаулап алған елдерінің тілдеріне өз ықпалын тигізді [81, б. 367].

Соның нақты бір көрінісі оғыз-селжұқ тайпаларының IX-X ғасырларда ислам дінін қабылдауынан басталады. Ал XI ғасырда Иран жерлеріне селжұқ

тайпалары кіріп, XII ғасырда Анатолияда селжұқтар мемлекетін құрғаннан кейін түрік тіліне парсы тілінің ықпалы күшейді. Парсы тілі селжұқ сұлтандары сарайындағы ресми және әдеби тіл ретінде қызмет ете бастады. Әлемдік өркениет тарихында көптеген шығыс халықтарының поэзиясы мен прозасының дамуына әсер еткен, аса бай мәдениетке ие Иран халқының тілі болып табылатын парсы тілінің ерекше ықпалы көрсетілген [82, б. 20].

Бірақ осы кезеңдегі түрік мемлекетіндегі мұсылмандық-діни лексика, әлеуметтік атаулар, ғылыми және арнайы терминологияда араб және парсы тілдерінің қызметі арқылы жіктелу жүйесі жүзеге асқан.

Бұл кезеңдегі түрік тілінің жағдайын қазақ даласындағы тілдік жағдаятпен салыстыруға болады. Тарихи деректерге сүйенсек, IX-X ғасырлардан бастап, діни және дерексіз ұғымдардың аталымына қатысты қазақ тіліне де көптеген араб сөздері енді. Бірақ қазақ даласындағы кейінгі қоғамдық-әлеуметтік даму бағытына сай бірте-бірте қазақ тіліндегі арабизмдерді көбінесе орыс тілінен енген жаңа сөздер ығыстыра бастағаны белгілі.

Парсы тілі арқылы тілге енген арабизмдер мен араб лексикасы, парсы лексикасы түрік көркем әдебиетінде, әсіресе поэзия тілінде (*Divan edebiyatı*) кеңінен пайдаланылды. Қазіргі түрік тілінде осы кезге дейін сақталған, түрік тілінің түрлі функционалдық стиліне енген араб және парсы лексикасының кейбір нұсқалары (көбінесе стильдік) да осыны дәлелдейді: түрікше *göz*, арабша *ayn*, парсыша *çeşm*; түрікше *ak*, арабша *beyaz*; түрікше *su*, парсыша *ab*; түрікше *kara*, парсыша *siyah* т.б.

Сонымен қатар, түрік селжұқтар мен османдар жаулап алған басқа халықтардың тілдерінен алынған кірме сөздер де түрік лексикасына енді. Әрине, бұл тілдер ішінде заманында ең қуатты мемлекеттердің бірі болып, жоғары дамыған Византия империясының негізгі тілі – грек тілінің орны ерекше болды. Түрік тіліне енген грек сөздері, көбінесе, топонимдер мен Кіші Азия және Жерорта теңізі аймақтарындағы географиялық атауларда және үй шаруашылығы, егін шаруашылығы, теңізде жүзу, балық аулауға қатысты атауларда кездесіп, сол кезеңдегі (XI-XV ғғ.) түрік тілінің негізгі сөздік қорына енді [83, Б. 93-121].

Мысалы: *körfez* – шығанақ, *defne* – лавр, *lodos* – оңтүстік жел, *fırın* – пеш, *ızgara* – гриль, *karides* – асшаян, *anahtar* – кілт, *kilit* – құлып, *kutu* – қорап, *fıçı* – бөшке, *yunus* – дельфин, *kiraz* – шие, *avlu* – аула, *balyoz* – зілбалға, *filiz* – өркен, *ihlamur* – жөке ағашы, *ıspanak* – асжапырақ, *maydanoz* – желкек, *kestane* – каштан, *iskele* – пирс, *pide* – пиде, *gübre* – тыңайтқыш, *yulaf* – сұлы, *fasulye* – үрмебұршақ, *bezelye* – бұршақ, *tırpan* – шалғы, *kaşar* – кашар (ірімшіктің түрі) т.б. [84, Б. 204-257].

Грек кірме сөздерімен қоса түрік тіліне батыс славян тілдерінен енген болгар, серб, македон, венгр, румын т.б. сөздер жалпы тіл білімінде «балканизмдер» деген атауға ие болды.

Мысалы: славян тілінен: *kapuska* – капуста (тағам түрі), *pulluk* – соқа, *patika* – жалғыз аяқжол, *çete* – банда, *rapatya* – түймедақ, *izbe* – үй, *vişne* – вишня, *piliç* – балапан т.б.; румын тілінен: *masa* – үстел т.б.; венгр тілінен: *varoş* – қала

маңы, *soba* – пеш, *gulaş* – гуляш, *korça* – ілгек, *palaska* – портупея, *salaş* – бейшара, *şarampol* – шарбақ, *katana* – қылыш т.б. [85, Б. 1-47].

Орта ғасырларда түріктермен тығыз мәдени-тарихи байланыста болған армян, күрт, итальян т.б. тілдерден енген кіре сөздер де бар.

Мысалы: армян тілінен: *torun* – немере, *pancar* – қызылша, *avanak* – ауылдан келген, *dangalak* – дөрекі, *pezevenk* – жеңгетай, *bidik* – қарны қампиған, *petek* – ара ұясы т.б.[86]; күрт тілінен: *keleş* – таз, *kirve* – кіндік әке, *halay* – би, *sacik* – джаджық (тағам түрі) т.б.; итальян тілінен: *makarna* – макарон, *makine* – машина, *kundura* – кебіс, *lokanta* – мейрамхана, *peçete* – майлық, *pusulula* – компас, *baston* – таяқ, *vazo* – ваза, *tiyatroy* – театр, *terakota* – терракота, *antika* – көне, *çinko* – мырыш, *bira* – сыра, *banyo* – ванна бөлмесі, *çapa* – зәкір, *baraka* – барак, *alabora* – аударылу, *kambiyo* – айырбас, *ciro* – тауар айналымы т.б. [87, Б. 135-153].

Дегенмен, тығыз қарым-қатынас нәтижесінде оғыз-селжұқ тайпалары тілдерінің лексика, фонетикадан бастап, морфология мен синтаксиске дейін көптеген өзгерістер енгізген араб және парсы тілдерінің күшті ықпалын ешкім жоққа шығара алмайды [88, б. 10]. Түрік тілінің дыбыстық жүйесіндегі бұл үрдістің анық көрінісін негізгі фонетикалық заңдылықтарының бұзылуы, сингармонизм заңының сақталмауы, түрік тіліндегі кірме дыбыстардың тоғысуы, дауыссыз дыбыстардың тіркесуі т.б. арқылы көрсетуге болады.

Осыған байланысты қазіргі таңдағы қазақ тілінің өзіндік болмысын сақтап қалу маңыздылығын түсінуде А. Байтұрсынұлының: «Қазақ тіліне енген кірме терминдер қазақ тілінің дыбысталу жүйесінің артикуляциялық заңдылығына бағынуы тиіс» деген ұстанымының мәні өзектеліп отыр.

Араб әліпбиіне негізделген түрік орфографиясы (1928 ж. дейін) бір жағынан, кірме лексиканың орфография мен орфоэпиялық заңдылықтарын таңбалап, бірақ, екінші жағынан, түрік сөздеріне қатысты қиыншылықтар да туындатты. Оның негізгі себебі – араб және түрік тілдері әр түрлі жүйеге жататындықтан, араб әліпбиі түрік тілінің фонемалық жүйесіне сәйкеспейді. Ал, морфологиялық деңгейдегі араб және парсы тілдерінің ерекшелігі түркі жүйесіне тән емес грамматикалық категориялардан көрінеді. Атап айтқанда, араб тіліндегі тұйық етістіктер жүйесі, есімшелер, грамматикалық род, сынық көпше түр формалары, жалғаулар т.б.

Түрік тілінде, синтаксиске қатысты, араб және парсы тілдерінің ықпалы сөз тіркестері (араб және парсы изафеттері) мен осы тілдерге тән грамматикалық тәсілдермен (артикульдер, жалғаулықтар т.б.) құрмалас сөйлемдер құру арқылы көрініс табады [89, б. 25]. Синтаксистік құрылымның араб және парсы тілдері ережелеріне сай түзілуі (негізгі мүшенің сөйлем басында келуі) түрік тілінің сөйлем құрылысына сәйкеспейді (түркі тілдерінде сөйлемнің негізгі мүшелері сөйлем соңында келеді) [90, б. 131].

Араб және парсы изафеттері ережелеріне сай құрастырылған бірқатар сөз тіркестері қазіргі түрік тілінде сақталып қалған: *lügat-it-türk* – түрік тілі сөздігі, *reisicumhur* – елбасы т.б.

Осман империясы тұсында қалыптасқан түрік тілінің мемлекеттік қызметіне сай көптеген саяси, экономикалық, мәдени, діни және басқа да

экстралингвистикалық факторлар нәтижесінде әлеуметтік жіктелу пайда болғаны тарихтан белгілі.

Осы жағдайдағы социалингвистикалық үдеріске сәйкес түрік тілінің қалыптасу барысындағы күшті әлеуметтік жіктелу нәтижесінде тілдің ішкі құрылымдық заңдылықтарына сәйкес қолданылу аясымен дәйектелетін функционалдық стильдер жүйесі пайда болды. Соның ішінде сұлтан сарайы мен феодалдық қоғамның ең жоғары тобына жататын тіл өкілдері мен дін адамдарының сөзінде араб, парсы және түркі тілдерінің лексика-грамматикалық элементтері тоғысқан, қолданылу аясы тар жоғары әдеби стиль туды [88, б. 24].

Келесі кезеңде сұлтан жарлықтары, ресми іс-қағаз, сот ісі құжаттары осы тілде жүргізіліп, жазу нормасы айқындала бастаған бұл тіл мемлекеттік тілге айналды. Бірақ бұл тіл көркем әдебиет пен ғылым тілінде қолданылғанмен, оның қызмет аясының тарлығы таза ауызекі тілге негізделген екінші тілдің пайда болуын қажет етті. Оның нақты дәлелі түрік әдеби тілінің классиктері Юнус Эмре (XIII ғ.) мен Әулие Челеби (XVII ғ.) шығармаларынан анық көрінеді.

Түркітанушы Тахсин Бангуоглу осман тілі дамуының негізгі 3 кезеңін атап көрсетеді:

1. Көне осман тілі кезеңі (Eski Osmanlıca) – XIII-XV ғғ. (1250-1450 жж.). Бұл кезеңде түрік мемлекеті қалыптасып, түрік тілі оғыз-селжұқ тайпаларынан бөлек шыға бастады, бірақ селжұқтардың төл шығармалары әлі сақталған, лексикасы таза түрікше сөздерден тұратын бай тіл еді. Араб, парсы және түрік тілдерінің араласқан қосындысынан жасалған «жоғары» әдеби тіл осы кезеңде қалыптаса бастады.

2. Орта осман тілі (Orta Osmanlıca) – XV-XIX ғғ. (1450-1840 жж.). Орта осман тілі – құрамында араб және парсы сөздері шектеусіз, сөз саптаулар мен грамматикалық формаларға толы түсініксіз тіл. Бұл – Осман империясындағы 90% араб-парсы лексикасынан құралып, халқының ауызекі тіліне әсерін тигізген тілдің әуелі «жоғары» стилінің өркендеп, кейін құлдыраған кезеңі. Осы кезеңде орта осман тілі мемлекеттік қызметтердің барлық салаларында: ғылымда, әдебиетте, өнерде кеңінен қолданылды. Сонымен қатар мемлекеттік тіл мен ислам діні тілі болып табылатын араб тілінің мәні мен қызметі күшейді. Жоғары стиль мен халықтың ауызекі тілі арасындағы үлкен айырмашылықтар нәтижесінде бұқара халық қоғам мен мәдени өмірде болып жатқан көптеген жағдайлардан сырт қалды.

3. Жаңа осман тілі (Yeni Osmanlıca) – XIX-XX ғғ. (1840-1910 жж.). Батыс өркениеті қажеттіліктерін Осман империясының бай құралдарымен қамтамасыз етуге тырысқан және өте табысты болған тіл, бірақ ол әлі де бұл ғасыр талап еткен ұлт тіліне (langue nationale) айнала алмады. Дегенмен осы кезеңдегі түрік тілінде төл сөздердің қызметі жанданып, түрік қоғамында шын мәніндегі түрікшелендіру үдерісі мен реформалау алғышарттарының нышандары қалыптаса бастады [91, Б. 16-17].

Танзимат кезеңі. Түріктердің мәдениеті мен өркениетіне жаңа серпін берген – XIX ғасырдан бастау алған саяси-қоғамдық және мәдени-әлеуметтік қозғалыстар. Қоғамдағы мәдени-рухани жаңғырулар тілге, жаңа ұғымдар мен

құбылыстар атауларын жасауға, терминдерге өз әсерін тигізді. Осыған орай тілдің қоғамдық қызметінің күшеюіне байланысты терминдер қолданысы жаңа өріске шықты. Соның негізінде білім беру саласы да жаңа деңгейге көтеріліп, түрік тілін араб және парсы тілдері әсерінен тазартуға бағытталған қозғалыс белең алды.

Танзимат дәуіріндегі ерекшелік – осман тілінің «жоғары» стилінен анық көрінетін Түркияның Еуропаға еліктеуі, түрік тіліне француз және т.б. Еуропа тілдерінен көптеген сөздердің енуі және олардың араб, парсы баламаларының калькалану арқылы түрік тілінде қолданылуы [92].

Мысалы: француз тілінде *opinion publique* – осман тілінде *efkari umumiye* (қоғамдық ой), француз тілінде *relations internationales* – осман тілінде *münasebati beynelmilel* (халықаралық қатынастар), француз тілінде *crise ministerielle* – осман тілінде *buhrani vukela* (министрлік дағдарыс) т.б.

1891 ж. құрылған «Servet-i Fünun» әдеби журналының реформист-мүшелері жаңа ұғымдарды білдіруде осман тілі лексикасының мүмкіншіліктерін жеткіліксіз деп санап, араб және парсы сөздерінен көптеген жаңа сөздерді алуды ұсынды [93, б. 409]. Мысалы: араб тілінен алынған *melkure* – ой, *usulliyat* – методология, *heyeti udul* – қазылар алқасы т.б. көптеген атаулар тек қана осман тілінде қолданыс тапқан.

Байқап отырғанымыздай, бұл кезеңде түрік тілін араб-парсы әсерінен тазартуға тырысқан реформалық әрекеттер, оның мәдени және саяси-қоғамдық өзгерістерге қатысты қызметін күшейтуге және түрік тілінің даму тарихына нақты үлес қоса алмады [94].

I Конституциялық басқару кезеңі. 1878-1908 жылдар аралығын қамтитын XIX ғасыр соңы тілдік реформаны жаңа деңгейде жүзеге асыруға бел буған түріктердің ұлттық қозғалысының басталуымен сипатталады [95]. Бұл кезеңде нақты түрде араб тіліндегі терминдермен қатар таза түрікше терминдер де жасала бастады. Бастапқы кезеңде ағартушылық сипат басым болған бұл қозғалыс құрамында «Yeni Osmanlılar» (жаңа османдықтар) ұйымының мүшелері және белгілі ағартушы, жазушы Намык Кемаль бастаған бірқатар зиялы топ болды. Империя тұтастығын тіл арқылы сақтау шараларын іздестіруді мақсат еткен реформалық қозғалыс толқыны өкілдері түрік тілінің дамуы, оның әдеби тіл дәрежесіне көтерілуі мен ағарту ісіне өз шығармашылығы арқылы зор үлес қосты.

1889 жылы Ыстанбұлда Түркияның шет аймақтарында конституциялық мемлекет құруды мақсат еткен «Birlik ve İlerleme Partisi» (Бірлік және прогресс партиясы) құрылды.

Сонымен қатар, ел экономикасын көтеру, реформалық шаралар жүргізу арқылы қоғамды жан-жақты жаңартуды көздеген, өздерін «Genç Türkler» (жас түріктер) деп атаған қозғалыс туды. «Жас түріктер» қызметі XX ғасыр басында, Осман империясы әлсіреп, күйреу алдында тұрған кезеңде жандана түсті. Осман империясын оқшаулау мақсатында батыс державалардың Македонияны бөліп алмақ болған саясатына қарсы тұра алмаған сұлтан өкіметінің әлсіздігіне наразылық білдірген түрік әскери бөлімдері 1908 жылы шілдеде көтеріліске

шықты [96, б. 438]. Тарихшы-ғалымдар бұл көтерілісті «Жас түріктер төңкерісінің басы» деп бағалайды [97, б. 324]. Басқа аймақтардағы әскери бөлімдер де келіп, қосылған «Жас түріктер» қозғалысының қысымынан қорыққан сұлтан 1908 жылғы шілденің 24-нде 1876 жылғы конституцияны қалпына келтіріп, парламентті жинауға мәжбүр болды [98, б. 128]. Соның арқасында, жаңа парламентте басымдыққа ие болып, жеңіске жеткен және елдің әскери күшіне сүйенген «Жас түріктер» шын мәнінде елде өз билігін орнатып, 1909 жылы II Абдул Хамит сұлтанды тақтан тайдырды. V Мехмедті жаңа сұлтан сайлаған «Жас түріктер» 1908 жылы Осман империясында басқарудың конституциялық нысанын орнатты.

Түріктердің ұлттық ой-санасына ықпал етіп, оны оятқанына қарамастан, тарихшы-ғалымдардың пікірінше, «Жас түріктер төңкерісі» де Танзимат кезеңіндегідей, тіл реформасын жүзеге асыра алмады [99].

II Конституциялық басқару кезеңі. 1908-1927 жылдар аралығы. Ұлттық реформа алдындағы бұл өтпелі кезеңде араб тілді терминдердің орнына түрік тілінің төл сөздерінен, не болмаса шетелдік түбірлерге түрік қосымшаларын жалғау арқылы терминдер жасала басталды [100].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында Осман мемлекеті саяси, әскери, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан дамып, күшейе алмағандықтан, ел ішіндегі этникалық қақтығыстар мен Еуропа мемлекеттерінің тұрақты қысымына төзе алмайтын халге жетті.

Осындай шарттар аясында басталған 1900 жылдардағы алғашқы маңызды оқиға, жоғарыда көрсетілгендей, 1908 жылы Түркияда конституциялық басқару жүйесінің енгізілуі болды. Осылайша 1876 жылдан бері жалғасып келген және абсолюттік монархиялық билікке негізделген сұлтан Әбділхамиттің режимі аяқталып, ел мәжіліс арқылы басқарылатын болды.

Алайда Осман мемлекетінің өз ішіндегі қолайсыз жағдайларды былай қойғанда, 1911 жылы Италияның Ливияны басып алуы, 1912 жылы Балқан соғысының басталуы және бұлардың артынан бүкіл елді өртті мекенге айналдырған Бірінші дүниежүзілік соғыс іс жүзінде Осман мемлекетін жойып, Түркияның біраз жерін Еуропа елдері уақытша басып алды, армия таратылды [101, б. 157].

Кедейлікке душар болып, шаршаған халық басып алынған жерлерде грек және армян зұлымдығына ұшырады. Гректер мен армяндар ауылдар мен қалаларды өртеді, түрік халқын мүлде жойып жіберу мақсатында адамзат тарихында болып көрмеген ұжымдық қылмыстар жасады [102, Б. 67-68], [103].

Өз тарихында ешқашан ешкімге бодан болып, отар болып көрмеген түрік елі енді біржолата жоқ болып кету қаупімен бетпе-бет келді. Сөйтіп, 1911 жылдан бастап бүкіл әлемнің дерлік шабуылына ұшыраған және гректермен, сербтермен, бұлғарлармен, ағылшындармен, француздармен, орыстармен, армяндармен, арабтармен, австриялықтармен, тіпті жаңа зеландиялықтармен және үнділермен соғысуға мәжбүр болған түріктер, 1919 жылы бүгінгі Отанын құтқару және тәуелсіздігін қорғау үшін бар күшін жинап, Ататүрік басшылығымен «Өлім не өмір» күресін бастады [104].

Түркиядағы бұл ұлт-азаттық соғыс 1922 жылы жеңіспен аяқталды. Көп адам шығынына ұшырай отырып, түрік халқы жағдайы қанша қиын болса да, тәуелсіздігін сақтап қалды [105, б. 707]. Соның нәтижесінде Осман империясы тарих сахнасынан кетіп, оның орнына 1923 жылдың күзінде қазіргі Түркия республикасы, яғни жаңа түрік мемлекеті өмірге келді.

Тарихи-ғылыми талдамада Түркия республикасы – сол Осман мемлекетінің жалғасы, бірақ қазіргі заманға, кезеңге лайық басқа сипаттағы құрылым деп бағаланады [106, Б. 47-48]. Себебі Түркия республикасы өмірге келгенше де «мемлекетті қалай сақтап қалуға болады?» деген сұрақ күн тәртібінде болып, интеллигенция, зиялы қауым өкілдері тарапынан түрлі саяси-идеологиялық бағыттар ұсынылып, мұның түрлі жолдары іздестіріліп, түрлі ой-пікірлер мен ұсыныстар айтылды, тұжырымдар алға тартылды.

Нақты айтқанда, кезінде үлкен саяси, рухани пікірталас туғызып, түрлі жиналыстар өткізіліп, мыңдаған мақала, жүздеген кітап жазылған мұндай бағыттар, ағымдар үшеу болды: «османшылық», «исламшылдық», «түрікшілік».

Алайда бұл үш саяси ағым ішінен «түрікшілік» қана өміршең болып шықты. Өйткені Осман империясы өктемдігінен ажыраған мемлекеттердің енді Османдық дәстүрлерді жалғастырып, жаңғыртып, Осман империясы аясындағы түр-түсі, діні мен ділі, мәдениеті мен мақсат-мүддесі түріктерден бөлек халықтар бірлігін қайта қалпына келтіру енді мүмкін емес болатын. Ислам бірлігі идеясы да Осман империясымен бірге өз күшін жойды.

Сондықтан жалғыз жол – түріктердің өз тілі мен мәдениетін, салт-дәстүрлері мен ұлттық мақсат-мүдделерін бір арнаға тоғыстырып, шынайы түрік болмысын түлетіп, түріктік сананы оятып, жаңа түрік мемлекетін құру болды. Бұлай деп отырғанымыз – Осман дәуірінде «түрік» атауы ұмытылған еді. Тіл де, әдебиет те, тіпті ұлт та «османдық» деп аталатын. Османдық – бұл мемлекеттің, яғни империяның аты болатын. Оның құрамына көптеген ел, ұлт кіретін. Олардың бәрі дерлік Осман мемлекеті құрамынан шыққаннан кейін бұл елде, яғни Анатолияда қалған ұлттың аты «түрік ұлты», тілі «түрік тілі», әдебиеті «түрік әдебиеті» деп аталуы тиіс еді. Бұл Осман дәуірі кезеңіндегі сананы өзгертіп, түріктің ұлттық санасын ояту үшін керек еді.

Ол үшін біраз жұмыстар істеліп, насихат жасалуы, бұл бағытта түрлі ұйымдар құрылуы тиіс еді. Осыған орай, түрікшілдік жұмыстар ең алдымен тіл саласында басталды. Оның ең басында сол кезеңге дейін түрік, араб және парсы тілдері элементтерінен құралған қойыртпақ тілді тазартып, оны зиялы қауым мен қарапайым халық бірдей түсінетін түрік тіліне айналдыру мәселесі тұрды. Өйткені ол кездегі түрік тілінде араб-парсы тілдерінен алынған сөздер, сөз тіркестері мен қосымшалар өте көп болғандықтан, оны араб-парсы тілдерін білетін Османдық зиялылар ғана түсінетін, ал қарапайым түріктер түсіне бермейтін.

Бұл игі істі 1911 жылы құрылған «Genç kalemler» (Жас қаламдар) журналында қызмет еткен Өмер Сейфеттин атты жазушы мен Зия Гөкалп есімді ойшыл, философ әрі ақын бастады.

Түрікшілдік идеяларын насихаттауда Зия Гөкалптың (1876-1924) еңбегі орасан зор [107, б. 3]. Оның қаламынан оннан астам кітап, көптеген өлеңдер мен дастандар, ғылыми және публицистикалық мақалалар туды [108].

Түріктік болмысты түлету, түріктік сана-сезімді ояту, халықты, әсіресе жастарды осы бағытта тәрбиелеу жолында, 1912 жылы, яғни XX ғасыр басында құрылған «Türk osakları» (Түрік ошақтары) журналы үлкен рөл атқарды [109].

Жаңа тұрпатты түрік мемлекеті – Түркия Республикасының негізін қалау барысында Зия Гөкалп пен Жүсіп Ақшораның пікірлері ұлт көсемі Ататүрікке де игі әсерін тигізді. Ататүрік Зия Гөкалп туралы айта келіп, былай деген: «Етім мен сүйегімнің әкесі Әли Рыза әпенді болса, ой-пікірлерімнің әкесі – Зия Гөкалп» [110, Б. 25-50].

Бұл басылым күні бүгінге дейін «Türk osakları» қоғамдық ұйымының ғылыми-теориялық басылымы ретінде «жоғары» әдеби стильді жалпыұлттық тілге айналдыру үрдісін жалғастыруда.

«Genç kalemler» журналы «жоғары» стиль мен ауызекі сөйлеу тілін біріктіріп, арасындағы айырмашылықтарды азайтудың жолы ретінде «жаңа тіл» (yeni lisan) қалыптастыруды ұсынды [111]. Сонымен қатар журнал қызметкерлері түрікше баламасы бар араб, парсы сөздерін қолдануға шектеу қою, жат грамматикалық ережелерден бас тарту, түрік тілінің сөздік қорын жетілдіру, оның жазуы мен орфографиясын тілдің төл болмысына сай жаңғырту, жаңарту, ұлттық түрік тілінің тарихи-мәдени негіздерін анықтауға қатысты өз ой-пікірлерін ұсынды.

Бірақ, тіл реформистерінің ғылыми-теориялық дайындықтарының әлсіздігі кертартпа күштерге төтеп бере алмады. Соның салдарынан реформа бөгеліп, «жоғары» стиль түрік тілінде одан әрі дараланып кетті.

Ұлттық терминология кезеңі. Бұл – тілдің өз мүмкіншіліктеріне сүйеніп, төл терминдер жасау үрдісі қалыптасқан кезең. Ол өз ішінде 3 кезеңге бөлінеді:

1. 1923-1945 жж.
2. 1945-1980 жж.
3. 1980-2000 жж. [80, б. 146].

Қазіргі түрік тілінің даму тарихына едәуір әсер еткен осы кезеңнің ғылыми-сипаттамалық дәйегіне келесі тараушада тоқталамыз.

1.5.1 Түрік тілінің даму тарихындағы реформалау үдерісі

Осман империясы құлдырап, ұлт-азаттық қозғалыстар күшеюі нәтижесінде 1923 жылы ресми түрде Түрік Республикасы жарияланғаннан кейін тіл реформасының дамуына қолайлы жағдайлар туды. Жаңадан құрылған Түркия мемлекетінде барлық саладағы негізгі парадигмалар өзгерді.

Тілге қатысты да, яғни араб-парсы элементтерінен арылуға бағытталған жаңа тіл – ана тіліне ауысу бағыты пайда болды. Өйткені жаңа түрік мемлекеті ұлттық мемлекет еді. «Бір мемлекет, бір ұлт, бір байрақ» деген үндеуді басшылыққа алған түріктер шамамен 150 жылдан бері жалғасып келген түрік терминологиясы мәселесін Ататүрік негізін салған Республика дәуірінде ғана

түбегейлі түрде қолға алды. Бұл қозғалыс түрік тіл білімінде «Dil devrimi» (Тіл төңкерісі) деген атқа ие болды [112].

Түрік тілін шын мәнінде реформалау қозғалысын Түркия Республикасының негізін салушы Мұстафа Кемаль Ататүрік бастады [113].

Аталмыш үдеріс кезінде Түркияда білікті тілші-ғалымдар өте аз еді. Ататүрік те тілші емес еді [114, б. 71]. Бірақ ол көп ізденді, тіл мәселелеріне қатысты өте көп әдебиет оқыды. Соның арқасында дұрыс шешімдер қабылдап, алдына қойған мақсаттан ауытқымады [115, б. 2].

Ататүріктің өзінің бүкіл мирасын түрік тілі қоғамдарына қалдыруы оның тіл мәселесіне қаншалықты мән бергендігінің көрсеткіші [116, Б. 34-35]. Сондықтан ол құрған «Ulus inşası» (ұлт құрылысы) атты үдерістің негізгі элементтерінің бірі – ұлттық тілді қалыптастыру еді.

Түрік лингвисті Берке Вардардың ойынша: «Ататүріктің тікелей басшылығымен басталған «Тіл төңкерісі», тілдік жоспарлаудың Түркия нұсқасы ретінде әлемдік «ұлт құрылысы» жобаларының көрнекті бір үлгісі болып табылады» [117, Б. 385-389].

«Тіл төңкерісінің» негізгі міндеттері ретінде: түрік тілінің сөз құрамын жетілдіріп, функционалдық стильдерін жаңарту, грамматикалық, стилистикалық, орфографиялық нормалар мен ережелерді қалыптастыру мәселелері белгіленді.

Түрік тілі мен түркі тілдерінің ішкі әлеуетін барынша пайдалану арқылы ортақ ұлттық әдеби тіл нормасын қалыптастыруды көздеген тіл жанашырлары мен қалың жұртшылық (мұғалімдер, жазушылар, журналистер) қолдауымен түрік лексикасы мен терминологиясын қайта өзгерту және «özdeşme» (тілді бөгде элементтерден тазалау) қозғалысы етек алды. Оның мақсаты – тілге ежелгі өзіндік ерекшелігін қайтару. Сайып келгенде, бұл қозғалыс Түркияның жаңа әлеуметтік қарым-қатынастарына сай жазба тілді бұқарашылдандырып, әдеби тілді халық тілімен жақындастыру бағытын ұстанды. Осы кезден бастап «осман тілі» терминінің орнына «түрік тілі», «османлыша» сөзінің орнына «түрікше» сөзі қолданыла бастады.

Түрік тарихшысы және дипломат Билал Шимшир «Türk Yazı Devrimi» (Түрік жазуының төңкерісі) (1992) атты еңбегінде 1928 ж. түріктердің араб графикасынан бас тартып, түрік тілінің төл дыбыстық жүйесіне сай жасалған латын графикасына көшуін ең маңызды оқиға деп атап көрсетеді. Себебі, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы түрік қоғамының тілдік қолданысында араб-парсы элементтерінің көптігінен қарапайым оқырман өз ана тілін түсіне алмайтын, немесе зиялылар көмегімен әрең түсінетін жағдаят қалыптасты [118, б. 234]. Осы себепті 1929 ж. түрік мектептерінде араб және парсы тілдерін оқытуға ресми түрде тыйым салынды.

Ататүрік басшылығымен 1932 ж. 12 шілдесінде құрылған «Türk Dili Tetkik Cemiyeti» (Түрік тілін қадағалау қоғамы) тіл реформасының негізгі ғылыми және ұйымдастыру орталығы ретінде тағайындалды. Оның мақсаты: «Түрік тілінің табиғи сұлулығы мен байлығын паш ету, оны әлем тілдері арасында өз құндылығына сай биіктерге шығару» еді.

Осылайша Ататүріктің тікелей қатысуымен 1932 жылдың 26 қыркүйегінде өткізілген «Түрік тілін қадағалау қоғамының» бірінші құрылтайында бірнеше қаулы қабылданды:

1. Ел аузындағы және көне кітаптардағы түрік тілінің бай сөздік қазынасын жинап, шығару;

2. Түрік тілінде жаңа сөз жасау жолдарын іздестіріп, түрік түбірлері негізінде жаңа сөздер жасау;

3. Түрік тілінің жазу тілінде көп қолданылып жүрген шет тілдерден енген сөздердің орнына таза түрік сөздерін тауып, оларды жарыққа шығарып, игеру» [56, б. 175].

Қоғамның 1934 жылы өткен екінші құрылтайында қоғамның аты «Türk Dili Araştırma Kurumu» (Түрік тілін зерттеу қоғамы), ал 1936 жылы өткен үшінші құрылтайда «Türk Dil Kurumu» (Түрік тілі қоғамы) болып өзгертілді.

Көрнекті түрік ғалымы Осман Серткая өз зерттеуінде [119, Б. 11-15] Ататүріктің түрік тіліне қатысты қызметін үш кезеңге бөлген:

1) Aşırı tasfiyecilik devresi (Асыра сілтеушілік кезеңі).

1932 жылғы 12 шілдеде «Түрік тілін қадағалау қоғамы» құрылғаннан бастап 1934 жылы «Söz Derleme Dergisi» (Диалектологиялық журнал) шыққанға дейінгі кезең. Оның мақсаты – тілді шет тілдік элементтерден толық тазарту еді. Бұл кезеңде Ататүрік тілді бөгде элементтерден түгел тазартып, тілдік қазынаның көнелігін, байлығын дәлелдеп, бұрынғы терминдерді түрікшелендіріп, жаңадан жасалатын жаңа атаулардың түрікше түбір, қосымшалардан жасалуын көздеді.

Алайда тілді тазарту науқаны кезінде асыра сілтеушілер түрік тіліне теріс әсерін тигізді: жаңа сөз жасау ісімен әркім өз бетінше шұғылданып кетті. Әр жерде әр түрлі терминдер қолданылып, тілдің берекесі қашты. Бұл талай жөнсіздіктерге әкеліп соқты. Өйткені әркім өзі ұнатқан сөзді қолдана бастады. Мысалы, арабша *akıl* (ақыл) сөзге балама ретінде төмендегі 28 сөз ұсынылды: *an, ang, anlayış, arga, ay, ayla, baş, biliğ, bilgü, böğüş, düşünme, es, is, kapar, kıygi, ok, on (ön), oy, öğ (ök), sağ, sağış, sime, uğuk, us, uz, üğ, ük, zerey.*

Ал *acele* сөзінің 41 баламасы бар еді [120, б. 114]. Осының салдарынан тілде грамматикалық және семантикалық тұрғыдан қате сөздер көбейіп кетіп, жалған тіл қалыптасты [121, б. 374]. Мұндай тілдің ұлттық тіл бола алмасы анық еді. Өйткені белгілі бір топ мүшелері ғана түсінетін бұл сөздердің не түбірі, не түбірге жалғанған морфемалары таза түрікше болмай шығады.

Ғалым Фарук Тимурташтың ойынша: ««Белгілі бір түбір мен белсенді бір морфеманы пайдалану, морфема функциясы мен мағынасы арасындағы параллелизм, жасалған сөздің фонетикалық тұрғыдан әуезді болуы» деген сипатқа ие болмаған сөз грамматикалық ережелерге сай болмағандықтан қате болып шығады» [122, б. 25].

Ал, тілші-ғалым Тахсин Бангуоглу өз ойларын былайша білдірді: «Лексиканың ұлттық қазына ретінде сақталып, баюы жалған және шетелдік сөздердің әсерінен аулақ болуына байланысты. Сонымен қатар, сөздер дұрыс жасалып, дұрыс сөз тіркестері құрылуы тиіс. Бірақ, асыра сілтеушіліктен сақтану

керек» [123, б. 73]. Мысалы: *rastlantı* сөзінің түбірі *rast* пен *zorunlu* сөзінің түбірі *zor* – түрік тіліндегі парсы бірліктері.

Профессор Ахмет Ерджиласунның да осы орайдағы пікірі назар аударады: «Мұндай сөздер ғылыми тілге де кіре алмайды. *Bağımsız* сөзі форма жағынан қате. Өйткені *bağ* сөзіне жалғанған + I (m) – етістіктен есім тудыратын морфема (*alim, satım*) [124, Б. 121-122].

Басқа ғалымдар да бұған тілдік қолданыстан нақты деректер келтіреді. Мысалы Фарук Тимурташ: «Жасалған жаңа сөздер тілімізде біртектілік болмағандықтан, әлі де толығымен сіңісіп кетпей жатыр әрі түсінік қателігіне байланысты оларды дұрыс қолданбау жағдайлары орын алуда. Осы тектес бірнеше сөзге мысал келтірейік: *Hafıza* сөзіне балама ретінде ұсынылған әрі психология термині болып табылатын *bellek* сөзі, *bellemek* етістігіне -к сөз тудырушы морфема жалғану арқылы жасалған. Бірақ бұл сөз форма жағынан дұрыс болғанымен мағына және түсінік тұрғысынан қате. *Bellemek* сөзі «үйрену», «білу» дегенді білдіреді. *Hafıza* сөзі болса – «алған білімді есте сақтау қабілеті». Негізі бұл сөз *hıfz* деген түбір сөзден жасалған, яғни «сақтау», «қорғау» дегенді білдіреді. *Bellek* сөзі бұл мағынаны қамтымайды» деп, өз ойын жалғастырады [122, Б. 45-46].

Сонымен қатар: ««Қиял, бейне, пішін, көрініс» мағыналарын білдіретін *imge* сөзі – француз тіліне ұқсатылып жасалған сөздердің бірі. Тілдің тарихи кезеңдеріне көз жүгірткенде бұл сөз еш жерде кездеспейді. Түрікше *im* сөзі, «белгі», «шартты белгі», «күпиясөз» дегенді білдіреді. Осы түбір сөзге қосылған -*ga* морфемасы *başka, özge* сияқты шектеулі сөздерде кездесетін өлі морфема. *Im* «елес», «бейне» деген мағынаны білдірмейді. *İmge* сөзі французша «елес», «пішін» дегенді білдіретін *image* сөзіндегі дауысты «а» әрпін азайту арқылы жасалған сөз. Кейініректе осы *imge* сөзіне ұқсастырылып *simge* сөзі жасалған. Бұл сөз «таңба» деген мағынаны білдіреді. Бұл екі сөз шет тілдік сөздерді мысалға алып, қате түбір мен морфемалардан жасалған сәтсіз баламалар», - дейді ғалым Тимурташ [122, б. 35].

«Асыра сілтеушілер, *avdet* орнына *dönüş, faaliyet* орнына *çalışma* деген сөзді қолданғысы келеді. Барлық синонимдер тілден шығарылып, тіл жұтандады. *Kara* бар деп *siyah, aylık* бар деп *maaş, otak* бар деп *çadır* сөздерін тілден мүлдем шығарып тастауға болмайды. Өйткені тіл осылай байиды» дейді ғалым Исмаил Данишменд [125, Б. 100-101].

Профессор Ахмет Ерджиласун осы ойды былайша жалғастырады: «Асыра сілтеушілікті туындатқан теріс құбылыстарға келер болсақ, олар мыналар: қолданыстан шығып қалған және жаңа ұрпаққа жат сөздер, жас ұрпақтың әдеби шығармаларды ұғынуын қиындатты. Таза түрікшелендіру науқанын жақтаушылардың мақсаты ауызекі тіл мен зиялы қауым тілі арасындағы айырмашылықтарды жою болғанына қарамастан, жаңа сөздерді қарапайым халық түсінбей, нәтижесінде осы екі топ арасындағы айырмашылықтар сақталып қалды. Түрік тілінен шығарылған сөздер әзірбайжан, өзбек, татар және т.б. түркі тілдерінде бар. Бірақ аталмыш тілдердегі жаңа сөздердің баламалары белгісіз болғандықтан өзара қарым-қатынаста түсініспеушіліктер пайда болды. Жаңа

сөздерде түсінік шатасуы сезіледі және олар қате контексте қолданылуда (мысалы, *süre* орнына *süreç*, *mukabil* орнына *karşın* сөзін қолдану). Түрік мәдениетіне сіңісіп, ұзақ уақыт бойы халық арасында қолданылып жүрген күнделікті сөздерге аса мән берілгендіктен, термин мәселесі еленбей, түбірі шетелдік сөздер мен терминдер түрік тіліне ықпал етуде» [124, Б. 20-21].

Ғалым Аталай «Тілді бөгде элементтерден тазалау» науқанына қатысты жасаған сараптамасында: «*Tabı*’ сөзіне балама болып жүрген *baskı* сөзі де дұрыс емес. – *gi* морфемасы көбінесе құрал атауын жасау үшін пайдаланылады. Темекі өсірілетін жерлерде қолданылатын «темекіні басқыға қойдық» деген сөйлемде «темекіні басып тұратын нәрсенің астына қойдық» деген мағына бар. Яғни *tabı*’ сөзінің баламасы *basım* болу керек. Осы морфема арқылы *saygı* (құрмет), *duygu* (сезім) сөздері де жасалды. Сондай-ақ *lahika* сөзіне балама ретінде *eklenti* сөзі ұсынылды. Бұл сөздегі + (I) *nti* морфемасы сөз семантикасына «жасалып біткен» деген мағына кодтап тұр. *Sarsıntı*, *yıkıntı*, *gürültü* т.б. сөздер – белгілі бір жұмыс, іс нәтижесінде пайда болған туындылар. Қосымша болса тіркелген сөзбен бір бүтін құрайды. Яғни тіркелгенге дейінгі бөлікті де қосымша ретінде қарастыруға болады. Мұның *eklenti* сөзіне еш қатысы жоқ. Өйткені *eklenti* сөзі «тіркелгеннен кейін пайда болған нәрсе» деген мағынаны білдіреді» деп осы ойды жалғастырады [126, Б. 31-32].

Тілді түрікшелендіру үдерісінде асыра сілтеушіліктің оң нәтижелерден гөрі теріс нәтижелері көбірек болды. Шет тілдері ықпалынан құтылудың орнына түрік тілі одан да қиын жағдайға тап болды. Себебі тіл білімінен жұрдай адамдардың шет елдік сөздерге тапқан баламалары түрік тілі жүйесіне сәйкес келмеді және дыбыс, пішін, мағына тұрғысынан түрік тілі ерекшеліктеріне қарама-қайшы болды. Осының салдарынан қате сөзжасамдар пайда болды. Дегенмен, қате болғанына қарамастан, қазіргі тілде кеңінен қолданылып жүрген баламалар да бар.

Түрік тілі шектеусіз материал өндіре алатын аса бай тіл болғанына қарамастан, дұрыс, саналы түрде игерілмегендіктен «Тілді бөгде элементтерден тазалау» науқаны қойылған мақсатқа жете алмады.

2. Tereddüt devresi (Күмәнді кезең).

1934 жылы «Диалектологиялық журнал» шыққан күннен бастап 1936 жылдың 24 тамызында «Күн тілі теориясы» жарияланғанға дейінгі кезең. Бұл кезеңде Ататүрік тілді таза түрікшелендіру ойынан бас тартып, тілде бар сөздер шығу тегіне қарамастан, тілдік қорда сақталып, тілдік қолданыста қалу керек деген пікірге тоқталды.

Оны Ататүріктің 1934 жылы жазушы Фалих Рыфқы Атайға айтқан мына сөзінен аңғаруға болады: «Түрік тілі ешбір шет елдік сөзге мұқтаж емес дегендердің айтқанын істеп көрдік. Тілді тығырыққа тіреппіз. Ой-пікірімізді жеткізе алмайтын халге жеттік. Тілді осы күйде тастап кетеміз бе? Жоқ! Одан да оны тезірек құтқарудың амалын ойластырайық!» [127, Б. 451-452].

3. Güneş Dil Teorisi (Күн тілі теориясы).

Таза түрікшелендіруден бас тартып, жанды тілге оралу кезеңі. Бұл – 1936 жылдың 24 тамызында «Күн тілі теориясы» жарияланғаннан бастап 1938

жылдың 10 қарашасы, Ататүріктің қайтыс болған күніне дейінгі кезең. Теория авторы – австриялық тіл маманы Герман Ф. Квергич (Hermann F. Kvergic).

Бұл теория бойынша: «Әлемдегі барлық тіл түрік тілінен шыққан. Алғаш тілдің пайда болуына әсер еткен фактор – Күн. Дүние мен адамзат тарихының дамуы, дін мен философияның пайда болуына ықпал еткен Күн тілдің пайда болуына да әсер етті. Алғашқы адамдар мән берген нақты және абстрактілі мағыналар арасында: Күн, Күн сәулесі, жарық, нұр, Күннің ыстығы, от, биіктік, үлкендік, көптік, күш, құдырет, негіз, иелік, көмек, уақыт, қашықтық, өмір, өсу, көбею, түс, су, жер, құрлық, топырақ, дауыс, сөз т.б. орын алған» деген тұжырымдар ұсынылды.

Аталмыш теория барлық көне тілдердің Күнді көрген бірінші адамның эмоциялары мен толқуынан туындағанын білдіріп, Күнге байланысты сөздердің көптігі мен көнелігіне назар аударды. Соған орай: «Ең алғаш айтылған сөз Күнді білдіретін *ағ* (тор, желі, жүйе) сөзі еді, бұл түрік сөзі еді. Басқа сөздің бәрі осы сөзден тараған» деген тұжырым жасалды. Бұл кезеңде: «Түрік тілі көне тіл, барлық тіл түрік тілінен тараған. Демек түрік тіліне енген шет елдік сөздердің түбірі де түрікше, олай болса, ол сөздерді сол күйінде түрік тіліне қабылдай беру керек» деген ой-пікірлер басым бола бастады. Бұл бағыт Түркияда сол кезеңде көпшілік ықыласына бөленіп, аталмыш теорияға қатысты көптеген ғылыми еңбек, жүздеген мақала жарияланды. Соның нәтижесінде «Асыра сілтеушілік» кезеңінде басталған «Тілді бөгде элементтерден тазалау» науқаны тоқтап қалды.

Көрнекті түркітанушы Агах Сырры Левенд, осы кезеңде шет елдік сөздерге түрікше баламаларды табу жұмыстары тоқтап қалып [128, Б. 439-441], тіпті «Тіл төңкерісі» кері шегініп кеткендей әсерде болғанын айтты [129, б. 8].

Алайда көптеген ғалымдардың пікірінше, бұл теорияның авторы Ататүріктің өзі еді. Ол бұл теорияны «Асыра сілтеушілік» кезеңін тоқтату үшін ойлап тапты [130, б. 479]. Белгілі түркітанушы Зейнеп Коркмаз да осындай пікір айтады [131, б. 26].

Джеффри Льюис болса: «Ататүрік – әлемдегі барлық тіл түрік тілінен шықты деп айтқан адамға алданбайтындай ақылды. Мұндай сенімнің логикалық нәтижесі – барлық араб және парсы элементтерінің тілде қалуы еді, ал бұл оның мақсатына қарама-қайшы келді. Сондықтан аз уақыт ішінде болса да, ол реформистер тарапынан жасалған таза түрікше сөздерді меңгеріп, оларды көпшілік алдында сөз сөйлеп, не хат жазғанда барынша қолданды» деген тұжырымға келді [112, б. 75].

Льюис айтқандай, Ататүрік көреген адам еді және «Күн тілі теориясы» шетел тілдерінің түрік тіліне әсерін азайтпай, керісінше, бүкіл сөздер түрікше деп қабылданғандықтан, түрік тілі шетел тілдерінің тікелей ықпалына ұшырап, өзінің ұлттық сипатынан айрылып қалатынына әкеліп соғатынын түсінді.

Сондықтан Ататүрік «Түрік тілі қоғамының» барлық жұмыстарына өзі қатысып, атсалысты. Оның әсіресе әскери [132] және геометрия [133] терминдерін жасауға қосқан үлесі өте зор.

Осы үдерістің қалай жүзеге асқанын белгілі түркітанушы, профессор Суер Екер былай деп сипаттайды: ««Тіл төңкерісі» кезінде Ататүріктің қасында

білімді, этимология мен грамматиканы жетік білетін тіл мамандары жоқ еді. Қасында жүргендер болса, Ататүрікке жағынып, ол не десе сол дұрыс дейтін. Ататүрік – көптеген терминдердің авторы. Бірақ ол еш жерде мұны ашық түрде айтпаған» [134].

Тарихшы, ғалым Афет Инан да осы ойды растайды: «Мысалы, *yarbay, albay, astsubay, subay, tugay, er, teğmen, orgeneral, korgeneral, yüzbaşı, binbaşı* сөздері түрік тілінде әскери шен аттарын білдіреді. Бұларды Ататүріктің өзі ойлап тапты» [135].

Жалпы, Ататүрік «-ай»-ға бітетін сөздерді ұнатты. Кезінде екі әскери суасты кемесінің атын өзі қойыпты: *Yıldıray* және *Saldıray* [132].

Сондай-ақ, жоғарыда айтылғандай, жан-жақты ұлт көсемі Ататүрік 1936 жылы таза түрікше атаулардан тұратын 48 беттік «Геометрия» (1936) кітабын жазып шыққан. Тілші ғалым Агоп Дилачар аталмыш кітаптың алғысөзінде былай дейді: ««Геометрия» кітабын Ататүрік қайтыс боларынан бір жарым жыл бұрын, Үшінші түрік құрылтайынан кейін, 1936-1937 жылғы қыс айларында Долмабахче сарайында өз қолымен жазып шықты» [136, б. 5].

Соның арқасында түрік тіліне көптеген таза түрікше геометрия термині енді: *açı, açılış, alan, artı, beşgen, boyut, bölü, çap, çarpı, çekül, çember, dış ters açı, dikey, dörtgen, düşey, düzey, eğik, eksi, eşit, eşkenar, gerekçe, iç ters açı, ikizkenar, kesit, konum, köşegen, oran, orantı, paralelkenar, taban, teğet, toplam, türev, uzam, uzay, üçgen, varsayı, yamuk, yatay, yöndeş* т.б. [133, б. 16].

Түрік тілі терминологиясының қалыптасуына қатысты еңбектер мен пікірлерге ғылыми шолу жасаған белгілі тілші-ғалым, профессор Камиле Имердің еңбегінде бұл саладағы қарқынды кезең өткен ғасырдың 1934-1950 жылдары – терминдер мәселесінің өркендеп, қолға алынған кез деп көрсетіледі [57, б. 104].

Түрік лексикасының дамуы туралы көрнекті түркітанушы-терминтанушы ғалым Хамза Зүлфикар: «Соңғы елу жыл ішінде тілдің барлық саласын қамтыған пікірталастар арасында жаңадан жасалған сөздер мәселесіне, яғни жаңа қолданыстарға ерекше көңіл бөлінуде. Шығыстан шыққан ескі сөздердің орнына жаңа сөздер қолдануды керексіз деп ойлағандар, әлеуметтік тіршілікпен тікелей байланысты тілге зиян келетінін, дүниедегі ешбір тілдің таза еместігін, сондықтан да түрік тілінде де түбірі шет елдік сөздердің болуы мүмкін екендігін тілге тиек етті. «Сонда мыңдаған шет елдік сөздер мен жалғаулардан тұратын көне түркі әдебиеті әдебиеттен тыс қала ма?» деген сұрақтар туындап жатты. Тіпті, «жаңадан жасалған сөздер жасанды, әркім енді жаңа сөз жасауға кіріседі, сондықтан да грамматикалық ережелерге сай келмейтін, қате сөздердің пайда болу қаупі бар» деген пікірлер де айтылды. Түрік тілінің дамуына қатысты осы секілді сан қырлы пікірлер әлі де жалғасуда. Бірақ бұл мәселе түпкілікті өз шешімін тапты деп айтуға болмайды. Жасалған дайын сөздер – жаңа қолданыстарды ұнатпаушылардың өздері де бұл мәселеге дұрыс шешім табуға нақты үлес қоса алмады. Ал, түрік тілін тірі, даму үстіндегі, сөз тудырушы тіл деп санайтындар болса, жаңа қолданыстарды жасаудың дұрыс бағыт-бағдарын,

түрік түбірлерінен жаңа сөз тудырудың дұрыс үлгілерін көрсете алмады» деп атап көрсетті [56, б. 15].

Терминдерді түрік тіліне аудару қажеттілігін тілдегі жаңару үрдісімен байланыстырып, өзектілігін көрсеткен – әдебиет, тіл және мәдениет саласындағы тың пікірлерімен танымал болған әйгілі әдебиеттанушы, профессор Мехмет Каплан.

Біздің ойымызша, М. Капланның «Мәдениет және тіл» кітабында айтқан мына тұжырымы атап өтерлік: «Жаңа ұғымдар үшін жаңа сөздер жасау мен түрік тіліне кіріп, сіңіп кеткен шет елдік сөздерді түрік сөздерімен алмастыру үдерістерін бір-бірімен шатастырмаған жөн. Ғылым, техника, әдебиет, өнер, философия салаларына мыңдаған сөздер қажет. Бұлардың түрік сөздерінен жасалғаны абзал. Бұл жұмыстарды атқаратын азаматтарды барынша қолдауымыз керек. Түрік тілінде жоқ бір ұғымға түрік тілінде балама тауып, оны түрік мәдениетіне енгізу – мақтауға тұрарлық іс. Осылайша, түрік тілі жаңа сөз бен жаңа ұғымға ие болады...» [137, б. 49].

М. Каплан бұл ойларын «Хисар» журналында былай деп жалғастырған: «Бүгінде ғылыми шығармаларды пайдаланатын түрік ғалымдарының кітаптары Батыс тілдерінен алынған мыңдаған сөздерге толы. Өкінішке қарай, бұл үйреншікті жағдай. Алайда, қолымыздан келгенше терминдердің түрікше түбірлерден жасалған жаңа сөздермен алмасқанын қалаймын... Бұл жұмыстар Түркияның ғылым мен техника саласының дамуымен қатар қолға алынбаса, бұлар араб және парсы сөздері секілді тілімізді жаулап алады. Ғылым мен техника саласынан мәдени тілге, содан кейін күнделікті сөйлеу тіліне сіңіп кететін жаңа сөздер, бара-бара түрік тілінің ішкі құрылысын бұзады» [138].

Жаңа қолданыстарды зерттеген және «Uyduurma Olan ve Olmayan Yeni Kelimeler Sözlüğü» (Ойдан шығарылған және шығарылмаған жаңа сөздер сөздігі) (1979) атты кітаптың авторы Фарук Кадри Тимурташтың терминдер мәселесіне қатысты пікірлері М. Капланмен үндес келеді.

Осы сөздіктің алғысөзінде ол жаңа сөздер туралы ойын былайша түйіндейді: «Түрік тілі даму үстінде, жаңа сөздер қоры да жаңарып, өзгеріп келеді. Жаңа сөздер жасау қажеттілігі әлі де көп уақыт бойы сақталмақ. Жаңа сөздердің тілдің ішкі құрылысы мен заңдылықтарына сай жасалуы негізгі мәселе болып отыр. Тіл мамандары мен ғалымдардың бұл мәселені шешуде бізге көмекке келуі – олардың қасиетті парызы...» [47, б. 8].

Белгілі түрік қаламгері, әдебиеттанушы әрі публицист Ағаш Сырры Левенд түрік тіліне батыстан енген сөздерді сынап отырып, шетілдік терминдерге қатысты пікірін былай білдірді: «Шет елдік сөздерді үйрене бастаған кейбір жастардың «еліктеушілік» мінездері бірқатар шет елдік сөздердің сөйлеу және жазу тіліне енуіне жол ашты. Кейбір сөздер мен терминдердің тілімізге енуі түбінде бәрібір болатын жағдай. *Телефон, телеграф, радио, пеницилин* секілді сөздердің енуіне қарсы ештеңе айта алмаймыз. Бұлар тіл тәуелсіздігін бұзбайды. Алайда, түрікше баламасы болып тұрып, немесе ол баламаны табу жолы болып тұрып, шет елдік сөздерді қолдану – тілге қарсы қастандық. *Yaya kaldırım*

(тротуар) орнына *tretuvar*, *gerçek* (шындық) орнына *realite* сөзін қолданудың еш керегі жоқ» [139, б. 32].

Ататүрік кезеңінде Түркияның қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқан танымал журналист, жазушы Пеями Сафа түрік тіліндегі жаңа атауларға қатысты өзіндік пікірін білдірген: «Ізденсек бұл шетелдік сөздердің сәтті түрікше баламаларын табуға әбден болады. Бірақ бірталай зиялыларымыз бен үкімет мекемелерінің тілінде Еуропаға еліктеушілік сезіледі. *İstihsal* десеңіз надан, *prodüksiyon* десеңіз ғылыми сөйлеген боласыз. Түрікше бір сөзді грекше не латынша айту оны сипаттап, түсіндіріп беруге жеткілікті болып саналады» [140]. Пеями Сафа бұл ойларын былай жалғастырады: «*atom* (атом), *demokrasi* (демократия), *vitamin* (дәрумен), *elektrik* (электр жүйесі) секілді терминдер түрік тіліне әбден орныққан. Сондықтан оларға қатысты пікір-таластар күн тәртібінен шықты деп санаймын. Екінші топқа кірген: *analogie* (аналогия), *objektif* (объективті), *primitif* (примитивті), *sociologie* (қоғамтану) секілді терминдер пікір-таластарда қызу талқыланған, сондықтан «Түрік тілі қоғамы» VI түрік құрылтайында алынған шешімге сай олар түрік тілінің дыбыс ерекшеліктері мен емлесіне сай өзгертілуі керек» [141, б. 81].

Бұл пікірді түрік терминологиясының білгір маманы – профессор Хамза Зүлфикар қазіргі заманға сай былайша өрбітеді: «Уақыт пен дамудың тілге тигізер әсерін алдын ала болжау қиын. Кезінде Пеями Сафаның түрік тілінің дыбыс ерекшеліктері мен емлесіне сай өзгерту керек деп санаған *analogie* (аналогия), *objektif* (объективті), *primitif* (примитивті), *sociologie* (қоғамтану) секілді, көбінесе батыс тілдік түбірлес сөздердің орнына қазір *benzeşme*, *nesnel*, *ilkel*, *toplumbilimi* секілді түрікше баламалар табылып, кеңінен қолданыла бастады» [56, б. 17].

Реформалау барысында атқарылған негізгі шаралар нәтижесінде түрік тілі лексикасын, грамматикасын, стилистикасын жаңарту жолындағы «Тіл төңкерісінің» негізгі мақсаттары орындалды: ауызекі сөйлеу тілі мен әдеби тіл арасындағы айырмашылықтар азайды, әдеби тілдегі түрік сөздік қоры 70-80 %-ға көтеріліп, түрік тілінің терминдік қоры мен стильдік жүйесін дамыту арқылы тілдің әлеуметтік қызметінің өрісі кеңейді.

Нақтылап айтсақ, «Тіл төңкерісі» нәтижесінде түрік газет лексикасындағы түрікше сөздер 1932 ж. – 35 % еді, төңкерістен кейін, яғни 1936 ж. – 48 % болды, 1946 ж. – 57 %-ға, ал 1980 ж. – 80 %-ға дейін артты [142, б. 268].

Тілдік реформа барысындағы түрік тілі лексикасы мен терминологиясының жаңаруы, көптеген терминологиялық және анықтама сөздіктердің басылуы тарихи және мәдени сабақтастықты сақтап, лексикалық және жарыспа атаулармен сабақтас жүргізілді.

1.5.2 Түркиядағы қазіргі тілдік жағдаят

Түркиядағы қазіргі тілдік жағдаяттың толық сипатын беру үшін түрік қоғамындағы тілдік қолданыстың қоғамдық-әлеуметтік бағытын белгілеген зерттеулер мен тұжырымдарға шолу жасаған жөн.

Мамандардың зерттеуінше, терминдерге байланысты қарқынды жұмыстардың жаңа кезеңі 70-ші жылдарда басталған [143, б. 17]. Аталмыш кезеңде Еуропа тілдерінен енген сөздер мен терминдер басымдығына қарсы күрестің белең ала бастағаны да мамандардың назарынан тыс қалмады [144, Б. 838-845].

Түркиядағы қазіргі тілдік жағдаятты сипаттағанда мына жағдайды атап өтпеуге болмайды – 1983 жылдың 17 тамызында Ататүрік құрған «Түрік тілі қоғамы» жабылып, үкімет қадағалауына өтті [145].

Ататүріктің 1930 жылы айтып кеткен мына сөздері қазіргі таңда әрбір ұлтжанды азаматтың көкейінде сақталып, үндестік табады: «Ұлттық сезім мен тіл арасындағы байланыс өте күшті. Ұлт тілінің байлығы ұлттық сезімді оятатын негізгі фактор. Түрік тілі дүние жүзіндегі ең бай тілдердің бірі. Тек бұл тілді саналы түрде қолдана білу керек... Отанын, тәуелсіздігін қорғай білетін түрік ұлты, ана тілін де шет елдік тілдердің басқыншылығынан аман алып қалу керек» [146].

«Түрік тілі қоғамы» бұл мәселені басқа тілден енген жаңа атаулар және түрік тіліне енген халықаралық лексикаға түрікше баламалар табу арқылы шешуде: *komputür* орнына *bilgisayar*, *kontröl* орнына *denetim*, *memory* орнына *bellek*, *side effect* орнына *yan etki*, *printer* орнына *yazıcı*, *output* орнына *çıktı* т.б.

Дегенмен Түркияның 2000-жылдардың басында Еуроодаққа мүшелікке үміткер болып тіркелуі терминологияның ұлттық бағдарын өзгертіп, халықаралық сипаттағы терминология басымдығын күшейтті.

Осымен байланысты ұлт жанашырлары мен көрнекті тұлғалардың пікірлері назар аударарлық. Мысалы, сонау 1912 жылдың өзінде көрнекті ақын әрі қоғам қайраткері Мехмет Акиф Ерсой бұл жөнінде былай деп айтып кеткені еске түседі: «Ана тіліміздің акцентін, мейлі ол Наполеон етігін киіп алсын, немесе ағылшын шұлығын киіп алсын, ешбір шет елдікке тапталпаймыз. Осы жолда бар жанкештілік пен консерватизммен күресуге дайынбыз. Иә, бұрынғылардай арабша не парсыша ойлап, немесе қазіргідей француз не неміс тілінде тапсырыс беру арқылы түрік тіліне енгізілген жат сөздерге күш-жігеріміз жеткенше төтеп береміз!» [147].

Әдебиеттанушы-ғалым Ахмет Көклүгиллер «Батыстан келген сөздер» атты мақаласында: «Бірден айта кететін жайт, түрік тілі көптеген ғасырлар бойы сақталған араб және парсы тілдерінің әсерінен арыла бастаған кезде жаңа бір қауіппен бетпе-бет келді. Бұл назардан тыс қалатын, елемейтін жағдай емес. Бұл мәселенің шешіміне дер кезінде және біріге жұмылмасақ, еш шара қолданбасақ, ол тіл дамуына тосқауыл болады. Бүгінгі таңда, араб және парсы тілдерінен еш қалыспайтын, түрік тілінің тәуелсіздігін бөгейтін – Батыс тілдерінен енген сөздер болмақ» деп санайды [148, б. 466].

Танымал түркітанушы Суер Екердің де осы мәселеге байланысты пікірі маңызды: «Солшылдарда Батыстан келген сөздерге қарсы дұшпандық ұстаным болған емес. Негізі бұларға да қарсы едік біз. Бірақ қатты емес. Өйткені қазіргі қоғамда Батыстан келген сөздер ешқандай қауіп төндірмейді, олар зайырлы сөздер деген ұғым бар. Яғни бұлар діни нанымдарды білдіретін сөздер емес.

Қысқасы, Батыстан келген жаңа сөздерге қарсы негативті ұстаным бар сияқты көрінгенмен, негізінде оларға аса мән берілмей жүр. Негізгі мақсат – араб және парсы сөздері. Әсіресе, араб сөздері» [149].

Осыған байланысты танымал түрік лингвисті Доған Аксанның мына пікірі назар аударарлық: «Ағылшын тілінің ХХ ғасыр ортасынан бастап Түркия тілдік кеңістігіндегі шетел тілдері арасындағы жетекші рөлін аңғаруға болады. Ағылшын тілінің Түркияда басқа шет елдерге қарағанда басым қолданылуына Ататүріктің вестернизация бағытын ұстануы, Түркияның Еуропа елдерімен сауда-экономикалық қатынастар жасау барысындағы ағылшын тілінің рөлі, сондай-ақ ағылшын тілінің түрік қоғамының барлық саласында, әсіресе, білім беру жүйесінде кеңінен қолданылуы ықпал етті» [150, б. 49].

Осының нәтижесінде, қазіргі түрік қоғамында жоғарыда көрсетілген Ататүрік қағидасымен үндеспейтін тілдік қолданыстың жаңа үрдісі белең алды. Атап айтқанда, көне араб және парсы сөздерін жаңа мазмұнда қолдану үрдісі қайта жаңғырып, оған қоса лексика мен терминологияны Батыс Еуропа елдерінен алу тәжірибесі өріс алып келе жатқаны байқалады (Сурет 1).



Сурет 1 – Түрік тілінің сөздік қорындағы шетел сөздері

Суреттен көріп отырғанымыздай, 2005-2017 жылдар аралығында түрік лексикасына жаңа сөздер ең көп француз және араб тілінен, сондай-ақ парсы, итальян және ағылшын тілдерінен енген.

Бұл жағдай түрік зиялы қауымының назарынан тыс қалмай, жан-жақты талқыланып, талдануда. Мысалы, профессор Камиле Имер бұл жөнінде былай дейді: «Аударма болсын, басқа тілден жаңа сөз қабылдап алу болсын 1980 жылдардан кейін Түркияға ең көп ықпал еткен тіл – ағылшын тілі. Бұдан бұрын тілімізге енген сөздер ағылшын тілінен алынса да, француз тіліндегі формасымен енуші еді. Қазір жаңа сөздер ағылшын тіліндегі формасымен кіретін болыпты. Бұл жазбаша тілге де әсер етуде: *cheeseburger, wafel, fax, weekend, punk*

сөздерін мысалға келтіруге болады. Қысқаша айтқанда, ағылшын тілі ауызша тілмен қатар жазбаша тілге де ықпал етуде. Бұл тіпті қысқарған сөздерде де байқалып қалады. *IMF* (International Monetary Fund) кейде түрікше, кейде ағылшынша дыбыстармен оқылып жатады» [151, Б. 18-28].

Өкінішке қарай, 1991 жылы айтылған бұл ескертпе пікірден ешқандай қорытынды шығарылмай, бұл жағдайдың 2000 жылдары ешқандай өзгеріссіз қалғанын қазіргі түрік баспасөзінен көреміз.

Мысалы: *Hazır sebze ve çorbalar, hazır yemekler, fastfood ürünleri gibi hazır ürünlerden uzak durmanız gerekir* (Vatan, 19.09.2015). *Saadet Işıl Aksoy'un rol aldığı, İtalya'da bestseller olmuş "Venuto Al Mondo" romanından sinemaya uyarlanan "Twice Born" filminden ilk kareler ortaya çıktı* (Vatan, 23.03.2012). *Marketing Türkiye ekibini kutluyor ve iletişim sektörünün bu tematik web TV'sine "Yayın hayatına hoş geldin!" diyoruz* (Hürriyet, 28.12.2010). *Zad National firmasına master franchising yetkisi verdik* (Hürriyet, 13.02.2012). *Tasarımlarımın background'una detaylı desenler yerleştirmeyi seviyorum* (Vatan, 14.03.2015). *Mersin Üniversitesi (MEÜ) Takı Teknolojisi ve Tasarımı Yüksekokulu tarafından, "Mücevher Üzerine Söyleşiler" başlıklı bir konferans ve workshop düzenlendi* (Milliyet, 24.12.2014). *Twitter'da 50 bini aşkın takipçisi bulunan Twitprensi Yasin Kocabuga'nın başlattığı kampanya ile 12 bin çocuğa ulaşıldı* (Hürriyet, 14.01.2013). *BDDK'nin düzenlemesi optimal düzeyde realize edilsin* (Milliyet, 29.11.2013).

Жоғарыда келтірілген ағылшын сөздерінің түрік медиамәтінінде түпнұсқа түрінде қолданылу мысалдары бұлардың тілдік формасы да сол күйі, еш өзгеріссіз енгенін көрсетеді. Олай болса, бұл жағдай болашақта түрік тілінің ішкі заңдылығына ықпал етіп, оны ағылшын тіліне икемдеп, өзгертетін себептердің бірі болуы мүмкін.

«Республика дәуіріндегі түрік энциклопедиясындағы» мақаласында әдеби сыншы, журналист Мурат Белге былай деп көрсетеді: «Грек және латын тіліндегі терминдердің түрік тіліне енуі орынды, себебі аталмыш елдердің тілі мен ой жүйесі батыс әлемінде орын тапқандықтан, бұл сөздер мен терминдерді қабылдап алғаннан түрік елі де еш зиян көрмейді» [152, б. 2602].

Сонымен қатар, бұған қарсы «Түрік мектептерінде грек және латын тілі оқытылмайды. Сондықтан түбірі, жалғауы мен мағынасы белгісіз әрі түрік адамына жат бұл сөздерді қабылдап алудан еш пайда болмайды» деген пікірлер де айтылып жатты.

Бұл пікірге қарсы қоғамда: «Екі жүз мыңнан астам ғылым, техника және философия терминдерінің бәріне бірдей түрік тілінде балама табылмайды» деген уәж келтіріледі. Сондықтан ұзақ жылдар бойы мағынаны дәл түсіндіріп, адамзаттың ойлау жүйесін сипаттайтын ұғымдардың қалыптасқан дәстүрлі атауларын жоққа шығару дұрыс емес» деген пікірлер де айтылып жатты. Сайып келгенде, осы кезеңдегі түрік тілінің сөзжасам мәселесіне қатысты пікірлердің ішінде, «тілдің табиғи жолмен дамуына кедергі болмай, тілге араласпау керек, батыс тілдерінен келген жүздеген сөз бен терминдерге қарсы тұрмау керек» деген көзқарастар да кездеседі.

Бірақ өз тілінің тағдыры мен тарихына енжар қарай алмайтын зиялы қауым мен баспасөз өкілдері, тілге еніп, басымдық көрсете бастаған және таза түрікше баламаларды ұмыттыруға айналған бұл ағымды тоқтатып, керекті амал-шараларды қолдану барша тілші ғалымдардың міндеті болу керек, себебі бұларды түрік тіліне сіндіріп алсақ, оңайлықпен құтыла алмаспыз деп санады. Олардың ойынша, *super* сөзін алса, *hiper* сөзін де алу керек, *dupleks* сөзі біраздан кейін *tripleks* сөзін, *talkshow*, *flashback* секілді сөздер де соңынан жаңаларын ілестіреді.

Осы орайда көрнекті түркітанушы-ғалым Хамза Зүлфикардың мына пікірі аса маңызды: «Бұларды тек аудару жолымен ғана емес, түрік тілінде неғұрлым әдемі айтылып, сөйлегенде құлаққа жағымды болатын формада жасаған дұрыс. *Tarihi*, *ruhi* секілді сөздерге –*sal*/–*sel* жалғауын жалғау арқылы *tarihsel*, *ruhsal* формасында жасалған сөздер таза түрікше мағынаға ие болмады. *Hayati* сөзінің орнына түрікше түбір мен жалғаудан тұратын *yaşamsal* сөзін қолдану да бір реттен артыққа ұзамады. Себебі бұл сөз ойлау, қабылдау жағынан жат болып қала берді. Ең маңыздысы – өз ана тілінде ойлау» [56, б. 18].

Демек, түрік тіліндегі жаңа қолданыстарды қалыптастыру ерекшелігі ретінде олардың тіл иесі санасында толық қабылданып, тұрақтануындағы әуезділік, құлаққа жағымдылық, ана тіліндегі ойлау жүйесімен үндестік сияқты факторларды атап өтуге болады.

Міне, осындай пікірлер мен таласты мәселелер Мәдениет министрлігі ұйымдастыруымен 25.09.1990–28.09.1990 арасында өткен «І-ші Түрік тілі құрылтайында» талқыланып, мынадай қаулы шығарылды: «Құрылысы мен түрік тіліндегі мағынасы сәйкес келмейтін, бірақ тілге берік орналасып алған терминдер қате деп саналып, бұдан кейін терминжасам кезінде түрік тілінің дыбыс, құрылыс және мағына ерекшеліктері негізге алынсын» [153, Б. 232-236]. Яғни «жаңа сөздер – жаңа қолданыстар түрік тілі ережелеріне сай жасалуы қажет» деген ұстаным түрік тіліндегі терминжасам негізіне алынды.

Әлемдік ақпарат және түрлі ой-тұжырымдардан хабардар ету мақсатында аударылған түрлі ғылыми, мәдени шығармалармен түрік оқырманын таныстыру барысында қиындық туғызған мәселелердің бірі аудармадағы терминдерге байланысты.

Түрік лингвисті Эмин Өздемир «*Terim Hazırlama Kılavuzu*» (Термин түзу нұсқаулығы) (1973) атты еңбегінде кейбір ұғымдарды тәржімалау тәжірибесінде кейбір аудармашылардың сол ұғымды білдіретін сөздің шетелдік формасын алуға мәжбүр болып, ал кейбір аудармашылардың өз бетімен тілдік қолданыста жоқ жаңа сөздер жасап шығарып, оны өз шығармаларында, оқулықтарда пайдаланғаны да кездесетінін атап көрсетеді [154].

«Бұл жайт терминологиядағы жүйелілік мәселесін шешуді қажет етеді. Ол үшін қолданысқа шығарылатын терминдерді стандарттау қажет. Бұл үшін жаңа атауларды неғұрлым көп сала мамандарына ұсынып, неғұрлым көп сын-пікір алынса, соғұрлым жақсы болар еді. Соның арқасында ең көп мақұлданған сөздер қабылданып, көпшілікке ұсынылар еді. Осылайша, терминология саласындағы ала-құлалықтарға жол берілмес еді. Бұған «Түрік тілі қоғамы» қолдауымен бүкіл

қоғамдық құрылыстар мен қорлар атсалысу керек» [155, Б. 19-20] сияқты ой-пікірлер жан-жақтан айтылуда.

Университеттер, түрлі ресми және бейресми тіл мен мәдениетке қатысты ұйымдар мен қоғамдар білім беру саласы мен оқу орындары оқулықтарындағы осындай жөнсіздіктерді түзеу ісіне барынша атсалысуда. Осындай белсенді іс-шаралар нәтижесінде жаңа қолданыстар қоры да артып, аудармашылар оларды өз тәжірибелерінде пайдалана бастады.

Бірақ бұл шаралар әлі де жеткіліксіз болып отыр. Себебі 1940 жылдары Түркияда қызу қарқынмен басталған терминдерге байланысты жұмыстар соңғы кездері едәуір әлсіреп кетті. Мұны қазіргі түрік қоғамындағы күннен-күнге артып отырған жаңа ұғымдар мен жаңа атаулардың даму үрдісімен байланыстырсақ, бұл мәселенің күрделілігін, өз ойын ана тілінде жеткізуге талаптанушылардың саны күн санап азайып келе жатқанын түсінер едік.

«Түрік тілі қоғамы» қазіргі таңда, 2018 жылы да, өз қызметін осы бағытта жалғастыруда – ғаламтор және БАҚ арқылы шет елдік сөздерге жаңа баламалар мерзімді түрде ұсынылуда [156]. Алайда қазіргі таңда мыңдаған веб-сайттары, 500-ден астам телеарнасы бар Түркия үшін бұл іс-шаралар жеткіліксіз болып отыр. Ғаламдастыру үрдісі барысында түрік тілін шет елдік тілдер ықпалына итермелейтін факторлар: жаһандану заманында қарқынды дамып отырған ғылым, өнер, мәдениет және ақпарат ағымы өзекті мәселе болып отыр.

Осы орайда танымал профессор, тілші, жазушы Джахит Кавджардың түрік тілін сақтап қалуға байланысты ұсынған және түрік қоғамында кеңінен талқыланған мына ұсыныстары көңіл аударарлық:

1. «Алдымен түрік тілі!» ұраны көкейіміз бен көңілімізде орнығу керек, біз әркімді түрік тілін үйреніп, қолдануға үгіттейміз;

2. «Алдымен түрік тілі!» ұранына сәйкес жеке және қоғамдық сана-сезім, тілдік сезім және ана тілі түсінігін қалыптастыру керек. Бұл мәселе баршамызға міндет жүктейді. Негізгі жауапкершілік – ресми және бейресми білім беру мекемелеріне; жазбаша, ауызша және көрнекі БАҚ, өнер адамдары, жазушылар мен зиялы қауымға жүктеледі;

3. Әсіресе зиялы қауым шетелге және шет тілдік сөздерге деген құштарлығынан арылу керек;

4. Шет тілін үйрену мен шет тілде оқыту арасында үлкен айырмашылық барын жақсылап түсіндіру керек. Мектептерімізде жүріп жатқан шет тілін оқыту ісі әлі де өте өнімсіз екенін ескере отырып, шет тілін өнімді әрі тиімді оқыту үшін тиісті шаралар уақытылы қабылданып, шет тілде оқытуды мүлдем тоқтату керек.

5. Шет тілін тиімді оқыту үшін, жоғары оқу орындарында алғашқы жылда шағын топтар құрып, білікті оқытушылар үшін «шет тілі дайындық сыныбы» ұйымдастырылып, келесі жылдары «кәсіби шет тілі» дәрістерін өткізу тиімді шешім болар еді. Анкара Университетінің TÖMER арқылы жүзеге асырып отырған дайындық сыныптары негізге алына алады;

6. Түрік тілінде білім берудің барлық деңгейде тиімді әрі өнімді болуын қамтамасыз етуге тырысу керек. Бұл маңызды мәселе уақытша министр немесе үкімет саясаты ретінде емес, қатаң әрі өзгермейтін мемлекеттік саясат ретінде

қабылдану керек. Негізгі мәселе – тиімді әрі саналы түрде ана тілінде білім беру. Ана тілін жақсы білу шет тілін жақсы меңгерудің алғышарты екенін ұмытпау керек;

7. Бұл оңай шаруа болмаса да «тілдік кеденге» тезірек өту керек, үстем тіл/тілдерге төтеп беру үшін жаңа сөздер мен терминжасамға ерекше мән беріліп, бұл іске түрлі сала мамандарын да қатыстырып, бұл бағытта қарқынды жұмыс істеу керек;

8. Тіл мәселесінде ықпалы мықты мамандықтар педагогтар мен мұғалімдер екенін ескере отырып, ең алдымен түрік тілі мен әдебиеті мұғалімдерінен бастап, барлық ұстаздардың ана тілге деген құштарлығы мен санасын оятуға ерекше мән беру керек;

9. 1937-1980 жылдардағы № 5237 муниципалдық кірістер туралы заңның 21-бабына сәйкес әр түрлі мекемелердің есіктеріне ілінетін маңдайшалардағы жазулар түрікше болуы керек еді. Бұл заңның қолданыстан шығарылып, шарттардың өзгеруі жағдайды қиындатты. Аталмыш заңды қайтадан енгізу орынды болар еді;

10. Түрік тілін артта қалудан қорғап, құтқару үшін жалпы және құқықтық реттеу мақсатымен дайындалған «Түрік тілін қолдану туралы заң» жобасы, тіл-түсіну және бұл мәселеге көзқарас тұрғысынан қажетті түзетулер мен реттеулер жасалып, тез арада қабылдануы тиіс;

11. Кез-келген елдің мәдениеті мен тілін бөлек қарастыруға болмайды. Тіл елдің әлеуметтік, экономикалық, мәдени және технологиялық құрылымы мен ерекшеліктерімен тығыз байланысты және олардан бөлек қарастырыла алмайды. Егер біз бір өнім немесе көлікті өзіміз шығармай оны сырттан сатып алсақ, демек, тек оны емес, оның атауын және оған қатысты терминдерін де алуға мәжбүрміз [157, б. 152].

Қазіргі түрік тілін, оның сөздік қорын күрделі тарихи және социолінгвистикалық үдерістің жемісі ретінде қарасақ, кей кездердегі тілдің спонтандық дамуы қоғамның саналы түрде араласуымен іске асса, кейде бәсеңдесе де, тоқтамастан жалғасқан тіл реформасымен ұштасып жатқанын көреміз. Бүгінгі таңда түрік тілінің стильдік жүйесі айқындалып, терминологиялық жүйесі жинақталып, негізінен, ұлттық түрік тілі қалыптасты. Дегенмен түрік тілі лексикасы мен терминологиясын жинақтауға бағытталған өнімді жұмыстарға қарамастан, түрік тілінің бірқатар функционалдық стилінде, кәсіби салаларда (медицина, юриспруденция, әскери қызмет т.б.) қазіргі заманғы түрік және халықаралық терминдермен қатар көне араб-парсы сөздері қатар қолданылып жүр. Қазіргі түрік тілі сөздіктерін құрастырушылар әдеби түрік тілінде кездесетін мұндай жарыспа қолданыстарды лексиканы мейлінше толық келтіру мақсатында көрсетеді.

1 –ші тарау бойынша тұжырым

Тәуелсіздік кезеңіндегі қоғамда орын алған түбегейлі өзгерістер, жаңару, жаңғыру үдерістері қазіргі қоғамдағы тіл тұтынушылардың тілдік санасына ықпал етіп, тілге деген ынта мен қызығушылық туғызып, дүниені тану мен

күнделікті өмірдегі тіл маңызын түсінуге әсер еткені тілді зерттеу бағытын да өзгертіп, кешенді сипатқа ие болды. Кеңестік дәуірде қалыптасқан шеттілдік терминдерді қолдану дағдысының орнына төл тілдік мүмкіншіліктерді пайдаланудың қазіргі қоғамда өріс алу тәжірибесі ғылыми-танымдық негізде қарастырылуда. Осы бағыттағы зерттеу барысы нәтижесінде бірінші тарау бойынша мынадай түйіндер жасауға болады:

- қазіргі қазақ лексикасының жаңару үдерісі мен терминжасам ісі тарихи-әлеуметтік және қазіргі тілдік жағдаятпен сабақтастыра сипатталды;

- қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылып жүрген «жаңа қолданыс» және «неологизм» ұғымдарының анықтамалары салыстырылып, ерекшеліктері көрсетілді;

- жаңа қолданыстардың болмысы мен қалыптасуын түсінуге ғылыми негіз болатын Ресей және Еуропа ғалымдарының неологиялық және неографиялық еңбектеріне ғылыми-сипаттамалық талдау берілді;

- диссертацияда түрік тіліндегі жаңа қолданыстардың дамуы мен қалыптасуына ықпал еткен экстралингвистикалық факторлар түрік лексикасының қалыптасу кезеңдерімен сабақтастырылып, тарихи-саяси сипатқа қатысты еңбектер негізінде анықталды;

- «Тіл төңкерісінің» негізгі мақсаттарына сай жүзеге асқан, түрік тіліндегі жаңа қолданыстардың дамуы барысындағы түрік тілінің сөздік қорын, грамматикасын, стилистикасын қайта құру, түрік тілін араб, парсы тілдерінен енген сөздерден тазарту сияқты тиімді шаралардың атқарылуында Ататүріктің, Ұлттық білім беру министрлігінің, «Түрік тілі қоғамының» қызметі тілдегі реформалау қозғалысымен байланыста қаралды;

- 1940 жылдары Түркияда қызу қарқынмен басталған терминжасам үдерісінің қазіргі замандағы жаңа атаулар ағымына байланысты соңғы кездері едәуір әлсірегені қазіргі таңда мыңдаған веб-сайттары мен жүздеген телеарнасы бар Түркияның қазіргі тілдік жағдаятымен байланыста сипатталды.

2 ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЖАҢА ҚОЛДАНЫСТАРДЫҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК НЕГІЗДЕРІ

2.1 Тіл мен таным сабақтастығы – когнитивтік парадигма өзегі

Өткен ғасырдың 70-ші жылдарының ортасынан бастап сөзжасам, терминжасам жүйесін зерттеу үдерісіне когнитивтік лингвистика ұстанымдары ене бастады. Басқаша айтқанда, когнитивтік лингвистика тілді адамның ақпаратты қабылдау және категориялау сияқты қабілеттеріне негізделген когнитивтік қызмет ретінде қарастырса (Г. Лакофф, М. Джонсон т.б.), осыған сәйкес Т.Д. Томахин, В.Б. Касевич, Г.В. Колшанский сынды ғалымдар қоршаған шындықты тануда басты назарды тілге аударады.

Осымен байланысты когнитивтік лингвистиканың маңызды нәтижесі жаңа білім мен ұғымды мидың бұрыннан таныс, дағдылы құрылымға сыйғызу заңдылығы негізінде жаңа ұғымның қалыптасуы мен вербалдануын түсіндіру. Сондықтан Дж. Лакофф менталды талдауларда адамның бұрынғы тәжірибесі мен түйсігіндегі белгілеріне сүйену қажеттігін көрсетеді [158, Б. 442-454].

Тіл табиғаты жаңа ғасыр басында тек коммуникативтік құрал қызметі тұрғысынан емес, адам санасының жемісін бейнелейтін тілдік таңбалардан құралатын күрделі құрылым, жүйе ретінде зерттелуде. Осыған байланысты тілді «ой кеңістігі» және «рух үйі» деп сипаттайтын пікірлер де бар (М. Хайдеггер).

Адамзат өзін қоршаған әлемді, дүниедегі сан алуан құбылыстар мен олардың сапасын, қасиетін сезім мүшелері арқылы қабылдап, түйсініп, оған жауап қайтарып қана қоймай, оны өзінше жаңғыртып, жаңартып, жаңа сапада қайта жасауға талпыныс жасайды. Өзі қабылдаған ақпаратты қорытып, елпекшеп, баға береді.

Әлемнің тілдік бейнесі жеке адамның таным деңгейіне ғана емес, сол тілді тұтынушы ұлттың қалыптасқан психофизиологиясына, тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы мен дағдысына, кәсібі мен тәжірибесіне, географиялық болмысына, қысқасы, ол тыныс алатын күллі дүниенің ішкі және сыртқы терең құрылымдарына тікелей қатысты адам санасында жасалатыны да жалпы тіл білімінде жан-жақты зерттелген (В. фон Гумбольдт, А.А. Потебня т.б.). Соның нәтижесінде тілді кешенді түрде зерттеу мәселесі бүгінгі тіл білімі талабына сай алға шығып, тілді когнитивтік бағытта зерттеу болашағын дәйектеп отыр.

Сонымен байланысты тілді зерттеудің қазіргі жаңа деңгейі мен табыстарына орай тілдің қоғамдағы коммуникативтік құрал ретіндегі қызметіне сүйене отырып, таным құралы ретіндегі адамның ойлау және сөйлеу қабілеттерінің терең құрылымдық үдерістерін зерттеуді мақсат ететін когнитивтік лингвистика қазіргі заманда кең өріске шықты.

Когнитивтік лингвистикадағы негізгі бағыт – тіл мен адам санасын біртұтас жүйе тұрғысынан қарастыру арқылы тілдік білімді ми қызметі нәтижесі ретінде күрделі құрылым, кешенді жүйе деп сипаттау. Яғни тіл адам баласының танымын сипаттайтын басты құрал саналады. Себебі санадағы ой тек тіл арқылы бейнеленіп, сыртқа шығады. Тіл арқылы тіл иесі коммуникативтік аяға енеді.

Соның нәтижесінде жинақталған адамның дүние туралы концептуалды білімін сипаттайтын ақпарат, тіл арқылы берілген әлемнің тілдік бейнесінің мазмұнын құрайды.

«Когнитивтік ғылым» термині басында белгілі ақпаратты қабылдау, оны тілдік санадағы електен өткізу, ми қыртыстарында сақтай отырып, оны қажетті кезде қолдану үшін енгізілген. Ғылымның даму барысында когнитивті зерттеулер нәтижесінде адам санасында құрылымдалған білім көрінісі тек тіл қызметі арқылы жүзеге асатындығы көрінеді.

Қазіргі когнитивтік лингвистика ғылымы тіл білімінің дәстүрлі зерттеу нысанына сүйене отырып, ұғым-түсініктің базалық сипатына тілдік-танымдық тұрғыдан қорытынды жасауда тілдің ақиқат болмыс туралы жинақталған білімді жеткізудің негізгі құралы ретіндегі қызметіне сүйенеді. Соның нәтижесінде когнитивтік бағыт, тіл иесін қоршаған шындық туралы білімді сақтап, жеткізу қызметін зерттеу барысында оны сипаттап қана қоймай, тілдің мәні мен өзіндік ерекшеліктерін сол тіл тұтынушысы болмысымен тығыз байланыста қарайды. Оның қолданысындағы тілдің жұмсалымдық әлеуетін адам факторымен тығыз байланыста танып, антропоэзектік бағытты қалыптастырады.

Когнитивтік лингвистиканың бастау көзі Аристотель, Платоннан, кейін классикалық тіл білімінде В. фон Гумбольдт және оның шәкірттерінің тіл философиясы концепцияларынан басталып, әрі қарай тілдік әмбебап құбылыстарды терең зерттеген Н. Хомский, М. Джонсон, Д. Лакофф, Р. Лангакер және Ресейде Ю. Апресян, Е. Кубрякова, Ю. Караулов және т.б. еңбектерінде жалғастық тапқаны көрсетілді.

Қазақстан тіл білімінде арнайы когнитивтік бағыттағы іргелі зерттеу ретінде, адам санасындағы білімнің көріну деңгейі, берілу тәсілдері, құрылымы мен динамикасы қарастырылған Г. Гиздатовтың «Когнитивные модели в речевой деятельности» атты еңбегі аталады [159, б. 176]. Ғалымның пікірінше, қазіргі қоғамдық-әлеуметтік талапқа сай таным үдерісі нәтижесінде туындайтын жаңа ұғымдардың құрылымдық негізі когнитивтік модельдерге келіп тіреледі. Сондықтан бұл арада біршама жалпы ғылыми және жекелеген парадигмалар түйісінде туындайтын тілдің когнитивтік теориясы алғашқы адам болмысының мәнін, санасын қоғамды жетілдіретін көздер жүйесінде ажыратады [159, б. 4].

Профессор Г. Гиздатов сөйлеу қызметіндегі когнитивтік модельдер құрылымының шексіз сипатына қарамастан сөздердің қолданыстағы прототиптік және стереотиптік шегін антропоэзектік зерттеу мен антропометрикалық өлшем анықтайтынын көрсетеді [159, б. 155].

Сонымен бірге бұл саланың кең өріске шығуына нақты зерттеулерге негізделген Э.Д. Сүлейменова, Г.Б. Мадиева, З.К. Ахметжанова, Л.К. Жаналина, Н.Ж. Шаймерденова, Н.Г. Шаймердинова, Ж. Смағұлова, Л. Шайкенова т.б. ғалымдардың еңбектері ықпал етуде.

Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың қалыптасуында этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің мәні ерекше. *Тіл~таным, тіл~ұлт, тіл~мәдениет* сабақтастығының алғашқы нышаны анықталған, осы салаларды қалыптастырған ғалымдардың еңбектерінде

тіліміздің байлығы мен мәдениетіміздің рухани қазынасы жан-жақты қарастырылып, қазақ тіл білімінде тіл арқылы ұлт болмысын тану бағытының негізі қаланды (Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Н. Уәлиев, Ж. Манкеева т.б.). Бұл бағыттағы зерттеулер тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық сана жаңғыруына сәйкес жаңа ұғымдарды таңбалайтын жаңа атаулардың қалыптасуын дәлелдейтін тиімді де сенімді дәйек, әрі когнитивтік зерттеулер үшін құнды мазмұнға ие.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне сай, қазіргі қоғамда ерекше рухани-әлеуметтік кеңістік қалыптасуда. Оның мазмұнына тіл иесі ретіндегі қазақ дәстүрлі мәдениеті мен танымына сай бір ұжымдық өмір сүру тәжірибесінің тәсілдері, құндылықтар жүйесі енеді. Бұл арада мәдени құндылықтар жүйесін бойына ұлттық код ретінде сақтап, жаңғыртып, халықтың басынан өтіп, жинақтаған тәжірибесі тіл арқылы көрінеді. Осыған орай, төл мәдениет аясында қалыптасқан тілдің таңбалық қызметін жаңғыртып ашу (декодирование) *ұлт~мәдениет~тілдік сана* сабақтастығындағы қосымша танымдық ақпаратты талап етеді. Олай болса, ұлттық болмысты сипаттайтын мәдениет пен жадты сақтаушы тілдің жалғастырушы, жаңғыртушы қызметін когнитивтік аспектіде қарастыру оның қазіргі қоғамдағы белсенді қызметінің маңызды бір көрінісі ретіндегі жаңа қолданыстарға қатысты аса маңызды.

Мысалы, ғалым Ж. Манкеева: «Демек, тіл – этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті. Ол ұлттың барлық болмысы мен өмір тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойында сіңіріп, ата мұрасы, асыл қазынасы ретінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын кумулятивтік қызметіне тікелей қатысты» деп санайды [160, б. 241]. Зерттеуші сөзді тек қана дыбыстардың жай тіркесі ғана емес, белгілі бір мағына көрінісі ретінде кеңістік пен уақыт аралығында өзгеріп, *тіл~мәдениет~сана* «үш тұғырында» сабақтасып, бүтін бір тұтастық құрайтын тілдік таңба деп көрсетеді.

20 ғасырдың 30 жылдарында алғаш рет Американың антропологиялық лингвистика өкілдері Э. Сепир мен Б.Л. Уорф өз еңбектеріне тіл мен дүниетаным сабақтастығы туралы идеяны негіз етіп алған бұл бағыттың атауы кейін «Сепир-Уорф болжамы» деп қалыптасты. Оның негізгі мәні – адамның ойлау жүйесі, дүниетанымы әлемнің тілдік бейнесіне сабақтас қалыптасады. Сондықтан, жоғарыда атап көрсетілгендей, сол тілде сөйлейтіндердің болмысы, сөзі мен іс-әрекеті де осы тілдік бейнеге байланысты құрылады.

Тіл мен таным арақатынасын қазақ тіл білімінің құрылымдық жүйесі негізінде арнайы зерттеген ғалым Э. Оразалиева ХХ ғасыр басынан бастап А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, К. Аханов, Ә. Қайдар, Р. Сыздық т.б. ғалымдардың еңбектеріндегі тілдің әлеуметтік, психологиялық, танымдық қызметтеріне ерекше көңіл аударып: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі...» деген А.Байтұрсынұлының пікірін қазақ тіл біліміндегі тілдің танымдық табиғатын зерттеуге деген алғашқы қадам ретінде бағалайды.

Зерттеуші А. Байтұрсынұлының: «Тіл – құрал. Құрал болғанда толып жатқан есепсіз бөлшектері бар, ол бөлшектері түрлі жағымен қиысатын толып жатқан қырлы, тетіктері есепсіз көп бір өте үлкен машина секілді құрал» [161,

б. 335] деген пікірін қазіргі тілші ғалымдар айтып жүрген тілдегі дүниетанымдық құрылымдармен байланыстырады.

Ғалым профессор Қ. Жұбановтың «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» (1966) атты еңбегінде қолданылған «адам санасының жемісі», «адам тәжірибесінің қорытындысы» деген тұжырымдарын тілдің танымдық қызметі мен адам санасымен байланыстырады.

Осы идеяның үндестігін профессор С. Аманжолов зерттеулеріндегі тіл мен қоғам сабақтастығына қатысты пікірлерінен табамыз: «Қоғам ілгері басқан сайын, адамның дүние тануы да кеңейеді, өнері, техникасы артады. Онымен байланысты жаңа заттар пайда болады. Жаңа заттарға лайық жаңа атаулар пайда болады» [162, б. 325].

Біздің ойымызша, жаңа атаулардың, жаңа сөздердің танымдық негізін Э. Оразалиеваның мына тұжырымы дәйектейді: «Тілдік таңбалардың (терминдердің) ұғымы дегеніміз – сайып келгенде, белгілі бір зат, құбылыс туралы ақпараттардың жиынтығы; сол зат, құбылыс туралы ұғым, түсінік. Басқаша айтсақ, таңбаға бекітілген когнитивтік білім» [163].

Сондықтан, жаңа ұғымның тууы мен оның вербалдануының бір жолы – жаңа ұғымды адам санасындағы бұрыннан таныс атаудың бойына танымдық тетік арқылы сыйдырып жіберу. Мұндайда адам, сөз жоқ, өз білімі мен өмірден алған тәжірибесіне, яғни танымына сүйенеді.

Мысалы, орыс тіл білімінде сөйлем мүшелерін «главные члены предложения» және «второстепенные члены предложения» деп атайды. Сөзбе-сөз қазақшаға аударсақ, «басты сөйлем мүшелері» және «басты емес (екінші қатардағы) сөйлем мүшелері» деп аударылуы тиіс. Бірақ, Ахмет Байтұрсынұлы олардың бірін – «сөйлемнің тұрлаулы мүшелері», екіншісін – «сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері» деп атап, оларды атауда қазақ тілінің құрылымдық жүйесінде қалыптасқан лексикалық бірліктердің мағынасына сүйенеді.

«Қазақта «тұрлаулы» сөзі «тұрақты», «тиянақты», «баянды» деген мағынада қолданылады. Бастауыш пен баяндауыш мүшелерінің тұрақты, тиянақты екендігі, оларсыз сөйлем құралмайтындығы, ал басқа сөйлем мүшелерінің бірде бар, бірде жоқ болып жұмсала беретіндігі шындық. Ендеше, оларды «басты мүшелер» (бастауыш, баяндауыш), «басты емес мүшелер (толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш) дегеннен гөрі «тұрлаулы мүшелер», «тұрлаусыз мүшелер» деп атау ғылыми ұғымды әлдеқайда дәлірек бейнелейтіндігі ақиқат» [164].

Сондықтан қазақ тілі грамматикалық категорияларының антропоэектілік сипатын зерттеген ғалым О. Жұбаеваның пікірінше, А. Байтұрсынұлы орыс тіліндегі «сложноподчиненные предложения» деген терминді сөзбе-сөз аудармай, «сабақтас құрмалас сөйлем» деп, «сложносочиненные предложения» дегенді «салалас құрмалас сөйлем» деп атап, қазақ тілі табиғатына, жүйесіне жақын болуды көздейді. Соның нәтижесінде А. Байтұрсынұлының «салалас құрмалас», «сабақтас құрмалас» деп, екеуін бір-біріне қарама-қарсы қойып атауы да оларды ұғуға, түсінуге жеңіл болып шыққан [164].

Түсіну, пікір білдіру, ойлау, шешім қабылдау, оны білдіру, есте сақтау, байланыстыру т.б. адам миындағы когнитивтік үдерістер психологиямен қатар нейрология, антропология, философия, кибернетика, жасанды интеллект т.б. көптеген пәндердің нысаны болып табылады. Өйткені, адамның ақыл-ойы әлі күнге дейін өркениеттің ең көп қызығушылығын тудырып отырған ең маңызды құбылыс. Танымды зерттеу барысында ашылған жаңалықтар басқа бір ашылымдарға жол ашады. Демек бұл ғылыми бағыт пәнаралық құрылымға ие. Сондықтан өткен ғасырдың орта тұсында Батыста пайда болған бұл ғылыми ағым «когнитивтік ғылым» (cognitive Science) деген атпен кең қолданысқа ие болды.

Тілді адамзат қоғамындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын құрал ғана емес, сонымен қатар белгілі бір тілдік ұжымда ұйысқан ұлт мәдениетінің құрамдас сыңары деп тану – сол этномәдени және тілдік ұжымның тарихи дамуын, салт-санасын, дәстүрлі танымдық-тағылымдық құндылықтар жүйесін, өмірлік тәжірибесін, рухани және материалдық мәдениетін тану, немесе жаңғырту. Соның нәтижесінде *тіл~адам~мәдениет* сабақтастығы елегінен өткен сөзжасамдық тәжірибені лингвомәдени талдау арқылы тану ғана тиімді болмақ. Қазіргі жаһандану заманында бұл тіл мәселесін тек тілші мамандар ғана емес, *адам~қоғам~табиғат* сабақтастығын қарастыратын барша мамандық иелері қосылып, кешенді сипатта зерттеу қажеттілігін туындатып отыр. Сондықтан тіл арқылы адам (ұлт) болмысын этнографиямен, философиямен, психологиямен, когнитологиямен, мәдениеттанумен ұштастыра зерттеу – лингвокогнитивтік заңдылық.

Жоғарыда көрсеткеніміздей, когнитивтік лингвистиканың зерттеу нысаны – тіл мен адам санасын біртұтастықта қарастырып, сан ғасырлық қалыптасқан тілдік білімді адам миының жемісі, күрделі құрылым, жүйе түрінде кешенді сипаттау. Осы тұрғыдан қазіргі когнитивтік лингвистика ғылымы тіл білімінің дәстүрлі зерттеу нысандарына сүйене отырып, оның іргелі сипаттағы ұғым-түсініктерін *тіл~таным* сабақтастығында анықтайды. Демек, когнитивтік лингвистика ғылымдар тоғысындағы интеграциялық сипаттағы әдіске сүйенеді.

С.Г. Тер-Минасова атап көрсеткендей, кез келген ұлттың болмысын сипаттайтын тіл мен мәдениет сол ұлттың бірегейлігін сақтайтын қамал іспетті [165, б. 121].

Осы бағыттағы кешенді әдіснамалық негіз өз бастауын шетелдік ғалымдар мен классикалық тіл білімінің көрнекті өкілдері В. Фон Гумбольдт, Г. Штейнталь, А.А. Потебня, И.А. Бодуэн де Куртене т.б. еңбектерінен алған когнитивтік лингвистика, әрі қарай Н. Хомский, М. Джонсон, Дж. Лакофф, Р. Лангакер, М. Витгенштейн, Д. Брунер, Д. Миллер, Е. Кубрякова, Ю. Апресян, В.Н. Телия, Ю.С. Степанов, В.В. Колесов, Ю. Караулов, С.В. Воркачев, И.А. Стернин, В.И. Карасик т.б. ғалымдардың еңбектерінде жалғасып, дамығаны белгілі.

Қазіргі тіл білімінде дамып келе жатқан антропоэзектік парадигмада когнитивтік зерттеудің ерекше маңызы мойындалып отыр. Себебі ХХІ ғасырдағы тілді зерттеу үрдісі тілді тек қарым-қатынас пен ойды білдіру құралы

ретінде ғана емес, тілдің мәні мен өзіндік ерекшеліктерін сол тілді тұтынушы болмысымен тығыз байланыста қарап, оны ұлттың рухани, мәдени коды ретінде қарастыруда.

Тіл~таным, тіл~адам, тіл~сана, тіл~мәдениет, тіл~қоғам бірлестіктерінің бір-бірімен сабақтастығы қазақ тіл білімінде де дамып, қалыптасып келе жатқан лингвокогнитивтік бағыттағы зерттеулердің өзегіне айналып келе жатыр. Тіл көмегімен адам әртүрлі білімдерді жинақтап, сақтайды, мағынасын ашады және таратады десек, лингвокогнитивтік деңгейдегі зерттеулер жаңа қолданыстардың ішінде сақтаулы білімдердің құрылымын және олардың заманауи тіл иесінің тілдік және концептуалды әлем бейнесіне ықпалын талдауға көмектеседі.

Соның негізінде ұлттық болмысты сипаттайтын дәстүрлі тұрмыс-тіршілік пен мәдениетінің бар мазмұны мен қызметі тіл арқылы ашылатыны қазақ тіл білімінде Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Н. Уәли, Ж. Манкеева, Э. Сүлейменова, Р. Авакова, А. Салқынбай, Г. Смағұл, Р. Шойбеков, Г. Гиздатов, Қ. Жаманбаева, Ш. Жарқынбекова, А. Ислам, Н. Аитова, А. Әмірбекова т.б. ғалымдардың зерттеулерінде анықталып, лингвокогнитивтік аспект соңғы жылдары кең өріс алып келе жатыр.

Ал Түркияда тіл білімінің когнитивтік бағытының қалыптасып, дамуы жаңа деңгейге көтерілуде.

Түрік тілші-ғалымдары осы кезге дейін тілдік үдерістерді семантика тұрғысынан қарастырып, зерттеп келсе: Doğan Aksan [51], [81], [166, Б. 167-184], Özcan Başkan [167], Ahmet Kocaman [168, Б. 10-29], [169, Б. 89-103], A.Kemal Özinönü [170, Б. 88-93], Hüseyin Sesli [171], Beglan Toğrol [172], Sabahat Tura [173, Б. 104-123] т.б.; соңғы кездерде оларды когнитивтік тұрғыдан зерделеуді бастаған ғылыми бағдар байқалады: Cem Bozşahin, Deniz Zeyrek [174], [175], Zekiye Kutlusoy [176, Б. 45-54], [177, Б. 596-612] т.б.

Түркияда ең алғаш когнитивтік ғылымдарға қатысты докторлық диссертация қорғаған жас ғалым – Ulaş Başar Gezgin. Оның 2014 жылы түрік тілінде жарық көрген «Bilişsel Bilimler Elkitabı» (Когнитивтік ғылымдар анықтамалығы) – осы орайда өте маңызды еңбек [178].

Түркияда лингво-когнитивтік бағытта жүйелі түрде зерттеу жұмыстарының ғылыми негіздерін қалыптастыру мақсатында ірі университеттердің магистратура және докторантура бағдарламаларының бір бөлігі оқу бағдарламаларын аталмыш ғылыми бағытта жүргізе бастады. Атап айтсақ:

- Анкара қаласындағы Таяу Шығыс Техникалық Университетінде (Orta Doğu Teknik Üniversitesi (ÖDTÜ)) когнитивтік ғылымдарды оқыту бағдарламасы (магистратура, докторантура) ашылды;

- Ыстанбұл қаласындағы Богазичи университетінде (Boğaziçi Üniversitesi) когнитивтік ғылымдарды оқыту бағдарламасы (магистратура, докторантура) ашылды;

- Ыстанбұл қаласындағы Йедитепе университетінде (Yeditepe Üniversitesi) когнитивті ғылымдарды оқыту бағдарламасы (магистратура) ашылды; сондай-ақ жақында когнитивтік ғылымдар факультеті ашылды;

- Эдирне қаласындағы Тракия университетінің (Trakya Üniversitesi) компьютерлік инженерия факультетінде Тракия Когнитивтік ғылымдар қоғамы (Trakya Bilişsel Bilimler Topluluğu (TBVT)) құрылды;

- Анкара қаласындағы Билкент университетінде (Bilkent Üniversitesi) Билкент когнитивтік ғылымдар қоғамы (Bilkent Bilişsel Bilimler Topluluğu) құрылды.

Аталмыш оқыту бағдарламалары информатика, психология, философия, лингвистика, биология, математика, физика пәндері бойынша дәрістерді белгілеп, студенттерді когнитивтік үдерістердің әртүрлі аспектілерімен таныстыруға бағытталған. Зерттеу пәндерінің қатарына лингвистика, есте сақтау, жасанды интеллект, ақыл-ойды математикалық модельдеу, нейроанатомия, эмоциялар, визуалды қабылдау және өзін-өзі тану жатады.

Көріп отырғанымыздай, Түркиядағы когнитивтік зерттеулер көбінесе психолингвистикалық зерттеулермен тығыз қиылысып, АҚШ моделіне сай, адам антропологиясымен, нейрологиямен, психологиямен тығыз қарым-қатынаста, ғылыми лабораторияларда және практикалық дәрістер барысында жүзеге асырылуда. Бұл зерттеулерде мінез-құлық эксперименттері, миды сканерлеу әдістері, компьютерлік модельдеу және нейробиологиялық әдістер қолданылады. Сол арқылы жасанды интеллект, зейін, ақпарат пен тілді өңдеу, үйрену, дамыту, есте сақтау, қабылдау және іс-әрекет сияқты мәселелер зерттеледі.

Бір аңғарғанымыз, таза лингвистикалық бағыттағы зерттеулерге ден қойған қазақ тіл білімінің жаңа қолданыстардың лингво-когнитивтік негізін анықтауда түрік тіл білімінің заманауи бағыттарына назар аудару қажеттілігі байқалады.

Сонымен, когнитивтік лингвистикада тіл адам баласының танымын сипаттайтын басты құрал болып саналады. Себебі санадағы, ойдағы, яғни адам миындағы аппарат тек тіл арқылы бейнеленіп, көрініс табады, коммуникативтік аяға, яғни қолданысқа енеді. Соның нәтижесінде жинақталған санадағы концептуалды білім адамның дүние туралы көзқарасынан мол ақпарат береді. Тіл арқылы берілген осы білім бізді қоршаған әлемнің үзіктелген суретін құрайды.

Демек, зерттеуші Ш.К. Жарқынбекова атап көрсеткендей: «Тіл – адамның танымдық әрекеті нәтижесіндегі білімді анықтаудың, сақтаудың, жеткізудің жалпы когнитивтік тетігі» [179, б. 475]. Бұл пікір «Қысқаша когнитивтік терминдер сөздігіндегі»: «...ақпаратты таңбалап, кодтаудың құралы» деген анықтамамен үндесіп, толықтырылады [180, б. 160].

Соның нәтижесінде шындықтың адам санасында таңбаланған тұтастанған бейнесі тілдің кумулятивтік (мұрагерлік) қызметіне орай, тілде сақталып, тарихи сөзжасамдық талдау арқылы анықталады.

Осыған байланысты сөзжасам үдерісін сипаттайтын когнитивтік аспектінің «уәж», «ұқсату», «ассоциация», «абстракция» т.б. ұғымдарын лингвокогнитивтік, лингвомәдени аспектіде зерттеу сөз қыртысында сақталған ұлттық дүниетанымды анықтауда аса өзекті. Себебі тілдің кумулятивтік қызметін орындайтын туынды сөздер құрамындағы ұлттық мәдениеттанымдық ассоциацияларсыз жаңа сөздердің қабылдануы мен қолданысы мүмкін болмас еді. Осыған орай, тілдің адам дүниетанымына терең бойлауға қатысты тілдік және тілдік емес мәнділіктері өзара сабақтастықта, тіл тұтынушысы өмір сүретін қалыптасқан ұжыммен, қоғаммен бірлікте қарастырылады. Демек, тілдік ұжымда сөз алғашқы қолданыс тапқанда, белгілі бір қоғамдық қажеттіліктен туындап, қарым-қатынас жасауға қызмет етеді.

Қазақ тіліндегі бұл қызметке сай архетиптік негіздегі мифтік дүниетаным көрінісін зерттеуші Б. Ақбердиева: «Сөз дегеніміздің өзі тек қана дыбыстардың тіркесуі емес, белгілі бір мағынаның көрсеткіші, ал мағына болса, қатып қалған нәрсе емес, ол да кеңістік пен уақыт аралығында өзгеріп, дамып отырады. Демек, сөз және оның мағынасының дамуы әрбір қоғамдық даму кезеңдеріндегі дүниетанымдық көзқарастарға тікелей байланысты» [181, б. 17] деп анықтайды.

Осы арада жаңа сөзжасамдағы жаңару әрекетін таңбалауда тіл немесе мәдениет иесі шындық өмірдің қай бөлшегін, қандай сапасын таңдағаны маңызды.

Яғни лингвомәдениеттанушы ғалым А. Вежбицкая атап көрсеткендей: «Тілдер өзінде барымен емес, бар нәрсесін қалай пайдаланып, қолданылатынымен ерекшеленеді» [182, б. 244].

Қазақ тіліндегі терминдердің танымдық негіздерін зерттеуге арналған еңбегінде ғалым С. Ақаев бұл мәселені мынадай кешенді жүйеде қарастыру керек деп санайды: «Мәселеге ғылыми қисын, ұлттық мүдде тұрғысынан қарар болсақ, терминді қазақшалау-қазақшаламау ісі тілдің, терминнің шартты белгілерден айырмасы; ой-сезімге алыс-жақындығы; уәжділігі мен түсініктілігінің маңыздылығы; ғылымның әлеуметтік мұраты; терминге қойылар тілдік, қисындық талаптар; термин арқылы тілдің бұзылмай, түзелуі және өз сөзі мен құралдары негізінде дамуы; тілге қатысты ұлттық саясат дегендей жайларға байланысты шешілуі тиіс» [183, б. 4].

С. Ақаевтың ойынша, шетел сөзі арқылы берілетін, арнайы лексикаға жататын *альдегид*, *альбумин*, *гербицид* т.б. терминдер арнайы түсіндіруді қажет ететіндіктен, бұлардың мағынасы таңбасынан көрінбей, жасандылық сипатта болады. Яғни, шетел сөздері де біз үшін тілдік емес таңба іспетті. Ал нағыз таңбаның белгісі мен мәні арасында тарихи байланыс болмайтыны белгілі. Демек, терминдердің қазақша баламалары, жаңа қолданыстар таныс сөздік мағынамен ассоциативтік байланыста түзіледі деп тұжырымдауға болады. Оның себебі – тілдік таңбаның танымдық деңгейдегі мазмұнды-ақпараттық болмысында.

Профессор Б. Момынова тілдің когнитивті қызметінің мәнін былайша ашады: «Когнитивтік лингвистикада тіл адамның когнитивтік қызметінің бір түрі, когницияның құралы саналады. Адам тілдің көмегімен тілдік бірліктер

арқылы жинақталған информацияларды кодтайды немесе бейкодтайды (декодирует). Өйткені ойлау құрылымдары өзімен өзі томаға тұйық өмір сүрмейді, белгілі бір формасы бар таңбалар ретінде болмысқа айналады, болмыстанады (материализацияланады). Тілдің осындай екі жақтылығы оны адамның өзге когнитивтік іс-әрекетінен айрықшаландырып тұрады» – дейді [184, Б. 125-126].

Қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттарына сай зерттеулерде де «тіл – ойды жарыққа шығаратын негізгі құрал», «тіл мен ой біртұтас ұғымдар» деген құрылымдық лингвистикаға сәйкес қағида маңыздылығын жоймай, жалғасуда. Себебі, тілдің ойды жарыққа шығарып жеткізу қызметі сол ойды қабылдаушы (адам) тарапынан қабылдану тетіктері арқылы жүзеге асады. Мұның негізінде тіл өзінің қоғамдағы қарым-қатынас құралы ретіндегі коммуникативтік қызметін атқара алады. Тіл білімінде тіл мен ойлау біртұтастығы жөніндегі мәселелер жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, қазіргі таңдағы тілді зерттеудің жаңа бағыттарына нысан болуда. Соның нәтижесінде жаңа сөз жасау, сөз туу құбылыстарында адамның өзі қолданбайтын, бұрын естімеген сөздерді түсінуі, санаға әсер етуі тіл мен адам ойының, бұған дейінгі білімімен, бастапқы анық және фондық мәліметтермен байланысы айқын көрінеді.

Психоллингвист ғалымдардың зерттеулері нәтижесінде анықталғандай, адам бір мезгілде өзара байланыссыз жетіге жуық мәліметті ғана қабылдап, есте сақтай алатындықтан, жаңа сөз жасау ісі бұрынғы сөздермен жүйелесе жасалады. Сондықтан адам санасына айрықша әсер ете қабылдануы тілдің сөйлеу, қабылдау кезіндегі адамның когнитивтік жүйесінің көрінісі екендігінде. Біздің санамыз жаңа затты қабылдау кезінде оның мән-мағынасын анықтайды да, оны өзіне ұқсас әсерлер қатарына орналастырады. Осы себепті атау жасау ісін тілдік санада жаңғыру үдерісін іске асыратын когнитивтік талдау тұрғысынан қарау маңызды болып отыр. Себебі алынған мәлімет негізгі, тікелей хабарланған ой арқылы ғана емес, когнитивтік әдіс арқылы хабарлаушы бірлікті талдау, қорыту негізінде қалыптасады. Ал нәрсе мен атау бірегей қабылдану үшін жаңа мен ескі мәліметтер байланыстылығы керек. Жаңа зат пен бұрынғы сөз бойынан алынып, жаңа атауда өзара телінген белгілер (уәждер) кездейсоқ емес, адам санасымен таңдалады. Бұған қазақ тіліндегі *тұсаукесер*, *кәдесый* және түрік тіліндегі *bilgisayar* (компьютер), *tarayıcı* (сканер) терминдері мысал бола алады.

Сайып келгенде, социум қарым-қатынасын іске асыратын тілдің коммуникативтік қызметін ғана емес, оның мәдени қазынасын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін кумулятивтік қызметін *тіл-мәдениет* сабақтастығында анықтау аса маңызды.

Тіл қызметі мен сөз мәнін осы қағидаға сәйкес тіл иесі болмысымен байланыстырып зерттеген В. Фон Гумбольдт, Э. Сепир, А.А. Потебня т.б. классикалық еңбектері мен тілді шындықты бейнелейтін айнаға теңеген В.А. Маслова, М.М. Копыленко, Ә. Қайдардың тұжырымдамалық қағидаларын, зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде пайдаланып, сөзжасам үдерісіндегі жаңару құбылысын түсіндіретін лингвокогнитивтік тетік немесе әдіс деп санауға болады.

2.2 Тілдегі жаңару үдерісінің когнитивтік негіздері

Жоғарыда көрсетілгендей, отандық және шетелдік лингвистикада неологизм ұғымын анықтауға қатысты мынадай тұжырымдар белгілі: ономазиологиялық, психолингвистикалық, денотаттық, құрылымдық, тарихи, лексикографиялық, лингвомәдени танымдық т.б.

Зерттеуде, негізінен, тіл тұтынушылары қолданатын жаңа атаулар арқылы қалыптасқан дүниенің тілдік және тұтас бейнесіне мән бердік. Осыған орай, неологиядағы когнитивтік және лингвомәдени қағидаларды тығыз байланыста қарайтын ғалымдардың тұжырымдарына сүйендік.

Бұл арада саяси-әлеуметтік, ғылыми-техникалық және дінтанымдық, мәдени салалардағы адам қызметіне қатысты жаңа атаулар көбінесе антропоэзектік парадигмада туатыны белгілі. Сондықтан қазіргі лингвистиканың даму кезеңіндегі тілдік және мәдени-әлеуметтік үдерістерді зерттеудің талабы да ескерілуі тиіс. Қазіргі күнделікті өмірдегі жаңа қолданыстардың денотаттық мағынасында заманауи қоғамның өзекті рухани-мәдени ақпараты көрініс табады. Мысалы, қазақ тілінде: *құрсақ ана*, *көкек ана*, *қара жұма* т.б.; түрік тілінде: *taşuycı anne* (құрсақ ана), *Kara Cuma* (қара жұма) т.б.

Осылайша пайда болған жаңа сөз мазмұнындағы прагматикалық уәжді анықтауда тіл тұтынушысы санасындағы танымдық, антропоэзектік сипаттың мәні ерекше. Осымен байланысты, мысалы, қазіргі қазақ қоғамында тиімді қолданылып жүрген діни тілдік бірліктердің прагматикалық ерекшеліктерін танымдық зерттеулер аясындағы тарихи теолингвистика шеңберінде ұлттық сана тұрғысынан түсіндіру қажеттілігі туындайды.

Осы бағытта көне түркі ескерткіштер тілін зерттеуші мамандар Б. Сүйеркұл мен А. Сейітбекова «Тарихи теолингвистика: қалыптасуы, дамуы, негізгі бағыттары (Н. Рабғузидің «Адам ата – Хауа ана» қиссасы мен А. Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастаны материалдары негізінде) атты монографиясында қазақ тіл біліміндегі *тіл~діни таным* сабақтастығына қатысты теолингвистика мәселелерін атап көрсетеді [185].

Еңбекте қазақ қоғамында қолданыла бастаған діни негізді жаңа қолданыстарды ұлттық ойлау жүйесіне, этнос діліне қатысты бағамдау үшін олар тарихи жазба ескерткіштер мәтіндерімен салыстырылып, соның негізінде қазіргі діни дискурстың оң және теріс өзгерістері анықталады. Осы еңбекте теолингвист-ғалымдардың қазақ баспасөзі арқылы тарап, әлеуметтік өрісте ұлттық болмысымызға, діліміз бен дінімізге жат құбылыстарды, мысалы, бұқаралық санамызды улаған «әулие Валентин» сияқты қолданыстардың шынайы мәнін түсіндірудің өзектілігін атап көрсеткен тұстары аса маңызды. Осы тектес зерттеулердің өзектілігі мен болашағы қазіргі социумның тілдік және когнитивтік санасында орнығып үлгерген діни мәнді қолданыстардың дұрыс нұсқада таңбалануы және тілдегі нормасын тұрақтандыруға байланысты [185]. Мысалы, қазақ медиакөністігіндегі *Аллаһ* (арабша) – *Алла* (қазақша) қолданыстарын Б. Сүйеркұл мен А. Сейітбекова «... тілімізге бейімделген

дыбыстық формасы бола тұра араб, парсы сөздерін түпнұсқаға ұқсатып транскрипциялау үрдісі дұрыс емес» деп санайды.

Бұл мәселені толығырақ зерттеп, осы құбылыстардың мәнін түсінуге қабілетті когнитивті лингвистика аясы жаңа лексикалық бірліктерді қалыптастыруға әсер ететін танымдық факторлар мен жаңа танымдық-тілдік құрылымдардың неологизм шеңберіндегі сәйкестігін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда тіл білімінде «жаңа қолданыс» ұғымының ерекшелігін ашудың жеткілікті ғылыми әдістемелік базасының әлі жасалмағаны, когнитивті лингвистика аясында зерттеудің қазіргі қазақ тіл білімі болашағын белгілейтін өзекті мәселелер қатарында екені жоғарыда атап көрсетілді. Осыған орай тілдік санадағы жаңару үрдісіне қатысты әрекеттерді адамның когнитивтік қызметімен сабақтастықта қарау бұл мәселенің өзектілігін айқындай түседі. Өйткені уақыт пен кеңістік контексіндегі коммуникативтік-прагматикалық қызметіне сәйкес тілді зерттеуге қатысты тіл бірліктері де жаңарып, толығып отырады. Осы мәселеге қатысты қазіргі қолданыстағы жаңа атаулардың когнитивті талдауына негіз болған лингвомәдени зерттеулер назар аударарлық.

Америкалық өмір салтына концептуалды талдау жасаған Т.А. Гуральник неологизмдердің мынадай лингвомәдени компоненттерін көрсетеді: «Тілдік инновациялардың мәдени-ұлттық белгілері жаңа сөздердің мағыналық жүйесін талдау барысында айқындалып, лексика-семантикалық парадигма құрайды. Олардың мазмұнында сөз қолданылатын кеңістіктегі ішкі және сыртқы себептер («жаңалық») туралы ақпарат сақталады» [42, б. 31].

Орыс тіл біліміндегі неология аясында сөзжасам үдерісінің жаңару құбылысын когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарастырған В.И. Заботкина [186] мен Т.В. Попова [24] еңбектері жоғарыда көрсетілді.

Ю.С. Степановтың пікірінше, жаңа сөздің қалыптасу принципі лингвистика үшін жаңа болмайды. Бұл мәселені айқындауда ғалым тілдік деректердің концептуалдық талдауына сүйенген шын мәніндегі терең когнитивтік құрылымдарға сілтеме жасайды, жаңа сөздің туу жағдайын талдайды [187].

Е.С. Кубрякова жаңа сөзді құру үдерісін зерттеу барысында когнитивтік-дискурстық көзқарастың танымдық құрамдас бөлігі осы үдеріске қатысатын білімдердің түрлерін анықтауға, олардағы ой құрылымын ашуға, тілдік тұрғыдан тұжырымдаудың ықтимал әдістерін түсіндіруге мүмкіндік береді деп санайды. Бұл арада, ғалымның пікірінше, дискурстық компонент автор ниетін, контекстің, мәтіннің прагматикалық бағытын және т.б. ескереді. Осылайша, жаңа сөздің когнитивтік-дискурстық талдауы тергеу нысанының толық сипаттамасын береді. Соның нәтижесінде Е.С. Кубрякованың пікірінше, когнитивтік-дискурстық көзқарас когнитивтік зерттеудің кешенді пәнаралық сипатына сүйенеді. Осымен байланысты тіл білімінің әртүрлі салаларының өзара қарым-қатынасы танымдық тұрғыдан қарастырылуы тиіс [188].

Мысалы, зерттеуші Л.В. Черепанова тілдегі жаңару үдерісінің әлеуметтік-мәдени жағдайға тікелей тәуелділігін арнайы анықтау барысында ол мәселені

элеуметтік мақсаттағы дискурспен тығыз байланыста қарайды. Жаңару үдерісі халықтың өзгеретін құндылықтарына сәйкес тілдің лексикалық жүйесін жаңартуға, оның лингвистикалық санасын, мәдениетін және адамның рухани және практикалық қызметін қайта құру ерекшеліктерін ескере отырып күрделі когнитивті-дискурстық үдеріс ретінде ұсынылады. Демек, неологизм – бұл шындықты когнитивті-дискурстық игерудің «өнім» түрі [189, Б. 77-83].

Осылайша, зерттеуші адам неологизация (жаңару) үдерісінің ерекшелігін динамикалық өзгеріп жатқан әлемде және соның салдарынан тілге оңай ауысуға мүмкіндік беретін ең маңызды когнитивтік үдерістердің бірі ретінде алдын ала анықтайды. Осыған сәйкес лингвокогнитивтік зерттеулерде «неологизм» ұғымы адам санасының зияткерлік, пәндік-тәжірибелік қызметі арқылы анықталатын адам сана-сезімінің нәтижесі ретінде талданады. Осыған байланысты орыс тіл біліміндегі когнитивист-ғалымдар неологизмді кадрлық талдау, когнитивті модельдеу, когнитивтік-дискурстық талдау, лексикографиялық деректерді когнитивті түсіндіру және т.б. көмегімен зерттеуге болады, метафора құбылыстарын, метонимдерін, когнитивті тұрғыда түсіндіру арқылы сипаттауға болады деп санайды.

Осы орайда орыс тіл білімінде тілдегі жаңару үдерісінің нәтижесі ретіндегі жаңа қолданыстарды когнитивтік аспектіде зерттеуге ғылыми-әдістемелік негіз болатын еңбектерде тек қана неологизм атауы қолданылғанын байқауға болады.

Соңғы онжылдықтарда жаңа ұғымдар атауларын Н.Д. Арутюнова және басқа да ғалымдар «сабақтасқан ойлау тәсілі және әлемнің лингвистикалық бейнесін қалыптастыру тәсілі» ретінде қарастыра бастады [191].

Шынында, қазіргі қоғамның рухани-элеуметтік даму деңгейіне сәйкес тілдің коммуникативтік-прагматикалық қызметіндегі жаңа сөздердің жасалу үдерісінің бағытын анықтау да қазіргі таңда жалпы тіл дамуы мен баюына қатысты маңызды мәселе болып табылады. Осы тұрғыдан көркем танымды таңбалайтын тіл қызметін антропоэзектік бағытта зерттейтін заманауи лингвистика метафоралық атаулар мен фразеологизмдерді халықтың ұлттық және мәдени мұраларын белгілеудің жаңарған бір түрі ретінде және әлемнің лингвистикалық бейнесін құруға мүмкіндік беретін танымдық-коммуникативтік құрал деп қарайды. Соның негізінде метафора-неологизмдер мен неофраземалар әлемнің тілдік бейнесін көрсетіп, заманауи әлемнің тұжырымдамалық ерекшелігін көрсететін жаңа қолданыстар қатарына қосылады.

Осы мақсатта қазіргі өмір шындығын бейнелейтін жаңа ұғымдарға атау беру үшін шетелдік тіл деректеріне орынсыз жүгіне бермей, қажетін қазақтың өз тілімен өтеуге болатын әлеуетін тануға бағытталған зерттеу жұмыстары аса маңызды. Ғасырлар бойғы рухани мұра көзі ретінде тілде сақталған қазақ халқының мол қазынасын екшеп, елеп, керегін ала білу, сарқа пайдалану тиімділігі жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылып, нақты тілдік талдаулар арқылы дәлелденген.

Жаңа қолданыстардың дамуы мен жаңа атаулардың қалыптасу үдерісін лингвокогнитивтік тұрғыдан қарастыруда метафораландыру мен фразеологияландыруды когнитивтік модельдердің үлгілері ретінде қарауға

болады. Жаңа атау беру үдерісінде метафоралар тек сөзжасамдық, номинативтік қызмет атқарып қана қоймай, сол ұғымды дұрыс қабылдап, тануға көмектесетін когнитивтік тетік ретінде көрінеді. Метафоралық аталымдар тек коммуникативтік сипатта ғана емес, жаңа ұғымдардың адам санасында туып, қабылдануына да қызмет етеді.

Тіл болмысының метафоралық сипаты В. фон Гумбольдт, А.А. Потебня т.б. ғалымдардың лингво-философиялық тұжырымдарында ертеден көрініс тапса, Дж. Лакофф пен М. Джонсонның бізді қоршаған концептуалды жүйенің метафоралығына сай айтқан когнитивтік тұжырымдарында жалғасын тапқан [191, б. 238].

Қазіргі уақытта когнитивтік лингвистика метафораны адамның ұғымдық жүйесінің маңызды ажырамас бөлігі, ойлау қабілетінің ерекше қасиеті және лексиканы толықтырудың тиімді құралы деп бағалайды.

Номинативті бірліктер семантикасының коннотаттық аспектісіне қатысты В.Н. Телияның метафора туралы мына тұжырымының жаңа атауларға, қолданыстарға да тікелей қатысы бар деп санаймыз: «Метафора – это и процесс, создающий новое значение языковых выражений в ходе их переосмысления, и способ создания языковой картины мира, возникающей в результате когнитивного манипулирования уже имеющимися в языке значениями, с целью создания новых концептов, особенно для тех сфер отражения действительности, которые не даны в непосредственном ощущении» [192, б. 3]. Сонымен, ғалымның пікірінше, метафоралар – дүние туралы тілде бұрыннан бар атаулардың жаңғыруы, айшықталуы арқылы жаңа білімге жеткізетін үдеріс.

Осыған орай, көптеген ғалымдар термин-метафоралардың тууына аталушы нысандардың ұқсастығы мен ассоциативті байланыстардың зерттелуі нәтижесінде мағыналық жаңғыруы негіз болады деп санайды [193].

Соңғы кезде орыс тіл білімінде салалық термин жүйесінің лингвокогнитивтік негіздеріне қатысты метафоралық аталымдарға, қолданыстарға тереңірек көңіл бөлінуде.

Осы мәселеге қатысты еңбегінде, Л.В. Ивина қазіргі өмірдің парадигмалық болмысымен, метафораның ұйымдастырушылық, байланыстырушылық сипатымен, жалпы жоғарыда айтылған дүниенің концептуалдық жүйесінің метафоралығымен байланысты ғалымдардың пікірлерін келтіреді [194, б. 49].

Сонымен бірге, қазіргі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне сай қоғамдық-әлеуметтік т.б. қызмет аясында белсенді қолданыла бастаған жаңа қолданыстардың жасалуында дайын тілдік құрылым ретінде фразеологиялық тіркестердің орны бөлек. Бұл арада фразеологиялық тіркестердің аталымдық қызметі оларды сөзжасамның лексикалық тәсілі ретінде қарастыруға негіз болатынын қазақ фразеолог-ғалымдар: Г. Смағұлова, Б. Жұбатова, Г. Сағидолда, Р. Авакова өз зерттеулерінде салыстырмалы-тарихи, семантикалық тұрғыдан дәйектеді. Сондықтан фразеологиялық тіркестердің бейнелі сипатымен сөздерге

балама бола алу қабілеті жаңа сөздерді жасауда да тиімді тәсіл ретінде қолданылады.

Профессор Р. Авакова фразеологизмдердің қазақ (түркі) фразеологиялық қорының семиотикалық табиғатын лингвистиканың танымдық жаңа бағыттары жүйесінде ашады [195].

Қазіргі қоғамдық, саяси, экономикалық жағдаятқа сай қазақ және түрік тілдерінде көбіне медиакеңістікте жаңғырып, мағынасы кеңейіп, қалыптасатын жаңа қолданыстардың деректерін көрсетуге болады. Мысалы: *құрығы ұзын, тұсауы кесілді, ұршықтай иірілді, қырғи-қабар* т.б.

Олардың негізінде заманауи қоғамдағы жаңару үдерісіне сәйкес танымның кеңейіп, жаңғыруының таңбалануы фразеологиялану және метафоралану арқылы айшықты түрде жүзеге асады. Демек, заманауи қоғамдық-әлеуметтік кеңістікті экспрессивті бейнелейтін коннотациялық сипаттағы жаңа қолданыстарды жасауда тілдің жанама номинациялық құрылымына енетін фразеологиялық тіркестердің мәні ерекше. Мысалы:

- қазақ тіліндегі *тұсаукесер, беташар*, түрік тіліндегі *bilgisayar* (компьютер);

- қазақ тіліндегі *құрсақ ана* – түрік тіліндегі *taşıyıcı anne*;

- қазақ тіліндегі *қара жұма* – түрік тіліндегі *muhteşem Cuma*;

- қазақ тіліндегі *халық қалаулысы* – түрік тіліндегі *milletvekili* т.б. [196, Б. 29-40].

Бұл тектес зерттеулердің тұжырымдары мен нәтижелерін жүзеге асыру тәуелсіздік кезеңінде өріс алған тіл дамуының ішкі заңдылықтары мен әлеуетін пайдалануға бағытталған. Сонымен қатар бұл зерттеулерде кеңестік кезеңдегі тіл дамуының жаңа сипаты ұғымын дамыту тек белгілі бір арнамен жүргізілгені, сол кездегі қоғамның (биліктің) тікелей басшылығымен, араласуымен іске асқаны атап көрсетілді.

Тәуелсіздік кезеңіндегі қоғамдық-саяси өмірдегі жаңа құрылыс, жаңа өмір сипаты, жаңа қарым-қатынас дамуына сәйкес қоғам өмірін бейнелейтін жаңа сөздерді тілімізге жүздеп, мыңдап жедел енгізу жұмыстары жүргізілгені белгілі.

Қазақ тіл білімінде тарихи тұрғыдан салыстырмалы-талдамалық зерттеулер жүргізу нәтижесінде тілге жаңа сөз енуінің үш түрлі бұлағы бар екені анықталған:

1. жаңадан сөз жасау: *айқұлақ, банкер, бейнетаспа, сөзтізбе, демеуші, есірткі, зертхана, наубайхана, зияткерлік, тосынсый, жертөле, кептеліс, салымшы, ақылды үй, еркін экономикалық аймақ, теңге бағамы, келісімшарт, сын-ескертпе, арыз-тілек, арыз-шағым* т.б.

2. белгілі бір тілдің өз ішінен сөз тудыру: *билік, әкім, хұқық, басқарма, сайлау, төраға, қисын, таңба, кеңес* т.б.

3. сөздерді шеттен алу:

а) өзге тілдерден: *оппозиция, брифинг, ипотека, тендер, агенттік, лицензия, конфессия, батарея, бутик, пресс-релиз, навигация* т.б.;

ә) ауызекі сөйлеу тілінен, диалектілік лексикадан: *егемен, ұжым, кеден, құжат, сусамыр, кент, нысан, сардар, нарық, серке, ота* т.б.;

б) ауыз әдебиеті тілінен: *қызмет, өнер, қауым, жарпазан, беташар, кіреуке, шаһар* т.б.

Ал, түркітанушы-ғалым Хамза Зүлфикар алдыңғы тарауда сипатталған «Тіл төңкерісінен» осы кезге дейін түрік тілінде жаңа сөз жасаудың төрт жолын атап көрсетеді:

1. ауызекі сөйлеу тілінен алу: *çağdaş* (заманауи), *kuzey* (солтүстік), *aydın* (зиялы), *alan* (аймақ, сала), *danışman* (кеңесші) т.б.

2. ауыз әдебиеті тілінен алу: *arı* (пәк), *dalgıç* (сүңгуір), *tanık* (куәгер), *yanıt* (жауап), *yarı* (құрылым), *yitik* (жоғалған), *basınç* (қысым), *oran* (ара қатынас), *töre* (әдет-ғұрып), *yöre* (маңай), *nesne* (зат), *başkan* (төраға), *buyruk* (уағыз, бұйрық), *çevre* (қоршаған орта), *bilge* (данышпан), *bölge* (аймақ), *esenlik* (амандық), *savaş* (соғыс), *sonuç* (нәтиже), *tutsak* (тұтқын) т.б.

3. екі немесе одан да көп сөздерді біріктіру арқылы: *asteğmen* (кіші лейтенант), *doğumevi* (перзентхана), *denizaltı* (сүңгуір қайық), *yılbaşı* (жаңа жыл), *buzdolabı* (тоңазытқыш), *akaryakit* (жанармай), *basımevi* (баспахана), *bilinçaltı* (бейсана), *işveren* (жұмыс беруші), *suçüstü* (қылмыс үстінде), *tereyağı* (сары май), *yerçekimi* (жердің тартылыс күші), *yüzyıl* (ғасыр) т.б.

4. түрікше түбірлерге түрік жалғауларын жалғау арқылы: *aday* (үміткер), *anlam* (мағына), *ilgi* (ықылас), *kurum* (мекеме), *seçmen* (сайлаушы), *önerge* (ұсыныс), *işlev* (қызмет), *ayraç* (жақша), *çizgi* (сызық), *çözüm* (шешім), *duyuru* (хабарландыру), *düzeу* (деңгей), *deneme* (сынау), *denetmen* (инспектор), *bağış* (жәрдем, құрмалдық), *doğal* (табиғи), *durum* (жағдай), *uzman* (маман), *üretim* (өндіріс), *tepki* (реакция), *sonuç* (нәтиже), *sömürücü* (қанаушы), *sergi* (көрме), *tanım* (анықтама), *gelir* (табыс), *görev* (тапсырма), *indirim* (жеңілдік), *güvence* (кепілдік), *belirti* (белгі, симптом), *belirteç* (көрсеткіш), *aşama* (кезең), *iletki* (транспортир), *çekim* (суретке түсіру), *oluşum* (қалыптасу), *örgüt* (ұйым), *birikim* (жинау, қорландыру), *bireу* (жеке тұлға) т.б. [70, б. 37].

Көріп отырғанымыздай, қазіргі қоғамның тілдік қолданысындағы жаңа сөздердің жасалу жолдары мен тәсілдері жалпы лексиканың даму, кеңею тарихымен үндес, ортақ заңдылықтарға сай екені байқалады.

Бірақ өзара салыстырылып отырған қазақ-түрік тілдерінде белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік кезеңдегі белсенділігімен сипатталатын жаңа қолданыстық атаулардың тілдегі қалыпты сөздерден айырмасы – олар, негізінен, көбінесе баспасөз тілінде көпшілікке тарап, өзектеледі (Кесте 2).

Кесте 2 – Қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың жасалу тәсілдері

Қазақ тілі	Сөзжасам тәсілдері	Түрік тілі
	Синтетикалық тәсіл	
-кер/-гер: қайраткер, заңгер,		-ar/-er/-ır/-ir/-r: gider (шығын), gelir (табыс),

2- кестенің жалғасы

1	2	3
іскер, үлескер т.б.		tutar (сома) т.б.
-шы/-ші: аяқдопшы, салымшы, жүргінші, тапсырысшы т.б.		-cı/-ci/-cu/-cü/-çı/-çi/-çu/-çü: kirası (жалгер), tekelci (алпауыт), denetçi (аудитор), yorumcu (комментатор) т.б.
-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік: жемқорлық, зияткерлік, ықпалдастық, зайырлылық т.б.		-lık/-lik, -luk/-lük: bakanlık (министрлік), tinselcilik (спиритизм), yoğunluk (тығыздық, қоюлық), günlük (күнделік) т.б.
	Аналитикалық тәсіл	
айқұлақ, тосынсый, төсбелгі, мерейтой, жансақтау т.б.	біріктіру:	türbebek (ЭКО), güvenoyu (сенім кепілдігі), bilinçaltı (бейсана), bilirkişi (сарапшы) т.б.
көші-қон, қуғын-сүргін, іс-шара т.б.	қосарлау:	yönetmen-yazar (режиссер), eko-ürün (экоөнім), alış-veriş (шопинг) т.б.
дабыл қондырғысы, дүбірлі дода, жаппай сатылым, ойын-сауық кешені, салауатты өмір салты т.б.	тіркестіру:	dış ters açı (сыртқы бұрыш), gösteri adamı (шоумен), havai fişek gösterisi (отпашу), yoğun bakım (қарқынды терапия) т.б.
ҚазМұнайГаз (Қазақ мұнай және газ компаниясы), ҰБТ (Ұлттық бірыңғай тестілеу) т.б.	қысқарту:	TÖMER (Türkçe Öğretim Merkezi), TÜBİTAK (Türkiye Bilimsel ve Teknolojik Araştırma Kurumu) т.б.

2- кестенің жалғасы

1	2	3
	Семантикалық тәсіл	
әулет, құн, қисын, кеңес т.б.	көнерген сөздерді жаңғырту	önder (көшбасшы), ülkü (идеал), bağlam (мәнмәтін), onau (мақұлдау) т.б.
тұсаукесер, беташар, кәдесый, мәжіліс, арна т.б.	мағынасының тарылуы және кеңеюі:	сөвге (бұрын: маңай, қазір: қоршаған орта), yurt (бұрын: үлкен шатыр, қазір: отан, жатақхана), alan (бұрын: жазық жер, қазір: алаң, сала), savcı (бұрын: елші, пайғамбар, қазір: прокурор) т.б.
егемен, ұжым, құжат, сусамыр т.б.	аймақтық, сөйлеу тілінен сөз алу:	çağdaş (заманауи), aydın (зиялы), danışman (кеңесші), sağlamak (қамтамасыз ету) т.б.
қауым, беташар, кіреуке, шаһар т.б.	ауыз әдебиеті тілінен сөз алу:	arı (пәк), tanık (куәгер), başkan (төраға), bölge (аймақ) т.б.
мүмкіндігі шектеулі адам, қойылым, жасыл дәліз, сары басылым т.б.	калькалау тәсілі	telsiz (рация), beyinakım (утечка мозгов), gökdelen (көп қабатты үй), katma değer vergisi (қосылған құн салығы) т.б.
Еуроодақ, автотұрақ, экоөнім, инфрақұрылым т.б.	будандастыру тәсілі	biyokütle (биомасса), başrol (басты рөл), otoyol (автомагистраль), cep telefon (ұялы телефон) т.б.
	шеттілдік сөздердің үлгісімен сөз жасау:	ecole (франц.) → okul (мектеп), bulletin (франц.) → belleten (бюллетень),

2- кестенің жалғасы

1	2	3
		image(франц.)→imge (бейне, көрініс), imge →simge (таңба) т.б.

Кестеден көріп отырғанымыздай, туыстас қазақ және түрік тілінде сөзжасам тәсілдеріне көбінесе ортақ, бірдей сипат тән. Тек соңғы тармақта түрік тілінің шет тілге (көбінесе француз тіліне) әсіре еліктеушілігі байқалып тұр. Жаңа сөзжасамда шеттілдік сөздер үлгісімен айнытпай жаңа сөз жасау қазақ тілінде кездеспейді.

Жаңа сөздің қолданыс тауып, қабылдануы үшін оның белгілі бір саладағы кәсіби қызмет барысында қалыптасқан жаңа ұғым және танымдық сипатына байланысты оған қандай ой, не мағына жүктелгенін арнайы түсіндіру қажет болады. Мысалы, сөз тұлғасы өзгертілмей, мағынасын кеңейту арқылы жасалған жаңа сөздердің мағынасы денотаттық мағынасымен салыстырып, түсіндірілуі тиіс. Бұлайша түсіндіру, негізінен, жаңа сөздердің танымдық уәжділікке сүйеніп жасалуы ұлттық терминология жүйесін қалыптастыруға, ғылыми ұғымдардың ұлттық тілдегі баламаларының сапасына тиімді ықпал етеді.

Қазақ халқының қай заманда болмасын, өмір сүрген ортасының тыныс-тіршілігінен мағлұмат беретін, табиғатының байлығын, ұлтының ұлылығын танытатын, сұлулық пен сезімталдыққа деген құштарлығын, талғамын, кәсібін оның тілінен көруге болады (киім, тамақ, құрал, салт-дәстүр т.б. атаулары). Сол үрдіс қазіргі ғылым мен техника, экономика, интеллектілік кеңістік жайлаған жаһандану заманында да жаңа атаулар арқылы жалғасын табуда. Қазақ тілінің дүниетанымдық қызметі мен оның ұлт мүддесі үшін қызметі оны жеке ұлт тілі ретінде анықтайды. Сондықтан тіл мазмұнындағы ұлттық дүниетанымға сәйкес қасиеттерді, ұғымдарды тану, олардың қолданыс әлеуетін, тілдің қоғамдық-әлеуметтік, танымдық-ақпараттық қызметін жан-жақты аша түсуге септігін тигізеді.

Осы бағыттағы зерттеулер салмағы, әсіресе, соңғы кезеңдерде басымырақ түсуде. Мұның негізгі себептері тілге тек имманенттік тұрғыдан ғана емес, оның қоғамдық-әлеуметтік сипаттағы коммуникативтік қызметімен тығыз байланысты кешенді де күрделі сипатына да мән берумен түсіндіріледі. Жаһандану заманындағы тіл қызметінің тек социолінгвистикаға емес, макросоциолінгвистикаға, сайып келгенде, заманауи тілдік жағдаятқа сай жаңа атаулар мен жаңа қолданыстар проблемасына тікелей қатысы күнделікті өмірде айқын көрініп отыр.

Мысалы, тәуелсіздік кезеңінің жаңа сипатына сай қоғамдық-әлеуметтік салада *мәңгүрт* сөзі терминдік сипат алды. Қазақ тілінің бір томдық үлкен түсіндірме сөздігінде *мәңгүрт* сөзінің тура мағынасы: «Ақылы кем, есуас, жыңды адам» деп берілсе, ал қоғамдық-саяси термин ретіндегі мағынасы: «Тарихи жадынан, тілі мен дінінен, ділінен айрылған ұлтсызданған адам» деп көрсетілген [197, б. 912].

Ал саяси түсіндірме сөздікте *мәңгүрттік* ұғымы адамзатқа қауіпті құбылыстардың бірі ретінде 20 ғасырдың 80-жылдары көркем әдебиетте Ә. Кекілбаев пен Ш. Айтматов тарапынан айналымға енгізіліп, адам бойында ұлттық мәдениет пен құндылықтардың, адамгершілік қасиеттердің жойылуын білдіретін ұғым ретінде көрсетіледі [198].

Соның нәтижесінде *мәңгүрт* сөзінің жаңа қолданысы арқылы көсемсөз бен БАҚ-та тарихи жадынан, тілі мен дінінен, ділінен айырылған, сана-сезімі мен болмыс бітімін, ұлттық келбетін жоғалтқан адамның медиабейнесі жасалды.

Мысалы: *Отанын сату, туған анасын өлтіру, елін қанау мәңгүрттің де қолынан келеді емес пе?! (Қазақ әдебиеті, 18.12.2015). Бір мемлекеттің басқа бір мемлекеттің жастарын аздырып, мәңгүрттендіріп, ұлттық санасын және қорғаныс қызметін жойып, оны отар елге айналдыруының ең басты құралы (Айқын, 21.10.2015).*

Демек, ақиқат дүниенің бір үзгі ретіндегі денотаттың жеке ұғымына жаңа ұғымдық мән үстемеленуі оның сол ұлттық ұжымдағы әлеуметтік, терминдік қызметімен байланысты. Бұл жағдай ұғым мағынасының жойылуы емес, танымның кеңеюіне байланысты толығу, жіктелу. Ал, ғылыми ұғымның ұлтқа етене таныс ұғым арқылы аталуы оған табиғи сипат беріп, жеңіл игеруге ықпал етеді. Әрине, сөздердің бір аядан екінші аяға өтіп, қолданыс сипатын өзгертуі – тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметінің дамуының бірден-бір тәсілі.

Бірақ тілдік айналысқа түсу мен қолданыс аясы белсенділігінің күшеюі спонтанды түрде, тек тілден тыс факторлар ықпалымен болатын іс-әрекет емес, тілдің ішкі заңдылығына сай, дүниені бейнелеудің тілдік құралы ретіндегі сөз әлеуеті мүмкіндіктерін барынша толық игеруге байланысты. Адамзат ойының кемелденіп, танымы тереңдеген сайын, қатынас құралы ретіндегі тілдің де қызметі жетіліп, кеңейе түсетіні белгілі. Сондықтан оны саналы түрде жетілдіру, ішкі қуатын барынша терең зерттеу нәтижесінде жасалған жаңа ұғымдық атаулар, терминдер тілдің одан әрі дамып, жаңа деңгейге көтерілуіне үлес қосуы тиіс.

Мысалы, жаңа қолданыстардың қалыптасу көзі, негізінен, БАҚ құралдарында жазылған дағды арқылы қалыптасады, қоғамдық-әлеуметтік қолданыста сарапталады. Сол қолданыстық, айтылым тәжірибесі барысында оңтайлы, ыңғайлы үлгінің басымдылығы байқалады [199, Б. 70-73].

Бұл әрекет тілді тұтынушы ұжым танымында, жадында келісіп, ұйымдастырылып реттелмейді. Ал сөзді арнайы жасағанда (термин түзуде) бірден оның мағынасы, тұлғасы анықталып, тілге дайын күйінде, жазу арқылы тарайды.

Ал, жаңа атау жасағанда қазақ тіліндегі сөздерді таңдауға, ішінен таңдап, жазылу үлгісін де алдын-ала анықтауға мүмкіншілік бар. Бұл жағдайда адам белсенділігі мен сөзжасам әрекетінің саналы деңгейі, соған сәйкес жасалған атау жүйелілігі жасаушылардың кәсіби деңгейіне, ұғым мазмұнын толық түсінетін мамандардың біліміне де қатысты.

Жаңа ұғымды бейнелейтін жаңа атаулардың сөзжасамдық үдерістеріне қатысты қазіргі қазақ тіл біліміндегі тілді таным құралы ретінде зерттейтін

лингвокогнитивтік бағыт ұстанымының бастау көзін ұлт көсемі А. Байтұрсынұлы еңбектерінен табамыз: «Басқа жұртпен араласқанда өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазған сөзі бар жұрттар ғана тұрады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған ұлттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек» [200, б. 80].

Осы арада ой мен сөз аралығындағы номинация үдерісінің ерекше маңызға ие болатыны белгілі. Атап айтқанда, ол шындық дүниені тіл әлемімен байланыстырып, аталушы нысан мен оны таңбалауға таңдалған тілдік бірлік арасына өзара байланыс орнатады. Сөзжасамның негізгі тетігін белгілейтін бұл кезең заңдылықтарын Е.С. Кубрякова былай көрсетеді: «... в акте номинации получают названия лишь те объекты, на которые направлена деятельность человека. Сами объекты могут принадлежать миру внешнему и внутреннему, они могут составлять принадлежность мира действительного и мира вымышленного, выдуманного, но название дается остановленной, мысли об объекте» [201, б. 37].

Осыған байланысты қазақ тіл білімінің ғылыми негізін салушы профессор Қ. Жұбановтың: «Адам баласының табиғатында әуелі басқаны біліп алып, өзін кейіннен білу қасиеті бар. Мысалы: адам фотографияны танып білгеннен кейін ғана өзінің басқа заттарға ат қоятыны өзін сол басқаларға ұқсата алатыны – өз басын кіші дүние деп біліп, оны ана үлкен дүниеге ұқсатуынан болған. Осы таным тілге де әсер еткен. Мысалы, орысша *небо* – «аспан», *нёбо* – «таңдай»; қазақ тіліндегі *таң* = «адам әлемінің аты, яғни жоғары жаққа тән қасиеттің иесі»; *таңдай* = «адам денесінің жоғары жағы»... Адамның жекелеген бөлшектердің белгілерін түйсіну арқылы атрибутивті портрет қалыптастыра отырып, ғаламды таниды» деген пікірлері ғалымның ұғымды атауды адамға қатысты түсіндіріп, адамды орталық меже (антропоцентризм) ретінде алғанын көрсетеді [3, Б. 94-120].

Қай елде болмасын, әлеуметтік-экономикалық дамудың өтпелі кезеңдеріндегі тілдік өзгерістер ғылыми зерттеу тұрғысынан маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені объективті әлеуметтік және өндірістік өзгерістер динамикасының көрсеткіші ретінде жаһандану кезеңінде лингвистикалық парадигмалардың өзгеруі тілдің объективті танымдық құрылымдарын зерттеуге қызығушылықтың артуымен байланысты объективті заңдылық. Осы мақсатқа сай, жаңа сөздерді игеру барысында олардың пайда болу себептерін, жасалу жолдары мен қолданылу аясын (жалпыхалықтық қолданыс па, әлде белгілі салаға қатысты ма) дүниетанымдық сабақтастықта қарастыру негізділігі төмендегі кестеден айқын көрінеді (Кесте 3).

Кесте 3 – Жаңа сөздер қолданысындағы танымдық сабақтастық

Қазақ тілі	Қолданыс сипаты	Түрік тілі
нарық, науқан, элеует, жад т.б.	жаңғырған төл сөздер:	ағ (желі), göç (көші-қон), alkış (қол шапалақтау), tabanca (тапанша) т.б.
Елбасы, элеуметтік желілер, босқындар, лаңкестік т.б.	жиі қолданылатын сөздер:	göçmenler (босқындар), girişimci (кәсіпкер), basın toplantısı (баспасөз маслихаты), işlem (операция) т.б.
ойын-сауық орталығы, бағдаршам, елорда, жарнама т.б.	кеңінен қолданылатын сөздер:	seçal (өзіне-өзі қызмет көрсету), özçekim (селфи), bilgisayar (компьютер), uçak (ұшак), pazarlama (маркетинг) т.б.
кіреуке, бұзаубас, сүтсағыз, тінтуір т.б.	қолданысы шектеулі сөздер:	yonga (чип), tarayıcı (сканер), üçgen (үшбұрыш), yüklem (баяндауыш) т.б.

Тарихи сөзжасам үдерісін жүзеге асыратын тілдік тетіктер семантикалық уәж арқылы жүйеленіп, ұқсату, абстракция, ассоциация құбылыстары нәтижесінде анықталады. Сондықтан тарихи сөзжасамды семантикалық аспектіде зерттеу туынды жаңа сөз мағынасын когнитивті үдерістер нәтижесі ретінде тануға дәйек болады. Тарих-мәдениет сабақтастығында қарастырылатын тарихи сөзжасам мәселесі танымдық сипатта қарастырылып, бұл тілдік құбылыстың тұлғалық және мағыналық даму сипатын, қалыптасу жолын анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан тарихи сөзжасам уақыт пен кеңістік ішінде болатын, адам танымының деңгейіне негізделіп, тілдің даму жүйесін анықтайтын когнитивті үдеріс ретінде түсіндіріледі. Осыған байланысты сөзжасамдық үдеріс барысында тілдік бірліктерді тіл иесі санасында қалыптасқан ұғымды (жаңа ұғымды) таңбалаушы құрал деп қарастыру тілді зерттеудің жаңа деңгейіне сәйкес таным қызметіне ерекше назар аударады. Бұл жағдай тіл қызметі мен сөз элеуеті мүмкіндіктерін айқындап, солардың мазмұндық, мағыналық жақтарын тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

Профессор А. Салқынбай: «Тарихи сөзжасам уақыт ішінде болатын, адам танымының деңгейімен негізделетін, тілдің даму жүйесін анықтайтын когнитивті процесс» деп түсіндіреді [202, б. 9].

Осы орайда, әсіресе аналитика-семантикалық сөзжасам тәсілі арқылы жасалған сөздерді когнитивтік, лингвомәдени, лингвогенездік аспектіде зерттеудің ұлттық дүниетанымды анықтауда мәні зор.

Мысалы, терминдік мәндегі *дискуссия* сөзінің «белгілі бір талас мәселені жиналыста, баспасөз бетінде талқылау, пікір сайыстыру» деген ұғымы *пікірсайыс* деп қазақшаланды: *Сондай-ақ пікірсайыс барысында үлескерлер проблемасы, балабақшалар мен өзге де мәселелер алға тартылды* («Егемен Қазақстан», 26.02.2010).

Ал, мағынасы осыған жуық *диспут* терминінің қазақша баламасы *пікірталас* деп қалыптасты: *Арал мәселесі соңғы оншақты жылда географ және эколог-ғалымдар арасында жиі-жиі пікірталастар туғызады* («Алматы ақшамы», 29.07.2015).

Осы себепті, академик Р. Сыздық жаңа сөзжасам үдерісіндегі тағы бір құбылысқа назар аудару қажет деп санайды. Ол – бір ұғымның терминдік атауымен қатар кейде оның екінші бейнелі атауы болуы. Жаңа ұғым тілдік санада қабылдануы үшін, оны тыңдаушы мен оқырманға әсерлі, ойнақы етіп жеткізу мақсаты көзделеді. Мұндай бейнелі атаулар негізінен сөйлеу тілінде, баспасөзде, публицистикада пайда болады [11, б. 226].

Біздің ойымызша, қазіргі зиялы қауым ортасында жиі қолданылатын *Елбасы, жанұя, ақ халатты абзал жандар* және түрік тіліндегі *trafik canavari* (жол ережелерін бұзушы) атауларын осыған мысал ретінде келтіруге болады.

2.3 Жаңа атаулардың ономасиологиялық сипаты

Терминологиялық жүйедегі сөзтудырушы үдерістерге экстралингвистикалық факторлардың ықпалын зерттеуші ғалымдардың ерекше назар аударатыны белгілі. Бұл жайттың жаңа сөздер мен мағыналардың тууына да тікелей қатысы бар. Дүние бейнесінен ажыратылған жаңа реалийлерге, құбылыстарға, жаңа ұғымдарға атау беру қажеттілігі секілді тілден тыс фактор жаңа ұғымды айқын білдірудің мәнерлі, тілдік қолданыста ықшам және семантикалық жүйеге сай лингвистикалық құралды талап етеді.

Мұндай экстралингвистикалық факторлар инновациялық номинация жүйесіне негіз бола алатынын қазіргі әлемдегі «неологиялық шу» үдерісі де көрсетіп отыр. Лексикограф-ғалым Р. Берчфилдтің дерегінше, ағылшын тіліне жылына 800 жаңа лексикалық бірлік енеді екен [22].

Номинация саласын зерттеген ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, тілдегі кез-келген атау тәжірибе нәтижесі болып табылады. Тәжірибені таңдау үлгісі оның қолданыс сипатына, маңызына, заманға сай қызметіне т.б. байланысты болуы мүмкін. Себебі ұлттық болмыс пен дүниетанымды тіл арқылы танудың ономасиологиялық аспектісі тек таза тілдік деректерге сүйенбей, сонымен қатар тілден тыс факторлар арқылы да айқындалатыны белгілі.

Қандай да бір зат, құбылыс атауының пайда болуын қай заманда болмасын, адам өмірінің күнделікті тәжірибесі негізіндегі танымынан тыс елестету мүмкін емес. Себебі әр ұлттың тыныс-тіршілігі, дүниеге көзқарасы, рухани өмірі қай кезде болмасын, үнемі дамып, өзгеріп отыратын күрделі үдеріс болғандықтан, тілдің даму барысындағы түрлі атаулардың барлығы дәуіріне қарай өзгерістерге түсіп отырады. Кез-келген тәжірибе нәтижесі адам баласының дүниетанымында көрініс түрінде із қалдырады, сол түсінік нәтижесінде атау туады.

Осыған байланысты затқа нақты ат беру үдерісі тілдік санада қабылдау, елестету, түсіну, сезіну т.б. когнитивтік әрекеттер арқылы қабылданып, қалыптасады. Сайып келгенде, адамның айналасындағы дүниені тануы, заттың не ұғымның негізгі белгісіне сүйеніп ат қоюы адам бойындағы дүниетанымдық біліміне, білігіне, дағдысына, аталатын нәрсенің маңыздылығына байланысты.

Тіл білімінде ономасиология мәселесін жан-жақты қарастырған ғалымдардың пікірлері жеткілікті: И.С. Торопцев, О.И. Блинова, Н.Д. Голев, Л.А. Бутарева, М.М. Копыленко, Ә. Қайдар, Т. Жанұзақов, Б. Қалиев, К. Хұсайынов, А. Салқынбай, Қ. Айдарбек, О. Жұбаева т.б.

Бір ғалымдар ономасиология мен семасиологияның зерттеу нысанын біріктірсе, екіншілері оны лексикологияның бір бөлігі деп санайды. Шынында, қоршаған дүниені бейнелейтін, атайтын лексикалық бірліктердің туу, пайда болу үдерісін зерттеу – семасиологиямен қатар ономасиология міндеті. Осы тұрғыдан қарастырғанда әлем бейнесінің бүкіл көрінісі мен қоғамдық сана қалыптастырған ұғымдарды бейнелейтін тіл – адамзат танымының феномені. Олай болса, сөздің ұғымды белгілеп, мағына туғызу қасиеті болмыс пен ойлау қатынасын көрсететін құбылыс ретінде негізгі философиялық мәселеге айналғандықтан, «мән», «мағына» туралы түсінік тіл білімінде когнитивтік, дүниетанымдық сипатта зерттелуді қажет етеді. Демек, сөз мағынасы мен атаудың қалыптасу үдерісі тілдің тарихи-танымдық байланыс қызметі негізінде жасалады.

Көне Эллада философтары өмір сүрген заманның өзінде белгілі бір затқа не құбылысқа берілген атау «сол заттың, не құбылыстың табиғи қасиетіне сай ма, әлде ол кейбіреулердің өзара келісімімен жасалған атау ма» деген сұрақтар жан-жақты талқыланып, түрлі пікір-таластар болған. Бұл есімдер туралы ономасиология ғылымының о бастан-ақ атау әрекетінің онтологиялық негізі туралы ғылым ретінде қалыптасқанын дәлелдейді.

Осыған орай, қазақ тіл білімінде ономасиология мәселесін арнайы зерттеген ғалым Қ. Айдарбек: «Сөзжасам аясында зерттелетін құбылыстардың басты аспектісі аталымдық, немесе ономасиологиялық болуы керек» деп көрсетеді [203, б. 12].

Қазіргі тіл білімінде «ономасиология» ұғымы заттың атауы және жалқы есімдермен ғана шектелмей, «ономасиология» саласының аталым теориясы (номинация) тұрғысынан кеңеюіне байланысты маңызды өзгерістерге сәйкес басқа да кең ауқымды мәселелерді қамти бастады.

Қазақ тіл білімінде ономасиологиялық зерттеу ауқымының кеңеюіне семасиология, когнитивтік лингвистика, антропологистика, лингвомәдениеттану, әлемнің тілдік бейнесі т.б. зерттеу салаларындағы аталым нәтижелерімен бірге аталым үрдісінің зерттелуі де себеп болды. Осы арада белгілі бір нысанды белгілеу кезінде атау үдерісіндегі ұлттық аталым ісінің танымдық негізі осы саладағы көптеген зерттеулердің нысанына айналды (Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева, Е. Керімбаев, Қ. Рысбергенова, Ұ. Ержанова, Қ. Айдарбек, Р. Панзарбекова т.б.).

Қазіргі қоғамдық санаға ықпал етуші танымдық-әлеуметтік, тарихи-мәдени, рухани жаңғырулар мен тілдік жағдаятқа байланысты атау құбылысының динамикалық көрінісі ретіндегі жаңа қолданыстар мен терминдердің танымдық уәжділігін синхрондық та, диахрондық та (рухани-танымдық сұраныс) тұрғыдан анықтаудың ғылыми дәйегі ономасиологиялық интерпретацияны қажет етеді [204, Б. 51-53]. Осымен байланысты ономасиологиялық зерттеулер тек тілдік емес, тілдің танымдық негізін сипаттайтын кешенді зерттеу бағытын қажет етеді. Оның нақты дәйегі – ономасиологиялық зерттеуді әлемнің тілдік бейнесі теориясымен байланыстыру.

Жаңа атаулардың танымдық негізін зерттеуге қатысты ғылыми-әдістемелік жүйе құрамында ономасиологиялық интерпретация тәсілін қолдану тиімділігі байқалады. Себебі тіл бойында сақталған ұлттық болмыс пен дүниетаным тек таза тілдік ішкі заңдылық негізінде ғана емес, сонымен бірге тілден тыс (экстралингвистикалық) факторлар арқылы да айқындалатынын, негізінен, тілдің ономасиологиялық бағыттағы зерттеулері көрсетеді. Әрбір атау астарында ұғым тұрады, ал ұғым сол зат не құбылыс жөнінде қалыптасқан таным жиынтығынан құралады. Ал, ономасиология таныммен тікелей байланысты, яғни белгілі бір ұғымның қалыптасуына қандай уәждер негіз болғанын анықтайды. Демек, ономасиология шеңберінде қарастырылып, аталым актісіне қатысты атау беру үдерісінде қолданылатын «аталым, ұғым – ұлттық ойлау мен танымның да көрінісі» деген қағида біздің жұмысымызда басшылыққа алынатын қағиданың бірі болып табылады.

Тіл білімінде аталым теориясына қатысты мәліметтерді Е.С. Кубрякова, В.Г. Гак, М.Н. Янценецкая, В.Н. Телия, И.С. Торопцев, Л.К. Жаналина, Қ. Айдарбек т.б. еңбектерінен таба аламыз.

Түрік ономасиологиясына келер болсақ, түп-төркіні Орта Азиядан аттанып, Еуропаның қақ ортасына қоныстанған түрік халқы барған жерлеріне өз мәдениеті мен атауларын апарып, сондай-ақ жергілікті халықтардың бұрынғы атауларын өз наным-сенімі мен мәдениетіне сай өзгертіп, көбісіне жаңа атау берді. Сондықтан түрік ономасиологиясының зерттелу ауқымы қашанда өте кең болуы заңдылық.

Осыған байланысты бірнеше ғасыр бойы Осман империясының қоластында болған елдердің ғалымдарына өз елдерінің ономасиология мәселелерін зерттеп, түсіну үшін түрік ономасиологиясын зерттеуге тура келді.

Түрік ономасиологиясын зерттеген шетел ғалымдары: Laszlo Rasonyi [205, Б. 63-87], Heikki Paasonen [206], Munkácsi Bernát [207], Gombocz Zoltan [208], Willy Bang [209], Ligeti Lajos [210, Б. 257–274], Gyula Nemeth [211], Fekete Lajos [212], Omeljan Pritsak [214, Б. 205-211] т.б.

Шетел ғалымдары арасында түрік ономасиологиясына ерекше еңбек сіңірген – көрнекті венгр түркітанушысы Ласло Расони (Laszlo Rasonyi). Оның түрік ономасиологиясы мен тарихы жөніндегі көптеген ғылыми еңбектері түрік және шет тілдерде жарық көрді.

Негізі алғашқы түрік ономазиологиялық ғылыми еңбек деп Шемсеттин Самидің 1890 жылы жазған «Kamus ül A'lam» (Атаулар сөздігі) [214] кітабын атауға болады. Алты томнан тұратын бұл шығармада жер-су аттары берілген.

Ал түрік ғалымдары арасында ономазиология терминін алғаш рет қолданған ғалым – Агоп Дилачар [215, Б. 171-192].

Нақты түрде түрік ономазиологиясының дамуына үлес қосқан ғалымдардың еңбектерін атап көрсетуге болады: Hüseyn Namık Orkun [216], Hüseyn Reşit Tankut [217, Б. 101-112], Ahmet Caferoğlu [218], Doğan Aksan [219, Б. 176-178], Halil Açıkgöz [220, Б. 351-354], Ziyaeddin Fahri Fındıkoğlu [221], Besim Atalay [222], Abdülkadir İnan [223, Б. 62-64], Mehmet Şakir Ülkütaşır [224, Б. 369-384], Mehmet Fuat Köprülü [225, Б. 185-211], Hasan Eren [226, Б. 155-165], Tuncer Gülensoy [227], Hamit Zübeyir Koşay [228, Б. 118-125], Hüseyn Nihal Atsız [229, Б. 242-259], Necip Üçok [230, Б. 31-35], İlhan Başgöz [231, Б. 164-171], Özcan Başkan [232, Б. 237-251], Sedat Veyis Örnek [233, Б. 101-112], Saim Sakaoglu [234], Aydil Erol [235], Ali Esat Bozyiğit [236] т.б.

Дегенмен Батыс елдерінде дербес ғылыми бағыт ретінде қалыптасып, дамыған ономазиология (түрікше «adbilim») саласын түрік ғалымдары да зерттеп, халықаралық деңгейдегі ономазиологиялық конгрестерге қатысып жүргеніне қарамастан, Түркия жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларында аталмыш сала көрсетілмеген.

Зерттеуші Ибрахим Шахин бұл жөнінде былай дейді: «Ономазиология саласында жұмыс істеп жүрген түрік лингвистері осы салаға қатысты әлемдегі теориялық зерттеулерді елемей, қажетті терминдерді, жіктеулер мен әдістерді есепке алмай, бірден атауға қатысты тілдік материалдарды жинап, біріктіріп, зерттеуге кірісті. Негізгі терминдердің, дәйекті жіктеу мен зерттеу әдістерінің тапшылығын сезінген аталмыш сала осы кемшіліктер кесірінен тәжірибелік жұмыстар барысында да көпке ұзай алмады. Осының салдарынан бүгінгі күні ономазиология бір-бірінен алшақ, түрлі ғалымдардың зерттеулері арасында жер мен көктей айырмашылығы бар бейберекет салаға айналды» [237].

Қазақ тіл білімінде тарихи сөзжасамды ономазиологиялық аспектіде зерттеу нәтижелері жаңа атау мағынасындағы күрделілікті, атаудың ұғымдық, мәндік, танымдық сипатының таңбалануына негіз болған уәждерді, номинация мен сөзжасам арақатынасын анықтауға мүмкіндік береді.

Номинация теориясын дамытушы көрнекті ғалым Е.С. Кубрякова көрсеткендей, адам атау барысында оны өзін қоршаған шындықтан таңдап алады: «В акте номинации получают названия лишь те объекты, на которые направлена деятельность человека. Сами объекты могут принадлежать внешнему миру и внутреннему, они могут составлять принадлежность мира действительного и мира вымышленного, выдуманного, но название дается остановленной мысли об объекте» [201, б. 37].

Осыған сәйкес, мысалы, термин – тіл тұтынушы қолданатын белгілі бір саладағы кәсіби іс-әрекеттен бөліп қарастыруға болмайтын, сол жердегі тіл тұтынушылардың кәсіби сана бірлігіне сәйкес қарым-қатынас тілінің бірлігі. Ол сөзжасам мәселесіне қатысты номинациямен тығыз байланыста болады. Ал, тіл

білімінің номинация саласы атаулық қызмет атқаратын кез келген тілдік бірліктердің жасалу жүйесін зерттеу барысында атау құрылымын зерттей отырып, атаулардың жасалуы мен қалыптасуының таным мен тәжірибе негізінде айқындалып, таңдалған алғашқы номинативтік белгілерін, уәжін анықтайтын ономазиологиялық зерттеулерге негіз болады. Демек, аталым (номинация) дегеніміз заттардың жекелеген қасиетін танытатын, атауға негіз болған ұғым. Ол тілдік таңбадағы қандай да бір белгіге негізделген сигнификаттық ұғым көрінісін білдіреді. Олай болса, кез келген номинация үшін, ең алдымен, өзі атап тұрған зат пен құбылыстың нақты маңызды белгісін айқындап алу қажет.

Осыған орай, А.В. Солнцев: «Аталым – кез-келген дүниені танытудағы тілдік таңба қасиеті» [238, б. 133] деп анықтаса, О.И. Блинова аймақтық лексикадағы уәжделуші белгінің танымдық-қолданыстық сипатын атап көрсетеді [239, б. 99].

Қазақстандық тіл білімінде уәждеме теориясына қатысты алғашқы болып зерттеу жүргізген М.М. Гинатулин «К исследованию мотивации лексических единиц» (1973) атты теориялық еңбегінде: «Специфика исследования мотивации наименования предметов и явлений не допускает односторонне лингвистического подхода, она требует достаточно глубокого знания свойств самих реалий» – деп уәжділіктің кешенді ономазиологиялық сипатын атап көрсетеді [240, б. 5].

Тіл білімінде номинациялық (аталымдық) үдеріс уақытқа тәуелді болғандықтан, ол екіге бөліп қарастырылады: алғашқы номинация және екіншілік номинация [241, б. 108].

Бұл арадағы алғашқы номинация – бұл тілдегі түбір күйіндегі сөздің қалыпты мағынасына негізделген бірінші номинация. Мысалы:

а) қазақша: *дем, көк, қол, аяқ* т.б.;

ә) түрікше: *ev, bil, ağ, oku, sal* т.б.

Ал екіншілік номинация – дайын тіл бірлігінің даму барысында жаңа ұғым, қызмет негізінде қалыптасатын туынды номинация. Мысалы:

а) қазақша: *демікпе, көктүйнек, қолхат, аяқдон* т.б.;

ә) түрікше: *akıllı ev* (ақылды үй), *bilirkişi* (сарапшы), *ticaret ağı* (сауда желісі), *okutman* (оқытушы), *salgın* (індет) т.б.

Сондықтан осы мәселені арнайы қарастырған В.И. Телияның айтуынша, екіншілік мағынада, атау ретінде дайын тілдік форма көрініс табады [242, б. 159]. Демек, жаңа сөзжасамға негіз болатын тура және ауыспалы мағыналарда жұмсалатын – екіншілік мағына.

Қоғамдағы адамның әлеуметтік, рухани-танымдық сұранысы, ғылыми, экономикалық т.б. даму үдерісі, мемлекеттік мүдде т.б. үнемі өзгеріп, дамуы, адам санасының жетілуі оның тіршілігін жаңа атаулармен толықтыру мәселесін тудырады. Ол өз кезегінде тілдің ішкі сөзжасамдық интралингвистикалық заңдылықтарына сәйкес, кейде тарихи-семантикалық жаңғыру арқылы жаңа атаулар жасап, жаңа номинативті белгілер түзеді.

Мысалы, ХХ ғасыр басындағы баспасөз тілінде *кеңес, өнеркәсіп, ұстаз* т.б. сөздердің белгілі бір салаларға қатысты қолданыс тауып, жаңа атау жасауы

олардың бұрынғы мағыналарының кеңеюі // тарылуына байланысты жүзеге асты.

Сөз әлеуетінің мүмкіндігін мейлінше сарқа пайдалану туралы қағида осы үдеріс барысында тіл жүйелілігіне нұқсан келтірмеуді қамтамасыз етіп, жаңа сөзжасам мен терминжасам үдерісінде ана тілінің негізгі тірек болатыны туралы тұжырымды дәйектейді. Сайып келгенде, тілдің ішкі мүмкіндіктері негізінде жаңа атаулардың жасалуы тіл иелерінің танымдық-прагматикалық сұраныстарын қанағаттандырып, сөзжасам үдерісіндегі туынды сөздің ішкі мағынасы құрамындағы сөзжасамдық тұлғаларды іске қосады. Ал номинация негізі – тілден тыс денотаттың маңызды белгісінің, ерекше белгінің бейнесі.

Номинация теориясы негізінде ұғымның танымдық белгісін бейнелейтін уәж жаңа атауға тірек болып, жаңа мағына туатындықтан, ол сөзжасамдағы ортақ семаның парадигмалық тірегі ретінде бағалана алады. Себепші негіз архисемасы жіктелгенде, негізгі сема барлық туынды сөзде сақталады, себепші негіз мағынасы арқылы түбірлес сөздердің тарихи-генетикалық тамырын табуға мүмкіндік туады.

Сондықтан да тарихи сөзжасамды семантикалық аспектіде зерттеген ғалым А. Салқынбай былай дейді: «Номинативтік белгі – объективті өмірдегі заттар мен құбылыстардың қасиеті мен сапасы, ал номинацияның өзі – субъективті, ол адамдардың сол аталған затқа деген субъективті жеке көзқарасы мен таным-түсінігі, пікірі» [202, б. 60].

Ал, номинацияның субъективтілігі туынды сөздердің (жаңа сөздердің, жаңа атаулардың) жасалу қалпы мен мағыналық сипатынан айқын көрінеді.

Тағам атауларының табиғатын арнайы зерттеген А. Жылқыбаева: «В основе первоначального акта номинации лежит субъективный фактор, так как любой предмет имеет множество признаков и только некоторые из них отражаются в сознании человека» – деп, алғашқы аталымдағы жеке танымдық сипатқа ерекше мән береді [243, б. 82].

Қазақ халқының негізгі шаруашылығы мен өмір сүру тәсіліне, табиғатына сәйкес қалыптасқан дүниетанымды бейнелейтін сөздердің кез келгені атау ерекшелігін айқындайтын екіншілік аталымды (вторичная номинация) қалыптастырған. Мысалы: *боз дала, ақ селеу, жусан иісі, нар кескен, алдаспан, бозбала, ақбота, шуда жіп, түйе жапырақ* т.б. сияқты көптеген тіркестер тек қазақ танымына сай туындаған екіншілік тұлғалар.

Әсем табиғат, жайлы климат пен топырағы құнарлы, теңізге жақын аймақтарда өмір сүріп, мал шаруашылығы мен егіншілік, балық аулау мен саудамен айналысқан, ас мәзірі мен салт-дәстүрлерге бай түріктердің танымына сөздер мен сөз тіркестер анықтайды: *misafirperverlik, vatan sevgisi, döner, gelincik, saz, baklava, boncuk, el öpmek, kına gecesi, kahve, kebab, lokum, simit* т.б. Демек, номинация субъективтілігі, негізінен адам танымының кеңеюіне байланысты, екіншілік номинацияға тән.

Негіздеме (уәждеме) құбылысы арқылы тарихи сөзжасамның тарихи қалыптасу жүйесі түсіндіріледі. Күнделікті өмір сүру тәжірибесінде одан әрі танылған зат пен құбылысты атау үшін оның маңызды белгілері бөлініп алынып,

соларға негізделіп, адам танымында бұрыннан таныс денотат пен оның номинативтік белгілері арқылы жаңа атау жасалады.

Мысалы, *мерейтой, демеуші, айыппұл, балабақша, жанкүйер, сыйлықақы, бағдаршам* сөздерінің семантикасы өздері атап тұрған затты не ұғымды дәл береді.

Мысалы: *Қалалық Оқушылар сарайында Алматы қалалық Жол полициясы басқармасы бастап, сақтандыру компаниялары қоштаған «Байқаңыз, бағдаршам!» іс-шарасы өтті* (Алматы ақшамы, 06.05.2011). *Қостанайда бағдаршамның қызыл түсін елемей, қызметтік көлігімен екі жаяу жүргіншіні қағып кете жаздаған тәртіп сақшысы жұмыстан қуылды деп хабарлайды* КТК арнасы (Айқын, 29.12.2015).

Мұнда *бағдаршам* жаңа қолданысы «бағдар» және «шам» деген әр қазаққа бұрыннан таныс сөздер арқылы құрастырылған. Сол себепті бұл екі сөздің қосындысы «бағыт-бағдар көрсетіп тұратын шам» деген мағынаны білдіреді. Яғни бұрыннан таныс екі денотат пен олардың айқын номинативтік белгілері арқасында тілімізге әбден орныққан сәтті жаңа атау жасап шығарылды.

Түрік тілінде де семантикасы айқын жаңа атаулар өте көп: *dışalım* (импорт), *dışsatım* (экспорт), *bilgisayar* (компьютер), *yürüyen merdiven* (эскалатор), *milletvekili* (депутат) т.б.

Енді осылардың ішінен *bilgisayar* (компьютер) терминін талдап, қарастырайық. Басында бұл сөз түрік тіліне де «есептеуші», «ақпаратты өңдеуші» деген мағынаны білдіретін «komputer» түріндегі шеттілдік тұлғада енген болатын.

1970 жылдары инженер, лингвист, профессор Айдын Көксал түрікше «bilgi» (ақпарат) және «saуmak» (санау) деген екі сөзден жаңа атау ойлап тапты. Бұл екі сөздің номинативтік белгісі, уәжі көпшілікке таныс болғандықтан, бұл жаңа сөз түрік тіліне әбден орныққан кемде-кем сәтті жаңа қолданыстардың бірі болып, қазіргі заманғы түрік тілі лексикасына берік орнықты [244].

Мысалы: *Öğrencilik yaşamın deęişmez parçası olan kitap, kalem ve defter, yerini bilgisayarara bırakırken tarih de, ses ve görüntü unsurları kullanılarak, öğrenilmeye çalışacak* (Zaman, 07.10.1995). *Bilgisayarlardan arşiv kayıtlarının silinmesiyle benim hiçbir ilgim yoktur* (Sabah, 10.02.2012).

Өкінішке қарай, қазіргі заманның өзекті атауына (компьютерге) осы кезге дейін сәтті қазақша балама табылмай отыр. Қазіргі күнделікті өмірге әбден орнығып, күнбе-күнгі қажеттілікке айналған осы бір құрылғы қазақ тілінде әлі «компьютер» деп аталып жүр: *Қауіпсіздік үшін компьютерлерге арналған сүзгі-қондырғыларды пайдаланған жөн, әрине* (Ана тілі, 01.07.2011).

Осы тектес заманауи жаңа ұғымдарды белгілейтін терминдердің танымдық сипатына қатысты тілдің күдіретіне ғалым С. Ақаев терең де кең ауқымда мән береді: «Ертеңгі ұрпақ осы тілде сөйлегендей болып, осы тіл қолданушысы, оның толық мұрагері аталғанымен, іс жүзінде ана тілін нашар біліп, басқа тіл сөздерін қолданып, басқа тіл жүйесімен ойлануы мүмкін. Мұндай ұрпақ талғамын тілдің толыққанды, жоғары мәдениетті қолданушысының көзқарасы ретінде қабылдап, дұрыстықты соның негізінде анықтау қате болар еді. Тіпті тілді жақсы білемін

дейтін кісілердің өзі жаңсақ талғамы мен алдамшы сезімдерін игере алмаса, тілдің сарабдал қолданушысы болып, оның мәдениетіне қатысты ғылымдық, практикалық дұрыс пікір айта алмайды. Олардың тілге, терминге қатысты әрбір ойында бүгінгі шетел сөзіне қызығушылық табы білінбей қалмайды» [183, б. 124].

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, атаулардың жасалуы мен қалыптасуының алғашқы номинативтік белгілері мен уәжін анықтау тілдік құбылыстардың ономазиологиялық сипатын көрсетеді.

Бұл мәселеге «Қазақ грамматикасында» (2002) да назар аударылады: «Ономазиология жаңа пайда болған ұғымның алғашқы сипаттамалы түрде аталуынан басталып, универб атауға жеткенге дейінгі әрекетті зерттейді. «Ономазиология» термині тіл білімінде екі түрлі мағынада: тар және кең ұғымда қолданылады. Ономазиология тар ұғымда атаудың ақиқат шындықтағы белгілі заттың белгілеуін, ал кең ұғымда тілдегі бүкіл атаулардың зерттелуін білдіреді» [245, б. 215].

Қазақ тілінде бұл мәселе адам санасындағы ұғымның негізгі деп танылған белгісі ұғымға ат беруде ұлттың өзіндік ой-танымына байланысты, яғни тілдің танымдық (когнитивтік) қырларының сипатталуымен дәйектеледі. Олай болса, аталым үдерісінде адам танымында жинақталған жан-жақты ақпарат пен білімнің, тіл тұтынушысына уақыт пен кеңістіктегі ең айрықша қасиеттерді сипаттай алатын маңызды бір бөлігі таңдалуы тиіс.

Номинация теориясында ұғымға атау беру бірінші кезекте – зат, құбылыс (денотат), ол туралы ой (сигнификат) және атау (номинат) үш бұрышының ішкі қатынасына байланысты деген тұжырым қалыптасқан. Сондықтан атау теориясына қатысты зерттеулердің көбінде осы үш бұрыш қатынасында денотаттың рөлі басым бағаланып келді. Ал, нәрсенің басты белгілерін анықтаушы адам ойының, таным деңгейін бейнелеуші тілдің мәні жеткілікті ескерілмей келгені белгілі.

Заттың атауына негіз болатын тілдік жүйеден де, адам ойынан да тыс, объективті өмір сүретін заттың өз қасиеттері деген түсінік, ол қасиет-белгілердің адам санасында танылып-таңдалуы адамның таным деңгейіне, көзқарасына байланысты көп жағдайда жаңа ұғымның жеткіліксіз, жалпылама аталуына әкелді. Атаудың прагматикалық мақсаты ғана негізге алынып, оның затты, құбылысты қалай білдіретініне (атайтынына) жеткілікті назар аударылмады.

Негізінен, тілдің ішкі дамуы – ішкі лингвистикалық заңдылықтарға қатысты болса, ал сыртқы дамуы экстралингвистикалық факторлар (қоғам, табиғат, таным) арқылы ашылады, яғни *зат~ұғым~атау~таңба* арасындағы үдерісті зерттеу тікелей аталым (номинация) теориясымен байланысты.

Дүние әлемін тіл әлемімен байланыстырып, зат пен оның атауы арасындағы бірлікті орнықтыратын ұғымды тану барысында ономазиологиялық зерттеу маңызын, жаңа қолданыстардың танымдық негізіне тікелей қатыстылығын ғалым Қ. Айдарбектің мына тұжырымы айқындайды: «Аталым актісін орындау барысында атау беруші (номинатор) ақиқат болмыстың жеке фрагменттерін бір-бірімен салыстырып, олардың арасында белгілі бір қарым-

катынастар орнатады. Жаңа сөз жасаудағы когнитивтік үдерістердің рөлі, міне, осыдан туындайды» [203, б. 13].

Жалпы алғанда, тілде үнемі жаңа сөздердің туып, қалыптасу үдерісіне жалғастық сипат тән. Яғни, қоғамдық-әлеуметтік, саяси-экономикалық т.б. даму нәтижелерін бейнелейтін ұғымдардың жаңа атауларының негізгі сөзжасамдық тәсілі – бұрыннан таныс танымдық, семантикалық тіректер ретіндегі уәждерге сүйену. Осыған байланысты жаңа қолданыс білдіретін түсініктің тілдік жүйедегі орны, тілде бұрыннан бар түсінікпен байланысы болса ғана жаңа ұғым атауы ретінде жүйе түзіп, кең қолданысқа енеді. Мысалы, ресми іс қағаздары саласында қолданысқа енген *хаттама* – стенограмма, протокол, *баянхат* – докладная, *мәжілісхат* – протокол, *қызметтік хат* – служебное письмо, *қолхат* – расписка, *сенімхат* – доверенность т.б.

Ал, түрік тіліне келер болсақ, *yön* (жөн, бағыт) төл түрік сөзінен жасалған мына жаңа атауларды осыған мысал ретінде келтіруге болады: *yönerge* (директива, нұсқау), *yönetici* (бастық), *yönetmen* (режиссер), *yöntem* (әдіс, тәсіл), *yöntembilim* (әдістеме, методология) т.б.

Халықаралық терминдер арқылы ұлттық ұғымды күрделілендіріп келген бұл ұғымдардың біздің тіліміз бен танымымыз үшін де жат болмауына айрықша назар аударылуы қолданыс уәжі етене таныс сәтті жаңа қолданыстардың қалыптасуына себеп болды. Демек, адамның дүниені қабылдау, тану әрекеттері жүйелілікке негізделеді. Яғни жаңа ұғымға қатысты жасалатын жаңа сөздің де тілдің құрылымдық жүйесіне барынша сәйкес келуі оның сәтті қолданыстық сипатын қалыптастырады.

Сайып келгенде, жаңа сөзжасам үдерісіндегі сенімді дәйек көзі ретіндегі тіл қазынасын сарқа пайдалану қағидасы, біріншіден, тіл құрылымындағы тарихи жүйелілікті сақтаса, екіншіден, тіл тұтынушысының тілдік санасындағы таным тұтастығын жалғастырады.

2.4 Жаңа қолданыстардың танымдық дәйегі – уәжділік

Қазіргі таңда қазақ тіл білімінде уәж, уәжділік мәселелеріне ерекше назар аударылып, соның нәтижесінде лексикалық, терминдік бірліктерді, тілдік құбылыстар мен үрдістерді уәж, уәжділік ерекшеліктері тұрғысынан қарастыратын лингвистикалық зерттеудің арнаулы саласы – уәжтану ғылымы қарқынды дами бастады.

Қазақ тіл білімінде уәжділік, этномәдени уәждеме мәселелері Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, К. Хұсайынов, Б. Қалиев, Н. Уәлиев, Ж. Манкеева, Р. Шойбеков, М. Гинатулин, А. Жылкубаева, Б. Қасым, Ә. Алмауытова, Қ. Айдарбек т.б. еңбектерінде нақты тілдік деректер негізінде қарастырылған.

Қазақ тіл білімінде соңғы кезде кең өріс алған тіл тұтынушысы танымына сай зерттеу үрдісі атау теориясының уәжділік мәселесіне когнитивтік тұрғыдан ерекше назар аудару қажеттілігін туғызды. Осыған орай жоғарыда атау беру кезеңі өте күрделі үдерістегі ономасиологиялық аспектіге қатысты бірнеше танымдық заңдылыққа бағынышты екені назар аударарлық. Ол заңдылықтардың ішіндегі ең бастысы – санадағы ассоциативті байланыс, уәжділік. Яғни уәжділік

– сол сөз бейнелейтін табиғат құбылысының адамның түсінік тәжірибесінде анықталған белгісі. Адам дүние құбылыстарын, олардың өзара байланыстылығын өз таным ауқымында танып, түсіндіреді, оны сөз, атау арқылы байланыстырады. Демек, уәжділік – тілдің төл қасиеті. Жаңа білім міндетті түрде бұрынғы білімге негізделіп, сол арқылы әрі қарай жетіліп, дамып, жаңарған жаңа сөз арқылы байланып, бекітіледі. Сондықтан жаңа сөздің уәжін түсіну – оның қалыптасып, кең тарауының кепілі. Яғни жаңа сөз таңбалаған ұғымның сол ұлт танымындағы орнының қаншалықты түсінікті екенін анықтау аса маңызды.

Ал жаңа қолданыстар уәжділігіне қатысты тіл мен таным бірлігіне байланысты негізгі мәселенің бірі – тілдің ұлт өкілінің ойлау дәрежесін бере алу, жеткізе алуға жалғастық пен сабақтастық.

Бұл ұлттық таным мен тіл сабақтастығына байланысты жаңа ұғымды таңбалайтын жаңа атаулардың қабылдануы да оның ұлттық тілдік санада таңбаланып, жеткізілуі тілдің тек коммуникативтік қана емес, когнитивтік қызметіне тәуелді екенін дәлелдейтін қазіргі тіл білімінің антропоцентристік бағытына байланысты айқындалған жайт.

Аталым үдерісіндегі маңызды заңдылық екіншіден, *тіл-мәдениет* сабақтастығы жаңа ұғымдар атауындағы уәжділік мәніне байланысты зерттеуші Ә. Алмауытова қазақ тіліндегі киім атаулары жасалуындағы мынадай уәжділік белгілерді атап көрсетеді:

1. жасалу материалына байланысты уәжділік;
2. формасына (пішініне) байланысты уәжділік;
3. жасалу технологиясына байланысты уәжділік;
4. әлеуметтік мәніне байланысты уәжділік;
5. этномәдени ерекшелігіне байланысты уәжділік;
6. түсіне байланысты уәжділік;
7. қызметіне байланысты уәжділік;
8. көлеміне байланысты уәжділік [246, б. 10].

Аталымдағы уәжділік – тіл тек қатынас құралы ғана емес, ұлттың мәдени-танымдық сабақтастығын жалғастырудың да негізгі құралының бірі болып табылатынын дәлелдейді. Қазақ тілінің осы қызметі сол қызметті атқара алуға әлеуеті жаңа ұғым атаулары уәжділігінің қалыптасуын анықтау барысында көрініс табады.

Мысалы: *жаңғырту* (реконструкция), *түпнұсқа* (оригинал), *телнұсқа* (дубликат), *төлқұжат* (паспорт), *зұлмат* (геноцид), *торығу* (пессимизм), *елбасы* (президент), *елорда* (столица), *көсемсөз* (публицистика), *жәдігер* (экспонат), *жымқыру* (украсть), *құрықтау* (задерживать, обуздывать), *зымыран* (ракета), *керік* (жираф), *құмаройын* (азартные игры), *тінтуір* (компьютерная мышь), *ілмектер* (теги) т.б. сөздер тілдік қазынада бұрыннан бар тарихи сөздер арқылы не тілдің сөзжасамдық жүйесінде белгілі сөзжасамдық модельдер үлгісімен жасалған.

Сонымен қатар қазақ тіл біліміндегі терминдердің танымдық сипатын арнайы зерттеген еңбектерге сүйеніп, терминдердің де бейнелі, эмоциялық реңкті болуы мүмкін деген пікірлерді де ескеру қажеттілігі байқалады. Мысалы,

көсемше, тұсаукесер сияқты терминдердің бейнелі-танымдық уәжі соның айқын айғағы.

Олай болса, терминдер де, жаңа қолданыстар да уәжді таңбалар. Себебі профессор Б. Қасым атап көрсеткендей: «Уәждеме – шындық болмыстағы заттар мен құбылыстарға туынды атауға қажетті негіз болатын тілдік бірліктер. Уәжділік – аталым үрдісіндегі негізгі, маңызды бөлшек, күрделі аталымның табиғатын ашатын заңдылық» [247, б. 107].

Осылайша уәжді негізге сүйеніп жасалған балама терминдер тілдің жаңа даму жүйесі мен сөздің белсенді коммуникативтік мәні негізінде уақытқа ілесіп, тілді жетілдіруге қызмет етеді, *тіл~қоғам, тіл~ұлт* тұтастығын сақтайды.

Түрік тіл білімінде де ғалымдар лексикадағы жаңа сөздердің уәжділік мәселесіне қызығушылық білдіріп, оны қарастырған: Doğan Aksan, Levent Aysever, Nazife Erden [248, Б. 987-993], Seyfullah Türkmen, Ali Akar, Günay Karaağaç [249], Osman Mert, Şerif Ali Bozkaplan [250, Б. 43-79], İlhan Uçar т.б.

Доған Аксанның ойынша, сөз бен ұғым арақатынасы тұрғысынан тілдер арасында кең ауқымды уәжділік өзгешеліктер бар. Кез келген бір ұлттың тек сөздік қорын зерттеу арқылы сол тілде сөйлейтін адамдардың тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін және басқа ұлттармен қарым-қатынасын біліп алуға болады [81].

Бұған мысал ретінде кезінде латынша «конституция» сөзіне балама ретінде ұсынылып, кейін терминге айналып, қазір түрік тілінің сөздік қорына берік орнаған түрікше *Anayasa* сөзін мысалға келтіруге болады. Бұл біріккен сөз *ana* (ана) және *yasa* (заң) деген екі сөзден құралған. Бірінші сөз «ана» – бүкіл адамзат үшін қасиетті ұғым, негіз, тірек. Сондықтан бұл жаңа қолданыстың уәжділігі жоғары болып, ол бірден тілге сіңіп кетті.

Мысалы: *Anayasaya göre 20 milletvekilinin aday göstermesi gerekir* (Vatan, 31.12.2010).

Кейінірек «ана» (ана) сөзінен түрік тілінде тағы бірнеше сәтті жаңа атау жасалып, тілдік қолданысқа енді: *anavatan* (отан), *anaokulu* (балабақша), *ana cadde* (бас көше) т.б.

Мысалы: *Kıbrıs Koordinasyon Kurulu Başkanı Devlet Bakanı Turhan Feyzioğlu noktayı koyuyor: "Anavatan'da özel üniversite yok, yavru vatan Kıbrıs'ta da olamaz!"* (Milliyet, 26.10.2007). *Helen Doron, hem Öğrenim Merkezi hem de Anaokulu açmak isteyen girişimcilere ihtiyaç duydukları tüm konularda destek veriyor* (Hürriyet, 17.09.2013). *Ayrıca kış şartlarına uygun olarak bulvar, ana cadde ve yolların açık tutulması için Fen İşleri Daire Başkanlığı araç ve personelinin de hazır bulunduracak* (Hürriyet, 31.12.2009).

Осы арада айта кететін жайт – қазақ-түрік танымындағы уәжділік өзгешеліктерінің бір көрінісі ретінде қазақ тілінде бұл ұғымның баламасына *Атазаң* сөзінің ұсынылып, қабылдануы.

Осы сияқты уәжділікке негізделіп жасалған түрікше жаңа атаулар мыналар: *uyurgezer* (айкезбе), *incelik* (нюанс), *yatay* (көлденен), *düşey* (тік), *zirve* (басқосу) т.б.

Хамза Зүлфикар: «Мағына – бір сөз арқылы сол тілде сөйлеушілердің уәжін оятып, есіне түсетін ұғым немесе ой. Сөз бен ұғым арасындағы байланысты уәж құрайды» деп санайды [56].

Ұғым үдерісі кезінде есімізге алғаш келген ойды уәж тудырады. Платон еңбектеріне сілтеме жасайтын ғалым Левент Айсевердің пайымдауынша атау беру кезінде уәж әріп пен буындарға кескінделіп, сөз тудырады. Суретші сурет салғанда түрлі түстер мен пішіндер арқылы салған нәрсесіне ұқсатып оның бейнесін жасаса, атау беру кезінде бұл бейне өзгеше, бұл жолы әріптер мен буындар арқылы, заттың негізгі белгісіне ұқсастырылып жасалады [252, б. 160].

Түрік тілінде нақты және дерексіз ұғымдарды атаудың ең кең тараған тәсілдерінің бірі – түстерді пайдалану.

Доған Аксан көне заманғы құжаттарда да көп кездесетін осы тәсілдің «табиғатқа ұқсатып атау» үрдісінің көрсеткіші екенін айтып: *gök* (көк) пен *gök* (аспан), *kızıl* (қызыл) мен *kız* (қыз), *yeşil* (жасыл) мен *yaş* (жас) сөздерінің өзара байланысын мысалға келтіреді [52].

Ғалым Али Акардың ойынша, ұғымдарды қабылдап, оларға атау беру кезіндегі адам миындағы үдерістер, жаңа атау беру кезінде логика жеке әрекет етпейтінін көрсетеді, яғни адамның миы жаңа сөз жасау кезінде бір ұғым ауқымындағы белгілерді қолданады [252, Б. 219-220].

Ғасырлар бойы жылы климат пен әсем табиғат аясында өмір сүріп келген түріктердің қиял әлемі аса бай. Сондықтан жаңа бір нәрсе, не ұғымға атау беру кезінде түріктер уәжділікке көп мән береді. Түрік тілінде өсімдіктерге түрлі объектілерге ұқсату тәсілімен атау беру үрдісі бірден артық баламалардың пайда болуына негіз болып, уәжділікті таныммен сабақтас түсіндіруге дәйек болатын мол деректер ұсынады. Соның нәтижесінде көптеген түрікше өсімдік атаулары біріккен сөздерден жасалды. Мысалы: *hanımeli* (ырғай), *güveyfeneri* (қанжапырақ), *gözlükotu* (көздәрі), *kuşburnu* (итмұрын), *keçiboynuzu* (цератония), *turnagagası* (қазтамақ), *aslanagzi* (есінекгүл), *horozibiği* (целозия), *aslanpençesi* (теңгежапырақ) т.б.

Белгілі бір ауруды емдеуде қолданылып, жақсы нәтиже алынған өсімдіктер сол аурудың атымен аталып кеткен: *nezle otu* (қазақша тура аудармасы: тұмау шөбі, қазақша аты: «мысық көкжалбыз»), *bere otu* (қазақша тура аудармасы: қанды ісік шөбі, қазақша аты: «жарын»), *basur otu* (қазақша тура аудармасы: геморрой шөбі, қазақша аты: «көктем фикария»), *dalak otu* (қазақша тура аудармасы: көкбауыр шөбі, қазақша аты: «еменшөп») т.б.

Емдеу барысында теріс нәтиже алынған жағдайда да бұл өсімдік атауында көрініс тапты: *gelinboğan* (қазақша тура аудармасы: келінді қылқындырған, орысша аты: «мушмула»), *danakıran* (қазақша тура аудармасы: сиырды қырған, қазақша аты: «аязшөп»), *kurtboğan* (қазақша тура аудармасы: қасқырды қылқындырған, орысша аты: «аконит») т.б.

Кейбір өсімдіктер сыртқы пішініне қарап аталған: *iribaşlı lahana* (қазақша тура аудармасы: ірі басты қырыққабат, қазақша аты: «ақбас қырыққабат»), *boruçiçeği* (қазақша тура аудармасы: құбырлы гүл, қазақша аты: «шырмауық»), *tüylü ayıpençesi* (қазақша тура аудармасы: түкті аю табаны, қазақша аты: «ақ

караған»), *boynuzlu yonca* (қазақша тура аудармасы: мүйізді жоңқа, қазақша аты: «мүйізді беде») т.б.

Зерттеуші Түркмен Сейфулла түрік тіліндегі өсімдік атауларының уәжділігін төмендегідей талдайды: «Тіліміздегі уәжділіктің маңызы *aslanagzi* (есінекгүл) өсімдік атауына синоним бола тұра, бірнеше ұғымға омоним болған *danaburnu* (қазақша тура аудармасы: сиыр мұрны) сөзінен көрінеді. *Danaburnu* сөзі биологияда *aslanagzi* өсімдігі атының синонимі ретінде қолданылып жүрсе де, зоологияда ол «топырақ ішінде тіршілік етіп, өсімдіктердің тамырларын үзіп, зиян келтіретін қоңыз, тамыр жәндігінің аты». Сонымен қатар түрік диалектілерінде *danaburnu* сөзі «саусаққа шығатын шикан, тырнақ жегі» дегенді білдіреді. *Dana* (қазақша: сиыр), мал шаруашылығымен айналысатын түріктер үшін өте маңызды жануар. Сондай-ақ сиыр мықты жануар болғандықтан ол Ег *Dana* формасында кісі аты ретінде де қолданылды» [253].

Көріп отырғанымыздай, қазақтар үшін жылқы малы қасиетті әрі маңызды саналса, түріктер үшін сиыр өте маңызды екен. Уәжділігі жоғары болғандықтан, сиырдың атын халық бірнеше атауда қатар қолданған.

Қазақ және түрік тілдерінің этнотанымдық ерекшеліктері өсімдік атауларына уәж болған белгілерінен айқын көрінеді.

Мысалы, жолдың шеті мен шалғындық жерлерде өсетін “*beşparmak otu*” (қазақша тура аудармасы: бесбармақ шөбі, қазақша аты: «қазтабан шөбі»), сыртқы көрінісі адамның ашық алақанына ұқсағандықтан осылай аталды. Бұл шөптің басқаша уәжден туындаған қосымша бір атауы бар – “*kurtpençesi*” (қазақша тура аудармасы: қасқыр табаны).

Жартастарда, тоғайлар мен бұталарда өсетін хош иісті гүлдері бар “*hanimeli*” (қазақша тура аудармасы: әйелдің қолы, қазақша аты: «ырғай») өсімдігі бір қарағанда “*beşparmak otu*” сияқты адамның қолына ұқсайды. Алайда бұл жолы ақ гүлдердің нәзіктігі мен хош иісі әйел адамды еске түсіргендіктен халық оны “*hanimeli*” (әйелдің қолы) деп атап кеткен.

Бұталар мен орманды алқаптарда өсетін, солғын қызғылт түсті гүлдері бар жабайы өсімдіктің ашық қызыл түсті, іші түкті және дәнді жемісі құс пен мұрынды еске түсіргендіктен ел арасында ол “*kuşburnu*” (қазақша тура аудармасы: құсмұрын, қазақша аты: «итмұрын») деп аталып кеткен. Бір қызығы, қазақтарда бұл өсімдік «итмұрын» деп аталады.

Осы орайда жоғарыда айтылған Доған Аксанның: «Сөз бен ұғым арақатынасы тұрғысынан тілдер арасында кең ауқымды уәжділік өзгешеліктер бар» деген тұжырымының дұрыстығына көзіміз жетеді.

Амарант гүлдеріне жататын бір өсімдіктің жапырақтары қаз аяғына ұқсағандықтан түрік тілінде ол “*kazayağı*” (қазақша тура аудармасы: қаз аяғы, ал қазақша аты: «алабота») деп аталған.

Ал, тағы бір ағаш бұршақ тұқымдастарға жатады, оның діңі мен қабықтары оңтайлы болғандықтан ағаш ұсталары одан тақтайшалар жасайтын, ағаштың жалпақ қара жемісі ешкі мүйізіне ұқсағандықтан ол “*keçiboynuzu*” (қазақша тура аудармасы: ешкі мүйізі, орысша аты: «цератония») деген атқа ие болған.

Қазтамақ тұқымдас, тұқымдарының ұшы тырна тұмсығына ұқсас жіңішке әрі ұзын, жапырақтары хош иісті өсімдік “*turnagagasi*” (қазақша тура аудармасы: тырна тұмсығы, қазақша аты: «қазтамақ») деп аталып кетті.

Осы орайда француз ғалымы Жан-Поль Рудың мына пікірі қызықты: «Өзінен әлдеқайда жақсы жүзетін, өзі ұша алатын, өзінен жақсы аң аулайтын және болашақты бұлжытпай білетін жануарлар алдында адам өзін әлсіз сезінеді. Бұл кемшіліктің себебін адам өзінің жалғыздығында деп біледі. Сондықтан бұл кемшілікті адам дін, сиқыр, жануарлар мен өсімдіктерге еліктеу, тіпті мүмкіндігінше олармен теңесу арқылы жеңуге тырысады» [254, б. 91].

Зерттеуші Мерт Осман болса: «Табиғат аясында өмір сүріп, оған үстемдік етіп отырған адамның күнделікті тіршілігінің айнымас бөлшегіне айналған жануарлардың сыртқы пішіні мен адамдармен ұқсас жерлерін аңғарған түріктер адамдардың кейбір қасиеттерін жануарларға үйретіп, ал жануарларға тән кейбір атаулар мен жақсы жақтарды адамдарға ат, атақ, не лақап ат бергенде пайдаланды. Мысалы: *Алпарслан, Қазан Арслан, Бейбарыс* т.б.» деген тұжырым жасайды [255, б. 301].

Адамның қоршаған ортаны танымастан бұрын өзін тануға тырысатыны – өмірлік қажеттілік. Өзін танып-білген адам айналасындағы нәрселерді де өзіндей көріп, оларды өз дене мүшелеріне ұқсастырып, атау берді.

Дене мүшелерінің атын пайдалану түрікше өсімдіктерге атау беруде ең кең таралған тәсілдердің бірі екенін зерттеуші Ильхан Учар нақты мысалдармен көрсетеді: *bağırsak otu* (қазақша тура аудармасы: ішек шөбі, қазақша аты: «ішек шөбі»), *baldırıkara* (қазақша тура аудармасы: балтыры қара, қазақша аты: «қырыққұлақ»), *beşdamar otu* (қазақша тура аудармасы: бес тамыр шөбі, қазақша аты: «жолжелкен»), *keçiturnağı* (қазақша тура аудармасы: ешкі тырнағы, қазақша аты: «сиыржоңышқа»), *kızkalbi* (қазақша тура аудармасы: қыз жүрегі, орысша аты: «дицентра»), *leylekburnu* (қазақша тура аудармасы: ләйлек мұрны, қазақша аты: «қазтамақ»), *öküzgözü* (қазақша тура аудармасы: өгіздің көзі, қазақша аты: «қырмызыгүл»), *tavşantopuğu* (қазақша тура аудармасы: қоян өкшесі, қазақша аты: «понтій кірпішөбі»), *tavşanbıyığı* (қазақша тура аудармасы: қоянмұрт, қазақша аты: «қоңырбас»), *tekesakalı* (қазақша тура аудармасы: теке сақалы, қазақша аты: «желкек»), *yılan kulağı* (қазақша тура аудармасы: жылан құлағы, қазақша аты: «шаянот») т.б. [256, б. 303].

Әрине, түрік тілінде уәжділігі айқын бұл сөздер арқылы (дене мүшелері) тек өсімдік атаулары ғана емес, қазір өзектілігі жоғары жаңа сөздер де көптеп жасалуда: *taban* – табан (геом.термин), *veritabanı* – дерекқор, *başkent* – астана, *başkan* – төраға, *başbakan* – премьер-министр, *başbayan* – президент жұбайы, *aşçıbaşı* – бас аспазшы, *başhekim* – бас дәрігер, *gözetim* – бақылау, *gözlemci* – бақылаушы, *kulaklık* – құлаққап, *el ilanı* – үндеухат, *parmaklık* – темір тор, *dizüstü bilgisayar* – ноутбук т.б.

«Ұлылық», «жарқырау» т.б. қасиеттерді білдіретін «жұлдыз», «көк», «Күн», «Ай», «ғалам» секілді астрономиялық атаулардың уәжділігі қашан да күшті болғандықтан, бұлардың жаңа атау жасаудағы әлеуеті үнемі қолданылды. Мысалы: *yıldız* – «жұлдыз», *yıldız çiçeği* – нарғызгүл, *gökyakut* – жақұт, *göktaş* –

метеорит, *gökkuşağı* – кемпірқосақ, *güneşlik* – жалюзи, *evrensel* – ғаламдық, *gökdelen* – көп қабатты үй т.б.

Сонымен, түрік тілінің бай лексикасының қалыптасуында уәжділікке қатты мән берілетіні байқалады.

Осы орайда танымал түркітанушы Суер Екердің Ататүрік жасап шығарған бір әскери терминді талдауына назар аударайық: «Біздер бұрын *zabit* дейтінбіз «офицер» сөзіне. Бұл араб сөзі. Кейін Ататүрік *sübeu* сөзін ойлап тапты. *Sü* көне түркі тілінде «әскер» деген сөз. Оның қасына *beu* деген ер адам деген мағынадағы қосымшаны қосты, *sübeu* болды. Сосын біраз ойланды: *sübeu* сөзі тым жіңішке, нәзік болып шықты. Сондықтан Ататүрік оны *subay* деп өзгертті. Өйткені ер адамның әскери шенін білдіретін сөз жуан дауыстылардан құрылу керек деп шешті. Кейін ойлап қарасам *sü* – «әскер» деген сөз, *bay* – сын есім. Демек, заң бойынша сын есім алда тұру керек. Яғни бұл сөз *baysu* болу керек. Бірақ ойлана келе Ататүріктің неге бұлай жасағанын түсіндім. *Bay* сөзі түркі тілдерінде тектілікті білдіреді. Меніңше, Ататүрік осының бәрін алдын-ала зерттеп, біліп алды. Сондықтан осылай атады» [132].

Көріп отырғанымыздай, ғұлама Ататүрік ер адамның әскери шенін білдіретін сөзді жуан дауысты дыбыстардан жасап, термин уәжділігіне ерекше көңіл бөлді. Сондай-ақ тектілікті білдіретін «*bay*» сөзін сөз соңына жалғап, сол арқылы бұл атаудың әуезді әрі жеңіл айтылуына мән берді.

Осыған ұқсас мысалдарды қазақ тілінен де көптеп келтіруге болады. Мысалы, медицина саласында жалпыға түсінікті «рак» ауруы адамның барлық мүшелері мен тканьдерін – теріні, асқазанды, өңешті, өкпені, миды зақымдайды. Оның қазақша баламасы ретінде *қатерлі ісік* деген сипаттамалық атау қазірге дейін қолданыс тауып келді.

Мысалы: *Тажал оғына айналып талайдың тағдырын талқан еткен кесел – қатерлі ісікке шалдыққандар саны әлемде жыл санап артып барады* (Ана тілі, 05.11.2009). *Республикалық қан орталығында бастау алған іс-шараның басты мақсаты – қанның қатерлі ісігіне шалдыққан балаларға көмек қолын созу болып отыр* (Алматы ақшамы, 23.05.2014). *Сақтандыру шаралары мен ерте диагностика қатерлі ісік пен жүрек-қан тамыры ауруларының алдын алуға көмектесіп қана қоймай, республикалық бюджеттен жұмсалатын шығынды да қысқартуға көмектеседі* (Жас Алаш, 31.05.2014).

Дегенмен қазіргі медициналық еңбектер мен қазақ баспасөзінде «рак» ауруы атауын *обыр* деп қолдану жиі байқалып жүр. Өйткені *обыр* сөзі қазақ тілінде «көзі тоймайтын ашқарақ, қомағай, жебір» деген мағынаны білдіреді. Осыған байланысты бұл жаңа қолданысқа уәж болған аурудың адам ағзасын түгел зақымдап, қомағайша жеп, іске жарамсыз қалдыруы.

Мысалы: *Мені осы жайттар және қазір **обыр** ауруына шалдыққан Мақсат Досмағамбетовтің жағдайы қатты алаңдатады* («Жас Алаш», 03.02.2015). *Бұған дейін ғалымдар бала емізудің омырау **обырына** шалдығу қаупін төмендететінін дәлелдеген болатын* (Алматы ақшамы, 18.11.2015).

Баспасөз бетінде медицинаға қатысты «диабет» ауруы атауының қазақша баламасы ретінде қалыптасқан жаңа атаудың бірі *сусамыр* сөзі.

Мысалы: Әсіресе, **сусамыр** ауруының алдын алатын шырындар, қызыл бұрыштан алынатын пайдалы май, ұнның сапалы түрі туралы құнды жаңалықтар енді аз уақытта жүзеге асатын болады (Алматы ақшамы, 18.02.2015). Зерттеушілер D дәруменінің жетіспеуі инсулинге, **сусамырға**, ревматоидті артрит және обырдың кей түрлеріне алып келетінін айтады (Айқын, 05.11.2015).

«Қазақ сөздігінде» **сусамыр** сөзінің екі мағынасы көрсетілген: 1) мед.терм. «қант ауруы»; 2) ауыс. «шөлдегіш, сусағыш адам» [197, б. 1173].

Осы қолданысқа негіз болған танымдық уәжділікті зерттеу барысында қазіргі жаңа қолданыстардың уәждік болмысының кейде дұрыс танылмауы қателікке соқтырып, әлеуметтік қолданыс талабына сай келмейтінін білдік.

Мұны сөз зергері, тіл білгірі, жазушы М. Мағауиннің осы жаңа қолданыс жөніндегі мына пікірінен түсінеміз: ««Сусамыр» – қырат, таулы аймақтарда өсетін, әдетте түйе жейтін, дәрілік емі бар, хош иіс, өзгеше шөп болса керек. Әдемі «сусамыр» сөзін қатерлі сырқат атауына көшіру – «ұлтшылдық» танымның кезекті бір сорақы көрінісі болды. Ал шындығында, бұл дерттің қазақша атауы бар еді – «сусақ». Негізгі бір белгісі – тынымсыз шөліркеу, суды мөлшерсіз көп ішу десек, «сусақ» – «суға құмар» деген сөз, малға бейім, малды жақсы көретін баланың «малсақ» атанатын жорасымен. Бұл сөзді мақұл көрмесеңіз – «қант диабеті». Медицина термині. Қайткенде де «сусамыр» емес» [258].

Байқап отырғанымыздай, жазушының «сусақ» нұсқасы «Қазақ сөздігінде» көрсетілген «шөлдегіш, сусағыш адам» мағынасымен үндесіп тұр. Ал, **сусамыр** сөзінің қазақтың дәстүрлі танымындағы өсімдік атауы ретіндегі нұсқасын халық әні де дәйектейді. Олай болса, жаңа сөзжасам үдерісінде атаудың танымдық уәжділігі туралы осындай құзырлы пікірлердің де ескерілгені жөн.

Сол сияқты сөздің уақыт пен кеңістікке сай тарихи-семантикалық даму барысында, уәж болған бейнелі сипат көмескі тартып, қалыпты қолданысқа айналуы да заңды құбылыс. Ал егер ұғым бейнесі сөзбен толық астасып кетпесе, келесі бір күрделі, жаңа ұғымды құруға, оның тұтас белгіге айналған бейнесін не уәжін түзуге қатыса алмайды. Бұған қазақ зиялылары жасаған, бүгінге дейін белсенді қолданыстағы сөздер дәлел бола алады: *серке сөз, көсем сөз, көркем сөз, тырнақша, сызықша, жақша, текше, көш, көшбасшы, кемеңгер, ардагер, айыпкер, қылмыскер, үміткер, талапкер* т.б. Бұлар – жаңа ұғым атауы ретіндегі жаңа сөздердің төл тіліміздің мағыналық жүйесіне сәйкесіп, семантикалық дамуы мен кеңеюін жалғастыру нәтижесі.

Осы арада «терминдер мазмұнында бейнелілік болмауы тиіс» деген талаптардың қатаң қойылуы ұлттық тіл сөздерінің термин болуға жарамсыздығының бірден-бір ғылыми дәлеліне айналып, ол сөздердің терминденуіне кедергі болып келгенін жаңа атауларға қатысты да айтуға болады.

Сонымен, уәжділіктің заттың, құбылыстың бір белгісінің атауға танымдық-тәжірибелік негіз болып тұруы уәжділік таңбаның мазмұны мен формасының арасын байланыстырушы таңбаның маңызды сипатын белгілейді. Соның нәтижесінде жалпы тіл білімінде уәжділік теориясының маңызына

ерекше мән беріліп, уәжді термин ғылыми ұғымның танымдық бейнесі, ұлттық мазмұны ретінде бағаланады. Шын мәнінде, адам атау беру кезінде оны уәжді, бейнелі етуге бейім тұратындықтан, мағыналық сәйкестікке мән береді. Танымға сүйеніп жасалған ұғымдық атау уақыт өте номинациялық сипат алатындықтан, оның уәжі түсінікті, бейнесі тез қабылданып, қисынды, қолданысқа ыңғайлы, қолайлы болады. Сонымен, жаңа сөзжасамның, терминжасамның басты мәселелерінің бірі – атау уәжділігі.

Тілдік жүйедегі *саптыаяқ, шалғыорақ, келісап, қаламсап, көзілдірік* сияқты немесе ономастикалық жүйедегі *Жезқазған, Теміртау, айбалта, қолғанат, итмұрын, саңырауқұлақ, қозықұйрық* т.б. сөздердің бәрі – уәжділікке негізделген, бейнелі жасалған атаулар.

Көріп отырғанымыздай, сөз мағынасының үнемі дамып отыратындығы жаңа ұғымды атау үшін олардың қосымша мағынаға ие болуы арқылы түрленуімен жалғасады.

Бірақ кез келген нәрсенің аты мен осы сөз бойындағы белгілердің өзара сәйкестігі болғанымен, адам ешқашан дүние болмысын тұтас әрі толық көрсете алмайды. Әртүрлі белгілер жиынынан тұратын ұғымды сөз өзі беретін ұғымның бір белгісіне сай атайды. Кейде соның өзінде сол белгі дұрыс таңдалмай, нәтижесінде ол сәтсіз жаңа қолданыстар қатарына түседі.

Мысалы: *Осыдан үш жыл бұрын санақшы Мақаш Тәтімов сұрбойдақтардың саны 150 мыңнан асып кетті деген-тұғын* («Айқын», 10.12.2011).

Профессор Ш. Құрманбайұлы бұл жаңа қолданысты: «Мұндағы *санақшы* деген сөз «демограф» сөзінің мағынасын мүлде бермейді. *Санақшы* тілімізде «бір нәрсенің есебін алушы, санаушы» деген мағынаны білдіреді. Яғни *санақшы* сөзі «демографтан» гөрі «счетовод» пен «переписчик» сөздерінің баламасы болуға лайық. Ал профессор Мақаш Тәтімов *санақшы* да есепші де емес, демограф ғалым» деп талдайды [258].

Осы себепті бұл сөз тілдік қолданыстан шығып, қазір оның бұрынғы орысша баламасы – *демограф* қолданылуда.

Мысалы: *Ол тізімді 1991 жылы белгілі демограф ғалым Мақаш Тәтімов тауып әкеліп, біз оны «Зиялға – зауал» деген атпен «Ауыл» газетінде жариялаған болатынбыз* (Егемен Қазақстан, 24.02.2015). *Дегенмен, бұл көрсеткіштер сарапшы-демографтардың болжамы бойынша, қуанта қоймайды екен* (Алматы ақшамы, 11.09.2015).

Төмендегі жаңа атау ешқашан комиссияда қарастырылмаған және бекітілмеген, бекітілуі мүлдем жоспарланбаған окказионалдық қолданыс.

Мысалы: *№55 үйдің 3-қабатындағы 8-пәтердің қылтимасы (балконы) түбірімен опырылып құлап түсті* (Жас Алаш, 29.04.2010).

Дегенмен еш негізсіз бір мезгіл баспасөзде қолданыла бастаған бұл жаңа сөз «балкон» деген сөздің мағынасын бермеуі өз алдына, естіген құлаққа күлкілі және ерсі келгендіктен, қоғамда қабылданбай, көп ұзамай қолданыстан шығып қалды.

Кей жерде «балкон» сөзінің *самалдық* деген нұсқасы кездеседі.

Мысалы: *Үйіне таңға жуық оралған соң таза ауамен демалмақ болып, самалдыққа шыққан* (Қазақстан-Заман, 30.07.2015).

Дегенмен дәл қазір «балкон» сөзіне сәтті қазақша балама әлі де табылмай отыр, сондықтан оның орысша баламасы қолданылуда.

Мысалы: *Сабақтан босаған бала күнұзақ ұйықтап, одан қалса, компьютердің мониторына мөлііп, дала тұрмақ, балконнан бас шығарғысы жоқ* (Ана тілі, 03.06.2010). *1988 және 1994 жылғы қыздардың балконда ішімдік ішкендері белгілі болды* (Айқын, 26.09.2015).

Бұл атау да Мемтерминком тарапынан бекітілмесе де, бірден баспасөз құралдарында қолданыла бастағанмен, құлаққа жағымсыз естілетін, ыңғайсыз, уәжділігі төмен сөз болғандықтан, көп ұзамай қолданыстан шығып қалды.

Мысалы: *Пышылдақты ішіп, тас жолды тоқылдатып, қаланың қақ ортасындағы шаптырманың қасына да келіп қалдық* (Айқын, 01.08.2009).

Қазір оның орнына субұрқақ баламасы қолданылып жүр: *Сквер аумағында 2 субұрқақ, сондай-ақ, қала тұрғындары мен қонақтары демалуға арналған құйматас жолдар мен орындықтар орнатылған* (Қазақ әдебиеті, 25.10.2015). *Көше бойы кейбірі 30-40 метрге дейін көтеріліп, әртүрлі формаға енетін субұрқақтарға толы* (Айқын, 09.06.2015).

Бұл тектес құбылыстың көріністері қазіргі түрік тілінде де кездеседі. Мысалы, дінге берік түрік халқы үшін ерсі болып, қоғамда наразылық туғызған, соңғы кезде Түркия сауда орталықтарында жиі кездесетін *Kara Cuma* (қара жұма) жаңа қолданысы. Көп ұзамай бұл жаңа қолданыстың мынадай баламалары пайда болып, қазір баспасөзде қатар қолданылып жүр: *muhteşem Cuma* (керемет жұма), *efsane Cuma* (аңызға айналған жұма), *şahane Cuma* (тамаша жұма), *bereketli Cuma* (берекелі жұма). Бұл атаулардың уәжділігі түрік тұтынушысының танымына сай келгендіктен қазіргі қоғамда кеңінен қолданыс тауып отыр.

Түрік тілінде уәжділік мәселесіне аса мән берілетінін кезінде Ататүріктің өзі ұсынған бір-екі атауды түркітанушы, профессор Суер Екердің талдауы арқылы да көруге болады: «Кезінде Ататүрік өзі ойлап тауып, қолданысқа ұсынған *bay* және *bayan* сөздерін талдайық. Бұрын түріктер қаратпа сөз ретінде «Ахмет ефенди», «Фатма ханым» деген форманы қолданатын. Бұл – түрік тілінің синтаксисіне сай қолданыс. Бұл жерде алдымен есім, содан кейін атау сөз тұр. Алайда бұлар парсыша және османлыша сөз қолданыстар. Сондықтан Ататүрік бұлардан құтылғысы келіп, орнына Батыс мәнеріндегі, есімнен бұрын тұратын (мысалы, мисс Стефани, мистер Бен), *bay* және *bayan* сөздерін ұсынды. *Bay* сөзі – Анатолияда қазір де кездесетін, «бай, дәулетті» деген мағынаны білдіретін көне сөз. Осы сөзден *bayan* сөзі жасалғаны белгілі. Алайда, *bay* және *bayan* сөздері бара-бара қолданыстан шығып қалды. Өйткені түріктердің түсінігінде *bay* сөзінің ер адамға қатысы жоқ. Ал *bayan* сөзі – моңғолдарда ер адамның аты. Сонымен, 1. Түрік тілінде атақ есімнен кейін тұрады, яғни синтаксистік тәртіп бұзылғандықтан, түріктер бұл қолданысты жатсынды. 2. Семантикалық себеп. Түріктер *bay* деген көне сөзді білмейді, жатырқайды. Мағынасын білсе де, түрік тілінде *bay* деген де, *bayan* деген де сөз жоқ. Яғни *bay Mehmet* және *bayan Fatma*, «Mehmet bey» мен «Fatma hanım»-ды жеңе алмады. Дегенмен, *bay* және

bayan сөздері қолданыстан мүлде шығып қалмай, ресми хат тілінде әлі де қолданылуда. Өйткені «Mehmet bey» және «Fatma hanım» деген қолданыс ресми жазу тілінде қолданылмайды. Шыны керек, *bay* және *bayan* сөздері ресми тілде қолданыста жүргенмен, бұл мәселе әлі де күн тәртібінде тұр. Өйткені бұл атаулардың кемшіліктері бар, жоғарыда оларды қарастырдық. Бірақ олардың орнын басатын сәтті баламалар әзірше табылмады» [134].

Дәл осы себептен соңғы 10 жыл төңірегінде «Түрік тілі қоғамы» тарапынан ұсынылған *başbayan* (первая леди) жаңа қолданысы 2000 жылдары түрік баспасөзі беттерінде жиі кездескеніне қарамастан, дәл қазір қолданыстан шығып қалды. Мұның себептері жоғарыда талданып, дәлелденді.

Мысалы: *Obama, gelecek yıl enerjisini eş ya da başbayan olmaya değil, 'sadece lider' olmaya topalayacak* (Sabah, 04.01.2010). *Başbayan Gül, First Lady'nin sempozyumuna katıldı* (Hürriyet, 22.09.2008).

Қазір *başbayan* жаңа қолданысының орнына түріктер қайтадан *first lady* ағылшынша сөз тіркесін қолданып жүр.

Мысалы: *2012 için gelen bu tekliflere hayır diyen eski First Lady'nin, 2016 adaylığı da zor görünüyor* (Vatan, 30.10.2011). *First Lady Trump'ın sözcüsü kıyafette gizli bir mesaj olmadığını savundu* («Vatan», 22.06.2018).

Жоғарыдағы мысалдарға қарап түрік тілінде де жаңа атаулар тудыру барысында уәжділіктің мәні ерекше екендігіне көзіміз жетті.

Ал уәжділігі төмен жаңа қолданыстар уақыт өте келе қолданыс елегінен өтпей қалуда: *alağsatmak, astrav, aylandırmak, bayağut, dığaz, dımcukmak, dırdalaş, obuçin, sağut, soksok, tımarsık, tiriklük, yavzağırmak* т.б.

Ал кейбір жаңа қолданыстар бүгінгі таңда бастапқы мағынасынан мүлде басқа мағынада қолданылып жүр. Мысалы, *sorun* сөзі басында «matlap», «mesalih», «mutalebe» (талап) сөздеріне балама ретінде ұсынылса да, қазіргі түрік тілінде *mesele* (мәселе) сөзінің баламасы болды. Негізі *mesele* сөзінің орнына басында *sorum* сөзі ұсынылған. Алайда тілдік қолданысқа ол *sorun* формасында енді. Бұл өзекті терминнің қазіргі таңда қолданыс жиілігі өте жоғары. Мұны түрік баспасөзінен де көреміз.

Мысалы: *Turizm patlaması yaşayan ülkemizde, okulların da tatile girmesiyle özellikle yazlık yerlerde, yeni bir sorun yaşanmazsa albüm satışlarında daha büyük hareketlenme bekliyoruz* (Milliyet, 25.06.2001). *Cumhurbaşkanı Erdoğan'ın, dinlediği vatandaşın sorunlarının çözümüne yardımcı olunması için yetkililere gerekli talimatları verdiği kaydedildi* (Sabah, 25.12.2015).

Сондай-ақ, османдық кезеңде арабша «taug» сөзінен жасалған «tauyare» (ұшақ) сөзінің орнына ұсынылған *uçkan* сөзі қабылданбай, оның орнына қысқа да нұсқа *uçak* жаңа қолданысы қабылданды.

Мысалы: *Erdoğan ve beraberindeki heyeti taşıyan Türk Hava Yolları'na (THY) ait uçak saat 09.45'te Esenboğa Havaalanı'ndan hareket etti* (Vatan, 22.12.2004).

Başbakan Erdoğan'ın Çek Cumhuriyeti gezisinde de ANA uçağındaki 'kadrolu' gazetecilerine yenileri eklendi (Sabah, 13.11.2007).

Belgegeçer сөзі – «Түрік тілі қоғамы» тарапынан «faks» сөзінің орнына ұсынылған таза түрікше жаңа қолданыс. Бұл жаңа қолданыс бір кездері баспасөзде жиі кездесіп жүрді.

Мысалы: *Genelkurmay Başkanı'na belgegeçer (faks) yolladım ve 'Ya bu Albay doğru söylüyor, ya da bir açıklama yapın* («Vatan», 05.10.2012). *Bu üç vakadan sadece birinci vakaya ait Sağlık Bakanlığı tarafından test sonucu İl Sağlık Müdürlüğüne ulaşmış, belgegeçer yoluyla da tarafımıza bildirilmiş” dedi* (Milliyet, 10.03.2015).

Алайда грамматикалық тұрғыдан дұрыс жасалып, номинативтік белгісі көпшілікке таныс «belge» (күжат) және «geçmek» (өту, өткізу) екі сөзінен жасалғанына қарамастан бара-бара бұл жаңа қолданыс қолданыстан шығып, оның орнына ағылшынша «faks» сөзі қайтып келді.

Мысалы: *O nedenle bana lütfen mail atmayın, faks çekmeyin, çünkü yanıtлама olanağım olmayacak* (Milliyet, 07.09.2002). *Görevli memur, Yargıtay'ı aradığını zannederek gelen faks üzerindeki telefon numarasını aradı* (Sabah, 25.03.2015).

Мұның себебі, «faks» сөзі *belgegeçer* сөзіне қарағанда қысқа, әрі қолданысқа ыңғайлы. Яғни мұнда шешуші фактор тіл экономиясы болды.

Яғни тіл де таңбаның бір түрі болатындықтан, тіл ғылымында сөз бен мағына байланысы шартты деген тұжырым қалыптасқан. Бірақ тілдік емес таңбалардан айырмашылығы: тіл – ажыратушы белгі емес, көбінесе бейнелеушілік, танымдық сипатты уәжі бар таңба. Ол – семантикалық уәжділікті құратын бастапқы зат белгілерінің жиынтығы. Демек, уәжділік – лексикалық бірліктер арасындағы бастапқы, байланыстырушы және даралаушы белгілердің бір сөзбен таңбаланған мазмұндық-мағыналық бірлігі.

Кейінгі зат атауларының бастапқы затпен жалпылауыш семалар (бастапқы ұғыммен кейінгі ұғымның бір сөзбен аталуына негіз болған) және қосымша, ықтималды, кездейсоқ семалар арқылы байланысуын аталым теориясының уәжтану саласы зерттейді. Синонимдік қатар құратын тізбектің сөз әлеуетін игеру нәтижесінде оның шеткі аймағындағы сөздерді де қолдану арқылы жаңа атаулар жасалады, тіркесімділік қабілеті күшейеді. Мысалы: *баға, құн, нарық, бәс* (негізгі сема: *баға*).

Осыған орай интернационалды терминдерді «қазақыландыру» үрдісі – жаһандану үдерісіне сай *қоғам~тіл* сабақтастығынан туындайтын заманауи даму көрінісі. Сондықтан бұл үрдістің қалыптасуы ұғым атауларын ұлттық ұғымға бірдейлестіру мен ұғым-түсінік атауларын ұлттық ұғымға бірдейлестіру, теңдестіруге байланысты.

Мысалы, химик-ғалым С. Ақаев бұл қағида дұрыстығын кез келген ұғым, құбылыс, зат атауын сол салаға, не көпшілікке танытып, тұрақтандыратын оның уәжділігімен байланыстырады. Сөйтіп, химия, технология саласында қазіргі күнде кең қолданысқа шығып бара жатқан *абсорбция* сөзінің (терминінің) аймақтық тілде сақталған *оптау* және қолданыстан шыға бастағанымен, түйсікте бар *аптау* сөздерімен байланыстырып, сонымен қатар тілде бар *обу, обыр, оппа, оптау* сөздері және *алтынмен аптап, аптап ыстық* сияқты тұрақты тіркестер мағынасымен сабақтастырып қарайды [183, б. 327]. Сондықтан зерттеуші химия

саласындағы *латекс*, *каучук* сөздерін жаңа түсінік таңбасы ретіндегі терминдер деп, *сүтсағыз* бен *көксағызды* халықтық танымға сай атаулар деп санайды.

Ұлттық ұғымға бірдейлестіру барысында сөздің ішкі мазмұны, семантикалық құрылымы, ұғымдық көлемі жаңа қолданыстың танымдық дефинициясына толық сәйкес келмей, жаңа атау тілдік қолданыстан шығып қалуы мүмкін. Қазақ және түрік тілдеріндегі бұл үдерістің салыстырылмалы көріністерін төмендегі кестеден көреміз (Кесте 4).

Кесте 4 – Жаңа атаулардың қолданыстан шығып қалу себептері

Қазақ тілі	Себептер	Түрік тілі
санақшы → демограф, кәтерлі ісік → обыр, көктемір → робот, күйсандық → пианино, көнімпаздық → төзімділік т.б.	уәжділіктің әлсіздігі:	sübey (офицер) → subay, yoğun teker (компакт-диск) → CD, uğraşman (кәсіпқой) → profesyonel, uçar (хабар) → haber т.б.
қылтима → самалдық, шаптырма → субұрқақ, аспансерік → жолсерік, масқарапаз → сайқымазақ т.б.	халықтың қолдамауы:	bay (мырза) → efendi, bayan (ханым) → hanım, başbayan (первая леди) → first lady т.б.
жанұя → отбасы, ғарышкер → космонавт, құжатжай → мұрағат, мұражай → музей т.б.	жасанды қолданыс:	söz güreşi (пікірталас) → tartışma, yöndeşlik (саяси партия) → siyasi parti, uzgörec (теледидар) → televizyon, uzyazdırım (телеграф) → telgraf т.б.
ел ордасы → елорда, ел таңбасы → елтаңба, шәкіртке төленетін ақы → шәкіртақы т.б.	тіл экономиясы:	belgegeçer → belgeç → faks (fax) düdüklü tencere → düdüklü (скороварка) т.б.
зәуатқор → тектік қор, жүрісші → жолаушы, салғыласу → пікірталас аларман → сатып алушы т.б.	эстетикалық принцип (әуезділікке мән беру):	yarım → prodüksiyon (өндіріс), incelik → nüans (нюанс), sıla özlemi → nostalji (аңсау), arka plan → back-ground (фон) т.б.

Жаңа атаулар қалыптасуындағы жарыспалылық (бірнеше сөздің қатар қолданылуы) үрдісіне қатысты емлелік тұрақсыздық, тіл нормасына сәйкессіздік сияқты мәселелердің тілді пайдаланушылар тарапынан пікірталас туғызып, ұсыныстар мен сыни пікірлердің айтылуы – заңды құбылыс.

2.5 Жаһандану заманындағы қазақ және түрік әлемі тілдік бейнесінің антропоөзектік сипаты

Әлемнің тілдік бейнесі ұғымын алғаш рет тіл білімінде арнаулы термин ретінде қолданған ғалым – Л. Вайсгербер. Тілдің идиоэтникалық мазмұнына байланысты ол әлемнің тілдік бейнесі ұғымындағы сыртқы объективті дүние маңызын төмендетіп, оның дүниетанымдық, субъективті ұлттық, идиоэтникалық жағына баса көңіл бөлді [259].

Ал американдық ғалым Б. Уорф әлемнің ғылыми бейнесі әлемнің тілдік бейнесінен туындайтындығын айта келіп: «Біз табиғатты және де бүкіл дүниені біздің ана тіліміздің деңгейіндегі шеңберге сыйғызамыз, белгілі бір тілдік бүтіннің бөлшектерімен өлшейміз. Біз құбылыстар әлемінде қайсыбір категорияларды өздігінен білініп тұратыны үшін емес, керісінше, дүние біздің алдымызда біздің санамызбен реттеліп, ұйымдастырылуына қатысты, түрлі әсерлердің калейдоскоптық толқыны түрінде ажыратамыз. Сана арқылы реттеледі дегеніміз, санамызда сақталатын тілдік жүйе арқылы реттеледі деген сөз» [260, б. 123] деп анықтайды.

Осы тектес әр түрлі деңгейдегі лингво-когнитивтік зерттеулердің басын қосып, біріктіретін және негіз болатын ортақ мәселе – тілдің антропоөзектілік сипаты, тіл тұтынушылардың өмірлік тәжірибесін, теориялық, мәдени білімін семантикалық, концептуалдық тұрғыдан талдау нәтижесінде анықталған әлемнің тілдік бейнесі. Олай болса, когнитивтік антропология адамның сана-сезімі негізінде жатқан өзіне ғана тән тұтас рухани болмысының тіл арқылы көрініс табуын зерттейді.

Тәуелсіз Қазақстанда ана тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы, қоғамдық-әлеуметтік қызметінің күшеюі ұлт рухының жаңғыруымен сабақтасып, тіл тұтынушысының тілдік әлеуетін қолдану өрісінің кеңеюі нәтижесінде зерттеулер мен лексикографиялық тәжірибе жетілу үстінде. Осыған байланысты белсенді сипаттағы жаңа сөзжасам үдерісін тіл тұтынушысының танымдық-әлеуметтік болмысымен сабақтастырып, анықтау – өзекті мәселе.

Антропоөзектік бағыт алғашында лексикография, оқу әдебиеті негізінде тар көлемде қолданылса, кейін семантика саласында ауқымын кеңейткені байқалады. Ал, бұған дейін құрылымдық тіл білімінде функционалды-семантикалық негіздегі талдау біршама жақсы дамығаны белгілі. Алайда оның жаңа дәуірдегі кешенді тіл білімі талабына жауап беруде осалдығы байқалып отыр. Шын мәнінде қоғамның өзгеруі, сана жаңғыруы бұрынғы қалыптасқан рухани құндылықтарымызға, ғылыми нәтижелерімізге де сыни көзбен қарауды қажет етеді. Дәстүрлі тіл біліміндегі функционалды-жүйелік парадигманы антропоөзектік парадигма ығыстыра бастағаны да шындық. Бұдан дәстүрлі тіл біліміндегі құнды зерттеулер, дереккөздері теріске шығарылады екен деген ұғым тумаса керек. Бүгінгі тілді тіл иесімен тығыз байланыста зерттеу жүйесінде екі тілдік парадигма бірін-бірі толықтырып, бір-бірінің жалғасы ретінде қалыптасуда.

Антропоөзектік негізде қалыптасатын когнитивтік лингвистика тіл иесінің психологиялық болмысын лингвистикалық тұрғыдан түсіндіруге бағытталады.

Осыған байланысты қалыптасатын ментальды лексика адамзаттың (ұлттың) рухани жан-дүниесін сипаттап, өзге халықтан ерекшелендіретін қасиеттерін жинақтап көрсетеді.

Біріншіден, когнитивтік зерттеуде адамға ғана тән жоғары сана, өзіндік сана, интеллектуалды мінез-құлық тіл арқылы қозғалысқа түскенде танымдық жақтары іске қосылады.

Екіншіден, тілдің бағалауыштық, реттеуіштік т.б. қызметтері де қосылып, когнитивтік зерттеудің кешенді және тұтастық сипатын көрсетеді. Сондықтан әр ұлттың тілдік санасында әлемнің тілдік бейнесін жасауда когнитивтік талдауларға сүйенудің өзіндік маңызы бар. Себебі әлемнің тілдік бейнесі қоршаған ортаның тікелей немесе тура бейнесі бола алмайды. Өйткені болмыс пен тіл арасында адам санасы тұрады.

Қазіргі тіл біліміндегі әлемнің тілдік бейнесі теориясы ұлттық тілдің шынайы да толық болмысын, біріншіден, тіл мен мәдениет сабақтастығында, екіншіден, танымдық тұрғыдан тілдік емес мәнділіктермен байланыста зерттейді. Бұл жағдай жаңа қолданыстар мәселесін танымдық тұрғыдан қарастыру кезінде де зерттеушілер назарынан тыс қалмайды. Тілдік санадағы адам ойының таңбасы, таным жүйесінің құралы ретіндегі тілдің анықтауыштық, құрауыштық қызметіне әлемнің тілдік бейнесі тұрғысынан мән беру антропоөзектік парадигмада аса өзекті.

Бізді қоршаған дүниенің адам психикасында, санасында көрініс табуы қазіргі замандағы когнитивтік лингвистика, психолінгвистика ғылымдарында объективті дүниенің субъективті көрінісі, әлемнің тілдік бейнесі, әлемнің тілдік моделі т.б. ұғымдармен өзектеліп, белгіленеді. Шындық дүниенің психикалық көрінісі адам санасында әлем бейнесінің құрылу үдерісімен құрылымдалып, бейнелі, түсіндірмелік, эмоционалды, символдық сипатта анықталады. Бізді қоршаған шындық – біреу, бірақ әлемді тілде айна қатесіз бейнелеу мүмкін емес, өйткені, оны әркім өзінше қабылдайды және тілде осы таным көрініс табады.

Сондықтан «әлем бейнесінің тілде көрініс табуы қалай жүзеге асады?» деген сұраққа жауап іздей келе, көрнекті орыс ғалымы Б.А. Серебренников: «Әдетте, ғылым аталған мәселені қарастыруда бір-бірімен тығыз байланысты үштік тұтастығын негізге алады: шындық әлем, шындық әлемнің адам санасындағы көрінісі және оның тіл арқылы берілуі» деп анықтайды [261, б. 87].

Қазіргі кезеңде әлемнің ғылыми бейнесі деп, белгілі бір ғылымдағы негізгі ережелерді шығаратын байырғы түсініктер мен қағидалар арқылы жасалған әлем туралы жалпы түсініктер жүйесін айтамыз. Ал халық танымына сай қалыптасқан ұрпақтан ұрпаққа берілетін әлемнің тілдегі бейнесі өзінің қоғамдық-әлеуметтік, рухани-мәдени қызметіне сай жаңарып, мәдениаралық коммуникация, экономикалық т.б. байланыстар арқылы молайып, толығып, өзгеріп отырады. Себебі тіл тек ойлау, қарым-қатынас құралы ғана емес, тіл бүкіл этностың рухани және мәдени айнасы ретінде әр ұлттың өзіндік әлемдік бейнесін қалыптастырады.

Қазіргі қоғамдағы жаңа қолданыстардың коммуникативтік-прагматикалық, рухани-әлеуметтік тиімділігін күшейту үшін тілдегі әлемнің

ұлттық бейнесіне қатысты ассоциацияға негізделген жаңа атауларды антропоэзектік жүйеде, когнитивтік, лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан қарастырудың ғылыми-тәжірибелік қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты қазіргі тіл ғылымында тілдегі әлем бейнесі ұғымы өзектеліп, әлемнің тілдегі ұлттық бейнесі деген мәселе алға шықты.

Профессор А. Салқынбай сөзжасамды тарихи-мәдени байланыстылық контекстінде, танымдық сипатта бағалайды: «Әлем бейнесінің бүкіл көрінісі мен қоғамдық сана қалыптастырған ұғымдарды бейнелейтін тіл – адамзат танымының феномені. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, адамзат дүниетанымын, ойлауды, сананы қалыптастырып, дамытуға қызмет ететін күрделі құрылыс» [202, б. 3].

Жалпы алғанда, әлемнің тілдік бейнесі дегеніміз, ол – адамның өзін қоршаған ортадағы құбылыстар, жағдайлар жайлы танымын тіл арқылы көрсету. Өйткені адам шындықты қалай көріп, қалай қабылдаса, оның әлем туралы түсінігі солай қалыптасады. Соның нәтижесінде тілдегі әлем бейнесі – адамзат санасы мен ойлау қызметі арқылы пайда болған, бір тілде сөйлеуші адамдар үшін шындық пен ақиқаттың дағдылы, қалыптасқан көрінісі. Халық сана-сезімінің, көзқарасының өзгеруі тіл арқылы бейнеленген әлем бейнесіне де әсерін тигізеді. Яғни кеңістік пен уақытқа байланысты қалыптасатын біртұтас ұлттық дүниетаным әлемнің ұлттық бейнесін құрайды. Ал оның тілдік санада тіл иесі танымы негізінде тіл арқылы таңбалануы әлемнің тілдік бейнесін құрайды.

Сонымен, қазіргі таңда тіл білімінде адамның ойлау өрісімен және рухани-әлеуметтік қызметімен байланысты антропоэзектік жүйесін анықтауға қатысты когнитивті лингвистика, антропологистика, лингвомәдениеттану, психолінгвистика сияқты жаңа бағыттар мен мәдениаралық коммуникация, әлемнің тілдік бейнесі сияқты мәселелер *адам~қоғам*, *адам (тіл)~мәдениет*, *тіл~таным* тоғысында қарастырылатын кең арналы, кешенді зерттеулер өріс алуда.

Осыған байланысты қазақ тіл білімінде қазақ әлемін тіл арқылы танытатын: Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Т. Жанұзақов, Н. Уәли, С. Исабеков, З. Ахметжанова, Ж. Манкеева, Р. Авакова, А. Ислам, Б. Жұбатова, Г. Сағидолда т.б. ғалымдардың еңбектері ерекше маңызға ие болуда.

Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың мазмұнындағы әлемнің тілдік бейнесін танудағы тілдің мәдениетпен, қоғаммен, халықтық тәжірибемен тығыз байланысын мынадай ұстанымдар анықтайды:

1. қоғамдық тәжірибеге негізделу, яғни дәстүр жалғастығы, танымның қазыналық сипаты;

2. таным модельдерінің символдық түрлері, яғни тілдің қызметі тек ақпарат беру емес, бейнелеуге мүмкіншілік жасау. Басқаша айтқанда, тіл арқылы бейнелілік пен дүниедегі объективті шындықты субъективті түрде, яғни символдар арқылы беру;

3. таным модельдерінің жүйелі сипаты, сабақтастығы. Яғни ол таным моделінің құрылымдарының тұтасуынан тұратынын сипаттайды [262, б. 464].

Әлем бейнесін тіл арқылы зерттеу жұмыстарындағы негізгі мәселенің бірі – шындық дүниені бейнелеудегі тілдің тұтастырушылық, когнитивтік қызметі. Тілдің танымдық, тұтастыру құралы ретіндегі қызметі, білім жиынтығын меңгеруі оны әр адамға жеткізетін бірден-бір маңызды құрал – тіл арқылы іске асады. Осы бағытқа сай тіл әлемдік бейнені бөлшектей отырып, бірдей уақытта адамзаттың қоғамдық тәжірибесін өз ішінде бекітеді және ол көрініс осы тіл арқылы сыртқа шығатыны белгілі. Бұл жағдайды түрлі тілдердегі сөздердің пайда болу негіздері мен ол сөздердің семантикалық даму бағыттарының бірдей болуымен түсіндіруге болады.

Сонымен, қазіргі тіл білімінің антропоэзектік парадигмасында адамның әлемнің бейнесін тіл арқылы жасайтыны туралы тұжырым қағида іспетті қалыптасқан. Сонымен қатар, «әлемнің тілдік бейнесі дегеніміз – бұл тіршілік әрекетінің тікелей көрінісі емес, оның тіл арқылы белгілі бір деңгейдегі түсіндірмесі» деген тұжырым да дәлелденген. Осы тұрғыдан әлемнің бейнесі адамның дүниетанымының өзегін құрайды және оның негізгі қасиеттерін бойына тіл арқылы жинайды. Демек, әлемнің тілдік бейнесі – сананың жемісі, ойлау, болмыс және тілдің әлем туралы ойын жеткізу құралдары ретіндегі өзара әрекеттерінің нәтижесі.

«Әлемнің концептуалды көрінісі» ұғымының аясы өте кең, себебі оның жасалу барысында атаудың көптеген түрлері қызмет атқарады: тілдің бейвербалды түрлері, вербалды номинативтік көрінісі, мәдени таным өзектелген символдар, жаңа қолданыстар т.б. Тілдің ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, сақтаушы кумулятивтік (мұрагерлік) қызметі негізінде құрылатын әлемнің тілдік бейнесінде белгілі бір тіл тұтынушыларының өздерін қоршаған орта туралы танымы өзектеледі.

Бірақ тіл әлемнің ұлттық көрінісінде кездесетін ұғымдардың барлығын бірдей белгілей бермейді, оларды тек қана бейнелей алады. Соған байланысты тілдің жасампаздық, шығармашылық сипаты тілдегі жаңару құбылысы мен танымдық тетікті бірлікте қарауды қажет етеді.

Бұл мәселенің тереңіне бойлап, тіл қызметінің лингвофилософиялық мәнін кешенді сипаттаған неміс лингвисті В. фон Гумбольдт әлемнің тілдік бейнесіне ерекше назар аударып, өз зерттеулері нәтижесінде «кез келген тіл белгілі бір ұлт үшін ерекше пайымдау мен қабылдау жүйесі болып табылатындығын» анықтады [263, б. 324].

Гумбольдт зерттеулерін Америкада әрі қарай жалғастырған көрнекті лингвистердің бірі Эдуард Сепир: «Шын мәнісінде «шындық дүние» әлдебір әлеуметтік топтың тілдік әдеттері негізінде құрылады. Әр түрлі қауым өмір сүретін әлем дегеніміз – ол әр түрлі таңбалары бар әрқилы әлемдер» деп көрсете келе, мынадай тұжырымдамалар ұсынады:

1. Белгілі бір тіл шеңберінде алынған тілдік формалар әлемі таңбаланудың аяқталған жүйесі болып табылады. Бір тілден екінші тілге көшу психологиялық тұрғыдан бір геометриялық санау жүйесінен екінші жүйеге көшумен ұқсас.

2. Әрбір тіл өз тұрғысында психологиялық тұрғыдан алғанда қанағаттанарлық формалды аяқталған бағдарды иемденеді, бірақ бұл бағдар тілде сөйлеушілер санасында терең орналасқан.

3. Тілдер іс жүзінде психикалық үрдістердің мәдени қоймасы болып табылады» [264, б. 255].

Жаһандану заманындағы әлемнің тілдік бейнесінің антропоэзектік сипатын айшықты көрсететін тілдік құралдар – метафоралар.

Когнитивист-ғалымдар: Е.С. Кубрякова, Э. Кассирер, Дж. Лакофф метафоралауды жаңа ұғым атауда когнитивтік модель деп санайды. Яғни метафора – шындықты тұтастыру мен танудың іргелі тәсілдерінің бірі. Сондықтан қазіргі уақытта когнитивистер метафораны адамның ұғымдық жүйесінің ажырамас бөлшегі, оның ойлау жүйесінің маңызды қасиеті және лексиканы толтырудың тиімді құралы деп санайды.

Осыған байланысты В.Н. Телияның мына пікірі маңызды: «Метафора – это и процесс, создающий новое значение языковых выражений в ходе их переосмысления, и способ создания языковой картины мира, возникающей в результате когнитивного манипулирования уже имеющимися в языке значениями с целью создания новых концептов, особенно для тех сфер отражения действительности, которые не даны в непосредственном ощущении» [192, б. 143]. Яғни, ғалым: «Метафоризация – это процесс, приводящий к получению новых знаний о мире в ходе его оязыковления путем использования уже имеющихся в языке наименований» деп санайды [265, Б. 26-52].

А. Вежбицкая номинация сатысында антропоэзектік сипаттағы метафоралардың лингвистикалық маңызы айқын көрінетінін атап көрсетеді [182].

Әлемнің тілдік бейнесі адамның физикалық, сенсорлық, мәдени тәжірибесі негізінде қалыптасқан әлемнің тұжырымдамалық көрінісінің вербалды бөлігі болып табылады. Тіл әлемінің тұжырымдамалық көрінісінің ең терең қабаттарының бірі ретіндегі тұжырымдамалық үлгісінің семиотикалық нұсқасы ретінде метафоралар әлемнің тілдік бейнесінің негізгі элементтерінің бірі ретінде қатысады.

Когнитивтік және лингвомәдени құралдарды метафоризациялау үдерісін зерделеудің өзектілігі метафораның этнос әлемінің лингвистикалық бейнесін қалыптастырудағы орнымен байланысты қажеттілігін көрсетеді.

«Тіл әлемнің ұлттық тұжырымдамалық бейнесін біледі, сақтайды, оны толтырады және оны ұрпақтан ұрпаққа береді» деп тұжырымдайды тіл мен мәдениаралық коммуникация байланысын арнайы зерттеген ресейлік ғалым С.Г. Тер-Минасова [165, б. 17].

Осылайша көптеген ғалымдар метафора-терминдер ұқсастықтар негізінде және ішкі байланыстармен жалғасып, өзектелу негізінде жасалады деп санайтын ғалымдардың еңбектерінде когнитивтік ғылымның негізгі ұғымдары әлемнің тілдік бейнесі, әлем бейнесі және әлем моделі немесе когнитивтік модель деп көрсетіледі.

Тіл білімінің лингвокогнитивтік парадигмасына сәйкес тілдік білімді тіл мен тіл иесі санасы тұтастығында туындаған ми қызметінің жемісі, күрделі ассоциативті-вербалды құрылымды танытушы жүйе ретінде кешенді зерттеуді теориялық-танымдық үрдісте қарастыру қажеттігі туып отыр.

Тіл иесі өзін қоршаған дүниенің сапа-белгілерін сезім мүшелері көмегімен бойына сіңіріп қана қоймай, санасына қабылдап, оған жауап қайырып, ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға тырысады. Адам өзін қоршаған шындық туралы ақпаратты өңдеп, қорытып, елеп-екшеп, баға беріп қана қоймай, оны тәжірибеде қолданады. Соның негізінде бұлардың тұтас көрінісі ретіндегі әлемнің тілдік бейнесі қалыптасады.

Әлемнің тілдік бейнесінің философиялық мәнін түсінуге арналған теориялық еңбектерде (Ю. Степанов, Т.В. Булыгина, А.Д. Шмелев, Ю.Н. Караулов, Е.С. Кубрякова, Н.Д. Арутюнова) әлемнің тілдік бейнесінің түрлі белгілері көрсетіледі. Оның іргелі антропоэзектік белгісінің бірі ретінде идиоэтникалық жүйесі және әлемнің тілдік бейнесінің өзгергіштігі, тұрақсыздығы туралы айтылады.

Осы тұрғыдан зерттеуші Н. Аитова тұтас алғанда тілдің шығармашылық көрінісіне назар аударады: «Халық тілдің қалай жасалғанын білмей-ақ, санасыз қолданғанмен, өз қажетіне пайдалануда шығармашылықсыз мүмкін емес. Тіл өзінен спонтанды, автоматты жүзеге асатын секілді көрінгенмен, әр тұтынушысы өз керегін талғап, таңдап іске қосады. Әлемнің тілдік бейнесінің идиоэтникалық сипатын ашу үшін рухани мазмұн болмысын, нақты тілде бекітілген ғаламға ерекше ұжымдық көзқарасты алғашқы атаудың қисынды байланысын тану қажет. Басқаша айтқанда, тілдік мазмұндағы шындықты ерекше этникалық таныммен көру керек. Тілдік мазмұнды игеру дегенде тілдік белгілер мәнін игеру емес, ғаламды көрудің ұлттық тұрғыдан меңгерілуі және тілдік жүйенің қызмет етуінің негізіндегі терең когнитивтік категорияларды меңгеру меңзеледі» [266, б. 12].

Когнитивтік семантикада шындықты құрудың идиоэтникалық жүйесінің маңызды құралы ретінде метафора қарастырылады. Когнитивтік теория тұрғысынан қарағанда сөздің метафоралық мағынасы оның тура мағынасын танымдық тұрғыдан кеңейтеді. Сондықтан «Әр жаңа мағынаның туылуы алғашқы таным кезінде ескерусіз, қалтарыста қалған ұғымдардың ойлау арқылы тірілуінде, немесе ерекше қырынан көрінуінде әр деңгейлі, әр сипатты, әр текті семантикалық аймақтардың санада теңестірілуінде, адам білімінің жаңа мазмұндық мәнді иеленуінде ғана мүмкін. Ол үдеріс әр адамның когнитивтік ойлау деңгейіне тәуелді» [266, б. 13].

Осымен байланысты Н. Аитованың мына тұжырымы да назар аударарлық: «Ғылым тіліндегі метафораның жаңа термин, номинация жасау қызметімен байланысты бөлінуі концептуалдық метафора деп беріліп жүр. Метафораның қай түрі де, адам танымынсыз, ойлау үдерісінің заңдылықтарынсыз жүзеге асуы мүмкін емес. Сондықтан өзге метафораларды концептуалдықтан шектету қайшылыққа әкеледі. Тілдегі метафоралардың: 1. тілдік (метафоралық мағынасы күңгірттенген); 2. поэтикалық (бейнелі); 3. дәстүрлі; 4. тұрақты;

5. индивидуалды-авторлық, деп топтастырылуының өзі жүйелеуді қажет етеді» [266, б. 14].

Ғалым концептуалдық метафораларды когнитивтік семантика тұғысынан «теліс» (идентифицирующие), «бейнелі» (теліс метафорадан әсірелеу, бейнелеу реңкі басымдығымен өзгешеленетін) метафоралар деп топтап, оларды атқаратын түрлі қызметіне қарай, жасалуы мен қолданыс сипатына сай іштей топтастырады. [266, б. 15].

Қазақ және түрік тілінде де, орыс және ағылшын тілдеріндегідей жаңа сөздерді қалыптастырудың семантикалық тәсілі, яғни метафора арқылы жүзеге асуы кең орын алады. Қазіргі қоғамдық-әлеуметтік және саяси-экономикалық өзгерістерді сипаттайтын метафора-неологизмдер семантикасы қоғам мүшесі ретінде адамның, мемлекеттің, оның әлеуметтік және экономикалық институттарының қатынасын айшықтап көрсетеді. Мысалы:

- қазақша: *таза табыс, ыстық нүктелер, түнгі көбелек, ақ жағалылар, көк жағалылар* т.б.;

- түрікше: *trafik canavarı* (жол тәртібін бұзушы), *kaldırım çiçeği* (жезөкше), *mavi yaka* (көк жағалы), *beyaz yaka* (ақ жағалы), *beyin göçü* (утечка мозгов), *söz güreşi* (пікірталас) т.б.

Демек осыған байланысты әлемнің тілдік бейнесі дегеніміз – сол ұлт өкілдеріне ортақ, ұжымдық тәжірибе негізінде жасалған білімдер жүйесінің белгілі бір тілде көрініс табуы. Басқаша айтқанда, ол – тіл арқылы қоршаған шындықты (әлемді) тану. Ал, танылған әлемнің тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыруы тілдің мұрагерлік (кумулятивтік) қызметімен байланысты. Тілдің танымдық-коммуникативтік қызметінің бәрі тіл тұтынушысының бүкіл халыққа тән ойлау қабілетіне, сонымен қатар, олардың өмір сүру салты мен біліміне, тәжірибесіне негізделеді. Сондықтан әлемнің тілдік бейнесін жасаудағы басты ұстанымдардың бірі – антропоэзектік ұстаным. Бұл арада антропоэзек ұғымы тіл арқылы бейнеленген дүниені, тілді адами тұрғыдан, адам болмысы арқылы түсіндіретін үрдісті білдіреді.

Тілді зерттеудің теориялық-танымдық үдерісіне сай жаңа бағыттары *адам~тіл* мәселесіне тілдегі адам факторы тұрғысынан жаңаша келудің ғылыми-теориялық ұстанымдарын айқындап, зерттеудің жалпы мазмұнына кешендік сипат дарытуды міндеттейді. Осы орайда *тіл~ұлт* сабақтастығындағы тілдің танымдық, табиғи болмысын этностың күллі әлем туралы білімі бекитін әлемнің тілдік бейнесімен ұштастыра зерттеу – бүгінгі таңдағы антропоэзектік парадигма аясында өрістеп отырған тілтанымдық зерттеулердің өзекті мәселесі.

Қазіргі тіл білімінде «әлемнің тілдік бейне-көріністері Ю.М. Караулов, Е.С. Кубрякова, А.А. Уфимцева, В.Н. Телия т.б. еңбектерінде әр тілдің өзіне ғана тән ерекшеліктеріне, әр халықтың дүние-ғаламның түрлі түсін өзінше мүшелей тануына, ол фрагменттерді өзінше бейнелеп атауына байланысты тіл-тілде өзгеше болып өріледі» деп қарастырылады.

Ал В.И. Карасик әлемнің этнолингвистикалық сипатының онтологиялық сипаттамаларын тұтастырып (концептуалдап) қарайды. Сонымен бірге тиісті этнос өмірінің маңыздылығы мен әртүрлі дискурстық кеңістіктегі басым

коммуникативтік позициялардың қалыптасуын қамтамасыз ететін тұжырымдамалық қасиеттердің нақты комбинаторларына да назар аударады. Соның нәтижесінде шындықтың түрлі үзіктерінің концептуалдануының біркелкі емес екенін де көрсетеді [266].

Олай болса, әлемнің тілдік бейнесінің жаңа қосымша түсіндірмесі заманауи қоғам мүшелерінің мінез-құлық үлгілерін реттейтін құндылықтарды да анықтайтын антропоэзектік сипатқа ие.

Когнитивтік зерттеу бағытындағы ғалымдардың лингво-шығармашылық белсенділік тудыратын жаңа сөздер, факторлар мен уәждемелерді қалыптастырудың негізгі үдерісін жиі зерттеп отырғанын атап өткен жөн. Мысалы, прагматикалық факторлар жаңа атауды іздеу сатысында қосылады. Әрине, әлемнің тілдік бейнесіндегі таным үдерістерін зерттеу тек қана танымдық және прагматикалық факторларға ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-мәдени, психологиялық т.б. деңгейлерге де сүйеніп, жаңа сөзді неғұрлым ауқымды және жан-жақты зерттейтін болса, соғұрлым ол сенімді болады.

Дүниетанымның философиялық анықтамасы бойынша: «... адамның дүниеге (әлемге) деген рухани қатынастарының негізі болатын және солардың бәрін жалпылама түрде қамтитын, адам мен әлемнің сан алуан ара қатынасын білдіретін ұғым» [267, б. 81]. Демек, «дүние» (әлем) ұғымы әр этностың рухани және әрекет болмысымен тығыз байланысты. Соның негізінде қалыптасқан әлем туралы тұтас көзқарас тілде айқын көрініс табады.

Шындықтың әрі қарай адам санасында қабылданып, ой елегінен өтіп, сөз болып қалыптасып, айтылу үрдісі нәтижесінде әлем бейнесі тілде екінші рет тың көрініске ие болып, әлемнің тілдік бейнесі түзіледі. Әрине, бұл арада «таным», «сана», «ойлау» т.с.с. феномендер лингвистикалық зерттеу назарынан тыс қалмайды.

2-ші тарау бойынша тұжырым

Қазіргі тіл білімінің антропоэзектік парадигмасына сәйкес адам өзін қоршаған ақиқат шындықты, әлемді тануға қатысты көзқарасын іс-әрекет барысында жасаған ұғым-түсініктері мен бағаларын, қорытынды тұжырымдары мен өмірлік ұстаным-қағидаттарын санасында тіл арқылы қалыптастыратыны айқындалған.

Осы бағыттың тұжырымдары мен қағидаларына сүйене отырып, екінші тарауда қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстар болмысын лингвокогнитивтік негізде зерттеуге қатысты төмендегідей түйіндер жасалды:

- тіл тұтынушысының өзін қоршаған ортаны игеруі және қоғамдық-әлеуметтік іс-тәжірибені меңгеруі негізінде жинақтаған білімін тіл арқылы бекітіп, сақтауы когнитивтік негізден бастау алады. Сондықтан осындай танымдық әрекетіне сәйкес тілді когнитивтік жүйеде қарастырған ғалымдардың: «тіл – ойдың тікелей шындығы, сана әрекетінің көрінісі», «таным тетігі», «тілдік бірліктердің өн бойына және терең мазмұндық астарына ақпараттарды бекіту, жасыру, сақтау, сондай-ақ қажет жағдайда қайта жаңғыртудың когнициялық тәсілі» сияқты т.б. лингво-когнитивтік тұжырымдарына сүйеніп, жаңа

қолданыстарды тілдік санада жанару үрдісін бейнелейтін тілдік құрал деп санауға болады;

- когнитивтік лингвистиканың тілдік санада жаңа ұғымды атауға байланысты туатын жаңа атаулардағы метафора құбылыстарын, метонимдерді, фразеологизмдерді когнитивтік тұрғыдан түсіндірген когнитивті модельдеу, когнитивтік-дискурстық талдау, лексикографиялық деректерді когнитивті түсіндіру және т.б. әдістері, қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың когнитивтік негіздерін дәлелдейді;

- номинация саласын зерттеген ғалымдардың пікірлеріне сүйеніп, тілдегі жаңа атау жасау тәжірибесінде тіл тұтынушысының таңдау үлгісін оның қолданыс сипатына, маңызына, заманға сай қызметіне т.б. байланысты қарастыру тиімділігі байқалды. Соның нәтижесінде ұлттық болмыс пен дүниетаным тек интралингвистикалық негізде ғана емес, соған тілдік емес экстралингвистикалық факторлар арқылы да айқындалатынын жаңа қолданыстардың ономасиологиялық сипаты арқылы көрсетуге болады;

- ономасиологиялық заңдылықтар ішіндегі ең бастысы – санадағы ассоциативті байланыс десек, уәжділік – сол сөз бейнелейтін табиғат құбылысының адамның түсінік тәжірибесінде анықталған белгісі. Сондықтан адам жаңа ұғымды атауда дүние құбылыстарын, олардың өзара байланыстылығын өз таным ауқымында танып, оған жаңа атау беру арқылы байланыстырады. Осы тұжырымдарға сәйкес тілдің төл қасиеті ретіндегі уәжділіктің жаңа атау жасауға да негіз болатыны, сол арқылы әрі қарай жетіліп, дамып, жаңарған ұғымның жаңа сөз арқылы белгіленуі – жаңа қолданыстардың танымдық өзегі деп анықталды;

- қазақ-түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстарды танымдық тұрғыдан салыстыра зерттеу нәтижесінде айқындалған ортақ түркілік сипат пен әр ұлттың өзіндік әлем бейнесінің тілдік таңбалануындағы ерекшеліктер болмысы антропоэзектік парадигмаға сәйкес қарастырылды.

3 ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК МЕДИАБЕЙНЕСІНДЕГІ ЖАҢА АТАУЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

3.1 Танымдық-ақпараттық құрал ретіндегі жаңа қолданыстардың қазақ баспасөзіндегі көріністері

Жаңа атаулардың қалыптасуындағы танымдық тетіктің маңызды болуы тілдің тек ақпаратты жаңғыртушы және жеткізуші ғана емес, келесі замандағы жаңа ұғымдар аталымын жасайтын өміршең коммуникативтік құрал екендігімен байланысты. Яғни, жаңа қолданыстар түріндегі тілдік құрал арқылы қазіргі қоғамда өмір сүріп, әрекет істеп жатқан адам санасында шындық өмірдің ерекше концептуалды-ақпараттық бейнесі жасалады.

Соның негізінде адам өзінің таным-тәжірибесі арқылы қабылдаған, тұжырымдаған дүниесін тілдік таңба (жаңа атау) ретінде бекітуге немесе кодтауға, бір адамнан екінші адамға жеткізуге мүмкіндік алады. Бір тілде сөйлейтін адамдардың танымдық тәжірибесін, танымдық ақпаратын арқау еткен тілдік таңба (жаңа сөз), қоршаған шындық өмір туралы жаңа ақпаратты қабылдап, сақтап және қайта жаңғырту арқылы жаңа сөздің коммуникативтік қызметін қалыптастырады. Осыған байланысты жаңа қолданыстардың белсенді қолданылу аясы ретінде бұқаралық ақпарат құралдарының, оның ішінде газет-журналдардың орны ерекше [269, Б. 48-50].

Бұл ағымдағы бүгінгі күнгі қоғамдық өмірдің түрлі саласында (өндіріс, шаруашылық, ғылым, мәдениет, өнер, саясат т.б.) болып жатқан жаңалықтар мен оқиғаларға қатысты газет мәтіндерінде жаңа ұғымдардың атаулары, жаңа терминологиялық лексиканың қолданылуы қысқа мерзімде, жылдам көрініс табуымен байланысты.

Қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі өзгерістер мен жаңалықтарға қатысты қазақ лексикасының жаңару үдерісін сипаттайтын осындай үрдіске сай көптеген жаңа ұғымдар туып, оларды белгілеу үшін жаңа атаулар пайда болуы туралы ХХ ғасыр басындағы қазақ баспасөзі мен әдеби тіл тарихына қатысты зерттеулерден бастап айтылып келеді.

Танымдық-ақпараттық құрал ретіндегі жаңа қолданыстардың қазақ баспасөзіндегі көріністері «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің лексикалық құрамынан, сондай-ақ сол кездегі жалпы сөз қолданыс жүйесінде болған жаңа сөздер мен жаңа тіркестерден байқалатыны Б. Әбілқасымов [270], Б. Момынова [271], Ш. Мәжітаева [272] т.б. ғалымдардың арнайы зерттеулерінде дәлелденген.

«Айқап», «Дала уалаяты», «Қазақ» сияқты мерзімдік, әдеби басылымдарда сөздерді осылайша түрлендіре қолдану істері қағазға түсіп, жаңа қарқынмен дами бастауы кейінірек А. Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының түрлі оқулықтар жазуы барысында пән сөздерін жасауына, ізденістеріне негіз болды.

Олардың бұл бағыттағы қызметі шетел сөздерін аудармай, көшіріп ала салмай, тілдің өз бойындағы әлеуетін пайдаланатын сөз тудыру құбылысы негізінде жүргізілді және олардың халықаралық терминдерді қазақшалау үрдісіне ана тілінің рухын сезінген болмысы, жоғары біліктілігі мен алдына қойған айқын мақсат-мүдделері, сол кезеңдегі әлеуметтік жағдай ықпал етті.

Соның барысында халқының оқу-ағарту, өнер-білім деңгейін көтеруге бар күш-жігерін жұмсаған ұлт тұлғалары алғашқы қазақ баспасөзі бетінде айнала қоршаған шындық болмысты қазақ танымына сай байланыстыра танытып, оны қазақ түсінігіне жақындатуды мақсат етті, тілдің бұзылмай, түзелуін, әлеуметтік қызметін ұлттық таным бірлестігінде қарады. Себебі олар – қазақ ауыз әдебиетін, мәдени, саяси тарихын, жыр-қиссаларды терең игерген, шешен сөйлеп, көркем жаза алатын, оның грамматикалық құрылымдарын маман деңгейінде меңгеріп, мәнерлі сөйлеп, көркем жаза алатын ұлттық тілдік тұлғалар еді. Осылайша қазақ зиялылары мен алаш көсемдері қоғам өміріне, саяси-әлеуметтік мәселелерге белсенді араласып, өз ойларын қазақ тілінде шебер жазып жеткізе алатын публицистер ретінде тілдің әлеуметтік мәні, қолданылу аясы, бұзылуы, тілдік реформа, әлемдегі тіл саясаты туралы мәселелердің оң шешім табуына белсенді араласып, баспасөзде тұрақты түрде мақалалар жариялап тұрды.

Сонымен қатар осы арада баспасөз тілінде қазақшаланған терминдердің басым көпшілігі және қолданысы белсендісі сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік атаулар ретінде қазақ тіл білімінде арнайы зерттелгенін де атап өткен жөн [273].

Осы еңбектердегі тілдік жаңалықтарға қатысты ерекше көңіл аударатын маңызды мәселенің бірі – газет бетіндегі жаңа қолданыстар, жаңа сөз жасаудағы ізденістер мен белсенділік, прагматикалық сипат.

Көпшілікке жеткізуде баспасөздің атқарар қызметін жақсы түсінген қазақтың сол кездегі оқыған зиялылары, ағартушылары редакцияға хат жазып, газет-журналдарға мақала жазып, өз пікір-ұсыныстарын айтып, тіл тазалығына, тіл мәдениетіне көп көңіл аудару керектігіне назар аударған. Соның нәтижесінде әрбір жаңа сөз, жаңа қолданыс мерзімді баспасөз беттерінде қолданылып, талқыланып, көңілге қонымдысы, танымға жақыны сөздік құрамға кіріп, тілімізді сол кезеңге сай байытып отырған.

Осымен байланысты анықталған жай – жалпы алғанда, мерзімді баспасөз тілінің лексикалық құрамындағы сөздердің басым көпшілігі – байырғы қазақ сөзі. Сол кезеңде көптеген сөздер біраз уақыттан кейін қайта жаңарып, баспасөзде жаңа мазмұнда қолданыс тапқан: *әкім, хұқық, басқарма, төраға, би, тілмаш, тәржімелеу, парыз, һәм* т.б.

Бұл – кез келген тіл тәжірибесінде болып тұратын құбылыс. Ал *қарындас, пікір, ақсақал, сәулет*; және ХХ ғасыр басында баспасөзде қолданылған *айтыс, жарыс, құрал, сайлау, шәкірт, мүлік, жолдас, орталық* т.б. сөздер қазіргі таңда қоғамдық-әлеуметтік лексика және салалық терминологияда жаңа мағынада өзектеліп, белсенді қолданылуда [273].

Қазақ баспасөзі тарихының бастау кезеңіне тікелей қатысы бар «Жаңа мектеп» журналының тілін арнайы зерттеген Г. Жұмашева журнал бетінде жарияланған А. Байтұрсынов, Е. Омаров, Қ. Басымов, Т. Шонанов, Х. Досмұхамедов, Н. Төреқұлов, Қ. Кемеңгеров сияқты ғалымдарымыздың мақалаларының термин қабылдау ісіне, оны қалыптастыруға қандай нақты үлес қосқанын көрсетеді [274].

Ғалым Г. Жұмашева өз зерттеуінде баспасөз тіліндегі жаңа қолданыстарды неологизм мен архаизмнің өзара қатысына, қолданылу аясына қарай төмендегіше топтастырады:

1. сол кезеңде архаизм болып, кейін қайтадан жиі қолданылу дәрежесіне дейін көтерілген сөздер. Бұған әсіресе, діни ұғымдарға қатысты атауларды жатқызуға болады: *мешіт, молда, тұмар, садақа, айт, құрбан айт, Құран* т.б.

2. кезінде неологизм болып еніп, кейін сыртқы факторлар әсерінен архаизм тобына еніп ауысқан, бүгінде қайта қолданысқа түскен «жаңа атаулар»: *кеңес, төраға, төңкеріс, әдіс, дәріс* (лекция), *құрылтай* (съезд), *алқа* (коллегия) т.б.

3. сол кезеңде неологизм болып, кейін қоғам дамуына қарай архаизмге айналған атаулар: *сауат ашу мектебі, кедейлер ұясы, жалшылар кәмитеті, ересектер мектебі* т.б.» [274].

Ал, сол заманға сай жаңа ұғымдарды атап, журналда жарияланған жаңа сөздерді қазіргі күндегі қолданысына қарай былайша топтастырған:

«1. қазақ тіліндегі баламасы осы күнге дейін тұрақты түрде өзгертілмей қолданылып келе жатқан атаулар: *белсенділер* (активисты), *онкүндік* (декада), *жозары мектеп* (высшая школа) т.б.;

2. орыс тілінен енген атаулар алғашқыда аударылып, кейіннен ол баламасы әдеби тілде тұрақталмай, оның орнына бүгінгі күнге дейін орыс тіліндегі нұсқасы норма болып қалыптасқан атаулар: кредитор - *аласылы*, конус – *шошақ*, трапеция – *бестабан*, прогрессивный – *ілгерішіл* т.б.» [274].

Сонымен қатар сол кезеңдегі осы тектес қазақ баспасөзі беттеріндегі жаңа қолданыстарға арналған зерттеулерде терминжасам үдерісіндегі жаңа қолданыстардың окказионалдық сипатына мән беріліп, көрсетілген нақты деректер бұл құбылыстың қолданыстық барысындағы танымдық негізін көрсетеді.

Шын мәнінде, 1920 жылдары тілімізде жасалған жаңа сөздердің бәрі бірдей тұрақталып, қалыптасып кетпегені байқалады. Олардың бірқатары аз уақыт қана қолданылып, тілден шығып қалып отырса, енді біреулері бір-ақ рет қолданылып, окказионалдық қасиетке ие болған сөздер қатарын түзеді. Оларды құрамына қарай бірнеше топқа жіктеп көрсетуге болады:

1. түбір тұлғадағы сөздер: *алана* (минимум), *далда* (банкет), *бұрсат* (право) т.б.

2. жұрнақ арқылы жасалған тосын сөздер: *тақпақшы* (декламатор), *үнемші* (экономист), *мұқалымпаз* (внушительный) т.б.

3. сөздердің бірігуі арқылы жасалған сөздер: *мойынтақ* (галстук), *жеркөмбе* (подвал), *сақтауқам* (страхование), *күнбелгі* (календарь) т.б.

4. сөз тіркестері арқылы жасалған тосын сөздер: *өрнекті ойындар* (физкультура), *су өнерпазы* (гидротехник), *құлық қалыбы* (норма поведения), *су ағар* (водопровод) т.б.

Осыған байланысты А. Байтұрсынұлының публицистика тілін арнайы зерттеген Г. Ерназарованың: «Коннотациялық мағынаның бір түрі болып табылатын бағалау компоненті А. Байтұрсынұлының публицистикалық шығармаларында доминанттық дәрежеге ие болып отырады. Бағалаушы немесе

экспрессиялық-эмоциялық бояулы мағынадағы сөздер терминдер жүйесіне енгеннен кейін бағалауыштық мағынасының орнын потенциалды семасы басып, белгілі бір ұғымның атауы ретінде қолданылады. Мысалы: *жазықты қылмыс, жарылқарлық-қарғарлық управитель, жасырын шағым, тағылықты үкімет, ереуіл келетін шатақтар, күмәншіл жауапкер* т.б.» [275, б. 25] деген тұжырымы аса маңызды.

Бұл қағида, сайып келгенде, А. Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың қазақ тілінде термин түзуді ұлттық тіл мен мүдде тұрғысынан, ана тілі табиғатына сай кәсіби деңгейге қоюды мақсат еткен тұжырымдарымен үндеседі. Уақыт пен кеңістік аясындағы тілдің тарихи-әлеуметтік, коммуникативтік қызметіне сай кез-келген жаңа ұғымды немесе белгілі ұғымды жаңа қырынан атау жаңа қолданыстарды туғызады.

А. Байтұрсынұлы қолданған, ұсынған сөздердің халық санасында қолдау тауып, қалыптасуының негізгі себебі – атау берудің С.Л. Мишланова атап көрсеткендей, ұғымды белгілеу үдерісі ғана емес, сонымен бірге танымдық үдеріс екендігінде [276, б. 77].

Г. Ерназарова А. Байтұрсынұлының публицистика тіліндегі байырғы қазақ сөздерінің жаңа қоғамдық-әлеуметтік ұғымдарға қатысты қолданысын былайша жүйелеп көрсетеді:

Жұрт: *келімсек жұрт, тұрғын жұрт, өзге жұрттың есігі, жұрттың ұлттығы, жұрт сынына салу, жұрттың қорлығы.*

Тіл: *қазақ тілі азып жоғалуға ықтимал, қазақ тілінен жирену.*

Жер: *жер кесу, бос жер, жер алу, уезге қараған жерлер, сұрып жер, жер жалдау, жер кіндік ел.*

Пайда: *қазақ пайдасындағы жер, зор пайдалы болар, пайдалы қызмет, газеттің пайдасы.*

Халық: *халыққа беру, саналы халық азаматтары, халыққа қызмет ету.*

Білім: *білім дәрежесі, білім жарысы, білім жүйріктері, бастауыш білім, білім иесі, үздік білім.*

Мәселе: *мәселелердің ішіндегі ең маңыздысы, соғысқа қатысы бар мәселелер, әскерлік мәселе, жер мәселесі, ортақ мәселе.*

Дәреже: *мәдениет дәрежесі, жоғарылы-төменді дәреже.*

Кеңес: *кеңеске салынды, мұсылмандар кеңесі.*

Үміт: *үміті зор, үмітті жұрттар.*

Сол қатардағы етістіктің қолданыстық мәнінің кеңеюіне де назар аударады:

Қозғау: *соғыс кезінде қозғау, қозғау қолайлы, мәселе қозғау.*

Қарау: *депутаттық правосын қарау.*

Кіргізу: *заң жобасын кіргізу, блок программасын кіргізу.*

Ұлғаю: *істің ұлғаюы.*

Көздеу: *қабыл етерлік жағды көзделсін.*

Қосу: *күш қосу, бас қосу* [275].

А. Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси, әлеуметтік тақырыпта жазылған түрлі публицистикалық мақалаларының қазақ сөзінің қалыптасуындағы, тіл

білімінің өсіп, өркендеуіндегі мерзімді баспасөз рөлін академик Ө. Айтбаев: «Жалпы сөз біткеннің, оның ішінде термин атаулының өріс алар, қанат жаяр жері, ең алдымен, мерзімді баспасөз, яғни өмірдің сан түрлі саласынан сан алуан мәлімет жинап, материал беретін журналисттердей термин құмар маман жоқ» [277, б. 35] – деп баға берсе, жаңа қолданыстар мен терминдердің әдеби тілде тұрақталуына қатысты О. Бүркітов: «Мерзімді баспасөз – жаңа сөздер ұстаханасы» [278] – деп бағалайды.

Сонымен қатар зерттеуші Г. Ерназарова А. Байтұрсынұлының публицистика тілінде қолданған жаңа қолданыстары мен халықаралық терминдердің қазақ тіліндегі баламаларын көрсетеді.

А. Байтұрсынұлының кейде сол дәуірде жалпыхалықтық тілде кеңінен қолданыс тапқан араб-парсы тілдерінің элементтерін қажетті жағдайда ұғым атауы ретінде қолданғанын да газет мәтіндері көрсетеді: *рисалар (рисалатун) – миссия, үндеу – хат; матбуғат (матбу атун) – басылым; мазхаб (мазхәб) – діни қауым, секта, жік; ағза (а да у) – мүше; низам (низамун) – тәртіп, қоғамдық режим, заң, жөн т.б.*

Осы үрдістің тәуелсіздік кезеңінде жаңа қарқынды өріс тапқаны да белгілі. Тәуелсіздік кезеңінде санадағы рухани-әлеуметтік жаңғырумен байланысты туындаған жаңа қолданыстарды қалыптастырудың бір көзі – қайта жанданып, терминжасам мен жаңа сапада белсенділігі арта түскен араб тілінен енген сөздер.

Мынадай жаңарған терминдер – соның дәлелі: *класс – сынып, процент – пайыз, аудитория – дәрісхана, лектор – дәріскер, текст – мәтін, архив – мұрағат, виза – рұқсатнама, автобиография – өмірбаян, таможня – кеден, инвентарь – мұқаммал, информация – ақпарат, алфавит – әліпби, компетенция – құзыр, конфискация – тәркілеу, космос – ғарыш, проблема – мәселе, юстиция – әділет т.б.* [279].

Осы кезеңдегі жаңа қолданыстардың жасалу жүйесінде араб, парсы сөздерінің жаңа деңгейде өріс алуын зерттеуші А. Жиекбаева былайша түсіндіреді: «Осы кезеңде қоғамдық сана орыс сөздерінен де құтылуға бет бұрып, қоғамда пуристік көңіл-күй (жақсы мағынадағы) орын алды. Өзге тілдердің тарихына көз жүгіртсек, осыған ұқсас құбылыстарды көруге болады. Оның тағы бір себебі тәуелсіздік алған уақыттан бастап ата-баба дәстүрі мен ислам дінінің жандануы болып табылады. Ұмыт бола бастаған ислам құндылықтарына оралу арқылы академик Р. Сыздықова сөзімен айтсақ, осы діннің «жаны болып табылатын араб сөздерін» қайтаруға бет бұрдық. Тарих дегеніміз араға жылдар, дәуір салып қайталанып отыратын оқиғалар тізбегі дейтін болсақ, ХІХ ғасырдың алғашқы жылдарындағы қазақ баспасөзі тілінде қолданылып, тұрақтай бастаған сөздер қайтадан тарих сахнасына шығып, «екінші рет өмірге келгенін» мерзімді баспасөз беттерінен, дінтану саласы бойынша жазылған оқулықтардан көріп, байқауға болады» [279, б. 10].

Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің енуін арнайы зерттеген А. Жиекбаева жоғарыда келтірілген тұжырымына мынадай дәйектер келтіреді: «Енді «аптека»-ның орнына бұрын қолданыста болып, кейін шығып қалған *дәріхана* сөзін, «лекция»-ның орнына *дәріс*, «бастық»-ты *әкім*, «секретарь»

деудің орнына *хатшы* сөзін пайдаланудамыз, сол секілді *рухани құндылық – руханият, исламият, архив – мұрағат, музей – мұражай, пенсия – зейнет, зейнетақы, документ – құжат, некролог – қазанама, лаборатория – зертхана, комплекс – кешен, арендатор – жалгер, паспорт – төлқұжат, историзм – тарихаят, ресторан – мейрамхана, обсерватория – расытхана* болып қолданыла бастады» [279, Б. 10-11].

Кейбір араб-парсы сөздерінің қазақ тілінің фоно-морфологиялық заңдылықтарына сәйкестендіріліп, ұлттық тілдің бай лексикалық қорынан берік орын алғаны бүгінгі күнде белгілі болып отыр: *неке, несие, қаражат, айып, қазына, жауапкер, жамизат, хикмет* т.б.

А. Байтұрсынұлының публицистикалық мәтіндерді көпшілік қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық терминдерді тұлғалық, мағыналық, құрамдық ерекшеліктерін сақтай отырып, калька тәсілімен аударғаны байқалады: *срок хранения – мерзімді өлшеуі, злоупотребление служебными обязанностями – қызмет бабындағы жазықты қылмыс, начальная школа – бастауыш мектеп, бинт – орауыш, черносотенцы – қаражүздер, казенный суд – қазыналық сот, товарищество – серіктік, безработица – жұмыссыздық* т.б.

Сондай-ақ, А. Байтұрсынұлының, терминжасам үдерісінде қоғамдық қызмет аясының тарылуына байланысты байырғы сөздер қатарына жататын сөздерге жаңа мағына үстеп, арнайы қызмет жүктеп, сөз бойындағы әлеуетті пайдалану арқылы іске асырғаны да баспасөзде қолданылған жаңа қолданыстарды зерттеу барысында нақты көрсетіледі: *бүлік басылары, жасақ беру жұмысы, лау салығы, ереуіл сөз, дау ыспаты, даушар істер, би қарындас, аса билік, дәйімдік сиез, қоңсы уез, тарқы заман, тәуел оңаша мәселелер, дүния тегершігі, қорғандық дуандар* т.б.

А. Байтұрсынұлы публицистикасында қолданылған осы қағиданың көбінің қазіргі қазақ тіліндегі жаңа қолданыстардан орын алғанын көріп отырмыз: *несие ақша, сауда капиталы, айырбас-сауда, тілім, жоба, құжат, жерге қоғам иелігі, қазыналық орын, хұқ, кесілген жаза, кепіл, жауапкер, жасырын шағым, жазықты қылмыс, куәланған қағаз, үздік білім, білім жарысы, сырттан оқу бөлімі, талапкер, оқу министрі, оқу құралдары, білім ордасы* т.б.

Жоғарыда көрсетілген баспасөзде қалыптасқан жаңа атаулар ХХ ғасыр басындағы көркем әдебиет туындыларында да белсенді қолданылғаны байқалады. Сонымен бірге С. Торайғыров, Ш. Құдайбердиев, С. Көбеев т.б. шығармаларында көптеген орыс тілінен енген сөздерді кездестіруге болады. Мысалы:

- әдебиеттануға байланысты: *роман, фельетон, басня, журнал, газета, редакция* т.б.;

- өнеркәсіп пен техникаға байланысты: *атом, бомба, телеграф, телефон, пароход, аэроплан, электричество, машина, планета, пулемет, снаряд, поезд, завод, магнит* т.б.;

- ғылым мен мәдениетке байланысты: *агроном, география, университет, стипендия, семинария, доктор, больница, театр, мода* т.б.;

- әкімшілік жүйеге байланысты: *автономия, уез, полиция, милиция, миссионер, офицер* т.б.;

- әлеуметтік-қоғамдық ғылымдарға байланысты: *революция, идея, идеалист, капиталист, капитал, социализм* т.б.

Көріп отырғанымыздай, Қазан төңкерісінен кейінгі ел өміріндегі экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени, ғылыми, техникалық т.б. сан алуан өзгерістер мен жаңалықтар қоғамның белсенді тұлғалары ретінде суреткерлер алдына да тілдік тұрғыдан жаңа талаптар қойып, соның нәтижесінде сөздік құрамға көптеген жаңа аталымдар мен сөздердің қосылғаны байқалады.

Тілді байытуға, түлетуге қатысты бұл жаңалықтар сөз зергерлері болып табылатын қаламгерлерге ықпал етіп, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Мұқанов т.б. жазушылар сөз қорын толықтырып, тіліміздің оралымдылығын арттыра түсуге көп үлес қосты. Танымал тұлғалар өз сөздерінде алдымен халық тілінде бұрыннан бар сөздер мағынасын кеңейту арқылы өмір талабына орай тың мағыналы, соны қолданыстарды тауып, әдеби тіл нормасына айналдырды.

Соның нәтижесінде қаламгерлердің публицистикалық мақалаларындағы жаңа сөз қолданыстар қазақ тілі лексикасын тілдегі бар байырғы сөздер, сөз тіркестері арқылы толықтырып, әдеби тілімізді байытуға үлес қосқан: *сын көзімен қарау, дене азығы, ар азығы, топас ой, сорпаның сөлі, жер-ана, ой көзі, жұмысшы, еңбекші, шойын жол, несие беру, несие алу, жер бекіткен қағаз* («купчая» деген мағынада), *борыш, кәсіп қылу, қағаз* («отношение» деген мағынада), *жауапкер жағы, арыз жазу, жолхат, куәлік қағаз, қолхат, лау байлату, төре, құрт ауру, дәрігер* т.б.

Мәселен, қоғам қайраткері С. Сейфуллин тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметін күшейтіп, байытудың ең басты жолы көрші елдерден сөз алу емес, керісінше, тіліміздің ішкі мүмкіншіліктерін барынша кең пайдалану екенін жақсы түсінді. Мақалаларында ол тілдік мүмкіндіктерді мейлінше кең пайдалану үлгісін де көрсете білді: *тап, ұлт, халық, бостандық, еркіндік, әділдік, теңдік, бірдейлік, орталық, бақыт, еңбекші, жолдас, ұран, өндіріс, мүше, күнкөріс тартысы, сауда-саттық, саяси бөлім, баспасөз, кітапхана, кітап дүкендері* т.б.

Сәкен шығармалары лексикасының бір ерекшелігі – сипаттайтын орыс сөздерінің орнына көбіне қазақша дәл балама сөздерді қолдануы: *қоспақ темір жол* – двухколейная железная дорога, *аудан* – район, *аудандау* – районирование, *аударма* – перевод, *тілші* – корреспондент, *тіл* (газетке байланысты) – орган, *кезек* – смена, *мерзімді жұмыс* – периодическая работа, *орталық* – центр, *жоба* – проект, *мінбер* – трибуна т.б. Көріп отырғанымыздай, бұл сөздер – орыс тіліндегі сөздердің қазақша баламалары.

Бұл жылдардағы көркем әдебиетте калькалау тәсілімен жасалған жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мынадай топтары қалыптасты:

1. жеке сөздерге балама табу арқылы: *жалақы, баяндама, бөлім, нұсқау, дәуір, хабарландыру, ағым, қанау, төңкеріс, айтыс* т.б.

2. сөз тіркестерін сөз тіркестері арқылы калькалау: *құттықтау сөз, бастауыш ұйым, қызыл бұрыш* (мүйіс), *бөлімнің бөлімшесі, жарыс сөз, тап тартысы, әлеуметтік қызметкер* т.б.

3. қазақ және орыс сөздерінің араласып келуі арқылы: *комиссардың орынбасары, социалистік жарыс, губерния жұмысы, ауыл ячейкасы, әлеумет жұмысы, капитал дәуірі, совет өкіметі, план* т.б.

Қазақ терминтанымының когнитивтік-прагматикалық аспектісін зерттеген С. Исақова, қазақ баспасөзінің белсенді қызметіне орай туындап жатқан терминдік балама немесе жаңа атауларды қалыптастырудың жалпы кезеңдерін зерттеген ғалымдардың тұжырымдарына сүйеніп, төмендегідей көрсетеді:

1. ұғымның кейбір ерекшеліктерін айқындау;
2. алдын ала сәйкес сөз іздеу;
3. тілдік мағынаның жалпы белгілерін анықтау;
4. мағынаның негізінде ішкі форманы нақтылау;
5. ұғымды оның қолданысында жетілдіру;
6. ішкі форма өзгерістерінен туындаған мағынадағы өзгерістерді ескеру [280, б. 30].

Осы арада әлі термин ретінде қалыптаспаған жаңа ұғым атауы баспасөз қолданысы ықпалымен тіл тұтынушылар санасында сипатталып, егеліп-екшеліп, қабылданып, сарапталып барып қалыптасатынын тәжірибеден көріп отырмыз.

Мысалы: *Сонымен қатар облыстық білім басқармасының ұйғаруымен құрылысшы мамандарын даярлаудың бір тобы дуальдік оқыту жүйесінің эксперименттік алаңшасы ретінде қарастырылған* (Айқын, 08.06.2015). *Жылына 1 миллион тонна жүкті өңдейтін контейнерлік алаңша мен әрқайсысы 150 метр болатын үш айлақ теңіз портының көліктік шамасын дамытуға септігін тигізбек* (Айқын, 07.07.2015). *Ертеңінде бопсалаушы кеденші пара алу сәтінде қолға түсті* (Егемен Қазақстан, 25.09.2007). *Бірақ Қанат Алдабергенұлы бопсалаушылардың құрығына түспей, өздеріне қарсы әрекет жасады!* (Ана тілі, 09.07.2015). *Парламент Сенатының жалпы отырыс залы, әр комитеттің отырыс залдары ілеспе аударма жабдығымен жарақтандырылған* (Ана тілі, 29.11.2012). *«Ұлттық мирас» ғылыми-зерттеу институты, жаңғырту шеберханалары, зертханалар, оқырман залдары бар кітапханалар, ілеспе аударма құралдарымен жабдықталған мәслихат залы, кафе, дәмхана орналасатын жайлар бар* (Алматы ақшамы, 04.07.2014).

Тілімізде қоғамдық-әлеуметтік қызметтің тәуелсіздік кезеңінде ғылым мен техниканың сан саласына қатысты танымдық-ақпараттық тіл құралы ретінде жаңа сөздердің жиі қолданыла бастағаны белгілі. Сондықтан ғалымдар қоғам-публицистикалық әдебиетте (газет-журналдарда), күнделікті өмірде, ғылыми-ағарту саласында, спортта, көпшілік жиі қолдана бастаған жаңа қолданыстарды *тіл-қоғам, тіл-мәдениет, тіл-ғылым // техника, тіл-бизнес, тіл-экономика, тіл-жаһандану, тіл-дін (имандылық)* сабақтастығында қарастырады. Мысалы: *әуесқой, әуесқойлар түсірген фильм, радиоәуесқойлар жарысы, жазбалар, толғаныс, ізденіс, тебіреніс, тапсырыс, суреткер, байқампаздық, туынды, өміршеңдік* т.б.

Бұлардың барлығы да бұрыннан бар ұғымдар болғанмен, салалық атау ретінде қазақша баламасының қалыптасуы қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне байланысты. Мысалы, қазақ тілінің әлеуетін тиімді пайдалану нәтижесінде қазақ тіліндегі спорттық жаңа атаулар мен жаңа қолданыстағы сөз тіркестері жүйесі қалыптасуда.

Мысалы: *Дау-дамай қазақ аяқдобын тығырыққа тіреді* (Қазақстан-Заман, 25.09.2008). *Алайда, Марий автономиялы республикасының астанасынан келген қазы Хохряков эпизодқа ешқандай қатысы жоқ Владимир Никитенконың ойынан тыс қалуын сылтау қылып, өкінішке қарай, голды есептемей қойды* (Алматы ақшамы, 07.10.2015). *Ал елордадан шаршы алаңға 20 боксшы шығады деген дерек бар* (Егемен Қазақстан, 19.01.2010). *Қосымша уақытта қарсыластарынан бір доп артық соққан (жалпы есеп 6:5) теңбіл доптың теңдессіз шеберлері ширек финалға шықты* (Алматы ақшамы, 17.04.2014). *«Жетісу» сауатты қорғанып қана қоймай, жүйелі түрде қарымта шабуыл жасай алды* (Айқын, 17.08.2015). *2011 жылғы Ақ Азиадаға арналған спорттық кешендер тек дүбірлі дода басталар кезінде қолданысқа берілгені болатын* (Ана тілі, 22.10.2015). *Винокуровты сонау Сидней Олимпиадасының мәресінде қарсы алғанмын* (Қазақ әдебиеті, 24.10.2015). *Үндістандық Сушил Кумармен болатын белдесуге сол кездегі бас банкер Алтай Танабаев емес, аға банкер Руслан Өмірәлиев алып шықты* (Ана тілі, 21.08.2014). *Соған қарамастан, қапталдағы төрешілер бірінші раундты тең деп санады* (Егемен Қазақстан, 16.08.2011). *4-12 қыркүйек аралығында Ресейдің Санкт-Петербур қаласында бокстан жасөспірімдер арасындағы әлем біріншілігінің жалауы желбірейді* (Айқын, 11.08.2015). *Сондай-ақ бұл – алаңға әріптесін алмастырып шыққан қосалқы құрам ойыншысы жасаған тарихтағы жалғыз хет-трик* (Алматы ақшамы, 11.06.2014). *Ал жанкүйер қауымның қатарында қаракөз қыздардың қарасы көп десекте, жасыл желек үстінде жаттығып, теңбіл допты тегеурінді тебуге талабын танытқан бойжеткендер баршылық* (Ана тілі, 26.11.2015). *Бұйырса, ел құрамасы жоғары деңгейде өнер көрсетеді деген сенім бар* (Алматы ақшамы, 26.04.2012). *Реті келіп тұрғанда, бұл спорттық додада 69 жұлде жиынтығы сарапқа салынғалы тұрғанын еске сала кетелік* (Егемен Қазақстан, 31.03.2010).

Спортқа қатысты жоғарыда келтірілген ұғымдар әлдеқашан санамызға орысша нұсқасында енген. Бірақ бұрын қазақша баламасын табуға деген тұтынушылық құлшыныс та, қоғамдық-әлеуметтік қызметке сай қажеттілік те болмады. Тәуелсіздік кезеңінде қалыптасқан жоғарыда көрсетілген жаңа атаулар – қазіргі қоғамның ұлттық мүддесіне сай спорт аясында мемлекеттік тіл қызметін жандандыру мақсатында төл тілдің танымдық-ақпараттық құрал ретінде қалыптасу нәтижесі.

Осы сияқты қазіргі уақытта дәстүрлі дінімізге қатысты айтылып жүрген кейбір қайшы пікірлер мен бұрмалаушылықтарды, діни лексика мазмұнын қалың бұқараға баспасөз бетінде дұрыс түсіндіру мен таныту қазіргі қоғамдағы ізгілік, сабырлық, имандылық сияқты ұғымдардың жаңа қолданыстық қызметін күшейте түседі. Мысалы: *лаңкестік, жиһад, содырлар, шахид, вакхабизм* т.б. [281, Б. 21-29].

Қазіргі қазақ баспасөзінде ерекше жетіліп, айқын байқалатын жайт – қоғамдық-саяси шындықтарды нақтылау қажеттігіне байланысты соңғы жиырма жылда белсенді қолданылған жаңа атаулар: *егемендік, алаш, әнұран, елтаңба, рәміз, Нұрлы жол, Мәңгілік ел, Жасыл ел, ұлтжанды, дағдарыс, тәуелсіздік, тәуелсіздік ұраны, Ата Заң, ұлттық ой-сана, сыбайлас жемқорлық, лаңкестік, бопса, әлеует, науқан, құрылтай, алпауыт, бәсекелестік, ұстаным, жаһандану, босқындар* т.б.

3.2 Танымдық-ақпараттық құрал ретіндегі жаңа қолданыстардың түрік баспасөзіндегі көріністері

Көрнекті түрік лингвисті Доған Аксан: «Түрік тілінің білім және мәдениет тілі болу жолындағы дәрежесін білгіңіз келсе баспасөзді қадағалаңыз. Өйткені газет мәтіндері тілдегі жергілікті және шет елдік сөздер санын, бұл сөздердің пайдаланылу жиілігін анықтау жағынан сенімді мәлімет базасы болып табылады» [282, б. 132] деген ойымен баспасөздің қоғам өміріндегі маңызды рөлін айқындаған. Шын мәнінде, баспасөзде көп берілетін жаңа атаулардың қолданыс жиілігі артып, сол арқылы халықтың бұл сөздерді қабылдауына тікелей ықпал ететіні белгілі.

Мысалы кезінде өзектілігі жоғары болған мына таза түрікше жаңа сөздер түрік баспасөзінде жиі шығып, қолданыс елегінен өтіп, қазіргі түрік лексикасына берік орнықты. Мысалы: *dergi* (журнал), *gündem* (күн тәртібі), *işlem* (үдеріс, рәсім), *olgu* (факт), *etken* (фактор), *özelleştirme* (жекешелендіру), *uydu* (Жер серігі), *yüzölçüm* (аудан), *yörünge* (орбита), *gezegen* (ғаламшар), *arabulucu* (бітімгер), *sözcü* (баспасөз хатшысы), *yargıtay* (Жоғарғы сот), *önder* (көшбасшы), *yatırım* (инвестиция), *etkinlik* (қызмет) т.б.

Алайда қазіргі түрік баспасөзіне қарап отырып, түсінгеніміз – Еуропа мен Азия ортасында орналасқан Түркияның қиын тілдік жағдаятқа тап болып отырғаны. ХХІ ғасырдағы жаһандану үдерісіне сай даму үстіндегі түрік лексикасы бір жағынан белсенді түрде шетелдік сөздерді қабылдап, ал екінші жағынан, түркілік рухқа сәйкес сол сөздердің орнын баса алатын жаңа, жасанды түрік баламаларын жасаумен шұғылдануда.

Сондай-ақ түрік баспасөзінде көп кездесетін, әрі жиі талқыланып жүрген тағы бір өзекті мәселе – орфографиялық қателер. Осының салдарынан газет беттеріндегі жаңа атаулар да қате жазылып жатады. Аталмыш жағдай танымдық-ақпараттық қызмет атқаратын жаңа сөздердің қоғам санасында дұрыс игеріліп, қабылдануына кері әсер ететіні сөзсіз.

Осыған байланысты танымал тілші-ғалым Зейнеп Коркмаздың «БАҚ-тағы түрік тілі» атты баяндамасында түрік баспасөзіндегі түрік тілінің қолданылуына қатысты негізгі мәселелер мұқият қарастырылып, жан-жақты талданды. Мысалдар өте көп болғандықтан, оларды қысқаша сөз тіркестері түрінде беруді жөн көрдік:

- орфографиялық қателер: «Maltepe gazinolarında ramazan nedeniyle program (дұрысы: *program*) yoktur», «Yüzde yüz pamıklı (дұрысы: *pamuklu*)», «elektronik (дұрысы: *elektronik*) ticaret», «parlamento (дұрысы: *parlamento*)», «satlık

(дұрысы: *satılık*) daire», «*müdaail* (дұрысы: *müdahil*) avukat», «*inşaa* (дұрысы: *inşa*) çalışmaları» т.б.;

- сөздердің түрік әліпбиінде жоқ шетелдік әріптермен жазылуы: «*Newruz* (дұрысы: *Nevruz*)», «*lux*» (дұрысы: *lüks*), «*Savaş war* (дұрысы: *var*)», «*Derischov*» (дұрысы: *Derişov*), «*reflex*» (дұрысы: *refleks*) т.б.;

- жалғау, қосымшаларды қате жазу: «*Evrım teorisine* (дұрысы: *teorisini*) kesinlikle yıkmıştır», «*kuruluş yıldönümüne* (дұрысы: *yıldönümünü*) coşkuyla kutladı», «*izleyenlere* (дұрысы: *izleyenleri*) büyüledi», «*alevleri binanın üst katlarına* (дұрысы: *katlarını*) sardı» т.б.;

- сирконфлектті дыбыстарды қате жазу: «*kar* (дұрысы: *kâr*) рауы», «*ithalat*» (дұрысы: *ithalât*), «*üslup*» (дұрысы: *üslûp*), «*Rusya Çeçenistan harekatı* (дұрысы: *harekâtı*)», «*imkan*» (дұрысы: *imkân*), «*1963'ün asgari* (дұрысы: *asgarî*) ücreti» т.б.;

- апострофты қате қою: «*Cumhurbaşkanı Putini* (дұрысы: *Putin'i*) kabul etti», «*Sağlık Bakanlığı'na* (дұрысы: *Bakanlığına*)», «*Afyon'lu* (дұрысы: *Afyonlu*) bir tüccar», «*Valilik'ten* (дұрысы: *Valilikten*) Esenyurt açıklaması» т.б.;

- шылауларды қате жазу: «*Bakarmısın* (дұрысы: *bakar mısın*) evladım», «*Bende* (дұрысы: *ben de*) eylemi yarmanın kararını aldım», «*Neyseki* (дұрысы: *neyse ki*) bu iş sonuna getirilebildi», «*Güzel'de* (дұрысы: *güzel de*) siyasi yasaklı» т.б.;

- бас әріпті қате қолдану: «*İran'da Perşembe* (дұрысы: *perşembe*) gecesi başlayan öğrenci olayları», «*Gelir vergisi beyannameleri her yılın Mart veya Mayıs* (дұрысы: *mart, mayıs*) aylarında verilir» т.б.;

- біріккен сөздерді қате жазу: «*Çocuklar, Özden Huzurevi* (дұрысы: *huzur evi*) sakinleriyle buluştu», «*gazyacı*» (дұрысы: *gaz yağı*), «*MHP'de yeni grup başkanvekili* (дұрысы: *başkan vekili*) belli oldu», «*Büyükçekmece* (дұрысы: *Büyük Çekmece*) mevkiinde saman yüklü kamyon devrildi», «*bankalararası* (дұрысы: *bankalar arası*) piyasa» т.б.;

- сөздердің мағынасын дұрыс түсінбегендіктен, оларды қате қолдану: «*Tüm camlar yıkıldı* (дұрысы: *kırıldı*)», «*Beş dakikalık süreç* (дұрысы: *süre*) içinde», «*Konuştuğumuz bilgiler* (дұрысы: *konular*) hakkında doktorumuz yardımcı olacaktır», «*geçtiğimiz ay* (дұрысы: *geçen ay*)», «*Zevkler ve renkler tartışılmaz diye bir kelime* (дұрысы: *söz*) vardır», «*Medyada görülen yurtıcı ve kanlı* (дұрысы: *dehşet verici*) olaylar» т.б.

- синонимдерге аса бай түрік тілі әлеуетін барынша сарқа қолданбау, жасанды түрде сөз тапшылығын тудыру: *derece* (дәреже), *devre* (саты), *kademe* (саты), *safha* (кезең), *hamle* (ағым) синонимдері тұрғанда үнемі *aşama* (кезең) сөзін пайдалану; *sebebiyle* (себепті), *vasıtasıyla* (арқылы), *münasebetiyle* (байланысты), *yüzünden* (салдарынан), *bakımından* (тұрғысынан), *yol açmak* (жол ашу) синонимдері бере алатын мағыналарды тек *nedeniyle* (себепті) сөзімен шектеу; *taarruz* (шабуыл, бас салу), *tecavüz* (зорлау), *hücum* (шабуыл) деген ұғымдарды тек *saldırı* (шабуыл) деген сөзбен білдіру; *şeref* (ар-намыс), *haysiyet* (қадір-қасиет), *itibar* (абырой, бедел), *gurur* (мақтаныш) синонимдері тұрғанда үнемі *onur* (ар-намыс) сөзін қолдану; *acımak* (аяушылық) сөзі *şefkat* (мейірімділік) пен *merhamet* (жанашырлық) сөздерін қолданыстан мүлде ысырып тастауға айналды т.б.;

- қазіргі түрік баспасөзіндегі басты мәселелердің бірі – түрікше баламасы бола тұра, жаңа сөздердің шетелдік баламасын қолдану. «Түрік тілі қоғамы» шетелдік сөздерге таза түрікше баламалар тауып, оларды күнделікті БАҚ арқылы жариялап, көпшілікке таныстырып, жүйелі түрде ұсынып отырса да, түрік медиа құралдары оларды елемей отыр. Мысалы, (жақша ішінде берілген сөздер – «Түрік тілі қоғамы» ұсынған, бірақ қолданылмай жүрген түрікше жаңа қолданыстар): *likidite (alışkanlık)* – өтімділік, *nostalji (sıla özlemi)* – аңсау, *meditasyon (derin düşünme)* – медитация, *marketing (pazarlama)* – маркетинг, *part-time (yarım gün)* – жарты күн, *full-time (tam gün)* – толық күн, *showmen (gösteri adamı)* – шоумен, *referandum (halk oylaması)* – референдум, *amblem (belirtke)* – эмблема, *back-ground (arka plan)* – фон, *self-servis (seç al)* – өзін-өзі күту, *viyadük (köprüyol)* – виадук, *franchising (isim hakkı)* – франшиза, *non-stop (molasız)* – тоқтаусыз, *kampüs (yerleşke)* – кампус, *trend (eğilim)* – тренд, *optimist (iyimser)* – оптимист, *poşet (dorba)* – пакет, *optimal (en uygun)* – оңтайлы, *bestseller (çok satan)* – бестселлер т.б. [283, Б. 45-59].

Соңғы абзацқа ерекше тоқталып кетейік. Байқап қарасақ, жоғарыда келтірілген шетелдік сөздердің көбінің қазақ тілінде де баламасы жоқ. Яғни бізде де дәл осы шет тілдік сөздер қолданылуда. Сондықтан қазақ және түрік тілдерінде бірдей қолданыста жүрген бұл сөздерге қатысты қазақ және түрік газеттерінен көрнекті мысалдар келтіріп, оларды бірден екі тілде бергенді жөн көрдік. Осылайша бұл мәселе екі тілге де ортақ екендігі білінеді. Мысалы:

Әуелден үлкен **оптимист** не үлкен пессимист болып жаратылғаным жоқ (Қазақ әдебиеті, 01.10.2010). *Böylece optimist tekne aramaya başlarken, kendimizi Fenerbahçe Yelken Kulübü'nün Dereağzı Tesisleri'nde bulduk* (Hürriyet, 12.09.2013).

Түз даланы кірпігімен қоршап алып, **медитация** жасап тұрған жан иесі (Ана тілі, 14.03.2013). *Meditasyon ve yoga gibi rahatlama yöntemleri stresin yanı sıra endişelik hali ve kronik yorgunluğu da azaltıyor* (Milliyet, 06.12.2007).

Одан әрі іс-шара «Медиа-менеджменттің галамдық өзгерістерге ұшырауы жағдайында ақпараттық интеграция» және «Отандық продакшн индустриясының даму эволюциясы: жаңа **трендтер** мен бейне өнім тенденциялары» тақырыбындағы пікірталас алаңында жалғасын тапты (Ана тілі, 08.10.2015). *Uzun etekler 2014-15 Sonbahar Kış etek trendlerinden* (Hürriyet, 27.09.2014).

Швейцарияда 5 маусымда елдің барлық тұрғындары үшін жәрдемақыға кепілдік берілетін "шартсыз негізгі кіріс" мәселесіне байланысты **референдум** өтті (Айқын, 07.07.2015). *Başbakan Ahmet Davutoğlu, 1 Kasım seçimlerinin referandum niteliğinde olduğunu söyleyerek mutlaka oy kullanılmasını istedi* (Vatan, 27.10.2015).

Аумағы 70 гектардан асатын университеттік **кампус** аймағын тазарту және жинау жұмысына аталмыш оқу орнының басшылығы, оқытушылар құрамы мен студенттер, қызметкерлер – барлығы 17 мыңнан астам адам қатысты (Егемен Қазақстан, 19.04.2012). *Üniversite öğrencileri kampüs girişinde eylem yaparak, üst geçit yapılmasını istedi* (Vatan, 21.12.2010).

Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойлық эмблемасының (логотип) үздік эскиздік жобасына байқау жарияланды (Алматы ақшамы, 10.11.2014). *Buna göre, Anayasa Mahkemesi İçtüzüğü'nün ekinde yer alan mahkeme amblemi değiştirildi* (Sabah, 05.07.2014).

Тағы бір байқағанымыз: шетелдік сөздер (көбінесе ағылшын тіліндегілер) түрік баспасөзінде жиі-жиі тура өз күйінде, түпнұсқалық тұлғада беріледі.

Осы орайда Алаш қозғалысының қайраткері Х.Досмұхамедовтың мына ойы қазіргі таңда да өзектілігін жоғалтпағанын көреміз: «Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек. Жат сөзді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады» [284].

Өкінішке қарай, басқа ешбір тілде кездеспейтін бұл үрдіс қазіргі түрік баспасөзінде кең таралған.

Мысалы: *Menüdeki seçeneklerden bazıları avokadolu **cheeseburger**, **buffalo wings**, **sucuk burger** ve tabii ki sosis deyince ilk akla gelen yemek olarak **hot dog*** (Milliyet, 23.11.2014). *Telefon, mail, fax ne varsa her türlü yolu deneyelim ve yetkiylileri uyaralım* (Hürriyet, 17.05.2012). *İdeal bir görünüm için **eyeliner** çizgisine göz pınarlarınızdan başlamamanızı öneririm* (Hürriyet, 15.01.2015). *Sergi çerçevesinde AÇEV ile birlikte düzenlenecek **workshop**'ta ise "anne-çocuk" ve "baba-çocuk" için özel gösterimler ve aynı zamanda 0-6 yaş arası çocuklara yönelik **slide show**, resim çizilmesi, fotoğraf çekimi ve basımı gibi etkinlikler yapılacak* (Milliyet, 25.05.2011). *Saat bazında ise en çok hatırlatma koyulan periyot, **prime-time** olarak değerlendirilen 20.00-23.00 saatleri arasındaki dönem oldu* (Vatan, 28.12.2015). *Defileyi Londra'da izleyebileceğim bir de üzerine **backstage**'e girip meleklerle röportaj yapabileceğim söylendiğinde içimde açan kanatları tahmin edersiniz* (Hürriyet, 08.12.2014). *İspanyol devi Barcelona'da daha önce görev yapmış bir **bodyguard**, herkesi şok eden açıklamalarda bulundu* (Milliyet, 12.10.2012). *Constance Hotels & Resorts misafirlerinin Baglioni Hotels' deki ayrıcalıkları arasında ise; günlük ücretler üzerinden % 10 indirim, ücretsiz kahvaltı ve **wi-fi**, varış zamanındaki uygunluğa göre erken **check in** ve bunun yanı sıra daha yüksek kategoride bir odaya **transfer**, saat 12.00' den sonra **check out** yapabilme imkanı ve her 20 gecelik konaklama için seçeceğiniz bir Baglioni Hotels' de 1 gece ücretsiz konaklama yer alıyor* (Vatan, 26.02.2014). *Megastar Tarkan yeni albümü Adımı Kalbine Yaz'ın ilk klibini Sezen Aksu imzalı 'Öp' adlı şarkıya çekti* (Vatan, 05.09.2010). *Bunun en somut örneklerinden bir tanesi "Sohbetler"i yayınladığı **online** kütüphanesi* (Milliyet, 30.12.2012). ***Black Friday** 2015 indirimleri Türkiye'de birçok mağazada erkenden başladı* (Sabah, 12.11.2014).

Спорттық жаңа қолданыстарға келер болсақ, түрік ұлтының ең жақсы көретін спорт түрі футболдағы жаңа қолданыстарды қарастырдық.

«Түрік тілі қоғамы» 1974 жылы футбол терминдерін қолға алып, «Ауактору терimleri сөзлүğü» (Аяқдоп терминдері сөздігі) [285] жарыққа шығарды.

Аталмыш сөздікте біраз терминдерді түрікшелендіруге талпыныс жасалды. Мысалы: *auaktoru* (футбол), *auaktoru kılığı* (футбол формасы), *akıncı* (шабуылшы), *orta akıncı* (орталық шабуылшы), *birinci* (чемпион), *birlik* (федерация), *çalışma* (жаттығу), *çalıştırıcı* (бапкер), *çeyrek final* (ширек финал),

çift vuruş (айып соққысы), *karşılaşma* (матч), *köşe atışı* (бұрыштама соққы), *savunucu* (қорғаушы) т.б. [285, б. 39].

Бірақ жоғарыда ұсынылған футбол терминдері қазіргі таңда түрік баспасөзінде көп қолданылмайды. Бұл жайт түріктердің ана тілі әлеуетіне мән бермей, қазақ тіліне қарағанда шетелдік баламаларға көбірек қызығушылығын байқатады. Мысалы: *şampiyonluk* (дода), *forvet* (шабуылшы), *antrenör* (бапкер), *turnuva* (дүбірлі дода), *tarafтар* (жанкүйер), *takım* (команда), *dünya birinciliği* (әлем біріншілігі), *forma* (форма), *gol* (гол), *ödül* (жүлде), *transfer* (аударым), *tribün* (трибуна), *stat* (стадион), *pas* (пас), *kanat* (қаптал, қанат), *bitiş* (мәре), *ceza sahası* (айып алаңы), *aut* (аут), *kaleci* (қақпашы), *korner* (бұрыштама), *Süper Lig* (супер лига), *skor* (есеп), *maç* (матч), *hakem* (төреші), *atak* (шабуыл), *penalti* (пенальти), *puan* (ұпай), *play-off* (плей-офф), *rakip* (қарсылас), *kura çekimi* (жеребе суыру), *ofsayt* (оффсайд), *çeyrek final* (ширек финал), *rövanş* (реванш) т.б.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан көрініп тұрғандай, екі тілде де, әсіресе түрік тілінде спорттық жаңа қолданыстарды көбінесе шетелдік баламамен атау үрдісі кең таралған.

Демек екі елде де бұл саладағы ұлттық сөзжасам жұмыстары әлі жүйелі түрде қолға алынбаған. Бұл жағдай екі түркі мемлекеттегі тілші-ғалымдарға алдағы уақытта көп міндет жүктейді.

3.3 Ғалам медиабейнесіндегі жаңа қолданыстардың прагматикалық және кумулятивтік қызметі

Алдағы тарауларда тіл тұтынушысының санасына айтарлықтай әсер ететін рухани мәдениет пен тілдің коммуникативтік қызметі мен прагматикасына мән бермей, тілдегі жаңару үдерісі мен оның мотивациясын (уәжділігін) зерттеу мүмкін емес екенін көрсетуге тырыстық. Шын мәнінде, тілдік үдерістерді үнемі әрекетке келтіріп отыратын қозғаушы күш, қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени жағдайлар нәтижесінде күн сайын туындап жатқан жаңа ұғым, жаңа зат, құбылыстарды игеру қажеттілігі жүктелетін тілдің коммуникативті-прагматикалық қызметі арқылы айқындалады. Себебі жаңа атаулардың адамдардың қызметі үшін пайдаланылуы оның коммуникативтік әлеуетін күшейтетін прагматикалық қызметін көрсетеді.

Жаңа атаудың осы аспектісіндегі қызметінің жаңа қоғамдағы айқын көрінетін көзі – медиакеңістік тілі. Тілдің белгілі сәттегі хал-ахуалын бекітіп, тілдің ішкі даму заңына байланысты жаңалануын тіркейтін маңызды құжат – баспасөз құралдары. Қазіргі таңда күнделікті баспасөз беттері мен теледидар, радиода, яғни тәуелсіз Қазақстан медиакеңістігінде кірме сөздердің бірқатары ауысып, жаңа қолданыстар жүйесін енгізу үдерісі жанданып, қалыптасуда. Осыған орай, қазақ газеттерінің бетіндегі жаңа қолданыстық сипаттағы этнолингвистикалық бірліктердің өзектелуінің прагматикалық аспектісіне ерекше назар аудару маңызды. Себебі, қандай да бір мәтіндегі автордың мақсаты, оның білімі, дүниетанымы, оқырманның қабылдау ерекшелігі, адресат пен адресанттың (мақала авторы мен оқырман) өзара тіл табысу мүмкіндіктері прагматикалық көрсеткіштер негізінде көрінеді. Ал прагматиканың міндеті

тікелей адресатқа ықпал етуге бағытталған тілдік қатынас коммуникациясын қолдану заңдылықтарын реттеу екені мәлім.

Заманауи медиамәтінде жаңа атаулар мен ұғымдар коммуникативтік стратегия ретінде коммуникациялық мақсатқа жету үшін белсенді қолданылады. Бірақ БАҚ тілінде қалыптасқан жаңа сөздер көп жағдайда атауыштық (номинативтік) қызмет атқара отырып, мақала авторының субъективтік бағалауын білдіреді.

Әдетте, медиамәтінде пайда болған жаңа атаулар әлеуметтік сұраныс пен қажеттіліктен туындайды. Көп жағдайда оқырман назарын аудару үшін таныс емес жаңа «сәнді» атаулармен көпшілікті елеңдетіп, қызығушылығын арттыруда жаңа атауларды іздеу қызметі де көрініс тауып жатады.

Мысалы: *Марсель ауруханадан аман-есен шыққан соң міндетті түрде отбасыммен, ауруханадағы дәрігерлермен бірге селфи жасаймын дейді* (Алматы ақшамы, 14.11.2014). *Қазақстан да селфилету жағынан өзге мемлекеттерден қалыс қалып тұрған жоқ* (Ана тілі газеті, 08.01.2015).

Бұл жерде *селфи, селфилету* сияқты жаңа сөздер халық үшін таныс болмауы мүмкін. Ол туралы медиамәтінде нақты түсініктеме берілмейді. Тек атаудың жағымсыз немесе жағымды бір қырын сипаттап, оқырманға «бұл не болды екен?» деген күдікті ой қалдырады. Селфиді білуге қызыққан оқырман ол сөздің қандай мағына білдіретінін өз бетінше іздеп тануға тырысады.

Әдетте кең көлемде таныс болмаған жаңа атауларды негативті мағынада қолданудың өзі сол жаңа ұғымды тек жағымсыз қырынан тануды қалыптастырады. Сондықтан жұртшылыққа таныла қоймаған жаңа сөздерді теріс пікірде сипаттауға жол беру жаңа атаудың уикипедиялық анықтамасындағы форма мен мағына жүйесінің теңгерімін бұзады. Сондықтан автор жаңа сөзді қолданар алдында адресатқа қандай мақсатта жұмсалатынын ойланып, оқырман танымында жаңа ұғымдар мен категорияларды тек теріс мағынада сипатталуына жол бермейді.

Сонымен, медиамәтінде жаңа атаулардың жиі қолданылуының негізгі себептерін былайша көрсетуге болады:

- жаңа нысандарға жаңа аталым сұранысының мұқтаждығы;
- тілдік экономия үрдісінің қатаң сақталуы;
- тілдік «сәнділік» және тіл ойнату тәсілі;
- ерекше экспрессивті-эмоционалды қолданыстар.

Қазақ медиатіліндегі жаңа қолданыстардың прагматикалық қызметін қарастыру барысында мынаған ерекше назар аудару қажет екені анықталды: біріншіден, жаңа сөздер баспасөз тілі арқылы сөздік құрамға еніп, кейін сөздіктерде белгіленеді.

Екіншіден, кейбір жаңа сөздер уақытша қолданылып, сұраныс болмағандықтан тілдік қолданыстан мүлде жойылып кетеді.

Баспасөз тілінде жаңа атаулармен қоса сөз тіркесі түріндегі жаңа қолданыстардың да жиілігі байқалады.

Мысалы: *Ғаламтордың да өз ережесі, даму заңдылығы бар. Ғаламторды бақылауға алғанымен, оның дамуын тоқтата алмаймыз* (Ана тілі, 05.03.2014).

Сол арқылы *ғаламторға кіру* жаңа сөз тіркесі де қолданысқа енді.

Мысалы: *Соның барысында пошта байланыс бөлімшелерінде ғаламторға кіру мүмкіндігі бар 50 нүкте ашылады* (Ана тілі, 05.02.2015). *Сонымен қатар, көрілген видеолар қолданушының өз еркімен сақталып, ғаламторға кіру мүмкіндігі жоқ уақытта да іске қосылады* (Алматы ақшамы, 08.09.2015).

Жалпы алғанда, медиақұралдардың басты функционалдық қызметінде адресат назарын аударуға ерекше күш жұмсалады. Себебі қазіргі жаһандану заманында БАҚ, оның ішінде газет тілі – өркениеттік білім мен қоғамдық-әлеуметтік пікірдің туындап, көрініс табатын арнасы. Өз кезегінде бұқаралық ақпарат құралдарының сапалы қызметінің прагматикалық нәтижесі ол ұсынған ақпаратты адресаттың қалай қабылдағанымен тікелей қатысты. Демек, БАҚ жұмысы прагматикасының нәтижелі әрі сапалы болуы адресаттың (оқырманның, көрерменнің) сұранысы, қызығушылығы, уәжі, қалауы, қажеттілігі сияқты мүдделеріне байланысты.

Қазақ баспасөзі қазақ тілінің мемлекеттік қызметі мен рухани-танымдық мазмұнына сәйкес ұлттық мүддені қанағаттандыру барысында кәсіби деңгейін көтеруде. Сол мақсатта аудитория мен адресат назарын бағындыру үшін медиамәтін тілінің құрылымын да (мазмұны мен формасы, лексикалық, стилистикалық жүйесі) өзгертіп, оқырман (адресат) назарын «бері қарату», яғни коммуникативтік қатынас орнату амалдарын жасайды.

Осыған байланысты қазіргі қоғамдағы жаңа ұғымдардың атын таңбалау үдерісін (мысалы, қазіргі таңдағы еліміздегі үш тілдік саясатқа қатысты күнделікті тәжірибеде экономика, ғылым-техника т.б. салаларындағы тілдік қолданыстар) жүзеге асыру – баспасөз тілінің белсенді прагматикалық қызметінің көрсеткіші. Нақты айтқанда, ол *тіл~қоғам* сабақтастығындағы әрекеттің коммуникативтік сипатын күшейтеді.

Мысалы: *Біздің елорда – тиімді және кәсіби мемлекеттік басқару жүйесі. Сонымен бірге, Астана ұлттық дамудың қуатты локомотиві ретінде бүгінде халық пен билік бірлігінің нышаны болып табылады* (Алматы ақшамы, 11.07.2013). *Олар – әр адамға қамқорлық, озық тәжірибе негізінде тиімді және экономикалық шешімдер, экономиканың драйвері ретінде бизнесті ынталандыру, азаматтық қоғамды кеңінен тарту, жергілікті органдардың ашықтығы мен есеп беруі* (Алматы ақшамы, 04.11.2015).

Бұл тектес қолданыстар – оқырман назарын аудару арқылы коммуникативтік стратегияға жету амалы. Прагматикалық мүддеге жетуді көздеп жаңа атауларды пайдалануда адресант, керісінше, жеңіліс табады. Себебі, әдетте, сөз ойнату, сөз ауыстыру сияқты манипуляциялық прагматиканы қолдануда гуманитарлық ғылымдағы абстракциялық ұғымдар жұмсалады.

Ал қолданыс аясы тар техникалық жаңа қолданыстарды теңеу ретінде ұсыну кейде оқырманды мақала оқудан қашырады, түсінбейтін, аялық санасында мүлде жоқ атауды көрген адресат оған қызықпай, қолданудан қашады. Бұған мысал ретінде біз жоғарыда мысалға келтірілген *локомотив* және *драйвер* неологизмдерінің қазақша баламалары ретінде ұсынылған *қозғаушы күш*

(локомотив) және өсу қозғаушысы (драйвер) жаңа қолданыстарын келтіріп отырмыз.

Мысалы: *Экономиканың негізгі қозғаушы күші – кәсіпкерлер* (Егемен Қазақстан, 17.07.2015). *Болашақта орта және шағын кәсіпкерлік отандық экономиканың нақты өсу қозғаушысы болатынын ескерсек, бұл өте маңызды* (Егемен Қазақстан, 07.03.2014).

Байқап отырғанымыздай, *қозғаушы күш* және *өсу қозғаушысы* жаңа қолданыстарына қарағанда *локомотив* және *драйвер* неологизмдерінің оқырманды елеңдетері сөзсіз. Демек, мәтінде бұл неологизмдер белгілі бір мақсатта қолданылып тұр.

Сондықтан газет лексикасының прагматикасын зерттеген Б. Момынова [271], Ф. Жақсыбаева [286], О. Бүркітов [278], Қ. Есенова [287], Н. Дәулеткереева [288] т.б. еңбектеріне сүйене отырып, келесі кезеңде жаңа атаулардың газет тілінде коммуникативтік тактика есебінде қолданылуын, медиакеңістіктегі жаңа қолданыстардың прагматикалық сипатын арнайы қарастыру – аса өзекті.

Жаңа атаулардың баспасөз тілінде жиі қолданылуының тағы бір прагматикалық қызметі газеттің оқылым жиілігін, яғни рейтингін көтерумен байланысты. Осымен байланысты күнделікті тәжірибеде қазақ тіліндегі жаңа атау болмағанымен, қазақ газеттерінің тілінде жиі кездесетін кейбір шеттілдік атаулардың прагматикалық мақсатын түсіндіру мәселесі де маңызды.

Мысалы «модернизация» сөзі қазақ тілінде *жаңғыру* сөзімен аударылып берілсе де, саясаткерлердің көбі әлі күнге дейін «модернизация» сөзін қолданады. Себебі, *жаңғыру* сөзі «возрождение» деген ұғымға жақын келеді. Оның үстіне 2017 жылы Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жарияланғаннан кейін *жаңғыру* сөзі көпшілік санасында «возрождение» сөзінің баламасы ретінде берік орнықты.

Дегенмен уақыт өте келе және қолданыс талабына сай осы сөздің *жаңғырту* деген формасы ұсынылып, бұл жолы осы жаңа қолданыс «модернизация» сөзінің баламасы ретінде бірден қабылданып, тілге сіңіп кетті.

Мысалы: *Саяси жаңғырту: өзекті мәселелердің мәні, маңызы* (Егемен Қазақстан, 09.01.2015). *Қазіргі заман армиясын құру – техника мен қару-жарақты жаңғырту ғана емес, ең алдымен, заманға лайық әскери қызметші, жаңа кадрлар тәрбиелеу* (Егемен Қазақстан, 09.12.2015). *Бүгінгі мектептегі жаңғырту үрдісі осы негіздерден бастау алады* (Жас Алаш, 03.06.2015).

Сол сияқты «креативті» жаңа сөзі *жасампаз* деп аударылды.

Мысалы: *Орал өңірінде де Елбасы тапсырмасына сәйкес жүзеге асып жатқан жасампаз жобалар жеткілікті* (Егемен Қазақстан, 09.12.2015). *Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жасампаздық қызметінің жемістері баршаңыздың көз алдарыңызда* (Ана тілі, 02.04.2015).

Бірақ прагматикалық мүддені көздеуші, әрі тілі мен ойы жаттығып қалған журналистер қазақ тілді төл аударманы емес, кірме жаңа атауды қолдануды жөн көреді. Мысалы, қазіргі қазақ баспасөзінде «форс-мажор» жаңа атауы манипуляциялық прагматика мақсатында жұмсалып жүр. Оның орнына *күтпеген жағдай* деп қазақша баламасын беруге болар еді, бірақ онда оның әсер

етуі әлсіз болары анық. Сондықтан көбінесе «форс-мажор» жаңа атауы таңдалып алынады. Себебі бұл атау әзірше қоғам ағымындағы «сәнді атау» қатарында.

Мұнда айта кететін жайт, тілдік реформасы біздерден әлдеқашан ерте, XX ғасыр басында (1928 ж.) басталған түрік тілінде де «форс-мажор» сөзі осы кезге дейін түпнұсқалық, шеттілдік тұлғамен қолданылып келді. Мұны газет беттерінен көреміз.

Мысалы: *Petrol çevrelerinde "fors majör ilan etmek" olarak anılan karar gereği, şirket petrol ve gaz sevkiyatını kesince, yapılan sözleşmeden doğabilecek cezai yükümlülüklerden muaf sayılıyor* (Milliyet, 20.09.2008). *Avrupa'daki tesislerde bir önceki yıl ortalama böyle bir fors majör, aksilik sayısı 30 civarında* (Hürriyet, 28.12.2015).

Дегенмен соңғы кездері түрік баспасөзінде осы сөздің *mücbir sebep, zorlayıcı sebep* және *zorunlu neden* жарыспалы баламалары ұсынылып, баспасөзде қатар қолданылып жүр.

Мысалы: *Ayrıca aynı yasanın 6. maddesi, "kesinleşen sınırlar zorunlu nedenler olmadıkça beş yıl süre ile değiştirilemez" hükmü getirmiştir* (Hürriyet, 22.10.2012). *Kolçak, değişikliğin yasal bir sebep ya da mücbir sebep ile yapılmış olması durumunda ise satıcının sözleşmeden dönen tüketiciden masraf ve yüzde 2 tazminat alma hakkının olduğunu belirtti* (Vatan, 02.12.2014). *Yapılan değişiklik ile zorlayıcı sebep, açık şekilde tanımlandı" açıklamasında bulundu* (Hürriyet, 11.11.2014).

Баспасөз тіліндегі жаңа қолданыстарды осылайша қарастыру арқылы прагматикалық тәсіл түрлерін айқындауға болады.

Қазіргі қазақ медиа-мәтін прагматикасын арнайы зерттеген Қ. Есенованың пайымдауынша: «Лингвистикалық және бейлингвистикалық құралдардан тұратын жазбаша формадағы медиа-мәтін тіл дамуының белгілі бір кезеңіндегі жаңалықтар мен ерекшеліктерді айшықтай отырып, сол арқылы бүгінгі тілдік субъектінің компетенттілігін де көрсететін құнды материал ретінде үлкен маңызға ие болады. Сондықтан мерзімді баспасөз материалдары негізінде жүргізілетін прагматикалық талдау адам факторының төңірегіне шоғырланатын алуан сипатты (саяси, әлеуметтік, экономикалық, тарихи, мәдени т.б.) мәселелерге аксиологиялық тұрғыдан баға беруге мүмкіндік туғызады. Нәтижесінде медиа-мәтін БАҚ-тағы прагматикалық әлеуеті аса күшті құрал ретінде танылады» [287, б. 429].

Қазіргі таңдағы қазақ баспасөзінің мәтіндерін коммуникативтік-прагматикалық аспектіде қарастыру жоғарыда келтірілген Қ. Есенованың қазақ баспасөзінің жаңа атауларға әуестігі туралы тұжырымын дәйектейді. Сондықтан да қазіргі қазақ медиа-мәтінінің жаңалыққа ұмтылғыш, өзіндік ұстанымын айшықты көрсететін, қолданыс ортасын өз идеясына қарай бейімдей алатын жасампаз, бейресми тілді таңдайтын еркін шығармашылық үрдісін атап көрсетуге болады. Осыған байланысты жаңалыққа жақын жүретін журналистердің тілі арқылы жаңа сөз бен жаңа қолданыстар ағылып келетін тіліміздің сөздік қорын жаңалайтын күштердің бірі – медиамәтін екені, сол жаңалануда кірме атаулар емес, төл жаңа атаулардың үлес салмағының басым болу / болмауы медиалингвистикалық зерттеу барысында айқындалатыны анық.

Жаһандану дәуіріндегі қоғам ағымына ілесіп дамып келе жатқан Қазақстан үшін шет тілдерден енген жаңа атауларға дер кезінде балама тауып, ұсынуға уақыт тапшылығы себеп болуда.

Әрине, қоғамдағы жаңалықтар жаршысы ретінде, жаңа сөздерді елге танытатын маңызды құрал ретіндегі газет тілінде шеттілдік жаңа атаулардың көп қолданылуы жалпыхалықтық тілдік қолданыстың бұзылуына себеп болады. Сондықтан газет авторларына жаңа атауларды ретімен қолдану талаптарын қою – қазақ тіліндегі жаңа қолданыстарды қалыптастырып, сол арқылы қазақ тілінің мемлекеттік қызметін күшейтуді көздейтін өзекті мәселе. Төл жаңа атаулар // жаңа қолданыстарды жарыққа шығаратын да, насихаттап тарататын да журналистер.

Мысалы: *Жасы отыздың ішіндегі Абай үшін Семейде 4-5 ай ұйқамаққа алынуымен өмірінің басты арманы – білім мұхитына еркін сүңгіткен барша сәттіліктің басталуын ғалым А.Омаров осылай сипаттайды* (Қазақ әдебиеті, 25.08.2015).

Ұйқамақ жаңа сөзінің қолданыс жиілігі аз. «Домашний арест» ұғымының төл тіліміздегі аудармасының баламасы ретінде осы сөздің *мырзақамақ* жарыспа нұсқасы қолданылып жүргені де белгілі.

Мысалы: *Әлиханнның саяси іспен айналысуына тыйым салып, күні-түні бақылауда отырады. Яғни, мырзақамақта болады* (Айқын, 01.06.2015). *А.Д.Сахаровты әуелі полигоннан тайдырды, соңынан Горький қаласына жер аударып, сегіз жыл бойы «үй тұтқыны» етіп мырзақамақта ұстады* (Егемен Қазақстан, 20.01.2015).

«Домашний арест» терминінің тұрақты аудармасы ретінде аталмыш нұсқалардың бірі бекітілгенімен, жарыспалы қолданыстар қарқыны азаймасы анық. Себебі баспасөзде сөздің орнын ауыстыру, сөз ойнату сияқты прагматикалық мүмкіндіктерге жол беріледі.

Дегенмен тура мағынада айтылған жағдайда *ұйқамақ* сөзі бекітіліп алынуы керек те, қалған нұсқалары тек ауыспалы мағынада, теңеу ретінде ойды астарлап айтуға жұмсалғаны дұрыс.

Қоғамдық-әлеуметтік мүддеге сай күнделікті қолданысқа еніп жатқан жаңа сөздерді қазақ тіліне аударып, жаңа атау жасау үдерісінде ұсынылған баламалардың бірнешеуін қатар қолдану тілдік тәжірибеде жиі кездеседі. Соның нәтижесінде әдеби тілдік нұсқасы ретінде қайсысын бекіту керек деген сұрақ туындайтыны да шындық.

Түрік баспасөзінде де мұндай жағдайлар көп кездеседі. Мысалы, алдыңғы тарауларда когнитивтік жағы айтылып кеткен, діни түсінікке сәйкес қоғам тарапынан көп сынға ұшыраған *Kara Cuma* (қара жұма) жаңа қолданысының қазіргі Түркия баспасөзінде бірнеше баламасы қатар қолданылып жүр.

Мысалы: *En fazla kullanılan mobil alışveriş sitelerinde Muhteşem Cuma indirimleri adı altında 8-11 Kasım tarihleri arasında gerçekleştirilecek* (Hürriyet, 18.11.2015). *Seçili ürünlerde %80'a varan indirimlerin olacağı Efsane Cuma her yıl kasım ayının bir geleneği halinde geldi* (Hürriyet, 18.11.2015). *Türkiye'de Şahane Cuma ismiyle indirim etkinliğine dönüştüren perakende sektörü, tek günlük satış*

rekorları kırdı (Sabah, 25.12.2015). Çarşı esnafı, "Black Friday"а karşı "Bereketli Cuma" kampanyası başlatarak bunu mağaza vitrinlerine astıkları renkli pankartlarla duyurdu (Hürriyet, 29.11.2015).

Публицистикада жаңа қолданыстардың жаңғыртылуы жоғары деңгейде болғанымен, баспасөз беттерінде кездесетін кемшіліктерді терминтанушы-ғалым Шерубай Құрманбайұлы былай талдайды: «Қазіргі баспасөзде кездесетін жаңа атаулардың қолданысындағы орын алып жүрген кемшіліктің ең бастысы – ресми бекітілген терминдердің бірнеше нұсқасының жарыса жұмсалуды. Бүгінгі баспасөз беттерінен жинақталған жаңа атауларды сараптағанда мынадай сөздердің жарыса қолданылып жүргендігі анықталды: администратор – *әкімші, әкімгер*; акимат – *әкімдік, әкімият*; мобильный (сотовый) телефон – *қалтателефон, ұялы телефон, қалтафон*; интернет – *әлемтор, галамтор*; стюардесса – *әуесерік, аспансерік*; глобализация – *галамдану, жаһандану, ауқымдану*; транспортная пробка – *кептелек, кептеліс, тығын, тығырық*; семья – *отбасы, жанұя*; публицистика – *көсемсөз, қоғамсөз, замансөз, мәндісөз*; кресло – *орынтақ, күрсі*; медсестра – *медбике, мейірбике*; наушник – *тыңдауыш, құлақкигіш, құлақілдірік*; микрорайон – *мөлтекаудан, ықшамаудан, шағынаудан*; петиция – *арыз-тілек, құзырхат*; ремень безопасности – *қауіпсіздік белдігі, қорғаныш белбеу*; прорывные проекты – *серпінді жобалар, шепбұзар жобалар*; фонтан – *субұрқақ, бұрқақ*; казино – *ойынхана, құмархана*; патриотизм – *отаншылдық, отансүйгіштік, елжандылық*; огнестрельное оружие – *атыс қаруы, отты қару* т.б.

Бұл келтірілген мысалдардың арасында ресми бекітілгені де, біраздан бері қолданылып жүргенімен бекітуге ұсынылмағандары да, сондай-ақ жұртшылыққа аса таныс емес, әлі сараптан өте қоймаған жаңа қолданыстар да бар. Мұның себебі не? Жалпы біздегі ресми бекітілген терминдердің бірізді қолданылмауының негізгі екі түрлі себебін атауға болады. Біріншісі – бекітілген терминдерді жұртшылыққа жеткізіп, олардың қолданысын қадағалап, үйлестіріп отыру жұмыстарының тиісті дәрежеде жүргізілмеуі. Екіншісі – терминдерді жасау, сараптау, ұсынылған нұсқалардың арасынан сәтті жасалғандарын іріктеп алу және бекіту жұмыстарының кәсіби тұрғыда жүзеге асырылмауы» [289].

Алдағы тарауларда көрсетілгендей, қазақ тілінің мемлекеттік қызметін жандандырып, кеңейту барысында, тілімізде жаңа атаулармен, жаңа қолданыстармен қатар жаңару өрісі жағынан әлеуетті (потенциалды) сөздер мен тосын (окказионалды) сөздердің қатары артып келеді. Осыған байланысты жаңа лексикалық бірліктердің тілдегі орны, қызметі, стилистикалық ренкі, қолданылу аясы, қазақ лексикасын бұрыннан құрайтын сөздермен жүйелілік арақатынасы және өзара қатынастары т.б. мәселелері баспасөздегі жаңа қолданыстарға қатысты арнайы зерттеуді талап етеді.

Тәуелсіздік кезеңінің алғашқы онжылдығында бір зат, ұғым немесе құбылыс атауын білдіретін қатарға жарыспалылық сипат беріп, тілдік тәжірибеде көптеген өзара бәсекелес жаңа қолданыстардың туындауын көбінесе газет прагматикасына қатысты түсіндіруге болады.

Осыған байланысты: «Мәселен, күнделікті қолданыстағы *айлық* (зарплата) сөзінің орнына сол номинативті (атауыштық) қызметінде жұмсалатын *еңбекақы*, *жалақы* және окказионалдық *айлықпұл*; «календарь» сөзінің орнына – *күнтізбе* және *күнпарақ*; «командировка» сөзінің орнына *іссапар* және *жолсапар*; «газета» сөзінің орнына – *үнпарақ* және *үнқағаз*; «аэропорт» сөзінің орнына – *ауежай* және *аэротұрақ*; «президент» сөзінің орнына – *Елбасы* және окказионалдық *Елтөре*; «гимн» сөзінің орнына *әнұран* және окказионалдық *елұран*; «семья» сөзінің орнына – *отбасы*, *жанұя* және окказионалдық бірлік *үйелмен* сөздері пайда болды» деген пікірлер де бар [289, Б. 85-89].

Мұнымен қоса, газет тіліндегі жаңа атаулардың деректері олардың тек коммуникативтік емес, кумулятивтік қызметі де оқырман рейтингін көтеруде маңызды екенін көрсетеді. Осы орайда қазіргі қазақ газеттерінің тақырыпаттары мен мазмұнында көне ескіліктердің қайта жаңғыруы газеттердің ұлттық мүддеге сай прагматикасын көрсетсе, қазіргі заманғы тіл тұтынушылары үшін олар жаңа атаумен тең.

Мысалы: *Қараборбайлар ел үмітін ақтады* (Жас алаш, 20.05.2015).
Ауылда қараборбай балалар аз (Алматы ақшамы, 21.12.2015).

Мұндағы *Қараборбай* – қазақтың ержеткен жеткіншек баласы. Бұл – көркем шығармаларда көрініс тапқанымен, қазіргі ауызекі тіпті әдеби тілде қолданыстан шығып қалған, ұмытылуға жақын тіркесті сөз. Газет тілінде «қазақ баласы» мағынасында жиі қолданылады.

Демек, медиамәтінде көнені қайта жаңғырту, мәдени құндылықтың прагматикалық әлеуетін арттыру үдерістері де байқалады.

Мысалы: *Ақция жыл сайын 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында өтетіні белгілі, яғни, нағыз Атымтай жомарттар азаматтығын танытатын кез келді* (Айқын, 09.04.2014). Алматы облысы Ақсу ауданының *атымтай жомарттары* игі бастаманы қолға алды (Жас Алаш, 03.06.2015).

Аталмыш мысалдардағы *Атымтай жомарт* прецедентті жаңа қолданысы тілдің кумулятивтік қызметін сипаттап, қазіргі тілдегі аккумуляцияланған ұғымдардың прагматикалық мазмұнға ие болуын жүзеге асырады. *Атымтай жомартты* Б.Алтынсарин әңгімесінен жақсы білеміз. Қиналғанға қол ұшын беріп, көмектесу идеясын насихаттау мақсатында қазақ әдебиетінде ерекше орын алған кейіпкер ретінде жомарттық идеалы болып танылған *Атымтай жомарт* бүгінгі күні *спонсор*, *демеуші* деген жаңа мағынаға ие болды. «Ақсу ауданының *атымтай жомарттары*» деп ауылдың қалталы азаматтары, демеушілік жасауға құдіреті жеткілікті бай мырзаларды астарлап айтып отырғанын қазақша аялық білімі бар оқырман түсінеді.

Осындай қазақ танымындағы прецеденттік атауды дәйектейтін аялық білім мазмұнын «Қазақ сөздігінен» табамыз: «Ескі аңыз, әпсаналарда айтылатын, бұл дүниеде еш теңдесі жоқ жомарт адам [Халық Атымтайдың жомарттығын ниет жомарттық деп, туа бітті қасиетке балаған, өйткені Атымтайдың жомарттығы нәресте кезінен нышан берген: алдымен емшектесі тоймай, өзі емшек ембейтін

болған. Араб аңыз-эпсаналарында «һатым» асқан жомарт адамның есімі, ал «тай» сол адам шыққан тайпаның аты]» [197, б. 124].

Осылайша көне мәдени ұғымдар мен катеорияларға жаңа мағына үстемелеп, тілдік қолданысқа енгізу арқылы ескіліктерді жаңғырту қарқыны газет тілінің кумулятивтік қызметін айшықтайды. Мысалы, қазіргі БАҚ ақпараттарында жиі қолданылатын *әлімжеттік* сөзінің орысша баламасы (дедовщина) да Кеңес одағында көп айтылмайтын ұғым болатын. Бірақ сол заманда да *әлімжеттік* жасау әрекеттерінің болғаны белгілі.

Мысалы: *Дегенмен, олардың көбі жатақханада тұруға құлықсыз. Оның басты себебі, жоғары курстықтар әлімжеттік көрсетеді екен* (Алматы, 24.01.2014). *Ақша – қаруың. Онымен қорқытасың, әлімжеттік етесің* (Қазақ әдебиеті, 25.10.2015).

Осы сияқты ұмытылған атаулардың қазіргі заманда қайта жаңғыруы рухани мәдениет жаңғыруымен сабақтасатыны белгілі. Олай болса, мәдени атаулардың астарлы мағына ретінде окказионалды қызметте, кумулятивтік қызметте газет тілінде жиі қолданылуы жаңа ұрпақтың ұлттық санасын жаңғыртуға қызмет етпек. Осы тектес қазіргі таңда көне атаулардың жаңартылған жаңа мағынасының перифразалық сипаты олардың кумулятивтік қызметі мен прагматикалық қызметін тұтастырады.

Сол сияқты қазақтың перзентіне, ұрпақ жалғастығына қатысты «балам – балым», «ананың көңілі – балада» деген қағидасы отбасы тәрбиесінің өзегін құрайтын. Бүгінгі қоғамда «ананың көңілі балада» емес, «далада» болатын жағдайлары қазіргі қоғамда қазақ қызының баласынан бас тартып, сәбиін саудалауы, тастандылар тағдыры, көкек-аналардың кісі құптамайтын, қатігез қылықтары ұлтымыздың қайғы-қасіретіне айналып отыр.

Соңғы кездері БАҚ-тан оқып жүрген *көкек ана, көкек әке, құрсақ ана, жатырды жалға беру* деген қазақ танымына жат мазмұнды жаңа қолданыстар соның айғағы.

Мысалы: *Павлодар облысында жаңа туған нәрестесін тастап қашқан көкек ана* іздестіріліп жатыр (Егемен Қазақстан, 16.11.2013). *Оны туған баласынан жеріп, тіпті, алимент төлеуден жалтарып жүрген көкек әкелер қайдан сезсін* (Алматы ақшамы, 21.12.2015). *Суррогат ана, яғни құрсақ ана, ғылымда соңғы он бес жылда қарқынды дамыған медициналық құбылыс болып есептеледі* (Ана тілі, 19.01.2011). *Бүгінде жатырды жалға беру қып-қызыл бизнес көзіне айналып барады* (Жас Алаш, 21.09.2010).

Түрік баспасөзінде де дәл осы мағынадағы жаңа қолданыстар көптеп кездеседі.

Мысалы: *45 yaşındaki kadın şimdi, basın aracılığıyla, ölü oğlunun dondurulmuş spermlerinden hamile kalacak taşıyıcı anneleri aradığını açıkladı* (Vatan, 24.02.2010). *Rahimlerini kiraya vermek isteyen anneler ilanla kendisine ulaşan kişilerle konuşup böyle pazarlık yapıyor* (Milliyet, 03.12.2014). *Firari baba – қашқын әке; Polis, firari babayı yolda yürürken yakaladı* (Vatan, 02.11.2011).

Бірақ Түркияда да нәрестелерін тастап кететін аналардың болғанына қарамастан, түрік тілінде қазақ тіліндегідей *көкек ана* дегендей арнайы атау жоқ.

Ал қазақ тілінде оның қалыптасуы, біздің ойымызша, тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ баспасөзінде «Бесігінді түзе!» сипатты ұлт дәстүрін насихаттауға бағытталған мәселелер өзектеліп, қоғамда ерекше серпіліс туғызып, ұлттық тәрбиеге мән берумен байланысты.

Демек, қазіргі қоғамдағы *ана-бала* сабақтастығы Елбасының бағдарламалық мақалаларында көрсетілген Ұлы дала мәдениетінің өзегі ретінде ұлт болашағын белгілейді. Олай болса, көнені жаңғыртумен қатар төл тіліміздегі жаңа атаулардың да оқырман ойынан дөп түсуі, үйлесімді жұмсалуды жаңа атаудың кең қолданысын арттырып келеді: *төрешілдік, зайырлы, зиялы, орда, сарбаз, жасақ, қазы, сауыт, кіреуке, сарабдал* т.б. сөздер жаңа терминдік мағынаға ие болған байырғы тілдік бірліктер. т.б.

Мысалы: *Кездесу кезінде сот өндірісін жеңілдету мен қызметтегі төрешілдік рәсімді азайту жұмыстары талқыланды* (Алматы ақшамы, 10.04.2014). *Зайырлы ел деген – дінсіздікті білдірмейді* (Алматы ақшамы, 05.03.2015). «*Халық қаласа, хан түйесін сояды*» демекші, *ашынған дүйім жұрт қазыларды тығырыққа тіреді* (Қазақстан-ZAMAN, 16.05.2013). *Екі ел Президенттері Н.Ә. Назарбаев пен Д.А. Медведев жүргізіп отырған сарабдал саясаттың мәуелі жемістерінің бірі, достық қарым-қатынастың салтанаты екенін атап айтты* (Егемен Қазақстан, 27.03.2010).

Ал түрік тіліне келер болсақ, Анатолияның түрлі аймақтарынан жинақталып, қазіргі түрік лексикасына еніп, баспасөз беттерінде белсенді жарияланып отырған жаңа қолданыстағы көне сөздер мыналар: *çağ, erdem, konuk, ilçe, çalgın, yanıt* т.б.

Мысалы: *Çağımız, görseğini önem kazandığı bir çağ diyoruz ama bunun inandırıcı örneklerini veremiyoruz* (Hürriyet газеті, 02.12.97). *Döneme ve çevreye uyum sağlamak erdemdir, yaşamın şartıdır* (ZAMAN газеті, 30.12.96). *Antalyaspor, rakiplerine karşı büyük avantaj yakalayan Osmanlıspor'u konuk edecek* (SABAH газеті, 17.05.2015). *Türkiye'nin ilk başörtülü ilçe milli eğitim müdürü, Ankara'nın Altındağ ilçesine atandı* (VATAN газеті, 13.05.2015). *"Bu çalgın proje değildir, çalgın projedir" dedi* (Hürriyet газеті, 28.04.2011). *Yarın kendilerini Türkiye'de bulmak bile zor olacak" yanıtını verdi* (SABAH газеті, 15.05.2015).

Осы тектес жаңа қолданыстардың газет тілінде жиі кездесуі прагматикалық қуаты басым қолданыстардың төл тілде жұмсалуды күшейтеді.

Қорыта келгенде, жаңа атаулардың пайда болуының прагматикасы шетелдік сөздерді төл тілге аударып жеткізу үдерісінде нақты көрініс табады. Әрине, олардың бәрінің дер кезінде аударылып, қолданысқа ұсынылуы мүмкін емес. Сондықтан шеттілдік жаңа атаулар көбінесе сол қалпында, көбінесе айтылымы орыс тіліндегі нұсқада қолданысқа түседі.

Бұл жағдай түрік тілінде де кеңінен өріс алған. Түріктердің тілдік санасында шетелдік сөздердің әуезділігіне мән берілетіні, Түркияның ертеден келе жатқан батыс мәдениетімен дәстүрлі байланысы, экономикалық, саяси, географиялық т.б. факторлардың кірме сөздердің қолданылуы белсенділігіне ықпал ететіні жайында алдыңғы тарауларда айтып өттік.

3.4 Газет мәтініндегі жаңа қолданыстар мазмұнында сақталған ұлттық код

Қазіргі әлемдік өркениет кеңістігінде жаһандану үрдісі өріс алған заманда қазақ тілі деректерінде астарланған қазақ әлемінің тілдік бейнесі ұлттың рухани-мәдени коды іспетті көп жағдайда заманауи жаңа қолданыстарға негіз болады.

Сондықтан қазақ танымы құрылымдалған грамматикалық жүйенің антропоэзектік негізін сипаттау барысында зерттеуші О. Жұбаева: «Тіл – ұлттың мәдениеттің құрамдас бөлігі, этномәдени код. Тіл қоршаған орта туралы әсерді білдірумен қатар халықтың зерттеушілік, ізденістік ойларын да сақтайды, яғни тілде халықтың этномәдени, ұжымдық санасында қалыптасқан ғалам бейнесі көрінісін табады» деп көрсетеді [290, б. 368].

Егемендік пен тәуелсіздік кеңістігінде іштей түлеу, рухани жаңғыру кезеңін бастан кешіріп отырған қазақ тілінің қызметін саралауға, оның танымдық, әлеуметтік маңызын, мемлекеттік тіл мәртебесіндегі қолданыс аясын айқындауға газет мәтініндегі жаңа қолданыстар мазмұнында сақталған ұлттық кодты ашу тіл арқылы жүзеге асады. Өйткені оларға ұлт санасында жасалған тілдік бейнені құрған ақпараттың дәлдігі, уәжділігінің нақтылығы негіз болған.

Қазақстанда Түркия мемлекетімен салыстырғанда қазақ тілді адам санының аздығына қарамастан, қазіргі тіл қолданысының *ұлт~тіл* сабақтастығындағы танымдық үрдісінің, қазақ баспасөзінде көптеген шетелдік сөздерге сәтті қазақша баламалардың табылуының негіздері белгілі ұлттық тілдік тұлғалардың (Н. Назарбаев, Ә. Қайдар, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин т.б.) шығармашылық мазмұнындағы ұлттық код мәнімен байланыстырылады.

Мысалы, танымы кең, білімі мен біліктілігі, тілдік зердесі терең қоғам қайраткері, ұлттық тілдік тұлға Ә. Кекілбаевтің мемлекеттік ой бағытындағы көсемсөзіндегі сөз қолданысын зерттеуші Б. Момынова оны өз еңбегінде жан-жақты талдап, «қайраткер ретіндегі Ә. Кекілбаев тілі аса көркем, публицистикалық стиль жанрларының аясына сыймай, газет тілі заңдылықтары шеңберінен шығып, кейбір ресми қасандықты ысырып тастайды» [291] деп атап көрсетеді.

Ғалымның айтылған пікірін дәйектеп, жазушының тәуелсіздіктің қадірін білуге шақырған кестелі сөздерінде ұлттық-мәдени кодтың айшықты көрінісі сипатталған: «... бағалай білмегенге бақ тұрмайды, қуана білмегенге құт қонбайды; табына білмеген қауымға пайғамбар бітпейді, бағына білмеген қауымға басшы бітпейді; бірлік содан азып, береке содан тозады. Ал егер тәуелсіздігімізді тәрк етер болсақ, онда бізді кешегілердің киесі ұрып, ертеңгілердің қарғысы атады» [292, б. 499].

Ә. Кекілбаевтің публицистикалық ой-толғанымдарындағы теңеу түрінде айтылған бұл тектес сөз кестелерін көркем сөз бен шешендік үлгісі деп қана емес, ұлттық рухты көтеретін тіл қызметінің мазмұнын, әлеуетін бейнелейтін тілдік құралдың жаңа қолданысы деп бағалауға болады. Ұлттық дүниетанымдық сипаттағы мұндай жаңа қолданыстар қазіргі ұрпақтың рухани санасын жаңғыртып, ана тіліміздің танымдық дәрежесін жаңа деңгейге көтереді: «Құдайдың өз бергенін өзіміз көпсінбейік деп, кебежеміздің түбін қақпаймыз,

күбіміздің түбін сарықпаймыз, баламыздың басын, көгеніміздің бұршағын санамаймыз» [293, б. 25].

Әрине, атау жасау, оны қабылдап, қолдану әрекеттері жеке адам емес, ұлттық ұжымның таным-тәжірибесі негізінде қалыптасатындықтан, оның тілдік санадағы таңбасы ұлттық тіл негізінде жүзеге асады. Ал, жеке тілдік тұлғаның ойлау қабілеті, ой ісінің өнімділігі оның тілдік аялық білігіне тәуелді болғандықтан, дара тұлғалық мүмкіндігімен анықталады.

Міне, осыған тікелей байланысты когнитология теориясы атау жасау ісін адамның қабылдау, жаңғыру құбылыстарымен тығыз байланыста анықтайды. Соның нәтижесіндегі тілдік санада жеке адамның және ұлттық ойлаудың, ұлт тарихы мен мәдениетінің, тілінің, дүниеге көзқарасының тұтасуын және өмір сүріп отырған ортасының сипатын когнитологиялық зерттеулер ашады. Осы арада тіл тіл иесінің тұрмысы мен қоғаммен байланысты өзектес жанды құбылыс болғандықтан, даму барысында кейбір сөздер тілдік қолданыстан шығып қалып жатса, керісінше, кейбір көнерген сөздер тілімізге қайта оралып, мағынасы кеңейіп // тарылып жататыны да назардан тыс қалмайды.

Қазіргі таңдағы қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне орай, ұлт тілінің, қоғамдық қызметінің күшеюі мен кеңеюі барысында «ескі сөз жаңа сөздің түп қазығы» деген қағиданы жалғастырып, жаңа өрісті дамыту үстінде екенін көрсететін мына жаңа атаулар дәлелдейді. Мысалы: *қисын, таңба, құрылтай, мөр, кеңес, тәңкеріс, сарап, әдіс, хатшы, құқық, байрақ, жарнама, жарғы, алқа, тұғыр, құзірет, сарбаз, арна, зейнеткер, көсем* т.б.

Осы тұрғыдан жаңа қолданыстар мазмұнындағы ұлттық кодтың кілті лексикографиялық деректерде сипатталған мәдени-танымдық ақпараттарда ашылады. Мысалы, қазіргі қазақ тілінде *қисын* сөзі грек тілінен шыққан «логика», яғни ойлау, оның формалары мен заңдылықтары туралы ғылымды атайтын термин [294, б. 482] деген мағынаны білдіреді.

Ал, қазақ тіліндегі негізгі мағынасы: «Бір нәрсенің ыңғайы, реті, жүйесі, нобайы, орайы». Оның мағынасы коннотацияланып, бейнелі сипатты тұрақты тіркестер жасалған: *қисыны келді, қисыны кетті, қисыны қашқан, қисынын келтірді, қисынын тапты* т.б. Адамның іс-әрекетіне қатысты *қисынды, қисынсыз* т.б. сын есімдер де бар [197, б. 791].

Бұл көне сөздің тура мағынасымен тамырласып, қазіргі тілімізде танымдық-әлеуметтік қолданыстағы жаңа өрісін танытатын мысалдар баспасөз бетінде көрініс табуда.

Мысалы: *Билік басында билер мен бектер неге отырмасқа? деген сауалдың болуын да қисынсыз деуге болмас* (Қазақ әдебиеті, 24.10.2015). *Меніміше, – деп жазады атақты журналист Мэлор Стуруа – бұл құбылыстың сырын сірә, мына бір тәңіректен іздеген қисынды болар* (Алматы ақшамы, 17.02.2011). *Қазақ хандарының аты атала қалған жағдайда оларға үстем тап өкілі ретінде келеңсіз баға беріліп, қисынсыз айып тағылды* (Ана тілі, 17.09.2015).

Құрылтай сөзі тарихи тұрғыдан «түркі-моңғол ақсүйектерінің ресми кеңесі» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі қазақ тілінің қолданысында бұл сөз

«партиялардың, қозғалыстардың, т.б. өзге де қоғамдық бірлестіктердің аса маңызды мәселелерге байланысты бастапқы басқосу жиылысы» [295] деген мағынада белсенді қолданылып жүр.

Мысалы: *Құрылтайда бүкіл адамзатты алаңдатқан мәселелер бойынша қызу пікір алмасу өріс алды* (Алматы ақшамы, 27.12.2012). *Ассоциациясының құрылтай съезінде ұйымның жарғысы талқыланып бекітілді, ассоциацияның кеңесі сайланды* (Айқын, 04.06.2015).

Жарғы. Бұл сөз – дәстүрлі қазақ қоғамындағы заңдар жинағының атауы («Жеті жарғы»). Құқықтық термин. Көне түркі тілінде *жарғы* сөзінің «үкім», «қазылық» деген мағыналары көрсетілген [198, б. 963]. Бұл сөз қазіргі тілде осы кезге дейін қолданылып келген орысша «устав» сөзінің баламасы ретінде қолданыла бастады [296].

Бірақ қазіргі қазақ қоғамында қолданылатын *жарғы* атау-терминінде «устав» сөзінің көбінесе тек әскери салаға қатысты ұғынылатын мағынасы өзектелмей, «Қазақ сөздігінде» көрсетілгендей: «жарғы (устав) – ұйымдардың, мекемелердің міндеттері мен қызметін белгілейтін, сөзсіз орындалуын қажет ететін ережелер жиынтығы, қағида» деп, қолданыс аясы кеңейген [197, б. 1325].

Осыған байланысты *жарғы* сөзінің мазмұнынан тарайтын жаңа қолданыс пен терминдік өрісі кеңейгені де қазіргі салалық сөздіктерде көрсетілген: «жарғы – заңды тұлғаның құқықтық жағдайын, қарым-қатынасын реттейтін ережелер мен шарттардың жиынтығы болып табылатын нормативтік-құқықтық акт». Сонымен қатар, осы сөздікте: «жарғы капиталы» – құрылатын кәсіпорынның активтеріне құрылтайшылар салған салымдардың құны» [197, б. 474] деп көрсетілген.

Мысалы: *Санкцияларды Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы мен халықаралық құқық нормаларына қайшы келетін әрекет ретінде бағалап, олардың өз бетімен қолданылуын болдырмау қажет* (Ана тілі, 01.10.2015). *«Оқимын» деп құлшынған бүлдіршіннің сағын сындырған бұл жаңа жарғы Білім туралы Заңның 8-бабына да тік келеді* (Қазақстан-Заман, 16.08.2015).

Кеңес. Біздің заманымыздан бұрынғы 7-5 ғасырларда ру, тайпа, мемлекет ішіндегі мәселелерді шешетін «халық кеңесі» сияқты дәстүрлі атаумен тамырлас «кеңес» сөзі – кейінгі замандарда да кеңінен қолданылған терминдердің бірі.

Қазіргі таңда бұл терминнің қоғамдағы қызметінің қолданыс аясы кеңейіп, кейбір бірлестік, ұйымдардың сайланбалы органының немесе әлдебір өкілеттілік жүктелетін ұжым атауы ретінде қолданылуда [295]. Яғни қазіргі қоғамдық-әлеуметтік саладағы «бір істі көпшілік болып ақылдасып, бас қосып шешетін» мәжілістің, жиналыстың, көпшілік болып, ақылдасатын басқосуының атауын жаңа қолданыс қатарында анықтауға болады.

Тарихи-семантикалық даму тұрғысынан қарағанда бұл сөз «әңгіме», «ақыл», «пікір» және «әңгімелесу», «сөйлесу», «сұхбаттасу», «ақылдасу» мағыналарынан тұратын синкретті тұлға. Содан өрбіген: *кеңес берді, кеңес құрды, кеңес сұрады* т.б. тіркестермен қатар *Кеңес Одағы, Кеңес өкіметі* т.б. тарихи-қоғамдық терминдер қалыптасты.

Мысалы: *Ғылыми кеңестеріміз мемлекет тілінде жүргізілсе, іс қағаздар жыл басынан бастап қазақ тіліне көшетін болды* (Егемен Қазақстан, 01.01.2010). *Атырауда ардагерлер кеңесі жаңа көліктерге ие болды* (Ана тілі, 25.11.2014). *«Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне төрағалық ететін Орталық Азияның тұңғыш елі болады* (Жас Алаш, 22.11.2015).

Академик Р. Сыздық көрсеткендей, «Сөз мағынасының эволюциясы тек дамудан, жақсара түсу сипатында ілгері жылжудан тұрмайды. Сонымен қатар сөз мағынасының күнгірттенуі не мүлдем ұмытылуы, ауысуы, кеңеюі, тарылуы т.б. танытады» [297, б. 165].

Сондықтан кез-келген қоғамға сәйкес өзіндік ерекшелігінің негізгі көзі болып табылатын байырғы сөздерді тауып, жинастырып, сөзжасамға пайдалану лексиканы байытып, жаңа сөздер жасау ісіне ықпал етеді. Себебі, тілдің дамып жетілуі және қоғамдық-әлеуметтік қызметінің күшеюімен байланысты қазақ тілінің лексикалық қазынасын жұтаңдатпай, тілді сөз нәрімен толықтыра түсетін оның сапалық жағын зерделеу және санымен де байыту – кез келген қоғамда тілге қойылатын қолданыс талабы.

Дегенмен негізгі мақсат қайткенде де сөз санын көбейту емес. Мақсат – бай ауыз әдебиеті мұрасы мен сөйлеу тілінде, аймақтық лексикада, көне тарихи шежірелерде, ертегілер мен ақын-жыраулар тілінде, өткен ғасырларда жарық көрген қазақ тілінің тарихи сөздіктерінде қолданылған сөздерді орнын тауып, жаңа атаулар жасауда тиімді пайдалану арқылы сөзжасамдағы қағидалардың бірі – тілдің өз мүмкіншіліктерін, ішкі ресурстарын молынан, «сарқа пайдалану» қағидасын жүзеге асыру.

Мысалы, қазіргі қазақ баспасөзіндегі рухани-әлеуметтік тақырыптағы мақалаларда *Жерұйық, Асанқайғы, Еділ-Жайық* сияқты ертегілердің кейіпкерлерінің аты елге, жерге деген махаббаттың прецеденттік үлгісі ретінде қызмет етіп, ұлттық сананы жаңғыртуға байланысты жаңа қолданыстарда жаңғырып, бұл ұғымдардың рухани әлеуеті ашыла түсуде [298, Б. 219-228].

Сайып келгенде, бұл қағида – жаңа қолданыстар мазмұнында сақталған ұлттық кодты анықтайтын когнитивтік тәсіл. Осы тұрғыдан қарағанда, түрік тілінде жаңа қолданыстардың жасалу үдерісінде қазақ тілімен салыстырғанда ұлттық сөздік қорды сарқа пайдалану үрдісінің төмен екенін, қазақ және түрік тілдеріндегі лингвистикалық және экстралингвистикалық себептерді өзара салыстырып, талдау нәтижелерін сипаттайтын төмендегідей кесте түрінде көрсетуге болады (Кесте 5).

Кесте 5 – Қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың жасалуындағы айырмашылықтар

Қазақ тілі	Айырмашылықтарды тудыратын факторлар	Түрік тілі
------------	--------------------------------------	------------

5 - кестенің жалғасы

1	2	3
екі жақты әсерге ұшырау (шет тілі→орыс тілі→ қазақ тілі): филология, демократия, ностальгия т.б.	шетел сөздерінің енуі	бір ғана тілдің әсері (тікелей): philology (ағылш.)→ filoloji (түр.) democracy (ағылш.) → demokrasi (түр.), nostalgie (франц.) → nostalji (түр.) т.б.
Ресейге тәуелділік	геосаяси жағдай	дербес, тәуелсіз
көпұлтты халықтың бірнеше тілде сөйлеуі	әлеуметтік ерекшеліктер	80 млн. халықтың бір тілде – түрікше сөйлеуі
	ҚОҒАМДЫҚ салалардағы қолданыс	
Ата Заң, әнұран, әкім, кептеліс, мүмкіндігі шектеулі адам т.б.	ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ	anayasa, marş, belediye başkanı, trafik sıkışıklığı, engelli т.б.
сыбайлас жемқорлық, айыппұл, келісім-шарт, экоөнім т.б.	ЭКОНОМИКА	yolsuzluk, para cezası, sözleşme, anlaşma, eko-ürün т.б.
компьютер, принтер, сервер, драйвер, сканер распечатка, тінтуір т.б.	ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ	bilgisayar, yazıcı, sunucu, sürücü, tarayıcı, çıktı, fare т.б.
ұлықтау, бағдарлама, экслюзив т.б.	МӘДЕНИ	açılış töreni, program, seçkin т.б.
талапкер, интерактивті тақта т.б.	ОҚУ-АҒАРТУ	lise mezunu, interaktif beyaz tahta т.б.
шабарман, хатшы, инструктор т.б.	МАМАНДЫҚ АТАУЛАРЫ	kurye, sekreter, eğitmen т.б.

5 - кестенің жалғасы

1	2	3
ҰҒА (Ұлттық ғылым академиясы), ҚазҰУ (Қазақ ұлттық университеті) т.б.	қысқарған сөздер	MÜSİAD (Müstakil Sanayici ve İşadamları Derneği), TOKİ (Toplu Konut İdaresi Başkanlığı) т.б.
демiкпе, обыр т.б.	медицина	astım, kansер т.б.
құрама, дода, теңбіл доп т.б.	спорт	milli takım, şampiyonluk, futbol topu т.б.

Соған орай, көне, сирек сөздерді өз ұғымында, немесе тың мағынада жаңғырту және диалектілер мен қарапайым сөздердің бірқатарын әдеби нормаға енгізу арқылы да жаңа сөздердің жасалуы тілдің коммуникативтік қызметінің (ол қазіргі таңда қоғамдық-әлеуметтік, ақпараттық-прагматикалық қызметі арқылы күшеюде), тіл иесінің танымдық болмысымен сабақтас, тамырлас екенін анықтап, олардың мазмұнында астарланған рухани-танымдық кодтың кілтін ашуға негіз болады.

Қазіргі таңдағы жаңа қолданыс жасауда бұрынғы орысша атауды қазақшалауда оны ұлттық ұғымға теңдестіру, сәйкес келтіру әдісі негізінде жасалған *тұсаукесер*, *кәдесый* және *беташар* сияқты жаңа қолданыстар мазмұнында астарланған эномәдени код бұған мысал бола алады.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетіне тікелей қатысты этнографизм ретінде қолданылған *тұсаукесер* сөзі орыс тіліндегі «презентация» сөзінің қазақша баламасы ретінде өзекті терминге айналды.

1974-1986 жылдар аралығында жарық көрген 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *тұсаукесер* сөзі жеке ұғым атауы ретінде берілмеген. Қазақтың салт-дәстүріне тән ұғымын бейнелейтін *тұсауын кесті* деген тіркес көрсетілген [69, б. 290].

Ал, 2013 жылы жарық көрген «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» 14-ші томында *тұсаукесер* сөзіне екі түрлі белгі қойылған: 1. *этно.* Сәби қаз тұрған соң тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым. 2. *жаңа.* Алғаш рет таныстыру рәсімі / алғашқы, тұңғыш [68, б. 441].

Бірақ түп-тамыры этномәдениеттен таралғанымен, этноұғымдық мәні кейін ығысқан *тұсаукесер* сөзінің қазіргі жаңа қолданыстық мәні – «алғаш рет таныстыру рәсімі». Яғни қазіргі таңда орыс тілінен тікелей алынған «презентация» сөзінің баламасы ретінде қабылданды.

Мысалы: *Кеше ҚР Ұлттық кітапханасында “Хореографы Қазахстана” атты энциклопедиялық анықтамалықтың тұсаукесері өтті* (Жас Алаш, 28.02.2013). *Дүйсенбі күні Алматыдағы «Цезарь» кинотеатрында «Алашорда» деректі фильмінің тұсаукесері болды* (Ана тілі, 23.03.2009).

Кәдесый. Ол – «сувенир» атауының қазақша баламасы ретіндегі жаңа қолданыс. Оның жасалу үдерісін қарастырсақ, *кәдесый* дегенде ойға келетін негізгі мағына – «сыйлық». Бірақ бұл жай сыйлық емес, «кәде ретінде сыйға тартылатын бұйым, зат». Ал, *кәде* – тұрмыс-салтқа байланысты жасалатын сый-сияпат [197, б. 608].

Қазақ тіліндегі «қалыңсыз қыз болса да, *кәдесіз* қыз болмайды» деген сөздер – осы дәстүрдің тілдік бейнесі. Демек, *кәдесый* деген жаңа қолданыстың мазмұнында этнографиялық сипат басым. Дегенмен қазіргі мәдениаралық коммуникация мен халықаралық байланыстар кеңістігіндегі *кәдесыйдың* заманауи қолданысындағы елтанымдық мағыналық реңк оның жаңа қолданыстық сипатын күшейте түседі деп ойлаймыз.

Сонымен, *кәдесый* сөзінің этнографиялық ұғымындағы *кәде* семасының айқын болуы және қолданылу жиілігі жоғары *сый* сөзімен бірігуі арқылы жасалған бұл балама сәтті болып, орысша «сувенир» сөзіне балама ретінде күнделікті қолданысқа сіңіп кетті.

Мысалы: *Түрлі сауда орталықтарында сатылымға түскен ұлттық негіздегі кәдесыйлардың барлығы дерлік өтімді болды* (Алматы ақшамы, 20.04.2011). *Көрмеге сонымен қатар, «Әдемі-Ай» компаниясының сәндік-қолданбалы өнер бұйымдары мен кәдесыйлары ұсынылған* (Ана тілі, 11.05.2014).

Сондай-ақ соңғы кездері дүйім жұртқа таныс, этномәдени ұғымдағы *беташар* сөзі жаңаша сипатта қолданылып жүр. *Беташар* – қазақтың келін түсіргенде жасалатын дәстүрлі салтының бірі [295].

Бірақ түп-тамыры этномәдениеттен таралғанымен, этноұғымдық мәні кейін ығысқан *беташар* сөзінің қазіргі жаңа қолданыстық мағынасы – «алғашқы қадам», «бастама» [197, б. 230].

Яғни қазіргі таңда бұл сөз баспасөзде орыс тіліндегі «вступление», «предисловие» деген сөздердің баламасы ретінде қолданысқа түсті.

Мысалы: *Елбасы Назарбаев университеті жастарымен кездесуінде «Егер ашаршылық болмағанда біз бүгінде 40-50 миллион болар едік» деуі осы фильмге сұранып-ақ тұрған беташар сөз емес пе?!* (Алматы ақшамы, 17.05.2012). *Өз кезегінде, Ақтау қаласында тұңғыш рет орнатылып отырған отандық өнімдер стенді алдағы уақытта әлемнің 20 елін қамтитын жемісті жұмыстардың беташары іспеттес* (Айқын, 06.12.2016).

Мазмұнында ұлттық кодтың мәні сақталған жаңа қолданыстар түрік тілінде де көптеп кездеседі. *Sankurtaran* сөзі көне түркі жазбаларында «үлкен желкен» деген мағынада қолданылған. Бір кездері *sankurtaran* сөзі «жедел жәрдем» сөзіне балама ретінде ұсынылды.

Мысалы: *Sankurtaran geçidinde konuşlanan trafik ekipleri, yoldan sadece kurtarma çalışmalarına katılacak araçların geçişini izin veriyor* (25.09.2009).

Алайда төмендегі мысалдардан бұл терминнің бара-бара «құтқарушы» деген мағынада кеңінен қолдана бастағанын көреміз.

Мысалы: *Özel plajlarda ise belediye mensubu 226 sankurtaran hizmet verecek* (Vatan, 17.06.2011). *Sankurtaranlar aynı yere yüzmek için gelen gençleri uyardı ancak kavga çıktı* (Sabah, 19.08.2013).

Ал «жедел жәрдем» сөзінің орнына дәл қазір сәтті түрікше балама табылмағандықтан, әзірше француз тілінен алынған «ambulans» сөзі [76, 113 б.] қолданылуда.

Мысалы: *Karapınar ilçesinde hasta taşıyan ambulans kaza yaptı* (Hürriyet, 26.11.2012). *Can pazarının yaşandığı kaza yerine bölgeden çok sayıda ambulans sevk edildi* (Milliyet, 15.12.2013).

Göç сөзі көне түркі тілінде «керуен», «сапар», «үй» деген мағыналарды білдірген [298]. Бұл көне сөздің әлеуеті қазіргі заманда өте өзекті болып отырған «көші-қон» (миграция) терминіне балама болуына жеткілікті болды.

Мысалы: *Ülkelerin yayınladığı raporlarda öne çıkan en ilgi çekici nokta ise Avrupalılar'ın izlediği yeni göç yolları* (Vatan, 23.12.2011). *Mülteciler konusunun görüşmenin ana başlığı olduğunu ifade eden Davutoğlu, "Yasadışı göç hiçbir ülkenin tek başına başa çıkacağı bir husus değildir* (Milliyet, 18.10.2015).

Қазақ тілінде де «миграция» терминіне балама ретінде қолданылып жүрген *көші-қон* сөзіне өзек болған, негізінен, «мекенжайды, отырған орнын өзгерту, ауыстыру» мағынасындағы *көш* етістігі.

Салыстырмалы түрде қарағанда, көшпенді мәдениет өкілі ретіндегі қазақтардың тілінде өзіндік дәстүрлі мәдениетіне сәйкес *көш* сөзінің этномәдени мағынасының кеңдігі тілде көптеген этнотанымдық бірліктер қалыптастырған: *Көш* көлікті болсын! *Көш* артық (ілгері); *Көш* бастады; *Көш* жүре түзеледі; *Көшке* ерген тайлақша; *Көшке* ілесті; *Көштен* қалмады т.б.

Осындай дәстүрлі этнотанымдық мазмұнды ашу арқылы қазіргі қоғамдық-саяси саладағы *көшбасшы* (лидер) жаңа қолданысының анықтамасы берілген: «Көшбасшы – қоғамдық ұйымның жеке ықпалы, әлеуметтік үдерістерде және әртүрлі жағдайларда ұжымдағы, топтағы, қоғамдағы қарым-қатынастарды реттеуде маңызды қызмет атқаратын кез келген әлеуметтік таптың беделді мүшесі; сол қауымдастықтың мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған ортақ іс-әрекетті ықпалдастыру мақсатында әрекет жасауға қабілетті тұлға» [197, б. 688].

Alkış сөзі көне түркі тілінде «мадақ», «дұға», «жақсы тілек» деген мағынаны білдірген [298]. Қазіргі түрік лексикасында ол «бір нәрсенің ұнағанын, мақұлданғанын білдіріп қол шапалақтау» деген мағынаны білдіреді.

Мысалы: *İki Türk grubunun performansı, izleyicilerden büyük alkış aldı* (Hürriyet, 20.09.1998). *Volkan Konak'ın bu sözleri, izleyiciler tarafından çok yoğun alkış topladı* (Vatan, 20.12.2010).

Бұл сөздің қазақша «алғыс» сөзімен форма және мағына жағынан толық үндесіп тұрғаны бірден байқалады.

Көне түркі тілінде *tabanca* сөзі «соққы» деген сөзді білдірген. Жазушы, публицист Севан Нишаньянның пікірінше, бұл атау соққы дыбысына ұқсастырылып жасалған [299, б. 596]. Қазір бұл сөз – қысқа, жеңіл, атыс қаруының атауы.

Мысалы: *Şahıslarla birlikte 3 adet ruhsatsız tabanca, 1 adet pompalı tüfek ve 130 milyon lira para ele geçirildi* (Zaman, 05.03.1996). *Iğdır'ın Tuzluca ilçesinde 27 yaşındaki Oktay Y., oyuncak tabancayla PTT'yi soydu* (Sabah, 16.10.2015).

Көріп отырғанымыздай, бұл сөз де қазақша «тапанша» сөзімен форма және мағына жағынан бірдей. Негізінен, екі тілде бірдей тұлғаланған жаңа қолданыстар қазақ және түрік баспасөзінде көптеп кездеседі. Сондықтан біз оларды бөлек топтастырып, кесте күйінде бердік (Кесте 6).

Кесте 6 – Қазақ және түрік тілдерінде бірдей тұлғаланған жаңа қолданыстар

Қазақ	Ұқсастықтарды тудыратын факторлар	Түрік
	Экстралингвистикалық	
ерік, иегер, күт т.б.	жалпы түркілік ортақ сөздік қор	erk, iye, kut т.б.
Рамазан, намаз, садақа, имам, имандылық т.б.	ортақ дін	Ramazan, namaz, sadaka, имам, iman т.б.
сүндет той, Құрбан-айт, Наурыз мейрамы т.б.	этнографиялық	sünnet düğünü, Kurban bayramı, Nevruz bayramı т.б.
	қоғамдық салалардағы қолданыс	
елші, елшілік, құқық, құрылтай, егемендік, байрақ, көші-қон т.б.	қоғамдық-саяси	elçi, elçilik, hukuk, kurultay, eğemenlik, bayrak, göç т.б.
дәріс, сынып, сынақ, шеңбер т.б.	оқу-ағарту	ders, sınıf, sınav, çember т.б.
сахна, алаң, жұлдыз, апталық т.б.	мәдениет	sahne, alan, yıldız, haftalık т.б.
аяқдоп, ширек финал, қанат (қаптал), біріншілік т.б.	спорт	ayaktopu, çeyrek final, kanat, birincilik т.б.

6 - кестенің жалғасы

1	2	3
ақылды үй, қазына, пайыз т.б.	экономика	akıllı ev, hazine, faiz т.б.
ұшақ, әуе жолдары, сапар, саяхат т.б.	туризм	uçak, havayolları, sefer, seyahat т.б.

Кестеден көріп отырғанымыздай, туысқан қазақ-түрік тілдерінде бірдей тұлғадағы жаңа қолданыстар күнделікті өмірдің әр саласында баршылық.

Ал ауызша үлгілерден 1933-1934 жылдары бүкіл Анатолиядан жинақталып, 153500 карточкаға тіркелген сөздер «Түркияда ел аузынан сөз байлығын жинау журналы» (Türkiye’de Halk Ağzından Söz Derleme Dergisi) деген атпен 1939 жылдан бастап шыға бастады. Диалектілік лексика 1939-1949 жж. арасында төрт том болып шыққан сөздікте жалпы мағынасына қарай жіктеліп, ал 1952 жылы шыққан бесінші томда тізім түрінде жинақталды. Бұдан кейін 1957 жылы фольклорға қатысты сөздер кірген алтыншы том шығарылды [78, Б. 140-174]. «Түрік тілі қоғамы» бұл науқанды кейінгі жылдары (1952-1959 жж.) екінші рет өткізді. Бұрынғы бес томдыққа кірген материалдар «Диалектологиялық сөздік» деп өзгертілген сөздікті толықтырып, қазір ол он екі томдық болып қайта басылып шықты.

Осындай қыруар еңбек нәтижесінде, Анатолияның түрлі аймақтарынан іздестіріліп, жинастырылып, қазіргі таңда терминдік сипатта қолданылып жүрген аймақтық, диалектілік сөздер заманауи түрік лексикасына енгізілді: *köken* (шығу тегі, тамыр, бастау), *seki* (сәкі, терраса), *göynük* (қайғылы), *yoğun* (қалың, ірі, тығыз, қою), *yetik* (ғалым), *yülgü* (ұстара), *sergen* (витрина), *yeleme* (жеңілтек), *susak* (кружка), *tüzük* (жарғы), *seçim* (сайлау), *çalgın* (сал ауру), *konuk* (қонақ), *il* (шет аймақ), *ilçe* (аудан), *oran* (сәйкестік, пропорция), *yonga* (чип), *yant* (жауап), *görkem* (сән-салтанат), *bilge* (данышпан), *kalıklık* (кемшілік), *utku* (жеңіс), *erdem* (қасиет, ізгілік, адамгершілік), *yolak* (жалғыз аяқжол), *çağ* (дәуір), *erk* (ерік, өкілеттік), *yüzyıl* (ғасыр), *iye* (иегер), *kut* (құт), *ürün* (өнім) т.б.

Бұлар қазіргі түрік баспасөзінде белсенді қолданылуда.

Түрікше *köken* сөзінің бастапқы мағынасы – «қауын, қарбыз, кәді секілді өсімдіктердің жер бетіне шығып, жайылып тұратын сабақтары» [77, б. 1496]. Бұл сөздің осы тура мағынасы әсіресе Орталық Анатолияда кең таралған. Ал, Денизли, Спарта, Бурса аймақтарында бұл сөз коннотацияланып, «туысқандар» мағынасында қолданылады. *Köken* сөзінің мазмұнындағы осы мағынаның ашылуы қазіргі түрік баспасөзінде «шығу тегі», «тамыр», «бастау» түсініктерін білдіретін *köken* терминінің қалыптасуына негіз болған.

Мысалы: *Çamuroğlu'nun Ermeni kökenli olduğunu ve sonradan Bektaşî olmaya çalıştığı iddia edilmişti* (Vatan, 16.01.2008). *Adele'nin 2009 yılında verdiği bir röportajda ailesinin Türk kökenli olduğunu söylediği ortaya çıktı* (Sabah,

10.12.2015). *Şu ayrımı anlamak lazım: Dert köken değil, dert terör* (Hürriyet, 25.09.2015).

Кейінірек *köken* сөзінен *köken bilimi* (этимология) термині жасалды.

Мысалы: *Berlin merkezde bulunan Humboldt Üniversitesi'nin "Avrupa Etimoloji (köken bilimi) Araştırmaları Enstitüsü"nde Alman akademisyenlerle buluştuk* (Hürriyet, 15.10.2015).

Сондай-ақ соңғы кездерде бұл сөзден *köken belgesi* (шығу сертификаты) термині жасалды.

Мысалы: *Eski eserlerin dolaşımını dünyada bir önkoşulla yapabilirsiniz, eserin köken belgesi olması gerekir* (Hürriyet, 28.02.2012.)

Yoğun сөзі «қалың», «ірі», «тығыз», «қою» деген мағынада Анатолияда кеңінен қолданылған [299]. Қазір бұл сөз дәл осы мағынада және «көлеміне қарағанда салмағы ауыр, қою, тығыз» дегенді білдіретін физикалық термин ретінде де қабылданды.

Кейінірек бұл сөзден *yoğunluk* (тығыздық, қоюлық), *yoğunlaşma* (шоғырлану, көбею), *yoğunlukölçer* (пикнометр) терминдері жасалды.

Мысалы: *Yine bu dönemde kapkaç olayları arttı, banka soygunları da yoğunlaştı* (Vatan, 14.11.2002). *Kemik dansimetresinin (yoğunlukölçer) devamlılığını sağlar* (Vatan, 08.11.2013). *Gelir Testi için son günün yarın olması nedeniyle merkezlere akın eden vatandaşlar yoğunluk oluşturdu* (Sabah, 29.09.2015).

Көне Анатолия тілінен алынған, көне түркі тілінен өрбіп, түркі тілдеріне тараған тағы бір сөз – «таза», «пәк», «саф» мағыналарында қолданылып жүрген *arı* сөзі [299]. Ел аузында ауызша түрде де, фольклорда да бұл сөз жиі кездесетін.

Кейінірек осы түбір арқылы *arıt* етістігі, одан кейін *arıtım* (тазарту) деген термин жасалды [56, Б. 175-180].

Мысалы: *Burada birçok arıtım aşamasından geçirilerek, memba suyu kalitesinde şehir şebeke hatlarına veriliyor* (Hürriyet, 30.12.2013). *Araştırmacılar bu mucize maddenin su arıtım tesislerinde ya da petrol sızıntılarını temizlemede de kullanılabileceğini belirtiyor* (Vatan, 23.06.2014). *Son 5 yılda atık su arıtımı için harcanan para 180 milyar TL.'dir* (Milliyet, 21.03.2015).

Бара-бара *arıt* етістігіне *-ma* сөз тудырушы аффиксі жалғанып, *arıtım* сөзінің басқаша бір нұсқасы *arıtma* (тазарту) деген термин жасалды. Бұл терминнің екі нұсқасы да түрік баспасөзінде бірдей қолданылуда.

Мысалы: *Ülkemizdeki turistik tesislerin yüzde 81'inde arıtma tesisi yok!* (Milliyet, 12.04.2007). *Türk İşbirliği ve Koordinasyon Ajansı Başkanlığı (TİKA), Gazze'de su arıtma tesisinin açılışını gerçekleştirdi* (Sabah, 04.09.2012).

Yonga түрікше сөзі қазақ тіліндегі «жаңқа» дегенді білдіреді. Қазіргі лексикада ол чип (компьютер чипі) деген мағынада белсенді қолданылып жүр [157, б. 2606].

Мысалы: *Samsung 2012 senesinde toplam DRAM yonga üretimini yüzden 10'undan fazlasının 4GB kapasiteli (ya da daha fazla) olmasını planlıyor* (Hürriyet, 07.06.2011). *Bu yonga, işlemci üzerine monte edilmiş olması sayesinde çok az yer kaplıyor ama daha az ısı üretiyor* («Milliyet», 04.05.2012).

Сол сияқты түрікше *tüzük* көне сөзі «жарғы» деген сөздің баламасы ретінде қабылданды. Көне түркі *tüz* түбірінен жасалған «түзік» сөзі қазақ тілінде «түзу», «тура», «дұрыс» деген мағынаны білдіреді. Осы мағына *жарғы* сөзінің баламасы ретіндегі *tüzük* жаңа қолданысына негіз болған.

Мысалы: *Kamu Kurum ve Kuruluşlarına Ait Eserlerden Faydalanma Usul ve Esasları'nı düzenleyen tüzük değiştirildi* (Milliyet, 03.03.2006). *Bu nedenle parti içi demokrasiyi yaşama geçirecek bir demokratik tüzük öneriyoruz* («Vatan», 19.10.2007).

Oran сөзі көне түркі тілінде «өлшеу», «дәреже», «көлем», «есеп», «болжау» деген мағыналарда қолданылған [300]. Қазір ол күнделікті өмірде өте жиі қолданылатын «сәйкестік» (пропорция) терминіне балама бола алды. Мысалы: *Ancak bu vergi oranı, asgari ücretlinin ödediği yüzde 25 oranından 13 puan düşüktür* («Zaman» газеті, 30.12.96). *Katılımcıların yüzde 90'ı Hristiyanlar için dini özgürlüğün önemine vurgu yaparken, Müslümanlar için sorulduğunda bu oran yüzde 60'lara düştü* (Vatan, 30.12.2015).

Тәуелсіздік кезеңіндегі ана тілінің мемлекеттік мәртебесіне сай қоғамдық қызметінің жан-жақты салаларда жандануына байланысты қалыптасқан жаңа қолданыстардың денін мазмұнында ұлттық-мәдени код астарланған әр түрлі аналитикалық атаулардың (бірнеше сөзден тұратын терминдер, фразеологиялық тіркестер мен оралымдар, тұрақты сөз тіркестері, қос сөздер) универбтенуі арқылы жасалған жаңа қолданыстар құрайды.

Қазіргі таңдағы тұрақты тіркестер мағынасы тарихи тұрғыдан алғанда еркін сөз тіркесінің тура мағынасында қолданылуынан тарайды. Кейін адам танымының кеңеюіне байланысты бұл фразеологиялық тіркестерден жаңа ұғымды атау мақсатында номинативті мағына беру құралы ретіндегі туынды жаңа атау жасалады.

Бұл құбылысты профессор Р.Ә. Авакова «фраземалардың таңбалық-символдық семантикасы» деп анықтайды: «Тіл-тілдегі фраземалар – халықтың әр кезеңдегі тұрмыстық, әлеуметтік тәжірибесінің негізінде пайда болған, бойына ғасырлар құпиясын атадан балаға мұра ретінде сақтаған элементтер» [195, б. 138].

Демек, ғалымның пайымдауынша «...фразема жасауға ұйытқы символ сөздердің табиғатын ашу барысында әр халықтың әдет-ғұрпын, салт-санасын, дүниетанымы мен мәдениетін, этнографиясы мен тарихын және т.б. әлеуметтік, экстралингвистикалық факторлар арқылы ономазиология аясында қарастырылатын саяси, қоғамдық факторларды ескерген жағдайда олардың уәждерін ашуға болатыны сөзсіз» [195, б. 140].

Бұл тұжырым осы орайда қалыптасқан жаңа қолданыстар мазмұнындағы лингвомәдени кодты ашуға септігін тигізетін аялық білімді дәйектейді.

Газет бетін ең алғаш ашқанда, оқырманның назарын аударатын – өткір, нысанаға дәл тиетіндей сәтті, табылған тақырып. Сондықтан тақырып ретінде асыл қазына, ұшан-теңіз байлығымыз ретіндегі тұрақты тіркес, мақал-мәтелдерді орынды пайдалана білу – мақала мазмұнындағы ұлттық код кілтін ашатын тиімді прагматикалық амал.

Мысалы: «Жығылып жатып сүрінгенге күлмейік» (Жас Алаш, №57, 1999), «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды» (Егемен Қазақстан, 12.10.2010); «Төртеу түгел болса, төбедегі қаржы түседі» (Айқын, 1997), «Құда – мың жылдық, депутат қанша жылдық?» (Жас Алаш, 06.07.2004), «Ұрлық етсең қорықпай, тояды қарның торықпай» (Жас Алаш, 1998), «Баяғы жартас бір жартас» (Ана тілі, №20, 04.02.2010), «Қыз өссе елдің көркі» (Егемен Қазақстан, 15.01.2015), «Ұлық болсаң, кішік бол» (Алматы ақшамы, 03.02.2016), «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» (Ана тілі, 25.11.2014) т.б.

Дәл осы үрдіс түрік баспасөзінен де байқалады.

Мысалы: “*Acele işe şeytan karışır*” (Milliyet, 03.12.2009), “*Yok devenin rabucu*” (Milliyet, 20.07.2015), “*İki karpuzu bir koltuğa sığdırıyorum*” (Hürriyet, 03.11.2011), “*Mal canın yongasıdır kavgası*” (Hürriyet, 03.10.2009), “*Öfkeyle kalkan zararlar oturur*” (Vatan, 03.11.2012), “*Parayı veren düdüğü çalar*” (Vatan, 30.07.2012), “*Vakit nakittir*” (Hürriyet, 09.12.2013), “*Yarası olan gocunur*” (Vatan, 23.02.2010), “*Zorla güzellik olmaz*” (Milliyet, 20.08.2014), “*Leyleğin ömrü laklakla geçer*” (Sabah, 27.02.2014), “*İt iti ısırılmaz*” (Sabah, 12.08.2015), “*Güneş girmeyen eve...*” (Milliyet, 11.08.2014), “*Demokrasi gülünün dikenleri*” (Vatan, 20.06.2009) т.б.

Сайып келгенде, қазақ және түрік баспасөзінде жиі қолданылатын төл терминдер мен жаңа қолданыстар мазмұнында астарланған ұлттық-мәдени код жалпы сөзжасам үдерісін түзетін когнитивтік тетік ретінде танылады.

Себебі: «Уақыт пен кеңістік контекстінде қоғамдағы тіл қызметінің тілді тұтынушының санасы мен әрекеті аясындағы, атап айтқанда, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі коммуникативтік қызметінің жоғары қоғамдық қолданысының ерекше көрінісі – газет прагматикасы. Бұл арада газет тілінің аясында *адресант (журналист) – газет мәтіні – адресат (оқушы)* байланысына ерекше мән беріліп, осы мақсаттағы прагматикалық пресуппозиция психолингвистикамен, социоллингвистикамен ұштасады. Газет мәніндегі астарлы т.б. мәндермен астасып, жаңа эспрессивті бояуға ие болған сөздер (*жаңа қазақ, билік, шенеунік* т.б.), жаңа сададағы имандылық мазмұнға ие болған діни лексика, жағымсыз бағалаушы лексика (*жемқорлық, жымқыру* т.б.), әр түрлі сөз құбылтулар мен жаңа қолданыстардың прагматикалық мәні жеке сөз шеңберінде емес, қазіргі қазақ газет мәтіндерінің тұтас жүйесінде анықталатыны соңғы зерттеулер барысында айқын көрінеді. Және газет мәтініндегі контекстік мағына негізінде қалыптасқан прагматикалық мағынаның бара-бара негізгі мағынаға да айналып кететінін де газет тілін зерттеу нақты көрсетеді. Мысалы, *шенеунік, тұсаукесер* т.б.» [262, б. 560].

3-ші тарау бойынша тұжырым

- танымдық-ақпараттық құрал ретіндегі жаңа қолданыстардың қазақ және түрік баспасөзіндегі көріністері лингвокогнитивтік бағытқа сай *тіл~мәдениет, тіл~қоғам, тіл~адам* т.б. сабақтастығында қарастырылып, жаңа қолданыстардың қоғамдық-әлеуметтік қызметінің баспасөз бетіндегі белсенділігі негізінде талданды;

- қазақ баспасөзінде қоғамдық сананы дамытушы және оған ықпал етуші тілдік құрал ретінде қызмет ететін жаңа қолданыстардың танымдық ақпараты, қоғамда жағымды мән туғызатын прагматикасы мәтіндік талдау арқылы интерпретацияланды. Сонымен қатар қазақ баспасөзінің кумулятивтік қызметі этнолексиканы қолдану арқылы адресат санасында рухани құндылықтардың жаңғыртылуы негізінде көрсетілсе, түрік баспасөзінде шетелдік қолданыстардың басымдылығы анықталды;

- газет мәтініндегі жаңа қолданыстар мазмұнында сақталған ұлттық кодты ашу барысында қазақ тілі қазынасындағы ұлттық дүниетанымды тіл арқылы айшықты бейнелеген дара тұлғалардың публицистикалық мақалаларын дискурстық талдау маңызы көрсетіліп, нақты дәйектелді. Мазмұнында ұлттық кодтың мәні сақталған жаңа қолданыстар түрік тілінде де көптеп кездесетіні де лексикографиялық еңбектердің деректері негізінде көрсетілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу барысында айқындалған негізгі тұжырым: жаңа қолданыстардың түрік тілінде дамып, қалыптасуына байланысты мәселелердің көпшілігі қазақ тілінде де өзектелген осы мәселелермен үндеседі. Оның негізгі себебі: ХХІ ғасырдағы жаһандану заманына тән инновациялық үдерістер әлемдік тіл жүйесіне қарқынды өзгерістер әкелді. Ол әсіресе икемді әрі өзгермелі сипатымен ерекшеленетін тілдік жүйенің лексикалық деңгейінде айқын байқалады. Соның көрінісі ретінде, қазіргі кезеңде саяси, мәдени және экономикалық салаларда қарқынды жанарулардың тілдік өрнектері қазақ және түрік тілдерінің лексикалық және сөзжасамдық жүйесінен көрініс тауып, БАҚ беттерінде «неологиялық жарылыс» орын алуда.

Осыған байланысты қазіргі таңда тілде пайда болған жаңа қолданыстарды *тіл~таным~қоғам* контексінде зерттеудің тіл біліміндегі өзектілігін басшылыққа ала отырып, қазіргі замандағы баспасөз тілінің кешенді болмысына сай жүргізілген зерттеу барысында төмендегідей қорытынды жасалды:

- тарихи-элеуметтік жағдаятқа сай *тіл~қоғам*, *тіл~мәдениет*, *тіл~ғылым // техника*, *тіл~бизнес*, *тіл~экономика*, *тіл~жаһандану*, *тіл~дін (имандылық)* т.б. сабақтастықтағы белсенді сөзжасамдық үдерістерді бейнелейтін жаңа қолданыстар – қазақ және түрік танымы мен төл мәдениетіне тән қалыптасқан тіл құралдары екендігі дәлелденді;

- санадағы жаңару үдерісінің тілдік бейнесі ретіндегі жаңа қолданыстардың болмысы неология, неография салаларының ғылыми-әдістемелік базасына сай сипатталып, «неологизм», «жаңа қолданыс», «жаңа атау», «жаңа сөз», «жаңа ұғым» атаулары негізінде түсіндірілді. Олардың болмысын тану барысында жаңарған және мағынасы жаңғырған атауға қатысты «жаңа қолданыс», ал жаңа сөздер туралы ілімге қатысты «неологизм», «неолексема», «неофразема», «неосемема» терминдері арқылы мазмұны ашылды;

- қазақ және түрік лексикасындағы жаңа қолданыстар тек қоғам танымындағы, санадағы жаңару ұғымының ғана атауы емес, жалпы лексиканы байытатын даму үдерісінің де тілдік таңбасы екендігін оларды *тіл~мәдениет* сабақтастығында лингвокогнитивтік талдау арқылы ғана анықтауға болатыны айқындалды. Бұл мәселе тәуелсіздік кезеңінде құрастырылған он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігіне» және Түркияда жарық көрген түрлі терминологиялық сөздіктерге енген жаңа қолданыстардың, жаңғырған атаулардың концептуалдық талдануы арқылы дәйектелді;

- тіл арқылы танылатын тіл иесінің ұлттық болмысы мен дүниетанымына тән күнделікті қолданыс тәжірибесі мен заманға сай қызметі т.б. тілден тыс факторларды, атаулардың ономазиологиялық сипаты мен этномәдени уәжділігін тіл арқылы тану тиімділігі нақты көрсетілді;

- жаһандану кезеңіндегі жаңа қолданыстардың антропоэлектік жүйесі баспасөз тіліндегі тіл иесі танымына негізделген қазақ және түрік әлемінің тілдік бейнесін концептуалдық, мәнмәтіндік талдаулар арқылы түсіндірілді;

- лексика – тіл тұтынушы қоғамның жалпы күйін ғана емес, қоғам мүшелерінің ой-санасын да зерттеуге негіз болатын тілдік қазына. Зерттеу жұмысында шындық дүниедегі өзгеріс көрінісі ретінде тілдің лексикалық құрамының жаңа сөздермен толығып отыруы, қоғамның жаңа ұғымдар мен реалийлерге атау беруге ұмтылуы қоғамдық-әлеуметтік мүддеге сай заңды құбылыс екені *тіл~таным~қоғам* сабақтастығында қарастырылды. Неологизмдермен салыстырғанда жаңа қолданыстардың танымдық-ақпараттық құрал ретіндегі қызметі қоғамдық-әлеуметтік санадағы үдерістің тілдік көріністерінің негізгі қолданыс аясы – баспасөзде айқын көрінетіні ғалам медиабейнесіндегі жаңа қолданыстардың прагматикалық және кумулятивтік мәнін нақты мәнмәтіндік талдау арқылы дәлелденді;

- зерттеу нәтижесінде қазақ және түрік баспасөзіндегі жаңа қолданыстар мазмұнында тілдің өз мүмкіншіліктерін сарқа пайдалану қағидасына сай астарланған лингвомәдени кодты ашу когнитивтік тәсіл деп тұжырымдалды.

Зерттеу жұмысында түрік тіліндегі жаңа қолданыстардың лингвокогнитивтік даму жүйесінің мынадай ерекшеліктері айқындалды:

- Түркияда Ататүрік кезеңінен бастау алып, 1940-1950 жылдары ерекше қарқынмен жүргізілген «Тілді тазарту» науқандарының бара-бара өзектілігі әлсіреп, дәл қазір тіпті бәсеңдеп қалғаны байқалады;

- кезінде Ататүрік басшылығымен сәтті өткізілген тіл реформасынан кейін түрік тілі біршама тазаланып, бөгде тілдік элементтерден (көбінесе араб, парсы) едәуір арылса, қазіргі таңда әлемдегі барлық тілдер сияқты түрік тілі де Батыс тілдерінің экспансиясына ұшырап отыр. «Түрік тілі қоғамының» жанкешті жұмыстарына қарамастан, жаһандану үдерісі нәтижесінде қазіргі түрік тілінде аталмыш қоғам ұсынған баламалардың орнына көбінесе шетелдік сөздерді пайдалану үрдісі байқалуда;

- түрік санасында француз, итальян, ағылшын, грек сөздерінің әуезділігі мен құлаққа жағымдылығына басты назар аударылуымен байланысты түрік тілінде жаңа сөздерді қабылдау барысында эстетикалық принципке ерекше мән берілетіні көрсетілді;

- «Түрік тілі қоғамы» сайты ұсынып, түрік баспасөзінде үнемі жарияланып тұрған көптеген жаңа атаулардың күнделікті қолданыстан шығып қалуы түрік баспасөзінде сол сөздердің бұрынғы шеттілдік баламаларын қолдану үрдісінің күшеюімен байланысты екені анықталды;

- кезіндегі Ататүрік дәстүрі ұмытылып, тілдік реформа кезінде түрік тілінен шығарылған кейбір араб-парсы сөздерінің тілге қайта кіру фактілері жиі кездесуі Түркияның қазіргі үкімет басына келген исламшылдар ұстанып отырған саясаты және «араб-парсы сөздерін тілге қайта енгізу арқылы бұрынғы османдық бай әдеби мұраларға біршама жақындаймыз, әрі араб-парсы варианттар түрік тілінің синонимдік қатарын байыта түседі, тілге одан ешқандай зиян келмейді» деген пікірлерінің ықпалымен түсіндірілді;

- Түркияда мындаған халықаралық терминдердің пайда болуына әкелген мынадай экстралингвистикалық факторлар көрсетілді: 1) 2000 жылдары Түркияның Еуроодақ мүшелігіне үміткер болуына байланысты Еуропа мен

Түркия арасында дипломатиялық, экономикалық, саяси, мәдени, ақпараттық қарым-қатынастардың ерекше қарқынмен жандануы, Еуроодақ тілдері мен түрік тілі арасында мыңдаған заңнамалық актілер мен құжаттардың аударылуы түрік терминологиясы дамуының ұлттық бағдарын тежеді; 2) Түркия мен Қазақстанның демографиялық жағдайындағы айырмашылық. Қазір Қазақстандағы қазақтар саны – 13 млн., түріктер – 83 млн. Адам саны 90 млн.-ға жуық, мыңдаған веб-сайты, мыңнан астам ресми және бейресми телеарнасы, жүздеген радио арнасы бар Түркия халқының күнделікті тілдік қолданысын бұрынғыдай үкімет тарапынан қатаң бақылап, қадағалау қиыншылық туғызуда; 3) ұзақ ғасырлар бойы империя болып, ешқашан біреудің қоластында бодан болып көрмеген түріктердің ұлттық сана-сезімі – түріктердің когнитивтік санасының ерекшелігі. Оның басты себебі – елдегі негізгі ұлт – түріктер санының басымдығы (82%) және бүкіл халықтың жаппай түрік тілінде сөйлеуі; 4) қазіргі Түркияда бұл мәселені қолға алып, ұйымдастырып, біріздендіретін Ататүрік секілді біртуар тұлға жоқтығынан туындаған «Түрік тілі қоғамы» ұсынып отырған жаңа сөздерге тіл тұтынушы қоғамның енжарлығы; 5) қазіргі жаһандану дәуірінде шетелдік сөздердің түрік не қазақ тіліне ықпалын азайтудың бірден-бір жолы – ғылым мен техниканың төл өнімдері ретіндегі техникалық жиһаз не құралдарға түркі атауларын беру арқылы бүкіл әлемге «түркі әлемін» таныту;

Қорыта айтқанда, Қазақстан және Түркия Республикаларының бәсекелестікке қабілетті ел ретінде қай салада болмасын қарқынды дамуы интеграциялық қарым-қатынасты күшейтті. Соған орай тіл тұтынушысы санасында ғылым мен білім қорының жаһандану үрдісі қалыптасуда. Бұл үрдіс инновациялық жүйенің тиімді қолданылуына негізделген қазақ-түрік тіл білімінің ғылыми-теориялық негіздемесін дамытуды қажет етеді. Сондықтан қазақ және түрік тілдерінің жаңа өмірге икемделген заманауи лексикасы мен жаңа атауларының мән-мазмұнын ашу аса маңызды.

Зерттеудің ғылыми болжамы. Қазақ тіліндегі жаңа қолданыстардың лингво-когнитивтік даму жүйесін айқындауда түрік тіл біліміндегідей адам антропологиясымен, нейрологиямен, психологиямен тығыз қарым-қатынастағы сабақтастықты кеңейтіп, заманауи да кешенді зерттеу үрдісін күшейту.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 207 б.
- 2 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы: Ел- Шежіре, 2013. – Т. VI. – 384 б.
- 3 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 362 б.
- 4 Төрешұлы Н. Жат сөздер туралы. – Мәскеу: Күншығыс, 1926.
- 5 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 6 Бисенғали А.З. Қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі терминдену үдерісінің сипаты // «Академик Ө.Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері». Халықаралық ғыл.-теор.конф. матер. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2016. – Б. 110-114.
- 7 Қайдар Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 43 б.
- 8 Ахатова Б. А. Политический дискурс и языковое сознание. – Алматы: Экономика, 2006. – 302 с.
- 9 Ибраева Ж.К. Язык политики и политика языка. – Алматы: Тарих тағылымы, 2010. – 200 с.
- 10 Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. – 117 б.
- 11 Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – Алматы: Арыс, 2009. – 226 б.
- 12 Алдашева А. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа қолданыстар: фил. ғыл. канд. дисс.автореф. – Алматы, 1992. – 143 б.
- 13 Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. (Құрастырғандар: Ө.Айтбаев, А.Алдашева, Ш.Сарыбаев, Р.Сыздықова, Н.Уәлиев, И.Ұйықбаев). – Алматы: Ғылым, 1985. – 67 б.
- 14 Алдаш А. Сөз мәдениеті: жаңа қолданыстар негізінде. – Алматы: Сардар, 2015. – 320 б.
- 15 Бисенғали А.З. Языковые соответствия новообразований в казахском и турецком языках // XIV Международная научно-практическая конференция «ОБРАЗОВАНИЕ: Традиции и инновации» (Прага, Чешская Республика, 27 апреля, 2017). – С. 33-37.
- 16 Қадырқұлов Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа қолданыстар: фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1995. – 113 б.
- 17 Қадырқұлов Қ. Жаңа сөздер мен жаңа сөз қолданыстардың айырым белгілері // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2012. – №1 (135). – Б. 127-130.
- 18 Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б.
- 19 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская

энциклопедия, 1966. – 253 с.

20 Рященко М.А. К вопросу о неологии как о средстве расширения лексического запаса (на материале французского языка) // Вестник Челябинского государственного университета. – 2014. – №16 (345), вып. 91. – С. 121-123.

21 Шанский Н.М. Лексикология современного русского языка. – М.: ЛКИ, 2007. – 299 с.

22 Арнольд И.В. Лексикология современного английского языка. – М.: Наука, 1959. – 308 с.

23 Гальперин И.Р. К проблеме стилистической дифференциации словарного состава современного английского языка. – М.: МГУ, 1953. – 285 с.

24 Попова Т.В. Русская неология и неография. – Екатеринбург: УГТУ-УПИ, 2005. – 96 с.

25 Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Энциклопедия, 1990. – 331 с.

26 Намитокова Р.Ю. Авторские новообразования: словообразовательный аспект. – Ростов на Дону: Изд-во Рост. ун-та, 1986. – 160 с.

27 Калинин А.В. Лексика русского языка. – М.: Изд. МГУ, 1978. – 232 с.

28 Лопатин В.В. Рождение слова: Неологизмы и окказиональные образования. – М.: Наука, 1973. – 150 с.

29 Лыков А.Г. Современная русская лексикология (Русское окказиональное слово). – М.: Высшая школа, 1976. – 118 с.

30 Розенталь Д.Э. Справочник по русскому языку. Словарь лингвистических терминов. – Минск: Оникс 21 век, 2008. – 20 с.

31 Gilbert P. Dictionnaire des mots nouveaux. – Hachette: Tchou, 1971. – 572 p.

32 Котелова Н.З. Первый опыт лексикографического описания русских неологизмов // Новые слова и словари новых слов. – Л.: Наука, 1978. – 21 с.

33 Уфимцева А.А. Опыт изучения лексики как системы. – М.: АН СССР, 1962. – 221 с.

34 Торопцев И.С. Словопроизводственная модель. – Воронеж: ИПЦ ВГУ, 1980. – 148 с.

35 Караулов Ю.Н. Общая и русская идеография. – М.: Наука, 1976. – 11 с.

36 Лаврова Н.А. Неологические контаминации и их словарная репрезентация // Вестник Ленинградского государственного университета им. А.С.Пушкина. – 2010. – Т. 1, № 1. – С. 120-129.

37 Сенько Е.В. Теоретические основы неологии. – Владикавказ: СОГУ, 2001. – 107 с.

38 Rey A. Neologisme, un pseudo-concept // Cahiers de lexicologie. – Paris: Didier-Larousse, 1976. – Vol. 28. – №1. – P. 97-128.

39 Розен Е.В. Новое в лексике немецкого языка, – М.: Просвещение, 1976. – 174 с.

40 Guilbert L. La créativité lexicale. – Paris: Librairie Larousse Publ., 1975. – 285 p.

41 Cabré T. Terminology: Theory, Methods and Applications / DeCesaris J.; Sager J. – Amsterdam, Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 1999.

– 247 p.

42 Гуральник Т.А. «Американский образ жизни» в зеркале неологизмов: опыт концептуального анализа // Вестник Самарского Государственного университета. Гуманитарная серия. – 2006. – №5/1 (45). – С. 166-171.

43 Тогоева С.И. Новое слово: подходы и проблемы // Психолингвистические проблемы функционирования слова в лексиконе человека. – Тверь, 1999. – 17 с.

44 Валгина Н.С. Активные процессы в современном русском языке. – М.: Логос, 2003. – 304 с.

45 Куликова И.С. Представление в содержании слова // Языковые значения. – Л.: ЛГШ им.А.И.Герцена, 1976. – С. 21-29.

46 Тогоева С.И. Психолингвистические проблемы неологии. – Тверь:ТГУ, 2000. – 155 с.

47 Тер-Минасова С.Г. Война и мир языков и культур. – М.: МГЛУ, 2008. – 344 с.

48 Брагина А.А. Значение и оттенки значения в термине / Терминология и культура речи. Под ред. Скворцова Л.И. – М.: Наука: 1981. – 270 с.

49 Banguoğlu T. Türkçenin Grameri. – Ankara: TDK. 2015. – 628 s.

50 Korkmaz Z. Gramer Terimleri Sözlüğü. – Ankara: TDK. 1992. – 296 s.

51 Aksan D. Anlam alışverişi olayları ve Türkçe // Türk Dili Araştırmaları Yıllığı Belleten. – 1961. – S. 207-273.

52 Aksan D. Anlambilimi ve Türk Anlambilimi. – Ankara: DTCF, 1971.– 199 s.

53 Başkan Ö. Terimlerde Özleşme Sorunu // Türk Dili Araştırmaları Yıllığı Belleten. – 1973-1974. – S. 173-184.

54 Vardar B. Toplumsal ve dilsel açıdan yeni sözcükler. – İstanbul: İstanbul Üniversitesi Yayınları, 1976. – S. 154-171.

55 Demircan Ö. İletişim ve Dil Devrimi. – İstanbul: Yayılım Yay., 1980.– S. 54.

56 Zülfikar H. Terim Sorunları ve Terim Yapma Yolları. – Ankara: TDK, 2011. – 213 s.

57 Imer K. Dilde Değişme ve Gelişme Açısından Türk Dil Devrimi. – Ankara: TDK, 1976. – 126 s.

58 Akalın, Ş. Türkçede Eksilteli Yapıdan Sözlükselleşme. EFD Edebiyat Fakültesi dergisi. – 31/2. – 2014. – S. 13-29.

59 Eker S. Çağdaş Türk Dili. 9. Baskı.– Ankara: Grafiker, 2015. – 478 s.

60 Büyükkantarcıoğlu N. Toplumsal Gerçeklik ve Dil. – İstanbul: Multilingual Yayınları, 2006. – 141 s.

61 Karaş M. Dilde yeni sözcükler konusuna dilbilimsel bir yaklaşım // Dilbilim Araştırmaları. – 1990. – S. 145-154.

62 Özel S. Türkiye Türkçesinde Sözcük Türetme ve Birleştirme. – Ankara: TDK, 1977. – S. 18.

63 Emecan N. 1960'tan Günümüze Türkçe' Bir Sözlük Denemesi. – İstanbul: Yapı Kredi Yayıncılık, 1998. – S. 182.

64 Karaağaç G. Dil bilimi terimleri sözlüğü. Ankara: TDK Yayınları, 2013. – 936 s.

- 65 Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смагулова Ж.С., Аканова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі / Словарь социолингвистических терминов. – Алматы: Арман – ПВ, 2007. – 392 б.
- 66 Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. (Құрастырғандар: Алдашева А., Әнесов Ғ., Сарыбаев Ш., Сыздықова Р., Уәлиев Н.). – Алматы, 1990. – 136 б.
- 67 Жаңа атаулар: Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. (Құрастырғандар: Алдашева А., Сарыбаев Ш., Уәлиев Н.) – Алматы: Ана тілі, 1992. – 128 б.
- 68 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 т. – Алматы: Арыс, 2006. – 744 б.
- 69 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – 10 т. – Алматы: Ғылым, 1974-1986.
- 70 Zülfiyar H. Yüksek öğretimde türkçe yazım ve anlatım. – Ankara: Gül yay., 1981. – 218 s.
- 71 Толковый словарь современного русского языка начала 21 века. Актуальная лексика: Около 8 500 слов и устойчивых словосочетаний / Под ред. Г.Н. Складчиковой. – М.: ЭКСМО, 2006. – 1136 с.
- 72 Брагина А.А. Неологизмы в русском языке. – М.: Просвещение, 1973. – 224 с.
- 73 Котелова Н.З. Теоретические аспекты лексикографического описания неологизмов. – М.: Энциклопедия, 1988. – 275 с.
- 74 Тогоева С.И. Современная лексикография и новые единицы номинации. – М.: Академия, 2007. – 147 с.
- 75 Belgin T. Türk Dil Kurumunun Sözlük Çalışmaları 1932-2002 // Türk Dili Dil ve Edebiyat Dergisi. Özel Sayı: TDK'nin 70. Yılı.– 2002/II. – Sayı: 607.– S. 144.
- 76 İlaydın H. Tanıklarıyla Tarama Sözlüğü. (Kitaplar – Tenkit) // Türk Dili Dil ve Edebiyat Dergisi. C: III. – Ocak, 1954. – Sayı: 28. – S. 227.
- 77 Türkçe Sözlük, 11. Baskı. – Ankara: TDK Yayınları, 2011. – 2763 s.
- 78 Aksu T. Türk Dil Kurumunun Sözlük Çalışmaları 1932-2002 // Türk Dili Dil ve Edebiyat Dergisi, Özel Sayı: TDK'nin 70. Yılı. C: 2002/II, Sayı: 607, 2002.– S. 140-174.
- 79 Dizdaroğlu H. Türk Dil Kurumu Çalışmaları (1932-1966). – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 1966.
- 80 Кахраман М. Түрік терминологиясы және классикалық кезең // Түрік терминологиясы. – 2010. – № 3 (76). – 146 б.
- 81 Aksan D. Her Yönüyle Dil. Ana Çizgileri İle Dilbilim. – Ankara: TDK, 1995. – 568 s.
- 82 Karal E. Osmanlı Tarihinde Türk Dili Sorunu (Tarih Açısından Bir Açıklama) // Bilim. Kültür ve Öğretim Dili Olarak Türkçe. – Ankara: TTK, 1994. – 599 s.
- 83 Baydur S. Dilimiz ve Yunan-Latin Asıllı Kelimeler // Türk Dili Araştırmaları Yıllığı-Belleten 1953. – S. 93-121.
- 84 Tietze A. Griechische Lehnwörter im anatolischen Turkish // Oriens VIII, 2. – 1955. P. 204-257.
- 85 Tietze A. Slavische Lehnwörter in der türkischen Volkssprache // Oriens, X. – 1957. P. 1- 47.

- 86 Dankoff R. Armenian Loanwords in Turkish. – Wiesbaden: Harrassowitz, 1995. – 217 p.
- 87 Kundakçı D. İtalyancadan Türkçeye, Türkçeden İtalyancaya Geçmiş Sözcükler Üstüne // İtalyan Filolojisi, Yıl 10. – S: 11. – Ankara, 1978. – S. 135-153.
- 88 Korkmaz Z. Türk Dilinin Tarihi Akışı içinde Atatürk ve Dil Devrimi. – Ankara: Ankara Üniversitesi Basımevi, 1963. – 85 s.
- 89 Ünver İ. Türkiye’de Osmanlıca öğretiminin Dünü, Bugünü // Türkoloji Dergisi. Cilt X. – S: 1. – S. 21-30.
- 90 Dilaçar A. Gramer // TDAY-Belleten. – Ankara: TDK, 1971. – S. 83-145.
- 91 Banguoğlu T. Türk Grameri. I Bölüm. Sesbilgisi. – Ankara: TDK, 1959. – 306 s.
- 92 Parlatır İ. Servet-i Fünûn edebiyatı. – Ankara: Akçağ yay., 2006. – 584 s.
- 93 Kaplan M. Türk Edebiyatı Üzerine Araştırmalar. – İstanbul: Dergah yay., 1976. – 578 s.
- 94 Akyüz K. Modern Türk edebiyatının ana çizgileri. – Ankara: MAS Matbaacılık, 1979. – 267 s.
- 95 Kuran A. İnkılâp Tarihimiz ve Jön Türkler. – İstanbul: Kaynak Yay., 2000. – 461 s.
- 96 Yusuf H. Türk İnkılâbı Tarihi. – C:I, K:I. – Ankara, 1991. – 493 s.
- 97 Shaw S. J. – Shaw E. K. Osmanlı İmparatorluğu ve Modern Türkiye. – C. 2. – İstanbul, 1983. – 575 s.
- 98 Uğurlu N. Resneli Niyazi Hatıratı. – İstanbul: Örgün yayınevi, 2003. – 386 s.
- 99 Karal E. Osmanlı Tarihi 1908-1918. – C. IX. – Ankara: TTK yayını, 1999. – 593 s.
- 100 Kuran A. Osmanlı İmparatorluğunda İnkılap Hareketleri ve Milli Mücadele. – İstanbul: Çeltüt, 1959. – 927 s.
- 101 Zurcher E. Modernleşen Türkiye'nin Tarihi. – İstanbul: İletişim yay., 1996. – 568 s.
- 102 Turan M. Yunan Mezalimi (İzmir, Aydın, Manisa, Denizli – 1919-1923). – Ankara: Atatürk Araştırma Merkezi, 1999. – 494 s.
- 103 Hocoğlu M. Tarihte Ermeni Mezalimi ve Ermeniler. – İstanbul: ANDA Dağıtım, 1976. – 866 s.
- 104 Karal E. Osmanlı Tarihi. – C. 5. – Ankara: TTK, 1988. – 329 s.
- 105 Selek S. Anadolu İhtilali. 8. Basım. – İstanbul: Kastaş A.Ş. Yayınları, 1987. – 1184 s.
- 106 Atatürk ve Büyük Zafer. Milli Kütüphane Atatürk Dokümantasyon Merkezi. – Ankara, 1972. – 112 s.
- 107 Celal M. II. Meşrutiyette Türkçü Ütopya: “Yeni Hayat” // Modern Türklük Araştırmaları Dergisi. – C.5. – Ankara, Eylül 2008. – Sayı: 3. – S. 1-25.
- 108 Gökalp Z. Türkçülüğün Esasları (Hazırlayan: Mehmet Kaplan). – Ankara: Kültür Bakanlığı, Ziya Gökalp Yayınları, 1976. – 197 s.
- 109 Üstel F. İmparatorluktan Ulus-Devlete Türk Milliyetçiliği // Türk Ocakları (1912-1931). – İstanbul: İletişim Yayınları, 2004. – 422 s.

- 110 Caferoğlu A. Türk Dili Tarihi. (3. baskı). – İstanbul: Enderun Kitabevi, 1984. – S. 25-50.
- 111 Parlatur İ. & Çetin N. Genç Kalemler Dergisi. – Ankara: TDK Yayınları, 1999. – 577 s.
- 112 Geoffrey L. The Turkish Language Reform: A Catastrophic Success. – New York: Oxford Üniversitesi Yayınevi, 2002. – 200 p.
- 113 Dilaçar A. Atatürk ve Türkçe // Atatürk ve Türk Dili. – Ankara: TDK Yay., 1963. – S. 41-52.
- 114 Caferoğlu A. Büyük Türk Kültürçüsü Atatürk // Türk Kültürü. – 1963. – Sayı: 13. – S. 114-115.
- 115 Levent A. Atatürk ve dil Davası // Türk Dili. – 1953. – Sayı: 26. – C. 3.
- 116 Atatürk'ün vasiyetnamesi // Türk Dili Belleten. – 1938. – Sayı: 33. – S. 34-35.
- 117 Vardar B. Terim bilimsel Etkinlik ve Terim bilim // Türk Dili. – 1980. – Sayı: 346.
- 118 Şimşir B. Türk Yazı Devrimi. – Ankara: Türk Tarih Kurumu yayını, 1992. – 488 s.
- 119 Sertkaya O. Atatürk'ün Dil Politikası I, II, III // Yaşayan Türkçemiz 1, 2. Baskı. – İstanbul: Tercüman Yay., 1981. – S. 11-15.
- 120 Tarama dergisi: Osmanlıcadan Türkçeye Söz Karşılıkları. – İstanbul: Devlet matbaası, 1934. – 848 s.
- 121 Bayur H. Atatürk ve Dil devrimi // Türk Dili. – 1954. – Sayı: 31. – S. 374-377.
- 122 Timurtaş F. Uydurma Olan ve Olmayan Yeni Kelimeler Sözlüğü. – İstanbul: Umur Yay., 1979. – 155 s.
- 123 Banguoğlu T. Kelime Dağarcığımız // Yaşayan Türkçemiz 1, 2. Baskı. – İstanbul: Tercüman Yay., 1981. – 73 s.
- 124 Ercilasun A. Tarihi Akışı İçinde ve Cumhuriyet Döneminde Türk Dili // BAL-TAM Türklük Dergisi. – Prizren, 2004. – Sayı: 1 (17). – S. 11-23.
- 125 Danişmend İ. Eşanlımlı Kelimeler // Yaşayan Türkçemiz 1, 2. Baskı. – İstanbul: Tercüman Yay., 1981. – S. 100-101.
- 126 Atalay B. Türkçede Kelime Yapma Yolları. – İstanbul: İbrahim Horoz Basım Evi, 1946. – 155 s. – S. 31-32.
- 127 Atay F. Çankaya (Atatürk Devri Hatıraları). – C.II. – İstanbul: Dünya Yayınları, 1961. – 686 s.
- 128 Levent A. Türk Dilinde Gelişme ve Sadeleşme Evreleri. – Ankara: TDK yayını, 1972. 3.baskı. – S. 439-441.
- 129 Levent A. Dil Davası. – Ankara: TDK yayını, 1952. – 134 s.
- 130 Atay F. Çankaya (Atatürk'ün doğumundan ölümüne kadar). – İstanbul: Doğan Kardeş Matbaacılık, 1969. – 586 s.
- 131 Korkmaz Z. Güneş-Dil Tejrisi ve Yöneldiği Hedefler // Meydan dergisi. – Ocak 1982. – S. 601.
- 132 Eker S. Türk Dil Bilimi Bakımından Tarihî Askerî Terminoloji. Modern Dönemde Rütbe ve Birlik Adları. – Ankara: Grafiker Yayınları, 2007. – 255 s.

- 133 Kasım Ö. Tarihsel Bir Anı // Bilim ve Teknik. – 1981. – S: 180. – S. 16.
- 134 Eker S. Çağdaş Türk Dili. 5.baskı. – Ankara: Grafiker Yayınları, 2009. – 585 s.
- 135 Afet İ. Atatürk ve Dil Bayramı // Türk Dili. – Ankara. – Kasım, 1965. – S. 170.
- 136 Dilâçar A. “Geometri” kitabının “Önsöz”ü. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayını, 1981. – S. 3.
- 137 Kaplan M. Kültür ve dil. – İstanbul: Dergah Yay., 1999. – 201 s.
- 138 Mehmet K. Milli Kültür. Yabancı Dil ve Tercüme Dair // Hisar-II. – Ocak, 1970. – S. 73.
- 139 Levend A. Yabancı kelime salgını // Türk Dili. Cilt VI. – 01.02.1957. – №65. – S. 249-251.
- 140 Safa P. Yabancı kelime suistimali // Milliyet. – 13.IX.1958. – №85.
- 141 Safa P. Terim Davamız // Dil Davası. – Ankara: TDK Yayınları, 1952. – S. 81-86.
- 142 Öger V. Soyut kavramlar ve Türkçe // Türkçenin dünü, bugünü, yarını. Uluslararası bilgi şöleni. Bildiriler. – Ankara, 7-8 Ocak, 2002. – S. 265-269.
- 143 Türk Dil Kurumu ve Etkinlikleri. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 1981. – 30 s.
- 144 Zülfikar H. Dünden Bugüne Türkçe (Terim cenneti, terimlerde birlik sorunu) // Türk Dili Dil ve Edebiyat Dergisi. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2007. – S. 838-845.
- 145 Turan Ş., Özel S. Türkçenin ve Dil Devriminin öyküsü. – Ankara: Dil Derneği, 2016. – 405 s.
- 146 Arsal S. Türk Dili için // Türk Ocakları İlim ve Sanat Heyeti neşriyatından. Milli Seri. – 1930. – Sayı: 1. – 517 s.
- 147 Mehmet A. Edebiyat // Sebilürreşad. – 08.03.1912. – S: 183.
- 148 Köklügiller A. Batıdan gelen sözcükler // Türk Dili. – 2010. – Sayı: 228. – S. 466.
- 149 Eker S. Çağdaş Türk Dili, 7.baskı.– Ankara: Grafiker Yayınları,2008. – 555 s.
- 150 Aksan D. Her Yönüyle Dil. Ana Çizgileri İle Dilbilim. III Cilt. – Ankara: TDK 439/3, 1982. – 247 s.
- 151 İmer K. Türkçenin sözvarlığındakî yeni öğeler // Dilbilim Araştırmaları, 1991. – S. 18-28.
- 152 Belge M. Türk Dilinde Gelişmeler. Cumhuriyet Dönemi Türkiye Ansiklopedisi. – C: 10. – İstanbul: İletişim Yayınları, 1989. S. 2558–2606.
- 153 Zülfikar H. Haberler: Kültür Bakanlığınca Yapılan I. Türk Dili Kurultayı, Ekim 1990, C: 1990/II // Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi. – Sayı: 466.
- 154 Özdemir E. Terim Hazırlama Kılavuzu. – Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 1973. – 102 s.
- 155 Büker A. Yabancı Sözlük Saldırısına Karşı Dilimizi Nasıl Savunmalıyız? // Çağdaş Türk Dili Dergisi. – Nisan 1987. – Sayı: 110. – S. 19-20.

- 156 Yabancı Sözlere Karşılıklar Kılavuzu.– Ankara: TDK Yayınları, 2008. – 202 s.
- 157 Kavcar C. Türkçenin güncel sorunları // Çağdaş Türk Dili Dergisi. – 2008. – Sayı: 244. – S. 152-158
- 158 Lakoff G., Brugman C. Argument Forms in Lexical Semantics // Proceedings of the 12th Annual Meeting of the Berkeley Linguistics Society, 1986. – P. 442-454.
- 159 Гиздатов Г.Г. Когнитивные модели в речевой деятельности. – Алматы: Ғылым, 1997. – 178 с.
- 160 Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 354 б.
- 161 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 335 б.
- 162 Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы, Ғылым, 2002. – 325 б.
- 163 Оразалиева Э. Н. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма: фил. ғыл. докт. дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 47 б.
- 164 Жұбаева О.С. Қазақ тілі грамматикалық категорияларының антропоэзектілігі: фил. ғыл. докт. дисс. автореф. – Алматы, 2010. – 60 б.
- 165 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: МГУ, 2008. – 352 с.
- 166 Aksan D. Türk anlam bilimine giriş – anlam değişimleri // T.D.A.Y. Belleten. – 1965. – S. 167-184.
- 167 Başkan Ö. Lengüistik Metodu. – İstanbul: Çağlayan Kitabevi, 1967.– 177 s.
- 168 Kocaman A. Anlambilimi Üzerine // Genel Dilbilim Dergisi 1/3-4.– 1979. – Sayı: 50. – S. 3-4.
- 169 Kocaman A. Dilbilimsel Anlambilim // Dilbilim ve Dilbilgisi Konuşmaları. – Ankara: TDK Yayınları, 1980. – S. 89-103.
- 170 Özinönü A. Kavram anlamı ve kavram gelişmesi // Gazi Eğitim Enstitüsü Araştırma ve İncelemeleri Bülteni, 2. – 1962.
- 171 Sesli H. Dil Alanı Üzerine. – Erzurum: Atatürk Üniversitesi Yay., 1968. – S. 1-13.
- 172 Toğrol B. Duygusal Anlam Sistemleri. – İstanbul: Edebiyat Fakültesi Matbaası, 1967. – 46 s.
- 173 Tura S. Anlam ve yorum // Dilbilim ve Dilbilgisi konuşmaları I. – Ankara: TDK Yayınları, 1980. – S. 104-123.
- 174 Bozşahin C., Zeyrek D.: Dilbilgisi, bilişim ve bilişsel bilim // Dilbilim Araştırmaları Dergisi. – İstanbul: Simurg Yay., 2000. – Sayı: 45.
- 175 Bozşahin C. Combinatory Linguistics. – Berlin: De Gruyter Mouton, 2012. – 283 p.
- 176 Kutlusoy Z. 21. Yüzyıla Girerken Felsefe ve Bilişsel Bilim // Felsefe Dünyası. – 2001. – Sayı: 33. – S. 45-54.
- 177 Kutlusoy Z. Bilişsel Bilim. Felsefe Ansiklopedisi. ed. Ahmet Cevizci. – Cilt 2. – İstanbul: Etik Yayınları, 2004. – S. 596-612.

- 178 Gezgin U. Bilişsel Bilimler Elkitabı [the Handbook of Cognitive Sciences]. – İstanbul: İstanbul Gelişim Üniversitesi, 2014. – 336 s.
- 179 Жарқынбекова Ш.К. Сопоставительная лингвоконцептология как новое направление в современной лингвистике // Жизнь языка и язык в жизни. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – С. 475.
- 180 Қысқаша когнитивтік терминдер сөздігі. – Алматы, 2002. – 160 б.
- 181 Ақбердиева Б. Қ. Қазақ тіліндегі мифтік жүйе. – Алматы: Арыс, 2005. – 136 б.
- 182 Вежбицкая А. Язык, культура, познание. – М.: Русские словари, 1997. – 416 с.
- 183 Ақаев С.Т. Терминнің тілдік және танымдық сипаты: фил. ғыл. канд. дисс.автореф. – Алматы, 2002. – 327 б.
- 184 Момынова Б. Қ. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: элеуметтік-бағалауыштық сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 140 б.
- 185 Сүйеркүл Б., Сейітбекова А. Тарихи теолингвистика: қалыптасуы, дамуы, негізгі бағыттары (Н.Рабғузидің «Адам ата – Хауа ана» қиссасы мен А.Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастаны материалдары негізінде). – Алматы: «Ғылым» ордасы РМК баспаханасы, 2017. – 140 б.
- 186 Заботкина В.И. Когнитивно-прагматический подход к неологии. – Калининград: КГУ, 1999. – С. 3-9.
- 187 Степанов Ю.С. Понятие «концепт», «антиконцепт»: Векторные явления в семантике // Концептуальный анализ языка: современные направления исследования: сб. науч. трудов. М.; – Калуга: Эйдос, 2007. – С. 19-26.
- 188 Кубрякова Е.С. О когнитивной лингвистике и семантике термина «когнитивный» // Вестник Воронежского Государственного университета. Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация. – Воронеж, 2001.– С. 4-10.
- 189 Черепанова Л.В. Неология как важная составляющая современной лингвистики / Черепанова Л.В. // Теоретические и прикладные аспекты лингвистических исследований. – Сургут, 2001. – С. 77-83.
- 190 Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – М.: Языки русской культуры, 1999. – 896 с.
- 191 Lakoff G., Johnson M. Metaphors we live by. – Chicago: University of Chicago Press, 1980. – 242 p.
- 192 Телия В.Н. Когнитивный аспект семантики номинативных единиц. – М.: Наука, 1986. – 143 с.
- 193 Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. Уч. пос. – М: Наследие, 1997. – 207 с.
- 194 Ивина Л.В. Лингвокогнитивные основы анализа отраслевых терминосистем. – Москва, Академический проект. – 2003. – 304 с.
- 195 Авакова Р.А. Фразеосемантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 246 б.
- 196 Bissengali Akmaral. Phraseological Expressions in the Turkic Language: Comparative Analysis / Nuraisa Bekeyeva, Zhamal Mankeyeva, Bibaisha İ.

Nurdauletova // International Journal of Society, Culture and Language. – October, 2021. – Vol. 9, Iss.2. – P. 29-40.

197 Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің бір томдық үлкен түсіндірме сөздігі) / Құраст.: Н. Уәли, Ш. Құрманбайұлы, М. Малбақов, Р. Шойбеков және т. б. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.

198 Саяси түсіндірме сөздік. – Астана: Жүйелі зерттеулер институты, 2007. – 616 б.

199 Бисенғали А.З. Жаңа қолданыстардың қалыптасуындағы БАҚ-тың мәні (қазақ және түрік баспасөз деректері бойынша) // ҚазҰУ Хабаршысы, филология сериясы. – Алматы, 2016. – №2/2, 160 том. – Б. 70-73.

200 Байтұрсынов А. Ақиқат. – 1998. – №4. – Б. 80.

201 Кубрякова Е.С. Номинативный аспект речевой деятельности. – М.: Наука, 1986. – 159 с.

202 Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам (Семантикалық аспект). – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.

203 Айдарбек Қ.Ж. Қазақ терминологиялық аталымының ономазиологиялық негіздері. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 384 б.

204 Бисенғали А.З. Жаңа қолданыстардың ономазиологиялық сипатының танымдық уәжділігі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Алматы, 2017. – №6 (50). – Б. 51-53.

205 Rasonyi L. Türklükte Kadın Adları // Türk Dili Araştırmaları Belleten. – Ankara, 1963. – S. 63-87.

206 Paasonen H. Die Turkischen Lehnwörter Im Mordwinischen. – BiblioLife, 2009. – 68 p.

207 Munkácsi B. Adalékok a magyar nyelv régi török és mongol elemeihez (Beitr. zu den alttürk. und mongol. Elementen der ung. Sprache) // Nyk XXXII, 3, – P. 271-302; XXXII. – Budapest, 1902. – P. 369-398.

208 Gombocz Z. Die bulgarisch-türkischen Lehnwörter in der ungarischen Sprache. – Helsinki: Société finno-ougrienne, 1912. – 251 p.

209 Bang W. Monographien zur türkischen Sprachgeschichte. – Heidelberg: C.Winter, 1918. – 48 p.

210 Lajos L. Régi török eredetű neveink. 1. rész. Magyar Nyelv LXXIV.– 1978. – P. 257–274.

211 Gyula N. Türkische Grammatik. – Berlin und Leipzig: G.J. Göschen, 1916. – 126 p.

212 Lajos F. Türkische Schriften aus dem Archive des Palatins Nicolaus Esterházy. – Bdpst, 1932. – 501 p.

213 Pritsak O. Old Turkic Regnal Names in the Chinese Sources // Niguça Bitig, Journal of Turkish Studies, Vol. 9. – 1985. – S. 205-211.

214 Sâmî Ş. Kamus-ül a'lâm: tarih ve coğrafya lûgati ve tabir-i asahhiyle kâffe-i esmâ-yi hassayı camidir. – İstanbul: Mihran Matbaası, 1896. – 4829 s.

- 215 Dilaçar A. Anadolu Toponimisi ve Fırat Adı – Anadolu Toponimisinde Substratum // Türk Dili Belleten, 31-32. – İstanbul: Devlet Basımevi, 1938. – S. 171-192.
- 216 Orkun H. Anadolu'da oğuz boyları // Ülkü, XI. 16. Kasım: 124. – 1946. – S. 16-17.
- 217 Tankut H. Diyarbakır Adı Üzerinde Toponimik Bir Tetkik // Türk Dili Araştırmaları Yıllığı Belleten. – 29-30 Haziran 1938. – S. 101-112.
- 218 Caferoğlu A. IV. Beynelmîlel Onomastik Kongresi // Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi, V. – İstanbul, Aralık 1953. – S. 1-13.
- 219 Aksan D. X. Uluslararası Adbilimleri Kurultayı (Viyana, 8-13 Eylül, 1969) ve Düşündürdükleri // Türk Dili. – XXI, 219. – S. 176-178.
- 220 Açıkgoz H. Türk Onomastiği // Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi. – XXVI. – İstanbul, 1993. – S. 351-354.
- 221 Fındıkoğlu Z. Türkiye Onomastik Merkezi // İş ve Düşünce. – XXIV, 202. – Haziran, 1958.
- 222 Atalay B. Türk Büyükleri veya Türk Adları. – İstanbul: Devlet Matbaası, 1935. – 112 s.
- 223 İnan A. Anadolu'nun Toponimisi ve Türk Boylarının Adları Meselesi // Türk Dili Araştırmaları Yıllığı. 3. Seri. – 1945. – S. 62-64.
- 224 Ülkütaşır M. Türkiye Türklerinde ad verme ile ilgili gelenek ve inançlar // I. Uluslararası Türk Folklor Kongresi Bildirileri, IV (Ankara, 1976). – S. 369-384.
- 225 Köprülü M. Oğuz etnolojisine ait tarihi notlar // Türkiyat Mecmuası I. – 1925. – S. 185-211.
- 226 Eren H. Yer adlarımızın dili: T.D.A.Y. – Belleten, 1965. – S. 155-165.
- 227 Gülensoy T. Türkçe Yer Adları Kılavuzu. – Ankara: TDK, 1995. – 103 s.
- 228 Koşay H. Türk Adlarına dair Araştırma // Türk Yurdu. – 1928. – c.5. – S. 118-125.
- 229 Atsız N. Anadolu'da Türklere Ait Yer İsimleri // Türkiyat Mecmuası II. – 1928. – S. 242-259.
- 230 Üçok N. Genel Dilbilim. – Ankara: Sakarya Basımevi, 1947. – 169 s.
- 231 Başgöz İ. İnsan Adları ve Toplum // Türk Dili. – 294. – 1976. – S. 164-171.
- 232 Başkan Ö. Türkiye köy adları üzerine bir deneme // Türk Dili Araştırmaları Yıllığı-Belleten. – 1970. – S. 237-251.
- 233 Veyis Ö. Türk Folklorunda Ad seçme ve ad koyma // Boğaziçi Üniversitesi Halk bilim yıllığı. – 1975. – S. 101-112.
- 234 Sakaoğlu S. Türk Ad Bilimi 1: Giriş. – Ankara: TDK Yay., 2001. – 156 s.
- 235 Aydil E. Adlarımız. – Ankara: Türk Kültürünü Araştırma Enstitüsü yay., 1992. – 468 s.
- 236 Bozyiğit A. Türk Adbilimi Bibliyografyası (Deneme). – Ankara: Ayyıldız Yay., 1995. – 187 s.
- 237 Şahin İ. Adbilim (Çerçeve, Terim, Yöntem ve Sınıflandırmalarıyla). – Ankara: Pegem Akademi Yay., 2015. – 147 s.
- 238 Солнцев А.В. Виды номинативных единиц // Вопросы языкознания. – М., 1987. – №2. – 133 с.

239 Блинова О.И. Лексическая мотивированность и некоторые проблемы региональной лексикологии // Вопросы изучения лексики русских народных говоров. – Л., 1972. – №5. – 99 с.

240 Гинатулин М.М. К исследованию мотивации лексических единиц (на материале наименований птиц: автореф.дисс.канд.фил.наук. – Алма-Ата, 1973. – 21 с.

241 Бабич А.Ф. Вторичная номинация в кругу относительных прилагательных в современном русском языке // Географические и хронологические пределы распространения русской лексики. – М., 1980. – №2. – С. 108.

242 Телия В.И. Вторичная номинация и ее виды // Языковая номинация. – М.: Наука, 1977. – 159 с.

243 Жилкубаева А.Ш. Термины питания в казахском языке (в этнолингвистическом освещении: дисс.канд.фил.наук. – Алматы, 1991. – 82 с.

244 Köksal A. Adı Bilgisayar Olsun. – İstanbul: Cumhuriyet Kitapları, 2010. – 504 s.

245 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 784 б.

246 Алмауытова Ә.Б. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты: фил.ғыл.канд.дисс.автореф. – Алматы, 2004. – 128 б.

247 Қасым Б. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. – Алматы: Білім, 2003. – 107 б.

248 Erden N. Anlambilim Çerçevesinde Kelime ve Çağrışım İlişkisi // 1st International Conference on Foreign Language Teaching and Applied Linguistics (Sarajevo, May 5-7, 2011). – S. 987-993.

249 Karaagaç G. Dil, Tarih ve İnsan. – İstanbul: Kitabevi Yayınları, 2008. – 192 s.

250 Bozkaplan Ş. (1992). Türkiye Türkçesi Ağızlarında Kuş İsimleri ve Onların Sistematiği // TDAY-Belleten. – 1987. – S. 43-79.

251 Aysever R. Kratylos: Adların Doğruluğu ve Bilgi // Hacettepe Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Dergisi. – 2001. – Sayı: 19 (2). – S.153-166.

252 Akar A. Ağız Sözlükleri: Yöntem ve Sorunlar II // Turkish Studies – Türkoloji Araştırmaları Dergisi. – 2009. – Volume 4/8. – S. 219-220.

253 Türkmen S. Eski Anadolu Türkçesinde Tıp Terimleri. (Basılmamış Doktora Tezi). – Kırıkkale: T.C. Kırıkkale Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, 2006. – 419 s.

254 Roux J. Orta Asya 'da Kutsal Bitkiler ve Hayvanlar. – İstanbul: Kabalcı Yayınevi, 2005. – 91 s.

255 Mert O. Kazak Türkçesi'nde Hayvan Adlarıyla Kurulan Atasözleri // Kazakistan ve Türkiye'nin Ortak Kültürel Değerleri Uluslararası Sempozyumu, 21-23 Mayıs. Bildiriler. – Almatı, 2007. – 301 s.

256 Uçar İ. Türkiye Türkçesinde Organ Adlarıyla Oluşturulmuş Bitki Adları // Türklük Bilimi Araştırmaları (TÜBAR). – 2012. – Sayı: 32. – 303 s.

- 257 Мағауин М. «Туылған» мен «өлінген» // Жас Алаш. – 11.06.2016.
- 258 Құрманбайұлы Ш. БАҚ және тіл мәдениеті // Ана тілі. – 05.11.2015-11.11.2015.
- 259 Вайсгербер Й. Л. Родной язык и формирование духа. – М.: МГУ, 1993. – 224 с.
- 260 Уорф Б.Л. Отношение норм поведения и мышления к языку // Новое в лингвистике. Вып.1. – М.: Прогресс, 1960. – 123 с.
- 261 Серебренников Б.А. Язык и мышление. – М.: Наука, 1988. – 87 с.
- 262 Манкеева Ж. А. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
- 263 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 2000. – 324 с.
- 264 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М.: Прогресс, 1993. – 255 с.
- 265 Телия В.Н. Метафора как модель смыслопроизводства и ее экспрессивно-оценочная функция // Метафора в языке и тексте. – М.: Наука, 1988. – С. 26-52.
- 266 Аитова Н.Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: фил.ғыл.канд.дисс.автореф. – Алматы, 2005. – 27 б.
- 267 Карасик В.И. Языковая матрица культуры. – Волгоград: Парадигма, 2012. – 319 с.
- 268 Ерғали І.Е. Қазақ дүниетанымының негізгі ұғымдары. – Астана: Елорда, 2003. – 81 б.
- 269 Бисенғали А.З. Қазақ-түрік тілдеріндегі жаңа қолданыстардың қалыптасуындағы БАҚ-тың қызметі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Алматы, 2017. – №6 (50). – Б. 48-50.
- 270 Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы: Қазақ ССР. «Ғылым» баспасы, 1971. – 185 б.
- 271 Момынова Б.Қ. «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика: фил.ғыл. канд.дисс.автореф. – Алматы, 1993. – 173 б.
- 272 Мәжітаева Ш. М. ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі: фил.ғыл.докт.дисс.автореф. – Алматы, 2000. – 247 б.
- 273 Сапина С.М. «Түркістан уәлаяты» газетінің лексикасы: фил.ғыл.канд. дисс. автореф. – Алматы, 2002. – 25 б.
- 274 Жұмашева Г.К. «Жаңа мектеп» журналының тіліндегі терминдер: фил. ғыл.канд.дисс.автореф. – Алматы, 1996. – 23 б.
- 275 Ерназарова Г.Ш. Қазақ публицистика тілінің дамуындағы Байтұрсынұлы кезеңі: фил.ғыл.канд. дисс. – Алматы, 2004. – 30 б.
- 276 Мишланова С.Л. Профессиональная языковая личность как категория когнитивного терминоведения // Изменяющийся языковой мир: Доклады Международной научной конференции. – Пермь: ПГУ, 2001. – С. 77.
- 277 Айтбаев Ө. Қазақ сөзі. – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
- 278 Бүркітов О. Ұлттық баспасөздің мемлекеттік тілді дамытудағы рөлі // Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат

- құралдарының тілі. – Астана, 1999. – Б. 386-392.
- 279 Жиекбаева А.Б. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі: фил.ғыл.канд.дисс.автореф. – Алматы, 2010. – 25 б.
- 280 Исақова С.С. Қазақ терминтанымның когнитивтік-прагматикалық аспектісі: фил.ғыл.докт.дисс.автореф. – Алматы, 2008. – 42 б.
- 281 Бисенғали А.З. Қазақ баспасөзіндегі діни терминдердің лингво-когнитивтік сипаты // I Uluslararası Avrasya çalışmaları sempozyumu. Avrasya'da Türkiyat ve Şarkiyat çalışmaları (İstanbul, 4-6 Temmuz, 2018). – İstanbul: Demavend Yayınları, 2018. – S. 21-29.
- 282 Aksan D. Türkiye Türkçesinin Dünü, Bugünü, Yarını, 6. Basım. – Ankara: Bilgi Yayınevi, 2010. – 132 s.
- 283 Korkmaz Z. Kitle iletişim araçlarında Türkçe // Türkçenin dün bugünü, yarını. Uluslararası bilgi şöleni. Bildiriler. – Ankara, 7-8 Ocak, 2002. – S. 45-59.
- 284 Досмұхамедов Х. Қазақ тіліндегі кірме сөздер туралы // Үркер. – Ташкент, 25 сәуір 1923 жыл.
- 285 Ayaktoru terimleri sözlüğü. – Ankara: TDK yayınları, 1974. – 51 s.
- 286 Жақсыбаева Ф. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2000. – 153 б.
- 287 Есенова Қ. Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтіннің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде): фил.ғыл.докторы дәрежесін алу үшін жазылған диссерт. авторефераты. – Алматы, 2007. – 449 б.
- 288 Дәулеткереева Н.Ж. Қазақ баспасөзіндегі қайталамалардың прагматикалық мәні: фил.ғыл.канд.дисс.автореф. – Алматы, 2010. – 25 б.
- 289 Құрманбайұлы Ш. Қазіргі қазақ баспасөзіндегі жаңа атаулар мен терминдер қолданысындағы өзекті мәселелер // Ана тілі. – 21-27.09.2017. – № 38 (1400).
- 290 Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивтік грамматикасы. – Алматы: Қазығұрт, 2014. – 392 б.
- 291 Исмағұлова Б.Х. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ лексикасы: жаңа қажеттілік, жаңа серпін / Қанабекова М.Қ., Базарбаева А.С., Саметова Ф.Т. // КМУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2015. – №3. – Б. 85-89.
- 292 Кекілбаев Ә. Заманмен сұхбат: (Ой-толғамдар). – Алматы: Жазушы, 1996. – 499 б.
- 293 Кекілбаев Ә. Шығармалар жинағы. 20 томдық. – Алматы: Жазушы, 2010. – 25 б.
- 294 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74. – Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ, 2006. – 482 б.
- 295 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – Алматы: Қазақстан энциклопедиясы, 1998. – 720 б.
- 296 Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 764 б.
- 297 Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Арыс, 2004. – 224 б.
- 298 Bissengali Akmaral. Concept of “Love” in English and Kazakh fairy tales /

Aikanat Demeuova, Kalbike Essenova, Zhanalik Baltabaeva // *Astra Salvensis*. – 2017, year V. – №10. – P. 219-228.

299 XIII. yüzyıldan beri Türkiye Türkçesiyle yazılmış kitaplardan toplanan tanıklarıyla tarama sözlüğü. 4. baskı. – Ankara: Atatürk Kültür, Dil ve Tarih Yüksek Kurumu, 2009. 8 cilt.

300 Nişanyan S. *Sözlerin Soyağacı*. – İstanbul: Alfa Yayıncılık, 2010. – 596 s.

ҚОСЫМША А

ҚАЗАҚША-ТҮРІКШЕ СӨЗТІЗБЕ

- А -

1. ағым – eğilim
2. азық-түлік қауіпсіздігі – gıda güvenliği
3. айқұлақ – güzel a
4. айыппұл – para cezası
5. айырбас-сауда – takas
6. ақ жағалылар – beyaz yakalar
7. ақпарат – bilgi
8. ақылды үй – akıllı ev
9. алаңша – oyun alanı
10. аларман – müşteri
11. алпауыт – tekelci
12. алып-сатарлық – spekülasyon
13. аптау – kaplamak
14. арабилік – aracılık, arabuluculuk
15. арна – kanal
16. арыз-тілек – dilekçe
17. арыз-шағым – dilekçe
18. аспаз – aşçı
19. аспансерік – hostes
20. Ата Заң – Anayasa
21. ауқым – ölçek
22. ауқымдану – küreselleşme
23. ауысым – nöbet
24. аяқдоп – ayaktopu
25. аяқдопшы – futbolcu

- Ә -

26. әкім – belediye başkanı
27. әкімгер – yönetici
28. әкімдік – belediye başkanlığı
29. әкімият – belediye başkanlığı
30. әкімші – yönetici
31. әлем біріншілігі – dünya birinciliği
32. әлемтор – genel ağ
33. әлеует – potansiyel
34. әлеуметтік қызметкер – sosyal hizmet uzmanı
35. әлімжеттік – kabadayılık
36. әнұран – marş
37. әуежай – havaalanı

38. әуесерік – hostes
39. әуесқой – amatör
40. әулет – aile

-Б-

41. бағдарлама – program
42. бағдаршам – trafik ışığı
43. байқампаздық – gözlemcilik
44. байрақ – bayrak
45. балама – alternatif
46. бапкер – antrenör, koç
47. барабарлық – orantılılık
48. бас бапкер – başantrenör
49. басқосу – zirve
50. баспасөз мәслихаты – basın toplantısı
51. баяндама – bildiri
52. баянхат – rapor
53. бәсекелестік – rekabet
54. бәссауда – ачық artırма
55. бейнетаспа – video kaset
56. бек – milletvekili
57. белгітас – mezar taşı
58. бестабан – yamuk
59. беташар – giriş, önsöz
60. бопса – şantaj
61. бопсалаушы – şantajcı
62. босаралық – boşluk
63. босқын – mülteci
64. бөлшек сауда – perakende ticaret
65. бұрқақ – çeşme
66. біріншілік – birincilik

-Ғ-

67. ғаламдану – küreselleşme
68. ғаламтор – genel ağ
69. ғаламторға кіру – internete girmek
70. ғарыш – uzaу
71. ғарышкер – uzaуcı

-Д-

72. дабыл қондырғысы – alarm sistemi
73. дағдарыс – kriz

- 74. далда – ziyafet
- 75. демеуші – sponsor
- 76. демікпе – astım
- 77. дереккөз – kaynak
- 78. дода – şampiyonluk
- 79. дүбірлі дода – turnuva

-Е-

- 80. егемендік – bağımsızlık
- 81. Елбасы – cumhurbaşkanı
- 82. елжандылық – vatanseverlik, yurtseverlik
- 83. елорда – столица
- 84. елтаңба – arma
- 85. елтөре – cumhurbaşkanı
- 86. елұран – marş
- 87. елші - elçi
- 88. елшілік - elçilik
- 89. ерікті – gönüllü
- 90. есірткі – uyuşturucu

-Ж-

- 91. жазылушы – abone
- 92. жалгер – kiracı
- 93. жанкүйер – taraftar
- 94. жансақтау – yoğun bakım
- 95. жанұя – aile
- 96. жаңғырту – modernizasyon
- 97. жаңғыру - yeniden doğuş
- 98. жаппай сатылым – toptan satışlar
- 99. жарамдылық мерзімі – son kullanma tarihi
- 100. жарғы – tüzük
- 101. жарна – hisse
- 102. жарналық қор – öz kaynak fonu
- 103. жарнама – reklam
- 104. жарнамалық үзіліс – reklam molası
- 105. жарыссөз – tartışma
- 106. жасыл дәліз - yeşil koridor
- 107. жасырын шағым – isimsiz şikayet
- 108. жатырды жалға беру – rahimini kiraya vermek
- 109. жауапкер – davalı
- 110. жауапкершілігі шектеулі серіктестік – sınırlı sorumluluk ortaklığı
- 111. жаһандану – küreselleşme
- 112. жәдігер – sergi

- 113. жеделсаты – asansör
- 114. жекешелендіру – özelleştirme
- 115. жемқорлық – yolsuzluk
- 116. жеркөмбе – bodrum
- 117. жертөле – bodrum
- 118. жоба – proje
- 119. жолақы – ücret
- 120. жолсапар – iş gezisi, iş seyahati
- 121. жүргінші – yolcu
- 122. жүрісші – yolcu
- 123. жымқыру – çalmak

-З-

- 124. зайырлылық – laiklik
- 125. замансөз – publicism, gazetecilik
- 126. заңгер – hukukçu
- 127. заңды тұлға – tüzel kişi
- 128. зәуатқор – gen havuzu
- 129. зейнетақы – emekli maaşı
- 130. зейнеткер – emekli
- 131. зертхана – laboratuvar
- 132. зияткерлік – akıl, entellektüellik
- 133. зұлмат – soykırım
- 134. зымыран – füze

-И-

- 135. иелік қағаз (купчая) – tapu

-К-

- 136. кәдесый – andaç
- 137. кеден – gümrük
- 138. кедендік одақ – gümrük birliği
- 139. келісім-шарт – sözleşme, anlaşma
- 140. кеңес – konsey
- 141. кептелек – trafik sıklığı
- 142. кептеліс – trafik sıklığı
- 143. кепіл – kefalet
- 144. керік – zürafa
- 145. кешен – kompleks
- 146. кешенді сауықтыру – kapsamlı rehabilitasyon
- 147. көгілдір – eşcinsel

148. көкек ана – çocuđunu terkeden anne
 149. көкек әке – firari baba
 150. көк жағалылар – mavi yakalar
 151. көксағыз – kauçuk
 152. көнімпаздық - hoşgörü
 153. көптілділік – çokdillilik
 154. көсемсөз – gazetecilik, publicism
 155. көтерме сауда – toptan satış
 156. көшбасшы – önder
 157. күйсандық – piyano
 158. күнбелгі – takvim
 159. күнпарақ – takvim
 160. күнтізбе – takvim
 161. күрсі – koltuk
 162. кіреуке – diş minesi

-Қ-

163. қазанама – ölüm ilanı
 164. қазыналық кәсіпорын – devlet işletmesi
 165. қаптал – kanat
 166. қаптама – ambalaj
 167. қаражатшы – maliyesi
 168. қара жұма – Kara Cuma
 169. қарымта шабуыл – karşı saldırı
 170. қатерлі ісік – kanser
 171. қауіпсіздік белбеуі – emniyet kemeri
 172. қауіпсіздік белдігі – emniyet kemeri
 173. қисын – mantık
 174. қоғамсөз – publicism, gazetecilik
 175. қойылым – oyun
 176. қолхат – makbuz
 177. қорғаныш белбеу – emniyet kemeri
 178. қосалқы құрам – yedek takım
 179. қостілділік – bilingualism
 180. қуғын-сүргін – baskı
 181. құжат – belge
 182. құжатжай – arşiv
 183. құзыр – yetki
 184. құзырхат – dilekçe
 185. құзірет – yetki
 186. құқық – hukuk, yasa
 187. құқықтық мемлекет – hukuk devleti
 188. құлақкигіш – kulaklık

189. құлақілдірік – kulaklık
 190. құмаройын – kumar
 191. құмархана – kumarhane
 192. құнсыздану – devalüasyon
 193. құрама – milli takım
 194. құрсақ ана – taşıyıcı anne
 195. құрықтау – задерживать, обуздывать
 196. құрылтай – kurultay
 197. қызмет бабындағы жазықты қылмыс – resmi görevleri kötüye kullanmak
 198. қылтима – balkon

-Л-

199. лаңкес – terörist
 200. лаңкестік – terörizm

-М-

201. мәжілісхат – tutanak
 202. мәмілегер – arabulucu
 203. мәндісөз – publicism, gazetecilik
 204. мәнмәтін – bağlam
 205. Мәңгілік ел – Mangilik el
 206. мәңгүрт – mankurt
 207. мәре – bitiş
 208. медбике – hemşire
 209. мейрамхана – restoran
 210. мейірбике – hemşire
 211. мекенжай – adres
 212. мемлекеттік кеңес – danıştay
 213. мердігер – müteahhit
 214. мерейтой – yıldönüm
 215. мойынтақ – boyunbağ
 216. мөлтекаудан – küçük mahalle
 217. мұрағат – arşiv
 218. мұражай – müze
 219. мүкәммал – envanter
 220. мүлікбасы – merchandising uzmanı
 221. мүмкіндігі шектеулі адам – engelli kişi
 222. мырзақамақ – ev hapsi
 223. мінбер – kürsü

-Н-

224. нарық – piyasa
225. наубайхана – fırıncılık
226. науқан – kampanya
227. несие – kredi
228. Нұрлы жол – Nurlu yol
229. нұсқау – talimat

-О-

230. обыр – kanser
231. ойыннан тыс қалу – ofsayt
232. ойын-сауық кешені – alışveriş ve eğlence kompleksi
233. ойынхана – kumarhane
234. оңтайландыру – optimize etmek
235. оптау – kaplamak
236. оралман – göçmen
237. орынтақ – koltuk
238. ота – ameliyat
239. отансүйгіштік – vatanseverlik, yurtseverlik
240. отаншылдық – vatanseverlik, yurtseverlik
241. отбасы – aile

-Ө-

242. өсім – artış
243. өсімпұл – ceza
244. өтіл – deneyim

-П-

245. пайыз – yüzde, faiz
246. парақша – site
247. пернетақта – klavye
248. пікірсайыс – tartışma
249. пікірталас – tartışma

-Р-

250. расытхана – gözlemevi
251. рұқсатнама – vize

-С-

252. сазгер – besteci
253. салауатты өмір салты – sağlıklı yaşam tarzı

254. салғыласу – tartışma
 255. салымшы – yatırımcı
 256. самалдық – balkon
 257. санақшы – muhasebeci
 258. сарабдал саясат – tutarlı siyaset
 259. сарап – muayene
 260. сарашы – editör
 261. сарбаз – asker
 262. сардар – komutan
 263. сары басылым - sarı basın
 264. сатып алушы – müşteri
 265. сауда желісі – ticaret ağı
 266. сауда орталығы – alışveriş merkezi
 267. сауда-саттық – ticaret
 268. сәнгер – modacı
 269. сенім несиесі – güven kredisi
 270. сенімхат – vekâletname
 271. серке – önder
 272. серке сөз – gazetecilik, publicism
 273. серпінді жоба – atılım proje
 274. серіктестік – ortaklık
 275. сөзтізбе – sözlükçe
 276. субұрқақ – çeşme
 277. су өнерпазы – su teknisyeni
 278. сусамыр – diyabet, şeker hastalığı
 279. сұрып – sınıf
 280. сүтсағыз – lateks
 281. сыбайлас жемқорлық – yolsuzluk
 282. сыйақы – ikramiye
 283. сыйлықақы – ikramiye
 284. сын-ескертпе – eleştiri
 285. сырқат кәсіпорындар – hasta işletmeler

-Т-

286. таза табыс – net gelir
 287. талапкер – lise mezunu
 288. тапсырыс – sipariş
 289. тапсырысшы – müşteri
 290. тәркілеу – el koyma
 291. тәуелсіздік – bağımsızlık
 292. тектік қор – gen havuzu
 293. телнұсқа – kopya
 294. теңбіл доп – futbol topu

295. тосынсый – sürpriz
 296. төзімділік – hoşgörü
 297. төлемақы – ödeme
 298. төлқұжат – pasaport
 299. төраға – başkan
 300. төсбелгі – madalya
 301. тұғыр – kaide
 302. тұсаукесер – tanıtım
 303. түнгі көбелек – kaldırım çiçeği
 304. түпнұсқа – orijinal
 305. түсім – kar
 306. тығын – trafik sıkışıklığı
 307. тығырық – trafik sıkışıklığı
 308. тыңдауыш – kulaklık
 309. тілашар – konuşma kılavuzu
 310. тілші – muhabir
 311. тінтуір – fare

-Ү-

312. ұжым – topluluk
 313. ұжымдық шарт – toplu sözleşme
 314. ұлтжанды – vatansever
 315. ұлттық ой-сана – milli bilinç
 316. ұлықтау – ақыл
 317. ұстаным – tutum
 318. ұшақ – uçak
 319. ұялы байланыс – cep telefonu bağlantısı

-Ү-

320. үдеріс – süreç
 321. үйелмен – aile
 322. үйқамақ – ev hapsi
 323. үй тұтқыны – ev hapsi
 324. үлескер – hissedar
 325. үміткер – aday
 326. үндеухат – duyuru
 327. үнемші – iktisatçı
 328. үнқағаз – gazete
 329. үнпарақ – gazete
 330. үрдіс – eğilim
 331. үстемақы – zam

-X-

332. халық қалаулысы – milletvekili
333. хаттама – tutanak
334. хатшы – sekreter

-Ш-

335. шабарман – kurye
336. шағынаудан – küçük mahalle
337. шаптырма – çeşme
338. шаруа қожалығы – çiftlik
339. шаршы алаң – boks ringi
340. шаршытоп – hedef kitle
341. шәкіртақы – burs
342. шепбұзар жоба – atılım proje

-Ы-

343. ықпалдастық – bütünleşme
344. ықпалшара – yaptırım
345. ықшамаудан – küçük mahalle
346. ыстық нүктелер – sıcak noktalar

-І-

347. ілеспе аударма – eşzamanlı çeviri
348. ілмектер – etiketler
349. іскер – işadamı
350. іскі – şırınga
351. іссапар –iş gezisi, iş seyahati

ҚОСЫМША Ә

ТҮРІКШЕ-ҚАЗАҚША СӨЗТІЗБЕ

-А-

1. açı – бұрыш
2. açılış töreni – ұлықтау
3. açıortay – биссектриса
4. aday – үміткер
5. akaryakit – жанармай
6. akıllı ev – ақылды үй
7. akım – ток
8. alan – аймақ, сала, кеңістік
9. albay – полковник
10. alındı – түбіртек
11. alışveriş merkezi – сауда орталығы
12. ana cadde – негізгі көше
13. anaokulu – балабақша
14. anayasa – Атазаң
15. anayol – көлік желісі, торап
16. arabulucu – бітімгер
17. arı – пәк
18. arıtım – тазарту
19. aritma – тазарту
20. arka plan – фон
21. artı – қосу белгісі
22. asansör – жеделсаты
23. asteğmen – кіші лейтенант
24. astsubay – унтер-офицер
25. aşama – кезең
26. ayaktoru – футбол
27. ayaktoru kılığı – футбол формасы
28. aydın – зиялы
29. аураç – жақша

-В-

30. bağış – жәрдем, құрмалдық
31. bağlam – мәнмәтін
32. bakanlık – министрлік
33. bankalararası piyasa – банкаралық нарық
34. basımevi – баспахана
35. basınç – қысым
36. basın toplantısı – баспасөз конференциясы
37. baskı – басылым

38. başbakan – премьер-министр
 39. başbayan – президент жұбайы
 40. başhekim – бас дәрігер
 41. başkan – төраға
 42. başkanvekili – төраға орынбасары
 43. başkent – астана
 44. başrol – басты рөл
 45. bay – мырза
 46. bayan – ханым
 47. belgegeçer – факс
 48. belirteç – көрсеткіш
 49. belirti – белгі, симптом
 50. belirtke – эмблема
 51. bellek – жад
 52. belleten – бюллетень
 53. benzeşme – аналогия, ұқсастық
 54. beşgen – бес бұрыш
 55. beyaz yaka – ақ жағалылар
 56. beyinakım – утечка мозгов
 57. beyin göçü – утечка мозгов
 58. biçem – стиль
 59. bilgisayar – компьютер
 60. bilinçaltı – бейсана
 61. bilirkişi – сарапшы
 62. binbaşı – майор
 63. birey – жеке тұлға
 64. birikim – жинау, қорландыру
 65. birlik – федерация
 66. biyokütle – биомасса
 67. biyoyakıt – био отын
 68. boyut – мөлшер
 69. bölge – аймақ
 70. bölü – қиғаш сызық
 71. buzdolabı – тоңазытқыш

-С-

72. cankurtaran – құтқарушы
 73. ceza sahası – айып алаңы

-Ş-

74. çağrı merkezi – байланыс орталығы
 75. çalgın – сал ауру

- 76. çalıştırıcı – бапкер
- 77. çap – диаметр
- 78. çapulcu – тонаушы, бүлікшіл адам
- 79. çarpı – көбейту белгісі
- 80. çekim – суретке түсіру
- 81. çekül – тіктеуіш
- 82. çember – шеңбер
- 83. çevre – қоршаған орта
- 84. çevre bilimi – экология
- 85. çeyrek final – ширек финал
- 86. çıktı – распечатка
- 87. çift vuruş – айып соққысы
- 88. çok satan – бестселлер

-D-

- 89. dalga – физикалық толқын
- 90. dalgıç – сүңгуір
- 91. danışman – кеңесші
- 92. danıştay – мемлекеттік кеңес
- 93. deneme – сынау
- 94. denetçi – аудитор, тексеруші, бақылаушы
- 95. denetim – бақылау
- 96. denetmen – инспектор
- 97. deneyim – тәжірибе
- 98. denizaltı – сүңгуір қайық
- 99. dergi – журнал
- 100. derin düşünme – медитация
- 101. dışalım – импорт
- 102. dışsatım – экспорт
- 103. dış ters açı – сыртқы бұрыш
- 104. dikey – тік
- 105. dilekçe – петиция
- 106. dizi – телехикая
- 107. dizüstü bilgisayar – ноутбук
- 108. doğal gaz – табиғи газ
- 109. doğumevi – перзентхана
- 110. dorba – пакет
- 111. dörtgen – төртбұрыш
- 112. duyarga – антенна
- 113. duyuru – хабарландыру
- 114. düdüklü – скороварка
- 115. düzey – тік
- 116. düzey – деңгей

-Е-

- 117. eđik – көлбеу
- 118. eđilim – тренд
- 119. eklenti – қосымша
- 120. ekxi – алу, шегеру
- 121. el ilanı – үндеухат
- 122. en uygun – оңтайлы
- 123. eřgüdüm – үйлестіру
- 124. eřit – тең
- 125. eřkenar – тең қабырғалы
- 126. etken – фактор
- 127. etkinlik – қызмет
- 128. evrensel – ғаламдық

-G-

- 129. gelir – табыс
- 130. gelir dađılımı – табысты бөлу
- 131. genel ađ – ғаламтор
- 132. genelge – меморандум
- 133. gerekçe – дәйектеме
- 134. gezegen – ғаламшар
- 135. gider – шығын
- 136. girişimci – кәсіпкер
- 137. göç – көші-қон
- 138. göçmenler – босқындар
- 139. gökdelen – көп қабатты үй
- 140. gökkuşađı – кемпірқосақ
- 141. göktaşı – метеорит
- 142. görkem – сән-салтанат
- 143. gösteri adamı – шоумен
- 144. gözetim – бақылау
- 145. gözlemci – бақылаушы
- 146. gümrük birliđi – кедендік одақ
- 147. güncel – өзекті
- 148. gündem – күн тәртібі
- 149. güneřlik – жалюзи
- 150. güvence – кепілдік
- 151. güvenoyu – сенім кепілдігі
- 152. güzel a – айқұлақ

-H-

- 153. hakem – төреші

- 154. halk oylaması – референдум
- 155. hareket – операция
- 156. havai fişek gösterisi – отшашу
- 157. havayolları – әуежолдары
- 158. hayran – жанкүйер
- 159. hazır yiyecek – фастфуд
- 160. hedef kitle – мақсатты аудитория
- 161. huzurevi – қарттар үйі

-İ-

- 162. iç ters açısı – ішкі бұрыш
- 163. ikizkenar – теңбүйірлі
- 164. il – аудан, провинция
- 165. ilçe – аудан
- 166. iletki – транспортир
- 167. imge – бейне
- 168. incelik – нюанс
- 169. indirim – жеңілдік
- 170. inşa – құрылыс
- 171. isim hakkı – франшиза
- 172. işlem – үдеріс, рәсім
- 173. işlev – қызмет
- 174. işveren – жұмыс беруші
- 175. iye – иегер
- 176. iyimser – оптимист

-K-

- 177. kaldırım çiçeği – түнгі көбелек
- 178. kaleci – қақпашы
- 179. kanat – қаптал, қанат
- 180. Kara Cuma – қара жұма
- 181. karşılaşma – матч
- 182. katma değer vergisi – қосылған құн салығы
- 183. kesit – қима, тілік
- 184. kitapçık – кітапша, брошюра
- 185. kitle iletişim aracı – бұқаралық ақпарат құралы
- 186. konum – қалып
- 187. köken – шығу тегі, тамыр, бастау
- 188. köken belgesi – шығу сертификаты
- 189. köken bilimi – этимология
- 190. köprüyol – виадук
- 191. köşe atışı – бұрыштама соққы

192. köşegen – диагональ, қиғаш
 193. kulaklık – құлаққап
 194. kura çekimi – жеребе суыру
 195. kurgulama – құрылымдау
 196. kurum – мекеме
 197. kuyruklu a – айқұлақ
 198. kuzey – солтүстік
 199. küreselleşme – жаһандану

-M-

200. mavi yaka – көк жағалылар
 201. menkul değerler – бағалы қағаздар
 202. milletvekili – халық қалаулысы
 203. milli irade – ұлт тілегі
 204. molasız – тоқтаусыз

-N-

205. nesnel – объективті

-O-

206. okutman – оқытушы
 207. olgu – факт
 208. onay – бекіту, мақұлдау
 209. oran – сәйкестік, пропорция
 210. orantı – ара қатынас
 211. oy vermek – дауыс беру

-Ö-

212. ödenek – жәрдемақы
 213. ödül – жүлде
 214. önder – көшбасшы
 215. önerge – ұсыныс
 216. önermek – ұсыну
 217. önsezi – алдын ала сезу
 218. örgüt – ұйым
 219. özçekim – селфи
 220. özelleştirme – жекешелендіру

-P-

221. parmaklık – темір тор
 222. pastahane – кондитерлік дүкен

223. pazarlama – маркетинг
224. pekişmek – нығаю

-R-

225. rahmini kiraya vermek – жатырын жалға беру
226. rakip – қарсылас

-S-

227. sağcı – оңшыл
228. sağlamak – қамтамасыз ету
229. sağlıklı yaşam tarzı – салауатты өмір салты
230. saldırmak – шабуылдау
231. savcı – прокурор
232. savunucu – қорғаушы
233. sayman – қазынашы
234. seçil – өзін-өзі күту
235. seçim – сайлау
236. seçmen – сайлаушы
237. seki – сәкі, терраса
238. sergen – витрина
239. sıla özlemi – аңсау, ностальгия
240. simge – таңба
241. solcu – солшыл
242. sorun – мәселе
243. sosyal ağ – әлеуметтік желі
244. sözcü – баспасөз хатшысы
245. söz güreşi – пікірталас
246. subay – офицер
247. suçüstü – қылмыс үстінде
248. süre – кезең
249. süreç – үдеріс
250. sürücü – драйвер

-Ş-

251. şırınga - шприц

-T-

252. taban – табан
253. tabanca – тапанша

254. takım – команда
 255. tam gün – толық күн
 256. tanık – куәгер
 257. tanım – анықтама
 258. tapulamak – иелік қағазын алу
 259. taraftar – жанкүйер
 260. tarayıcı – сканер
 261. tasarım – дизайн
 262. taşıyıcı anne – суррогат ана
 263. teğet – тангенс
 264. teğmen – лейтенант
 265. tekелсі – алпауыт
 266. telsiz – рация
 267. tepki – реакция
 268. ticaret ağı – сауда желісі
 269. ticaret odası – сауда палатасы
 270. tinselcilik – спиритизм
 271. toplam – қосынды
 272. toplumbilim – қоғамтану
 273. trafik sanavarı – жол тәртібін бұзушы
 274. tugay – бригада
 275. tutar – сома
 276. tüpbebek – ЭКО
 277. türev – туынды
 278. tüzük – жарғы

-U-

279. uçak – ұшақ
 280. uğraşman – кәсіпқой
 281. utku – жеңіс
 282. uydu – Жер серігі
 283. uyurgezer – айкезбе
 284. uzam – кеңістік
 285. uzay – ғарыш
 286. uzgörec – теледидар
 287. uzman – маман
 288. uzyazdırım – телеграф

-Ü-

289. üçgen – үшбұрыш
 290. ülkü – идеал

-V-

291. valilik – губернаторлық
292. varsayı – болжам
293. veritabanı – дерекқор

-Y-

294. yamuk – трапеция
295. yan etki – жанама әсер
296. yanıt – жауап
297. yaraу zeka – жасанды интеллект
298. yarım – өндіру, жасау
299. yarbay – подполковник
300. yargıtaу – Жоғарғы сот
301. yataу – көлденең
302. yatırım – инвестиция
303. yazıcı – принтер
304. yerçekimi – жердің тартылыс күші
305. yerleşke – кампус
306. yeşil koridor – жасыл коридор
307. yetik – ғалым
308. yıldız – жұлдыз
309. yıldönüm – мерейтой
310. yoğun – қалың, ірі, тығыз, қою
311. yoğun bakım – қарқынды терапия
312. yoğun teker – компакт-диск
313. yoğunluk – тығыздық, қоюлық
314. yoğunlaşma – шоғырлану, көбею
315. yoğunlukölçer – пикнометр
316. yonga – чип
317. yorumcu – комментатор
318. yöndeş – параллель
319. yöndeşlik – саяси партия
320. yönerge – директива, нұсқау
321. yönetici – бастық
322. yönetim kurulu – басқарма, әкімшілік
323. yönetmen – режиссер
324. yönetmen-yazar – режиссер
325. yöntem – әдіс, тәсіл
326. yöntembilim – әдістеме, методология
327. yörünge – орбита
328. yurt – отан, жатақхана
329. yüklem – баяндауыш
330. yürüyen merdiven – эскалатор

331. yüzbaşı – капитан
332. yüzölçüm – аудан
333. yüzyıl – ғасыр

-Z-

334. zirve – басқосу
335. zorlayıcı sebep – форс-мажор
336. zorlayıcı neden – форс-мажор
337. zorunlu neden – форс-мажор